

Қазақстан Республикасының білім және ғылым
министрлігі
әл-Фараби атындағы
Қазақ ұлттық университеті

Есберген Алауханов

**ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АДВОКАТУРА ЖӘНЕ
АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ**

ОҚУЛЫҚ

АЛМАТЫ, 2010

УДК 347.9 (075.8)

ББК 67.75 я 73

А39

әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті заң факультеті ғылыми кеңесінің шешімімен басуға ұсынылған.

Қазақ заңдарының патриархы, ҚР ҰҒА-ның академигі, сүйікті ұстазым Салық Зимановтың 90 - жылдығына арналады.

Автор:

Алауханов Е.О. – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ның заң факультеті «Сот билігі және қылмыстық іс жүргізу» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты ғылыми-консультативтік кеңесінің мүшесі, Ресей криминологтар ассоциациясының мүшесі

ПІКІР ЖАЗҒАНДАР:

Түгел Әнуар Құрманбайұлы – Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының президенті, заң ғылымдарының кандидаты

Жүрсімбаев Сағындық Кемалұлы – заң ғылымдарының докторы, профессор.

Алауханов Е.О.

А39 Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. – Алматы, 2010. – 348 бет.

ISBN 978 - 601 - 247 - 143 - 4

Оқулық адвокаттық қызметтің ұйымдастырылуының құқықтық негіздері мен қағидалары, адвокаттардың құқықтық мәртебесі, олар көрсететін заң қызметінің түрлері және де қазіргі кездегі Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызметтің өзекті мәселелері, сондай-ақ шет мемлекеттердегі адвокатура мен адвокаттардың құқықтық жағдайы қарастырылды.

Кітапқа бағдарламаға сай соңғы өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп және тұңғыш рет кепенді түрде дайындалды.

Оқулық жоғары оқу орындарының оқытушыларына, студенттеріне, магистранттарға және колледж оқушыларына, сондай-ақ практикалық қызметкерлерге арналған.

ISBN 978 - 601

© Алауханов Е.О., 2010

*«В науке нет широкой столбовой дороги,
и только тот может достигнуть ее сияющих
вершин, кто, не страшась усталости, карабка-
ется по ее каменистым тропам».*

К. Маркс

*«Чем человек просвещеннее, тем полезен он
своему отечеству»*

А.С. Грибоедов

МАЗМҰНЫ

Қысқартулар және белгілеулер	6
Кіріспе	10
I тарау. Адвокатураның мәні мен мақсаты	13
§1. Білікті заң көмегін алу – Қазақстан Республикасындағы әрбір адам мен азаматтың конституциялық құқығы	13
§2. Адвокатура және оның мақсаты	15
§3. Адвокатура қызметінің негізгі бағыттары	19
II тарау. Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері	24
§1. Қазақстанда адвокатураның 1917 жылға дейінгі кезеңде қалыптасуы	24
§2. Қазақстандағы адвокатураның кеңестік дәуір мен қазіргі уақытта ұйымдастырылуы және қызметі	32
§3. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасы: жай-күйі және мәселелері	35
III тарау. Адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары	44
§1. Адвокаттар алкасы және олардың құрылу тәртібі	44
§2. Адвокаттар алкасының органдары және олардың өкілеттігі	49
§3. Заң консультациясы және адвокаттық қызметті ұйымдастырудың өзге нысандары	55
IV тарау. Адвокаттар алкасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі	60
§1. Қазақстан Республикасындағы адвокат	60
§2. Адвокаттар еңбегіне ақы төлеу	67
§3. Адвокаттар алкасына мүшелікке қабылдау тәртібі	71
§4. Адвокаттар алкасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері	72

§5. Адвокаттың кәсіптік әдебі	77
V тарау. Қазақстан Республикасы адвокатураның ұйымдық-құқықтық нысандары.....	82
§1. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы қызметінің негіздері және құқықтық мәртебесі	82
§2. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының органдары және олардың өкілеттіктері	86
§3. Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы)	90
§4. Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығының) басшы органдары, олардың құрылу тәртібі және құзырет...94	94
VI тарау. Адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі	98
§1. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы заң көмегінің бір түрі ретінде	98
§2. Қорғаушының қылмыстық іске міндетті түрде қатысуының негіздері	100
§3. Адвокаттың қорғаушы ретінде қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар	105
§4. Қорғаушыны шақыру, тағайындау және ауыстыру	106
§5. Қорғаушының процессуалдық жағдайы, құқықтары мен міндеттері	108
§6. Адвокаттың қылмыстық процеске жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілі ретінде қатысуы	112
§7. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі	114
VII тарау. Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі	121
§1. Азаматтардың сотқа шағымдану және соттағы өкілеттік құқығы	121
§2. Азаматтық іс бойынша адвокаттың сенім білдірілген өкілдік өкілеттігі	125
§3. Адвокаттың сот қаулыларына шағым жасалуына және қайта каралуына қатысуы	128
VIII тарау. Шет мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	131
§1. ТМД мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	131
§2. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия	

мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы 138

ҚОСЫМШАЛАР

1. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәні бойынша студенттерге арналған оқу бағдарламасы (Силлабус) 150
2. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәні бойынша семинар сабақтарының тапсырмалары 174
3. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәнінің мазмұны 178
4. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәні бойынша СӨЖ және СОӨЖ тапсырмалары 186
5. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәні бойынша білімді тексеруге арналған сұрақтар 188
6. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәні бойынша тест сұрақтары 195
7. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәні бойынша ұсынылатын әдебиеттер тізімі 216
8. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәні бойынша сызбалар 226
9. Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет жөніндегі Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілері 231

*«Мы стремимся внушить своим ученикам
мысль о необходимости человечности в праве».*
Академик Салык Зиманов

*«Человек, которому повезло, – это человек,
который сделал то, что другие только собира-
лись сделать».*

Жюль Ренар

*«Человек проигрывает дважды: недогова-
ривая врачу и адвокату».*

Стефан Цвейг

ҚЫСҚАРТУЛАР ЖӘНЕ БЕЛГІЛЕУЛЕР

ҚР ӘҚТК – 2001 жылғы 30 қаңтардағы №155-ІІ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі;

ҚР ҚІЖК – 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №206-І Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі;

ҚР АІЖК – 1999 жылғы 13 шілдедегі №411-І Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі;

ҚР АҚ – 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім) және 1999

жылғы І шілдедегі №409-І Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім);

АҚТз немесе «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы - 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195-І «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы;

ТМД – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы.

Сот ұйғарымдарын белгілеу туралы Жарғы - 1864 жылдың 20 қарашасында Билік етуші сенаттың Жарлығымен бекітілген Сот ұйғарымдарын белгілеу туралы Жарғы;

АХО(Д) - Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы);

ІМ – Ішкі істер министрлігі,

ҰҚК – Ұлттық қауіпсіздік комитеті;

ҚР ӘМ – Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

КСРО ӘХК – КСРО Әділет халық комиссариаты.

ІІ КІР

Қазақстан Республикасының 2010-2020 жылдарға арналған құқықтық саясаты туралы Тұжырымдамасында адвокатураның құқық қорғау саласында азаматтарға заң көмегін көрсетудегі маңызды рөл көрсетілген. Әрбір адам мен азаматтың білікті заң көмегін алуға конституциялық құқығын жүзуге асыру үшін әлі де заң тетіктерін жетілдіру қажеттілігі белгіленген.

Осындай жағдайда Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты ғылыми-консультативтік кеңесі мен Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ заң факультеті «Сот билігі және қылмыстық іс жүргізу» кафедрасының меңгерушісі, заң ғылымдарының докторы, профессор Е.О. Алаухановтың «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» атты оқулығы өте қажетті және мезгілінде шығарылып отырған кітап.

Бұл оқулықтың маңыздылығы оның мазмұнында. Сегіз тараудан тұратын кітапта Қазақстан адвокатурасының пайда болуы мен дамуының негізгі кезеңдерінен бастап, адвокатураның мәні мен мақсаты, адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары, адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі көрсетілген.

Оқулықты пайдаланушыларға күнделікті қажет мәселелерге арналған аса маңызды тараулардың бірі – адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік істер бойынша заң көмегін көрсету және де адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі туралы.

Оқулықта республикалық көлемдегі ұйымдық-құқықтық нысандар да көрсетіліп, шет мемлекеттерде адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы жазылған. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызметті әрдайым жетілдіру үшін шет мемлекеттер, оның ішінде ТМД мемлекеттерінің қызметтері, олардың тәжірибелері баяндалған.

Кітапқа студенттерге қажетті оқу бағдарламасы, «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәнінің мазмұны, пән бойынша керек тапсырмалар мен тексеруге арналған сұрақтар және де ұсынылатын әдебиеттер тізімі қосылған.

Қоғамымыздағы оқу құралдардың ішінде Қазақстан

Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет бойынша қазақ тілінде, оның ішінде осындай көлемде жан-жақты зерттеліп жазылған еңбек жоқтың қасы. Бұл оқулықтың тек студенттерге ғана емес, заң саласында қызмет істеп жүрген заңгерлерге де қажеттілігі мол.

Заң ғылымдарының докторы,

Каспий қоғамдық университет профессоры

Симбаев



*«Без адвоката немыслима надлежащая от-
правление правосудия».*

И.Я. Фойницкий

*«Заңды білу дегеніміз, оның сөздерін сол
күйінде қабылдау емес, керісінше, оның мазмұны
мен мәнін білу болып табылады».*

Юстиниан I (Византия императоры)

*«С плохими законами и хорошими чиновни-
ками вполне можно править страной. Но если
чиновники плохи, не помогут и самые лучшие
законы».*

Отто фон Бисмарк

КІРІСПЕ

Қоғам өмірінің барлық саласының заңдық негіз алуы, қоғамда орын алған түбегейлі өзгерістердің заң актілерінде әртүрлі қырларынан бейнелеуіне алып келді

Заң актілері аса күрделі де, сан қырлы туындылар ретінде қоғам өмірінің барлық саласын қамтиды.

Осылардың ішінен заң кепілдігіне тоқталатын болсақ, алдымен кепілдік дегеніміз – қамтамасыз ету деген мағынаны білдіретінін білеміз. Ал заң кепілдігі дегеніміз – қолданылып жүрген заңдар арқылы мемлекеттің субъективтік құқықтардың жүзеге асырылуын қамтамасыз ету құралдары мен тәсілдері. Бұл ең алдымен әркімнің өз құқықтары мен бостандықтарын сот арқылы қорғау, білікті заң көмегін алу құқықтары, т.б.

Бұзылған құқықты қорғау үшін өкімет билігі немесе басқару органына өтініш жасау, егер заң құжаттарында өзгеше көзделмесе, құқық қорғау туралы талап қойып сотқа жолдануға кедергі жасалмайды. Ол үшін әрбір адам заң тұжырымдарын біліп қана қоймай, оны қолдана алатын болуы қажет. Қазіргі кезде өкінішке орай азаматтардың құқықтық сауаттылықтары төмен.

Сондықтан адвокаттардың (қорғаушылардың, өкілдердің) көмегіне жүгінуге әкеп соқтырады

Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабында. «Әркімнің білікті заң көмегін алуға құқығы бар. Заңда көзделген

жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі» деп жазылуы кепілдіктің тағы да бір көрінісі.

Заңды көмек көрсетудің түрлері әр алуан. Ол – конституцияны, заңдарды түсіндіру ретінде, не адвокаттардың қылмыстық, азаматтық, әкімшілік істерге байланысты сот істеріне қатысып, заң көмегін беруі ретінде болуы мүмкін. Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам сол ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Адвокатураның қызметі көмек сұраған азаматтар мен ұйымдарды білікті заң көмегін көрсету жолымен құқықтық қорғауды қамтамасыз етуге тиіс. ондай көмек, мысалы, сотта қылмыстық, азаматтық және өзге де істер бойынша олардың мүдделерін білдіру, негізсіз қылмыстық қудалаудан қорғау және т.б. арқылы көрінуі мүмкін.

Қазақстан Республикасындағы адвокат дегеніміз – жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматтарын айтамыз.

Оқулықтың мақсаты заң қызметінің бір түрі ретінде адвокатура адвокаттық қызмет және адвокат ұғымдары нені білдіреді және Қазақстан Республикасындағы адвокаттардың ұйымдық және құқықтық негізі ретінде Адвокаттар алқасының құрылу тәртібі, оның жоғарғы органдары, заң консультациялары мен адвокаттардың қызметтері қандай, осыларды жете зерттеуге ден қойылады. Болашақ заң мамандарына адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлерін, олардың өзін-өзі қаржыландыратын коммерциялық емес ұйымға, яғни адвокаттар алқасына бірігетінін және жекеше адвокаттардың да болатынын көрсету.

Ал Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет пәнін оқыту мақсаты – іс жүзіндегі осы қатынастарды реттейтін заңнамаға және адвокатура органдарының адвокаттық қызметті қолдану практикасына талдам жасау, сонымен қатар осы негізде туындаған мәселелерді анықтау мен оларға баға беру және адвокаттық қызмет туралы Қазақстан Республикасының заңнамасын жетілдіру жолдарын айқындау болып табылады.

Болашақта адвокаттық қызметпен айналысу үшін заң

мамандарының өзіне тән нәтижесі, адвокаттық қызметтің алдағы құрылып жатқан құқықтық мемлекетте алар орны да, мәртебесі де жоғары болатынына сеніміміз мол.

Бір сөзбен қорыта айтқанда, адвокаттардың әділ шешім шығаруда қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық және азаматтық істерде, сотта мәні бойынша қарап талдауының құқық қорғау үшін азаматтар мен заңды тұлғалардың мүдделерін, бостандықтарын, құқықтарын қалпына келтіруінің негізгі көзі, қызметі, кәсіби қорғаушылық ісі болып табылады. Сондықтан оқулықта адвокаттардың азаматтық, қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық істерге басынан қалай қатысатынын, құқық қорғау тактикасы ретінде нені қолданатынын өзіміздің қазақстандық авторлармен қоса шетелдік авторлардың да еңбектерін пайдалана отырып, кеңінен зерттеуге ден қойылды. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет бойынша қазақ тілінде шыққан заң әдебиеттері өте аз, сондықтан, оқулықты өзіміздің мемлекеттік тілімізде жазуда едәуір қиындықтарға тап болдық.

«Я понял, что именно в области уголовного права и процесса лежат границы для вторжения государства в область личной свободы, и потому научная разработка этих дисциплин может более всего обеспечить господство права».

И.Я. Фойницкий

«Законы должны иметь для всех одинаковый смысл».

Шарль Луи де Монтескье

І ТАРАУ. АДВОКАТУРАНЫҢ МӘНІ МЕН МАҚСАТЫ

§ 1. Білікті заң көмегін алу – Қазақстан Республикасындағы әрбір адам мен азаматтың конституциялық құқығы

Адвокат сөзі латынның *advocatus*, *advoco* сөздерінен аударғанда «шақырамын», «көмекке шақырылған» деген сөздерді білдіреді

Адвокатура тарихта ежелгі дәуірден бастап зангерлік кеңесті ретінде белгілі болған

Алғашқы адвокаттар Ежелгі Римде пайда болған. Бұл жөнінде поляктың құқықтанушы-тарихшы ғалымы Е.В. Васьковский «...Римде алғашқы зангерлер патрондар болған, олардың тұлғасында екі кәсіп біріктірілді: зангер-кеңесшілер және адвокаттар» – деп жазады. Адвокатура Ежелгі Римнің республикалық кезеңінде тәуелсіз кәсіп ретінде жұмыс атқарған және ешқандай ұжымдық ұйымдастырылуы болмаған¹.

Русьте алғаш рет соттардағы кәсіпқой сенімділер туралы XV ғасырдың заң ескерткіштерінде жазылған. Псков Соттық грамотасында (1397-1467 жж.) сенімділерді пайдалану құқығы барлығына

¹ *Васьковский Е.* Организация адвокатуры (Глава III. Франция. Том I. Очерк всеобщей истории адвокатуры) Типография П П Сойкина, 2003

емес. тек қана әйелдерге, балаларға, дін қызметкерлеріне (монахтарға), қарт адамдарға және саңырауларға заң қызметін пайдалану тәжірибесі жүргізілді².

Адвокаттық қызмет шеңберінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды

Адам мен азаматтың құқығына кепілдік беретін Қазақстан Республикасы Конституциясының конституциялық ережелерінің арасында маңызды конституциялық принцип ретінде қолданылатын білікті заң көмегін алу құқығы ерекше орын алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында әрбір адамның білікті заң көмегін алуға құқығының бар екендігі тікелей көрсетілген. Ал заңда көзделген жағдайда мұндай көмек тегін көрсетіледі.

Қазіргі уақытта Қазақстанда адам мен азаматтың құқығын қорғау жөніндегі міндеттерді атқаратын әртүрлі мемлекеттік және мемлекеттік емес органдар, мекемелер мен қоғамдық ұйымдардың бар екендігін атап өткен жөн. Мысалы, соттар, прокуратура, ішкі істер, әділет органдары жоғарыда аталған құқық қорғау міндеттерін бір-бірімен тығыз байланыс жасай отырып атқарады. Алайда осы міндеттерді табысты жүзеге асыру адвокатура сияқты қоғамдық-құқықтық институтсыз мүмкін емес. Қазақстандық заңнамада адвокатура ешбір жерде құқық қорғау органы ретінде көрсетілмесе де, ол іс жүзінде құқық қорғау қызметін міндетін атқарады. Әдетте құқық қорғау қызметі ретінде біз азаматтар мен ұйымдардың құқығын қорғауды мақсат ететін және заңға сәйкес заңдық әсер ету шараларын қолдану жолымен арнайы мемлекеттік органдар жүргізетін және олар белгілеген тәртіп мүлтіксіз сақталатын қызметті түсінеміз.

Сөйтіп азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығын қамтамасыз етуге тиісті құқық қорғау жүйесінде адвокатураға маңызды орын беріледі. Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны – адвокаттар алқасы – білікті заңгерлердің кәсіби ұйымы. Оның міндеті жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету, құқықтар мен заңды мүдделерді, заңдылықты сақтау мен нығайтуға, сондай-ақ заңдарда көзделген кейбір өзге міндеттерді

²Васильев С. В. Некоторые общие термины Псковской Судной грамоты и 1-го Литовского статута /Древняя Русь. Вопросы медиевистики. 2006. № 4 (26). С. 5–10.

атқаруға жәрдемдесу болып табылады. Адвокаттар алқасы адвокатураның шынайы өзін-өзі басқаруын, адвокаттардың кәсіби шеберлігін, олардың құқықтық және әлеуметтік қорғалуын қамтамасыз етуге көмектеседі.

§ 2. Адвокатура және оның мақсаты

Шетел терминдерінің қазіргі сөздігінде «Адвокатура» термині 1) ұйымды, адвокаттар алқасын немесе 2) адвокат қызметін білдіреді³.

ТМД-ның бірқатар мемлекеттерінің заңнамасында адвокатураның анықтамасы берілген. Мысалы, 1996 жылғы 27 желтоқсандағы №349-І «Адвокатура туралы» Өзбекстан Республикасының Заңының 1-бабында «Адвокатура – адвокаттық қызметпен айналысатын тұлғалардың тәуелсіз, ерікті, кәсіби бірлестіктерінің және адвокаттық тәжірибемен айналысатын жеке тұлғаларды қамтитын құқықтық институт» – делінген. Ал 1993 жылғы «Адвокатура туралы» Украина заңының 1-бабында «Украина адвокатурасы Украинаның Конституциясына сәйкес Украина азаматтарының, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын қорғауға және заңды мүдделерін білдіруге жәрдемдесуге, оларға өзге заң көмегін көрсетуге шақырылған ерікті кәсіби қоғамдық бірлестік болып табылады» – деп көрсетілген.

Беларусь Республикасында адвокатураға 1993 жылғы 15 маусымдағы №2406-ХІІ «Адвокатура туралы» Беларусь Республикасының заңының 1-бабына сәйкес «Беларусь Республикасындағы адвокатура Беларусь Республикасының Конституциясына сәйкес кәсіби құқық қорғаушылық қызметті жүзеге асыру үшін шақырылған тәуелсіз құқықтық институтты білдіреді» – деген анықтама берілген. Ал енді Ресейде 2002 жылғы 31 мамырдағы №63-ФЗ «Ресей Федерациясының Адвокаттық қызмет және адвокатура туралы» Ресей Федерациясының Федералдық заңының 3-бабында «Адвокатура адвокаттардың кәсіби қауымдастығы және азаматтық қоғамның институты ретінде болып табылады, мемлекеттік билік органдары мен өзін-өзі басқару органдарының жүйесіне кірмейді» – деген анықтама берілген.

³Современный словарь иностранных слов. - М.: Рус. яз., 1992 - С 21

Алайда жоғарыда аталған ТМД мемлекеттеріне қарағанда Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, сондай-ақ Қазақстанның заңи әдебиеттерінде де адвокатураның нақты анықтамасы берілмеген. Мысалы, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 1-бабы осы терминді түсіндіруден емес адвокатура мақсаттарын көрсетуден басталады. Ал «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 20-бабында тек адвокаттар алкасы ұғымы ғана берілген. Сондықтан да көрсетілген олқылық орнын толтыра және осы ұғымды кеңейте отыра, өз түсінігімізше, адвокатураны азаматтар мен ұйымдарға кәсіби заң көмегін көрсететін тұлғалар қызметінің негізін анықтайтын қоғамдық құқықтық институт деп санаймыз.

Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны нақ осы адвокаттар алкасы болып табылады және сондықтан «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында адвокаттар алкасының адвокаттардың түбегейлі ұйымы екендігі айтылған. Алайда бұл адвокатураның Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы, Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығының) Қазақ филиалы сияқты өзге де нысандарының бар екендігін жоққа шығармайды. Ал болашақта белгілі бір міндеттер мен мақсаттарды алдына қоятын басқа да адвокаттар бірлестігінің құрылуы мүмкін.

Адвокаттар алкасы заңды және жеке тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңында белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылған адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

Заңда адвокаттар алкасы қоғамдық ұйым ретінде аталмаған. Алайда оның нақ осы қоғамдық ұйымға ғана белгілері бар. Бұл:

1. Кәсіби ұйымды құрған тұлғалардың теңдігіне негізделген, тиісті ретпен рәсімделген мүшеліктің болуы. Адвокаттар алкасы жоғары заң білімі, біліктілік емтиханын тапсырған және адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған Қазақстан Республикасының азаматтары қатарынан құрылады. Алка мүшелігіне қабылдау және одан шығаруды сайланбалы алка органы – адвокаттар алкасының төралкасы жүргізеді. Әрбір адвокат – алканың толық мүшесі.

және «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 14, 15, 28 және 29-баптарында карастырылған құқықтар мен міндеттемелердің жиынтығына ие болады.

2. Қоғамдық ұйым мүшелерінің оның мүлдітік негізін жасауға материалдық қатысуы тек кіру және мүшелік жарна түрінде ғана жүргізілмейді. Адвокатурада ұйымның мүлдітік негізін құруға арналған қаражат, сондай-ақ өз қорларынан заң консультациялары аударған сома және адвокат кенселері азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсеткені үшін алған төлемнен құралады.

Мүлдік, сонымен қатар ерікті мүлдітік жарналар мен садақалардан, демеушілік және қайырымдылық көмектен, заңда тыйым салынбаған өзге түсімдерден құралады.

3. Адвокаттар алқасы мүшелерінің өз ұйымының ісін басқаруға, адвокаттар алқасының бас органдарын сайлауға, оның басшы органдарының қызметін бақылауға қатысуы – осының барлығы өзін-өзі басқаратын қоғамдық ұйым ретінде осы құқықтық институттың ерекшелігін көрсетеді.

Жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсете, анықтау, алдын ала тергеу, сот, мемлекеттік және басқа органдар мен ұйымдарда және азаматтармен қарым-қатынаста өкілдік пен қорғауды жүзеге асыра, сот төрелігін жүзеге асыру процесінде сайысушы тараптардың бірі ретінде қатыса отыра, адвокаттар ақы алады, оның бір бөлігін алқа қызметін қолдауға жұмсайды. Яғни, олар атқарған қызмет – коммерциялық әрекет емес. Бұның өзі «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының 1-бабының 2-тармағында адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды деген ережеде бекітілген.

Сөйтіп, адвокаттар алқасы құрылу және жұмыс істеу әдісі бойынша мемлекеттік органдарға тәуелсіз өзге ұйымдық-құқықтық нысандағы кәсіби бірлестікке жатады. Алайда олардың қызметінде кәсіби бірлестікке тән емес мынадай белгілер де бар. Бұл ең алдымен олардың әділет органдары мен қарым-қатынас сипатына қатысты. атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінің жанындағы Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінде азаматтар мен заңды тұлғаларға, оның ішінде адвокаттар алқасына қызмет көрсетуге байланысты, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық және азаматтық істерді қарау кезінде өкіл немесе қорғаушы ретіндегі адвокаттың жағдайын, адвокатты тәртіптік жауапкершілікке тартуды және т.б. ұйымдастыру

үшін өзара байланыс және жағдай жасау жөніндегі құрылымдық бөлімшенің болуы. Сонымен қатар, әділет органдары адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия береді. Алайда бұл адвокаттардың тиісті лауазымдық міндеттемесін атқаратын қызметшілер екендігін білдірмейді.

Біріншіден, адвокаттар мемлекеттік органдарда қызмет атқармайды (тағайындау, сайлау немесе конкурс бойынша), яғни мемлекеттік қызметте жоқ. Олар адвокаттар алқасымен шарт жасамайды.

Екіншіден, мемлекеттік қызметшілер қызметтік міндеттемені орындайды, мемлекеттің немесе оның органының атынан және тапсырмасы бойынша әрекет етеді. Олардың көпшілігі мемлекеттік-биліктік өкілеттіктерді атқарады. Бұл қағида ешбір жағдайда да адвокаттарға қолданылмайды. Олар азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсетеді, өз атынан сөз сөйлейді және азаматтар мен мемлекеттік органдарға қатысты мемлекеттік-биліктік өкілеттіктер жүктелмеген.

Үшіншіден, адвокаттар өз еңбегі үшін мемлекеттік қызметшілер сияқты мемлекеттен сыйақы алмайды. Көрсеткен заң көмегі үшін төлем ретінде азаматтар мен ұйымдардан адвокаттар кеңсесіне және заң консультациясына түскен қаражаттан еңбекақы алады («Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 5-бабы). Заңнамада азаматтарға тегін көмек көрсетілетін жағдайдың өзінде адвокат еңбегі заң консультациясының немесе адвокат кеңсесінің қаражатынан, ал егер адвокат клиентті процесті жүргізген орган немесе сот Қаулысы негізінде төлемнен босатылса, онда республикалық бюджет қаражатынан төленеді. Заң консультацияларында меңгерушінің кесімді жалақы алуы да, мұнда да жалақы сол көздерден төленгендіктен істің мәнін өзгерте алмайды⁴

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 1-бабында Қазақстан Республикасындағы адвокатураның негізгі мақсаты – адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу. Адвокатура осы мақсатта:

1) адвокаттардың қылмыстық істер бойынша, әкімшілік құқық

⁴Адвокатура и современность. - М., 1987

бұзушылық туралы істер бойынша қорғау жөніндегі қызметін ұйымдастырады;

2) адвокаттардың қылмыстық және азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өкілдік ету жөніндегі қызметін ұйымдастырады;

3) азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыру мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

§ 3. Адвокатура қызметінің негізгі бағыттары

Адвокаттар алқасы – жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы.

Егер осы адвокатураның жоғарыда аталған мақсаттарын және «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген міндеттерді нақтылайтын болсақ, адвокатура қызметінің негізгі бағыттары әртүрлі заң көмегін көрсетуге жәрдемдесу болып табылады. Олар:

♦ ауызша және жазбаша нысанда да құқықтық мәселелер бойынша консультациялар мен кеңестер беру;

♦ арыздар, шағымдар, өтініштер мен құқықтық сипаттағы басқа құжаттарды жасау;

♦ сенім білдірушінің өкілі ретінде азаматтық сот ісін жүргізуге қатысады.

♦ қорғаушының немесе сенім білдірушінің өкілі ретінде қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысу;

♦ аралық сотта, халықаралық коммерциялық төрелікте (сотта) және дауларды шешетін өзге де органдарда істі қарауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысу;

♦ мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда сенім білдірушінің мүддесін білдіру;

♦ егер шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық сот органдарының және өзге де халықаралық ұйымдардың жарғылық

құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттердің қорғау органдарында, халықаралық сот органдарында, шет мемлекеттік мемлекеттердің мемлекеттік емес органдарында сенім білдірушінің мүддесін білдіру;

♦ сенім білдірушінің өкілі ретінде атқарушылық ісін жүргізуге, сондай-ақ қылмыстық жазаны орындау кезінде қатысу;

♦ азаматтар мен ұйымдарға заңда тыйым салынбаған басқа да заң көмегін көрсету.

Заңды қолдану мәселесі бойынша кеңес беру адвокаттар қызметінің маңызды бағыты болып табылады. Оның мәні қолданыстағы азаматтық іс жүргізу, отбасылық, еңбек, әкімшілік құқық бұзушылық, қылмыстық іс жүргізу және басқа заңдардың нормаларын дұрыс түсіндіру мен дәл қолдану бойынша беру

Кеңес беру:

♦ даудың материалдық-құқықтық астарын,

♦ азаматта талап қою құқығының бар-жоғын (процессуалдық астар);

♦ іс бойынша түпкілікті кеңесті, яғни қорғау үшін заңды негіздің бар-жоғын және қандай нысанда екендігін (соттық, әкімшілік және т.б.), бұл үшін не істеу керек екендігін қамтуға тиіс.

Құқықтық кеңес

♦ заңды, құқық нормасына дұрыс сілтеме жасауға және оны дәл қолдануға, құқықтық іске асыру жолдарын көрсетуге және т.б.;

♦ мазмұндау нысаны бойынша жеңіл, яғни түсінікті;

♦ нақты: жалпы құқық және оны қорғау жолдары туралы пайымдау емес, мәселені шешудің ықтимал жолдарын көрсетуге;

♦ нәтижелі: кеңес беру аяқталғаннан кейін азаматтің алдағы қозғалысының болашағын анық көруге тиіс⁵.

Кейбір жағдайларда талап қою арыздарының (анықталып қойылған талаптарға сәйкестік), шағымдардың (азаматтар құқықтарының, бостандықтарының және заңды мүдделерінің бұзылуы, өтініштер бойынша қабылданған шешімдердің орындалмауы, лауазымды адамдардың теріс қылықтары туралы) және құқықтық сипаттағы өзге де құжаттардың дұрыс жасалуы талап етіледі

⁵Бернам У., Регаешикова И.В., Ирошдяков А.Д. Судебная адвокатура - Екатеринбург, 1995 - С.199

Адвокаттың қылмыстық сот ісіне қатысуы адвокаттық қызметтің негізгі бағыттарының бірі. Мұнда адвокат қызметі негізінен айыпталушыларды (сезіктілерді) қорғау міндетін жүзеге асырумен байланысты. Оның кәсіби тәжірибесі мен құқықтық білімі қорғайтын адамына аса білікті көмек көрсетуіне мүмкіндік береді. Қоғам мен мемлекет бірде-бір азаматтың жеткілікті айғақсыз қылмыстық жауапкершілікке тартылмауын және сотталмауын көздейді.

Ұсталған, тұтқындалған, қылмыс жасады деп айып тағылған әрбір адам ұсталған, тұтқындалған немесе айып тағылған кезден бастап адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалануға құқылы.

Заң сезіктілердің және қылмыс жасағандығы туралы айып талғандардың, сондай-ақ сотталғандардың қорғану құқығын қамтамасыз етеді. Осы құқықты қорғаушы ретінде заңмен қажетті кепілдіктер берілген адвокаттар жүзеге асырады. Атап айтқанда, қылмыстық істі жүргізу заны сот талқылауы кезінде (сот талқылауы және нақты іс бойынша шығарылған үкімдердің заңдылығы мен қисындылығын ізінше тексеру сатысы), сондай-ақ алдын ала тергеуде немесе анықтауды жүргізу кезінде, сонымен қатар апелляциялық, кассациялық және қадағалау тәртібімен істі қарау кезінде адвокатқа (қорғаушыға) берілетін құқықтардың үлкен шеңберін айқындайды.

Адвокаттар (қорғаушылар) іске қатысуға айып тағылған немесе сезікті адам мойындаған сәттен – ұстау жүргізілген, я болмаса айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған сәттен бастап жіберіледі. Бұл жағдайда ол ұстау хаттамасымен немесе қамауға алу түріндегі бұлтартпау шарасы таңдалғандығы туралы қаулымен таныса алады. Қорғайтын адаммен онаша жүздесе, одан жауап алуға қатыса алады және т.б. Жүздесу саны мен олардың ұзақтылығы шектеусіз. Қазақстан Республикасы Конституциясының 16-бабының 2-тармағы тұтқындалған адамға сотқа шағымдану құқығын береді. Бұл құқықтардың көлемі мен мазмұнын реттеу ұдайы жетілдіріліп отырады.

ҚР Қылмыстық істер жүргізу кодексінде (ҚР ҚІЖК) анықталған көп жағдайда, қылмыстық жауапкершілікке тартылған адамның қорғаушысы болуға міндетті. Егер бұл азамат немесе оның туыскандары не заңды өкілдері адвокатты шақыруға ынта білдірмесе, адвокат тергеушінің, прокурордың немесе соттың Қаулысы бойынша тағайындалуға тиіс. Мұндай адвокат та айыпталушы немесе оның жақын туыскандары шақырған адвокаттардың құқығын пайдалана-

ды. Оның еңбегі толығымен республикалық бюджет қаражатынан төленеді.

Қылмыстық істі қарауға қатысқан адвокат айыпталушыны ақтайтын немесе оның жауапкершілігін жеңілдететін жағдайды анықтау мақсатында заңда көзделген барлық қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға және айыпталушыға қажетті қорғау мен заң көмегін көрсетуге міндетті.

Адвокат қылмыстық істі қараған кезде тек айыпталушының қорғаушысы ғана емес, сондай-ақ жәбірленушінің азаматтық талап қоюшының, азаматтық жауапкердің мүддесін білдіруші, ретінде де қатыса алады.

Адвокат азаматтық істер бойынша талқылауға талап қоюшының, жауапкердің және үшінші тараптың өкілі ретінде қатыса алады. Сотта процессуалдық әрекетті жасау үшін адвокат-өкілдер көмек сұраған адамның заңды құқықтары мен мүдделерін тиімді қорғауға мүмкіндік беретін белгіленген өкілеттіктерді (құқықтарды) пайдаланады.

Заңда заң көмегінің, алайда олар адвокаттық қызметтің ауқымды саласы болса да, тек негізгі түрлері ғана көрсетілген. Сондықтан заң шығарушы «заңдарда тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді» деген жалпы ұғыммен шектеледі.

Атап айтқанда, мына қызмет түрлері мензеліп отыр:

- талап қою жұмыстары;
- құқық бұзушылықпен күрес жүргізетін еңбек ұжымдары мен органдарға заң көмегін көрсету;
- жарғылар әзірлеу және заңды тұлғалар құжаттарын тіркеуге даярлау;
- келісімшарттар жасау;
- коммерциялық ұйымдарға қызмет көрсету;
- заң кеңесшілері жоқ ұйымдарды заң көмегімен қамсыздандыру және заң көмегі ретінде заңда аталғандардан басқа заңда тыйым салынбаған өзге де осындай қызмет түрлерін көрсету.

Қызметтің соңғы түрі ұйымдардың заң консультацияларымен жасалған шарттар негізінде жүргізіледі. Ол шарттарда тараптардың құқықтары мен міндеттері қарастырылады. Ұйымға оның меншік нысанына қарамай қызмет көрсететін адвокат соттарда және өзге органдарда құқықтық мәселелерді қарау кезінде белгіленген тәртіппен оның мүддесін білдіреді, басшылыққа қол қоюға берілген бұйрық, нұсқаулық, шарт және құқықтық сипаттағы өзге құжаттың заңға сәйкестілігін тексереді, бұл

құжаттарға қол қояды және талап қою жұмыстарын жүргізеді, азаматтық-құқықтық шарттарын даярлауға қатысады және оларға қол қояды. Адвокат ұйымдарға іс қызметін көрсетерден бұрын оның қызметінің ерекшелігімен мұқият танысуға, оның алдында тұрған негізгі мақсат пен міндетті анықтауға және соған байланысты өзінің барлық жұмысын жоспарлауға тиіс.

Бақылау сұрақтары

1. Құқық қорғау органдар жүйесінде адвокатураның алатын орны және атқаратын қызметі.
2. Адвокатураның маңызы мен мақсаты қандай?
3. Адвокаттық қызметті реттейтін Қазақстан Республикасының заң актілерінің негізгілері?
4. Адвокатураға қандай анықтама беруге болады және адвокатураның мақсаты қандай?
5. Адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табыла ма?
6. Адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезінде қандай тәсілдер мен құралдарды қолданады?
7. Адвокатураның қандай болмасын адвокаттық қызметіне араласуына жол берілмейтіндігі жайлы қандай заңдармен реттеледі?
8. Кәсіби адвокаттар құпиясын сақтау дегеніміз нені білдіреді?

«В стране, где есть порядок, будь смел и в действиях, и в речах. В стране, где нет порядка, будь смел в действиях, но осмотрителен в речах»

Конфуций

«Закон защищает каждого, кто может нанять хорошего адвоката»

Патрик Мари

«Адвокат является жалким просителем в уголовном процессе».

Известный ученый процессуалист России И.Л. Петрухин

II ТАРАУ.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АДВОКАТУРАНЫҢ ПАЙДА БОЛУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

§ 1. Қазақстанда адвокатураның 1917 жылға дейінгі кезеңде қалыптасуы

Қазақстанда ғы адвокатураның бүгінгі қызметі мен жәй-күйін оның қалыптасу, құрылу және даму тарихын жан-жақты тиянақты түсінбей қарастыру мүмкін емес. Өйткені бұларсыз осы маңызды қоғамдық-құқықтық, институттың алдында тұрған міндеттердің мәнін түсінуге болмайды. Ақыр аяғында бұл бізге құқықтық және демократиялық мемлекетті құруда адвокатураның орнын, рөлі мен маңызын анықтауға мүмкіндік береді.

Адвокатураға жүктелген міндеттердің орындалу ерекшеліктеріне және құқықтық қатынастар жүйесіндегі оның жағдайына орай тарихтын әр кезеңінде оған деген көзқарас қоғамның саяси жүйесіне, оның экономикалық деңгейіне, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасына және көптеген басқа жайттарға байланысты өзгеріп отырды.

Адвокатураның қалыптасу жолы қиын болды және қоғам дамуының жекелеген кезеңінде адвокатура ұйымдары қызметінің нысанын, тәсілдері мен әдістерін жетілдірудің сан түрлі жолдары іздестірілді.

1917 жылға дейінгі мерзімде кәсіби адвокатураның өмірге

келуі Ресей империясындағы (құрамына Қазақстан кірген) заңдылықтың қалыптасу және даму тарихымен және 1864 жылғы озық сот реформасының жүргізілуімен тығыз байланысты.

Сол дәуірдегі заң терминологиясында «адвокат» ұғымы 1864 жылы пайда болды, алай да тіпті кеңестік дәуірдің өзінде 1939 жылға дейін қолданыстағы заңнамада пайдаланылған жоқ. Адвокаттар алкасы сияқты адвокатура қызметінің ұйымдық-құқықтық нысанына келсек, ол еш уақытта да дамыған демократиялық елдегідей (АҚШ, Германия, Франция және т.б.) қоғамдық-құқықтық маңыз бен корпоративтік бірлікке еш уақытта да және бүгінгі күнге дейін де не болған жоқ.

1864 жылғы сот жарғыларымен (Сот ұйғарымдарын белгілеу туралы Жарғы; Азаматтық сот ісінің Жарғысы; Татуластырушы судьялар қолданатын жазалар туралы Жарғы) тәлтума және тиімді сот төрелігі жүйесі құрылды.

1864 жылдың 20 карашасында Билік етуші сенаттың Жарлығымен бекітілген Сот ұйғарымдарын белгілеу туралы Жарғы (әрі қарай – Сот ұйғарымдарын белгілеу туралы Жарғы) адвокатураны Ресейдің жаңа заң мекемесі етті.

Патша самодержавиясы кезінде адвокаттық қызметтің дамуы мемлекеттің азаматтық қоғамының жаңа тәуелсіз институттарын — кәсіби адвокаттық бірлестіктерді құруға рұқсат ету ниетінің жоқтығымен тежелді. I Петрден бастап (ол оларды «өсекші, ұрылармен және суайттармен ымыралас» деп атады, «өздерінің қажетсіз бос дәлелдерімен судьяның басын қатырады және істі тез бітірудің орнына оны боссөзділікпен ұзаққа созады») I Николайға дейінгі барлық императорлар («Францияны құртқан адвокаттар емей, кім? Мирабо, Марат, Робеспьер дейтіндер қайдан шыққан?!» Жоқ.. Ресейді мен билеп тұрғанда адвокаттар қажет емес – оларсыз да өмір сүреміз») батыстық үлгідегі адвокаттық корпорацияны Ресей империясында құруға табандылықпен қарсы күресті.

Сот жүйесінің реформасына дейін қорғау институты нақты міндеті, максаты мен мүддесі бар қандай да бір ресімделген және ұйымдасқан қоғамдық топ бола алмады. Бұның үстіне олардың өкілдерінің тиісті кәсіби білімі, өзінің ұйымдық құрылымы мен атауы болған жоқ. Бірнеше ғасыр бойында адвокаттардың міндетін жеке адамдар – делдалдар (стряпчий) немесе істі қузаушылар (ходатаи) атқарды. Олардың міндеті заңмен реттелмеді, соған орай оларға қомақты талап қойылмады (арнайы білімнің болуы және

т.б.). Әдеттегідей, олардың міндеті кейбір құжаттарды (қағаздарды) жазып-тасумен шектелді, тіпті 1832 жылы присяжной делдалдар (стрялчий) институтының құрылуы да өз қызметінің жақтқ сипатына орай Ресейдің сан алуан әлеуметтік жіктерінің өкілдеріне сот пен басқа мекемелерде олардың мүддесін қорғауға кепілдік бере алмады.

Сот ұйғарымдары мекемесі адвокатура ұйымдарының негізіне карама-қайшы ереже енгізді, оның мәнісі бүгінгі түсінік тұрғысынан, олар өзінің қызмет міндеті мен саласы бойынша қисынға келмейтін құқықтық делдал, шешен және өз клиентінің сенімді өкілі құзыреттерін қоса атқарды. Осы құқықтық телінушілік қазіргі Қазақстан Республикасы заңнамасында сақталған, біздіңше олай етудің ешбір орайы жоқ. Еуропаның көптеген елдерінде құқықтық делдал мен соттағы өкілдік екі дербес институт ретінде дамыды

Адвокаттар екі санатқа бөлінді: присяжной (алқа) сенімділері – адвокаттар – кәсіби ант беретін корпорация және адвокаттық қызметпен жеке дара айналысатын жеке сенімділер. Сот палатасы жанынан присяжной сенімділері мүшелерінен сайланатын присяжной сенімділерінің кеңесі құрылды. Олардың міндетіне жекелеген адвокаттар қызметіне бақылау және басқа да іс-әрекеттер кірді. Присяжной сенімділері кеңесінің қызметіне жоғарғы қадағалау Сот палатасы мен Билік етуші сенатқа жүктелді ⁶.

Присяжной сенімділері корпорациясының өзін-өзі басқаруы ретінде сот палатасы жанынан аталған кеңес жұмыс атқарды (алайда, барлық губернияда емес). Олар лауазымдары сайланбалы төрағадан, төрағасының жолдастарынан және кеңес мүшелерінен тұрды. Кеңеске сайлау жәй көпшілік дауыспен әрбір лауазымға жеке жүргізілді. Кеңес бұрынғы құрам есебінен кейін жыл сайын присяжной сенімділерінің жалпы жиналысында қайта сайланды.

Кеңес өз қызметін әртүрлі бағыттар бойынша жүргізді. Ол присяжнойлық сенімділерді қабылдады және босатты, тәртіптік тәжірибе жүргізді, присяжной сенімділер арасында «тегін» істер бөлді, олардың арасындағы дау-дамайды реттеді, ол өз шешімін жай көпшілік дауыспен қабылдады.

⁶Черкасова Н.В. Формирование и развитие адвокатуры в России в 60-80 годы XIX в. - М. Наука, 1987 - С.

Сөйтіп присяжнойлық адвокатура сайланбалы органдар түріндегі және жоғарғы сот орындарының сырттай қадағалауындағы ішкі өз-өзін басқаруға біріккен присяжнойлық сенімділер сословиясы дейтін – ерікті кәсіп адамдарының корпорациясы – присяжнойлық сенімділер кеңесі. Қылмыстық істер бойынша қорғаумен, азаматтық процесте тараптарға өкілдік етумен қатар (оның ішінде сот тағайындауы бойынша) адвокаттарға, кедейлер үшін тегін консультация беруді қоса алғанда, халыққа заң көмегін көрсету жүктелді.

Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғымен жаңа қоғамдық-құқықтық институтқа қатаң талаптар қойылды. Онда присяжной сенімділердің құқықтары, міндеттемелері мен жауапкершілігі нақты көрсетілді. Бұл үшін қажетті шарттарға сай келген және белгіленген тәртіппен адвокаттар корпорациясына қабылданған адамдар ғана присяжной сенімділері бола алды.

Осы нормативтік құқықтық талаптар екі санатқа бөлінді – оң (бола алатын) және жағымсыз (бола алмайтын).

Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғының 354-бабына сәйкес 25 жасқа толған, жоғары заң білімі және сот ведомствосының шенеунігі немесе присяжной сенімдісінің көмекшісі ретінде бес жыл сот тәжірибесі бар адам ғана присяжной сенімдісі бола алатын.

Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғының 355-бабында кімдердің присяжной сенімдісі бола алмайтындығы ашық көрсетілді. 1) 25 жасқа толмағандар, 2) шетелдіктер; 3) қарызын төлей алмайды деп жарияланғандар; 4) жалақысыз құрметті немесе қоғамдық лауазымындағы адамдарды қоспағанда, үкіметте немесе сайлау бойынша қызметте тұрғандар; 5) сот үкімі бойынша дәулет құқығынан айыруға немесе шектеуге ұшырағандар, сондай-ақ дін сотының үкімі бойынша дини мәртебеден айырылған дин қызметшілері; 6) дәулет жағдайының құқығынан айыруға немесе шектеуге әкеп соққан қылмыстары мен теріс әрекеттері үшін тергеуде тұрғандар және осындай қылмыстары мен теріс әрекеттері үшін сот үкімімен ақталмағандар; 7) қызметтен сот бойынша немесе дини мекемеден әшкереленгендігі үшін я болмаса қоғам арасынан және дворян жиналысынан өздері жұмыс істеген қоғамдардың үкімдері бойынша шығарылғандар; 8) сот бойынша басқа істер жөнінде жүріп-тұруына тыйым салынғандар, сондай-ақ присяжной сенімділері қатарынан шығарылғандар.

Бұл арада присяжной сенімділері кеңесінің сол уақыттың өзінде-ақ қабылдау туралы мәселені шешкен кезде бұл адам туралы барлық мүмкін мәліметтер негізінде үміткердің адамгершілік қасиеттері туралы дәйектерді басшылыққа алғандығын атап өту қажет.

Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғыда присяжнойлық сенімдінің қызмет атқаруға кіру тәртібі анықталды, оған төмендегі талаптар кіреді: қабылдау және тіркеу Присяжнойлық сенімділерді қабылдау кеңеске тәуелді болды, оның шешімі присяжной сенімділері корпорациясына негізгі тіркеу актісі Кеңестердің бірі өтініш берушіні қабылдаудан бас тартқан жағдайда, бұл тұлғаны сол мәліметтерімен басқа кеңес қабылдай алатын Формалды құқық қабілеті шарттарына негізделген қабылдаудан бас тарту туралы кеңес анықтамасы үшін сот палатасына, бұдан кейін Билік етуші сенатқа шағым жасауға болатын. Алайда тұлғаның адамгершілік тұрғыдан бағалануына негізделген қабылдамау туралы кеңес анықтамасы шағымдануға жатқан жоқ. Жазу формалды сипатта болды, оны присяжной сенімділері қатарына осы тұлғаны қабылдау туралы кеңес анықтамасының негізінде сот палатасы жүргізді, жазу процесіне округ присяжной сенімдісінің тізіміне қабылданған адамның тегін енгізу, кеңес берген куәлікке қол қою және оны қабылдау туралы жарияланым кірді.

Присяжной сенімдісі не маңызды құқықтардың бірі сот палатасы әрбір округы сенімділерінің өз мүшелерінен кеңесті сайлайтындығы еді, бұл институттың корпоративтігінің көрінісі болып табылды. 1874 жылғы контрреформа кейіннен адвокатураны едәуір әлсіретті және соған орай ерекше қоғамдық қызмет атқаратын заңгерлер бірлестігін білдіретін «сословие» термині қолданыла бастады. Заңмен тәртіптелмеген сословие мүшелерінің құқығы мен міндеті Жарғыларда көрсетілді, алайда олардың саны азшылық болатын.

Присяжнойлық сенімдіні оның еңбегі үшін көтермелеу оның сенімдісінің және клиентінің жазбаша келісіммен анықталды; осындай келісім болмаған кезде көтермелеу Империя Әділет министрі белгілеген арнайы бағамен анықталды (тек азаматтық істер үшін). Көтермелеу көлемін анықтау кезінде негізгі өлшем ретінде талап бағасы қызмет етті, алайда бұл жағдайда талап бағасының өсуімен пайыз азайды: талапкер сенімдісі өзіне тиесілі төлемнің төрттен бірін, ал жауапкер сенімдісі үштен бірін алды.

Присяжной сенімдісі қабылдаған анттарда кәсіптік міндеттемелер көрсетілді. антта ол заң мен адвокаттың абыройын қатаң сақтауға міндеттенді, ал кеңестер оның дәл орындауын бақылауға тиіс болды (Сот ұйғарымдарының мекемесі туралы Жарғының 367-бабының 2-тармағы).

Присяжнойлық сенімділер қызметі тек бір округте жүргізілді, өйткені Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғының 356-бабы бойынша өздері тіркелген сот палатасындағы округтегі қалалардың бірінде тұрақты мекен таңдауға тиіс болатын.

Кенестің өз мүшелерін бақылауы, егер олардың қызметі кенес іс-әрекетінің аясында, яғни осы сот округінің шегінде болған жағдайда ғана жүргізілді. Заң бір жеңілдікке жол берді: егер, бір округте басталған іс екінші округке көшірілсе, мысалы, кассациялық шешім салдарынан, онда адвокат іс жүргізілген жердегі присяжной сенімділері кенесіне бағынды. Егер ол іс бойынша талап қою үшін басқа қалаға кетуге тиіс болса, онда жоқ кезіндегі іске тиесілі қолында бар барлық істі басқа присяжной сенімдісіне (сенімдінің келісімімен) беруге міндетті.

Присяжнойлық сенімдінің міндетіне өзіне тапсырылған істің тізімін жасау (бағам қолданысына жататындар, сондай-ақ жатпайтындар) және оны присяжной сенімділері кеңесіне талап еткен бойда тапсыру кірді.

Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғының 355-бабының 4-тармағында присяжной сенімдісінің тұрақты қызметте отыру құқығының жоқ екендігі көрсетілді, өйткені бұл оның қызметін шектеуге және мемлекеттік органдар мен шенеуніктерге тәуелділікке алып келер еді.

Бұл уақытта присяжной сенімділері көмекшілерінің институты тарала бастады. Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғының 354-бабына сәйкес оған «бес жыл бойында көмекші ретінде присяжной сенімділері басшылығымен сот практикасынан өткен» тұлғалар жатқызылды. Сот ұйғарымдары мекемесі туралы Жарғының 354-бабына түсініктемеде «присяжной сенімділері сословиесінің құрылуымен оларда заң ғылымы курсы бітірген, алайда еш жерде қызмет етпеген көмекшілер болатындығы (тәжірибелік сабақтар бойынша), олардың мәліметтер мен сот тәжірибесін ала алатындығы» туралы түсініктеме берілген. 1874 жылғы 6-маусымда присяжнойлық сенімділермен қатар, жеке сенімділер институтын құрған заң шықты. Жеке сенімдіні лауазымға бекіту және

татуластырушы судьялардан және жалпы сот ұйғарымдарымен азаматтық істер жүргізуге қатысу құқығын алу үшін іс бойынша жеке сенімді қолдауға жасаған округтегі соттар берген ерекше куәлік негіздеме болды. Кез келген сотқа қатысу құқығы бар присяжной сенімділерімен салыстырғанда жеке сенімділер өздеріне осындай рұқсат берген соттарға ғана қатыса алатын

Қазақстанда патшалық жүргізген жоғарыда аталған сот реформасының отаршылдық сот органдарында қарастырылған сот істері үшін мәні болды.

Ал қазақ қоғамында қорғау институтының белгілі бір тарихи дәстүрлері болды. Бүгінгі күндері қазақ құқығының белгілі кайнарларында (Л.И. Баллюзек, Н.А. Гродеков,

Қ.Ә. Жиреншин, С.А. Сабатаев, С.С. Фукс және басқалардың еңбектері) казактардың сот төрелігі рәсіміне қорғаушылардың тікелей қатынасатындығы ашық көрсетілмесе де, Ресей империясы отарлағанға дейін бүгінгі Қазақстан аумағында айрықша қорғау институтының (немесе осындай тегершіктердің) болғандығы туралы тұжырым жасауға болады. Олардың кейбірі ХХ ғасырдың 20-жылдарына дейін сақталды. Осылайша казактың әдет-ғұрып құқығындағы айыптау бағытымен қатар, онда «іздестірушілік бастау» орын алды, бұл құқық бұзушылықтың жай-жапсарын шынайы талқылауға мүмкіндік берді және сол арқылы айыптаушыны негізсіз жаладан қорғауға ықпал етті ⁷

Қылмыстық істі жедел қарауға «істі мұқият тергеу мен қарау» және «қоғамдық пікірдің кепілдігі» кедергі болып табылды ⁸

Көп жағдайда билер сотының шешімдерімен қатар мүлктік дау-дамайды «сот билігі емес, адамгершілік беделі бар ақсақалдар анықтады» ⁹.

Осы ойды С.А. Сабатаев дамыта отыра, ақсақалдар сотының көне дәстүрлер мен ғұрыптар бойынша билік еткен таза халықтық сот ретінде болғандығын нақ көрсетеді ¹⁰.

⁷ Баллюзек Л. Народные обычаи, имевшие в Малой Орде силу закона. Записки Оренбургского отделения ИРГО - Казань, 1971.

⁸ Фукс С. Обычное право казахов в XVIII - первой половине XIX в. в. - Алма-Ата: Наука, 1981 - С. 107.

⁹ Гродеков Н. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Даринской области - Ташкент, 1889 - С. 264.

¹⁰ Сабатаев С. Суд ақсақалов и суд третейский у киргизов Кустанайского уезда Тургайской обл. - Этнографическое обозрение. - 1900 - №3.

Заңгер-ғалымдар Қ.Ә. Жиреншин, А.Н. Тәукелов, З.Ж. Кенжалиев және басқалар өз еңбектерінде қазақтардың әдет-ғұрып құқығында қорғау элементтерінің болғандығы туралы ашып айтпайды, алайда, біздің ойымызша, «судьялар бөлу институты», «істі қарауға келісім беру», «анттар институты» сияқты тегершіктер олардың болғандығы туралы айтуға негіз болып отыр¹¹.

Солдай болса да, қазақ қоғамына Ресей империясының басқа заңдары сияқты присяжной сенімділері институтының кіруі өте баяу жүрді. Бұл 1867-1868 жылдардағы реформалар барысында өзінің ұлттық және жергілікті ерекшеліктерін ескере отырып, нақты мәселелерді шешкен билер соты мен қазылар сотының сақталғандығымен және ішінара отаршылдық міндеттер мен мақсаттарға бейімделгендігімен түсіндіріледі. Дау-дамайды шешу кезінде билер соты әдет-ғұрып құқығы мен шарият қағидаларын, ал қазылар соты тек шарият тәртіптерін басшылыққа алды, алайда соңғысы қазақтарда исламның жеткіліксіз ықпалынан және басқа да белгілі жайттардан (қазақтардың шаруашылық және әлеуметтік салтының ерекшелігі, әдет-ғұрып құқығының үстем болуы, Ресей мемлекетінің саясаты және т.б.) қанат жая алмады.

Облыстық басқармалар соғыс және уездік соттарға жатпайтын барлық азаматтық және қылмыстық істерді қарады. Сонымен қатар, жоғарыда келтірілген актілермен негізі қаланған адвокаттық қызмет негіздері белгілі бір деңгейде заң күшіне ие болды және ара-тұра қазақ қоғамының сот төрелігіне енгізілді.

XIX ғасырдың аяғындағы Қазақстандағы сот құрылысы 1886 және 1891 жылдары Түркістан және Дала өлкелерінің басқармалары туралы қайта бекітілген Ережелерге сәйкес жүзеге асырылды. 1898 жылғы сот реформасы адвокатура қызметін реттеуді және қызметінің құқықтық негізін қарастырды. Мысалы, 1898 жылғы 2 маусымдағы «Уақытша ережелердің» 24-бабында адвокаттық қызметті жүргізуге куәлікті округтік соттардың беретіндігі қарастырылды. Осы куәлік адвокаттық тәжірибені бітімгершілік соттарда да жүргізуге құқық берді. Осы куәлікті алған тұлғалар 75 рубль көлемінде алым төлеуге тиіс болды. Бұл соманың жартысы

¹¹История государства и права Казахской ССР 4.1 - Алма-Ата Мектеп, 1982 - С.80-81

мемлекет казынасына, ал қалған жартысы жергілікті земстволық қаражатқа айналды¹².

Сөйтіп, аталған Ережелермен отаршылдық соттар құрылды, олар қазақтың әдет-ғұрып құқығының қолданылу аясын тарылтты. Ресей империясының сот билігі бүкіл Қазақстан халқына қолданылды және тиісінше сот ісіне присяжной сенімділері белсенді тартылды. Присяжной және жеке сенімділер институты осындай күйінде 1917 жылға дейін өмір сүрді.

§ 2. Қазақстандағы адвокатураның кеңестік дәуірі мен қазіргі уақытта ұйымдастырылуы және қызметі

Кеңестік саяси жүйе орныққаннан кейін адвокатура айтарлықтай өзгеріске ұшырады. 1864 жылғы реформа бойынша құрылған присяжнойлық және жеке адвокатураның қызметі олар жана социалистік мемлекетті құру принципіне қайшы болғандықтан, Кеңес үкіметінің алғашқы декреттерімен жойылды. Адвокатура біртіндеп кеңестік сот төрелігінде қосымша қызмет атқара бастады. Қорғау институтын ұйымдастыру мен сотқа қатысушылардың қатысуына көзқарас талай рет өзгерді. Бір нысанды жоққа шығара, ал екіншісін енгізе отыра, кеңестік заңнама тоталитарлық режим талаптары мен нығайту мақсаттарына жауап беретін қорғаушылар қызметінің ұжымдық нысанын орнықтыра бастады.

Солай болса да, азаматтық істер, қылмыстық істер мен өкілдік бойынша қорғаудың жаңа ұйымының көп жыл бойы ізденуі нәтижесінде адвокатура дамуын жалғастырды. Белгілі практикалық және теориялық тәжірибе жинақтады. Адвокаттық қызметтің жаңа нысандары пайда болды, оның құқықтық нормативтік базасы және т.б. нығайды. КСРО ыдырап, жаңа тәуелсіз мемлекеттер құрылғаннан кейін кеңестік кезеңде жинақталған жақсы тәжірибе ұлттық адвокатуралар қызметіне негіз болып қаланды.

Кеңестік дәуірдегі адвокатураның ұйымдық нысаны, сондай-ақ мемлекет тарапынан оған деген көзқарас бойынша революцияға дейінгі адвокатурамен көптеген ортақ тұстарының болғандығын

¹² Временные правила о применении судебных уставов к областям Сыр-Дарьинской, Самаркандской, Ферганской, Семиреченской, Акмолинской, Семирпатинской, Уральской и Тургайской. III-е ПСЗ.

атап өткен жөн. «Екі адвокатура да жергілікті деңгейде ұйымдастырылды, оларда орталық аппарат пен идеялық тұғырнама болған жоқ. соның салдарынан олар патшалықтың немесе Кеңес өкіметі саясатының жетегінде кете беретін Екі адвокатура да өз әрекеттері үшін Әділет министрлігінің қырағы қадағалауына, судьялардың немқұрайлы қарауына, өздерінің сотқа дейінгі сатыдағы рөлінің төмендеуіне мойынұсынуға тиіс болды. Қос адвокатура да өз құқықтары мен міндеттерін анықтауда бәрібір мемлекетке тәуелді болды»¹³.

1917 жылғы 24 қарашадағы №1 «Сот туралы» Халық комиссарлары Кеңесінің Декретімен присяжной делдалдар – адвокатура институты, сонымен бірге прокуратура, қылмыстық қудалау бөлімдері, тіпті сот жүйесі таратылды. Егер соттар, прокуратура, қылмыстық қудалау сияқты көптеген құқықтық ұйымдар революциялық бастауларда қайта құрылса, присяжной адвокатура институтының орнын басатын немесе қайта жаңғыртатын ұйымдардың құрылуы Кеңес өкіметімен көзделмеді. Осы уақыттан бастап адвокаттық қызмет Кеңес мемлекеті құрамындағы Қазақстанда да кәсіп болудан калып, 1864 жылғы реформаларға дейінгі кезенге қайтып келді.

1917 жылғы 19 желтоқсандағы Революциялық трибуналдар туралы нұсқаулық жаңа кеңес билігінің жаңа кеңестік адвокатураны құрудағы алғашқы қадамы болып табылатын ресми құжат. Жаңа кеңес өкіметінің социалистік мемлекетке қолайлы адвокатураны ұйымдастыру жолдарын іздеу 1918 жылы 30 қарашада РСФСР Халық соты туралы ереженің қабылдануына әкелді. Оған сәйкес Жұмысшы және шаруалар депутаттарының кеңестерінің жанында қорғаушылар, айыптаушылар және азаматтық іс жүргізудегі тараптардың өкілдерінің алқалары құрылды. 1918 жылы 15 ақпанда қоғамдық айыптау нысанында да, қоғамдық қорғау нысанында да құқық қорғаушылар алқасын құрған №2 Декрет қабылданды.

1920 жылы 11 мамырда Халық комиссарларының кеңесі «Жоғары заң білімі бар тұлғаларды тіркеу туралы» қаулы қабылдайды. Бұл қаулыға сәйкес осы қаулы жарияланғаннан кейін 3 күн ішінде жоғары заң білімі бар адамдар тұрғылықты жерлері бойынша жұмыс күшін есепке алу және бөлу саяси бөлімдерінде тіркелуі тиіс еді. Көрсетілген

¹³Барцевский М.Ю. Организация и деятельность адвокатуры в России - М. Юристы. 1997 - С 14.

мерзім ішінде тіркелмеген адамдар сотпен жазаланатын болатын. Осылай адвокаттардың қызметі еңбек міндетінің нысанына айналды.

Алайда құқық қорғаушылар сияқты адвокаттық корпорация тектес ұйымдарды толық жоюға БОАК-тің 1920 жылы 21 қазанда «РСФСР Халық соты туралы» Ережеге толықтыруларды қабылдау әсер етті. Бұның өзі жасырын адвокатураның дамуына әкеліп соқты. Бұндай бағыт кеңес өкіметіне жағымсыз болды. Сондықтан, Кеңес әділет қайраткерлерінің 4-Бүкілресейлік съезінде әділет комиссары Д. Курский адвокатураның даму болашағын былай анықтаған болатын: «Біз не біздің бақылауымызда болатын адвокаттар ұйымын құрамыз, не жеке тәжірибе биікке жетеді». Осы съезде адвокатураны реформалау талқылауға ұсынылды. 1922 жылдың 22 мамырында Әділет халық комиссариаты (ӘХК) «Қорғаушылар алқасы туралы» Ереже қабылданды. Осы күн Кеңес кәсіби адвокатурасының туған күні болып саналады¹⁴.

Оған сәйкес қорғаушылар алқасы әр губерниялық соттарда құрылды, ал олардың қызметін бақылау сотқа, атқару комитетіне және прокуратураға жүктелді.

Жаңа алқалардың мүшелерінің көпшілігі, сол кездің сөзімен айтқанда, буржуазиялық мамандар – патша өкіметі кезінде білім алған кәсіби корпорацияның мүшелері болатын. Большевиктер алқалар ішінде бақылауды орнатпақ болып, оның құрамына коммунистерді енгізе бастады. Алайда көптеген алқаларға қабылданған коммунистер қағаз жүзінде адвокаттар болды және алқа ішінде басшылық лауазымға ие болу үшін кіріп отырды. 1927 жылдың аяғынан бастап одақтас республикалардың әділет халық комиссариаттары еңбек ұжымдарының қорғаушылар алқаларында білім алуларын көтермелеп отырды, бірақ адвокатураны күштеп ұжымдастыру іске аспады.

1938 жылы КСРО ӘХК адвокатураны түпкілікті бағынышты кеңес мекемесіне айналдыру жөніндегі акцияның басталғанының белгісі болған «Қорғаушылар алқаларының жұмысы туралы» Директиваны қабылдады. 1939 жылы Адвокатура туралы КСРО-ның Жаңа Ережесі барлық одақтас республикалар, соның ішінде Қазақ ССР-нің де адвокатура туралы заңнамаларының негізін қалаушы моделі болды. Адвокаттарға мемлекетті мекемелерде

¹⁴ Д. Д. Бойков, Н. И. Катинус, Е. Г. Тарло. Адвокатура России. Издательский дом «Камерон», 2005. - С. 21

толық ставкалы жұмыспен бірге адвокатурадағы жұмысты бірге атқаруға тыйым салынды. Нәтижесінде олар мемлекеттік орган мен адвокатурадағы жұмыс арасында таңдау жасауға мәжбүр болды. Адвокатура қызметін мемлекет тарапынан бақылау КСРО ӨХК-на, Қазақстанда - Қазақ ССР Әділет халық комиссариатына жүктелді. Аталған органдар тек қана бақылау қызметтерін ғана емес, сондай-ақ кәсіби тәртіп пен оның құрамы мәселелерін шешуде қорғаушылар алқалары орындауға міндетті директивалар шығарып отырды.

XX ғасырдың 50-інші жылдары кеңес заң шығарушысының адвокаттардың құқықтарын кемітетін заңдарға көзқарасы өзгере бастады және мемлекеттің адвокатураға еркін көзқарасын дәлелдейтін бірнеше қадамдар жасалды. Бұндай қатынас елдегі жалпы саяси жағдайдың өзгеруімен түсіндірілді.

1977 жылы қабылданған КСРО Конституциясы адвокатура туралы 161-бапты қамтыды, ал 1979 жылдың 30-қарашасында «Адвокатура туралы» КСРО Заңы қабылданды. Қабылданған заң Кеңес адвокатурасының ұйымдастыру және қызмет ету мәселелерін реттеді және оған сәйкес КСРО-ның әр одақтас республикасында «Адвокатура туралы Ереже» қабылдануы тиіс еді. 1980 жылы 13 қарашада Қазақ ССР-нің «Адвокатура туралы Ережесі» қабылданды. Бұл нормативтік құқықтық актілердің қабылдануы адвокаттар қызметін біраз реттеуді қамтамасыз ету және сонымен қатар, адвокаттар алқасының рөлін көтеру, кейбір мәселелерде адвокаттарға үлкен дербестік беру қажеттігінен туындады. Сонымен бірге адвокаттардың мемлекетке тәуелділігі күшейді. Адвокаттар алқасы тек жергілікті мемлекеттік органдар мен Әділет министрлігінің келісімімен және бекітуімен ғана құрылатын, осы органдар тіпті оның нысандық құрылымын анықтайтын, адвокаттың соттағы мінез-құлқын бақылайтын және т.б.

§ 3. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасы: жай-күйі және мәселелері

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда адвокатура институтын реформалауға және заңнаманы жаңартуға негіз салған негізгі құжат 1994 жылы 12-ақпандағы №1569 Қазақстан Республикасының Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформалар туралы мемлекеттік бағдарлама болатын.

Аталған Мемлекеттік бағдарламада сот жүйесі тиімді қызмет етуі үшін мықты, білікті адвокатура қажеттігі атап айтылған. Құқықтық реформа адвокатура туралы қолданыстағы заңнаманы қайта қарауды жобалайды және онда алуан түрлі өзін-өзі басқаратын адвокаттық қызметтің ұйымдық нысандары; оны міндетті лицензиялау; тиімді қорғау және өкылдік ету үшін кепілдіктер; азаматтарды қорғау және өзге заң көмегін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметіне араласпау; кез келген мемлекеттік органдарда және мекемелерде сот өндірісінің кез келген сатысында білікті заң көмегін көрсетуге және қорғауға құқық, мемлекет есебінен заңмен белгіленген тұлғаларға қорғау шығындарын төлеу, адвокаттардың ерікті бірлестіктеріне, жеке адвокаттық кенселерге және фирмаларға жеңілдетілген салық сату көрсетілуі тиіс делінген.

Мемлекет құқықтық қызметтер, халыққа құқықтық қызмет көрсету саласында құқықтық реттеуден бас тарта алмайтыны аталған. Осыны реттеудің мақсаты әр азаматтың қорғауға конституциялық құқығының жүзеге асырылуына кепілдік беретін жоғары сапалы құқық қорғаушылық жұмыспен құқықтық қызмет нарығын толтыру. Сондықтан әділет органдарының адвокатураға қатысты рөлі адвокаттық тәжірибемен айналысуға құқыққа лицензия беруден тұрады. Бұл орайда лицензияны беру және айыру мәселелері, азаматтарға адвокаттың іс-әрекеттерімен келтірілген зиянның орнын толтыру заңмен анықталуы тиіс екендігі ескере айтылған.

Аталған Мемлекеттік бағдарламамен Қазақстан Республикасының адвокатурасы туралы жаңа заңнамасының тұжырымдамасын анықтаған болатын.

1995 жылы Қазақстан Республикасы Конституциясының қабылдануы барлық қолданыстағы заңдарды реформалау қажеттігін туғызды, бұған, атап айтқанда, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының қабылдануын дәлел ретінде тілге тиек етуге болады.

Адвокатура жағдайы мен адвокаттың құқықтық мәртебесінің әртүрлі мемлекеттерде бірдей еместігі белгілі. Бұл тек қоғамда, елде және заңнамада қандай құқықтық режим және тұлғалардың жағдайы, олардың құқықтары мен бостандықтарының қандай күйде екендігіне ғана емес, сондай-ақ мемлекеттің құқықтық жүйесі мен ұлттық дәстүрлерге және оның экономикасына да байланысты.

Адвокатура туралы заңнамада болған өзгерістер адвокатура қызметін жетілдіру мәселелеріне байланысты қазіргі жағдайдағы адвокатура қызметіне өзге көзқарасты талап етті; нақтырақ айтқанда адвокаттың сот ісіне қатысуы кезінде туындаған мәселелерді толық және жан-жақты зерттеу; Қазақстан Республикасының заңнамасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу бойынша даярлық; заң көмегінің төлемі мен республикалық бюджет қаражаты есебінен қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығындарды өтеу және т.б.

Қазіргі уақытта адвокатура қызметін тәртіптейтін негізгі заң жоғарыда аталған арнайы заң болып табылады, онда адвокаттық қызметтің тәртібі мен мазмұнын және осылардан туындайтын құқықтық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалар біріктіріліп жүйеленген

Бұл заң Қазақстан Республикасының Конституциясы мен 1994 жылғы 12-ақпандағы №1569 Қазақстан Республикасы Президентінің Қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасына сәйкес қабылданды. Онда Қазақстан Республикасының Конституциясы негізінде қабылданған нормативтік құқықтық актілердің ережелері, бұның алдында жинақталған практикалық тәжірибе; жетекші қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері ескерілді.

Адвокатура қызметінің негізгі бағыттары:

♦ жеке адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасы Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

♦ қылмыстық істер бойынша қорғауды, азаматтық, әкімшілік және өзге істер бойынша өкілдік етуді жүзеге асыру жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастыру;

♦ заңдарда тыйым салынбаған заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету.

Осыған сәйкес адвокатура қызметі:

1) адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;

2) адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;

3) заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары,

басқа мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;

4) кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстану және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделеді.

Алғаш рет нақты «адвокат» түсінігі беріледі. бұрын қолданылған 1980 жылғы 13 қарашадағы Қазақ ССР Заңымен бекітілген Қазақ ССР адвокатурасы туралы Ереже мен Қазақ ССР ҚЖК-да «қорғаушы» терминіне қоғамдық сондай-ақ кәсіби қорғаушылар қатар телінді

Енгізілді және қарастырылды:

♦ адвокаттың кәсіби мінез-құлқының нормалары («Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының 16-бабы);

♦ адвокаттық қызметтің кепілдіктері (бұрын қолданылған Ережеде тек адвокаттың құқықтары мен міндеттері ғана қарастырылды, ал адвокатқа берілген құқықтарды қамтамасыз ету механизмі болған жоқ, енді «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының 17-бабына сәйкес бірқатар кепілдіктер қарастырылды. мысалы, аталған баптың 2-тармағын адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен теңдестіруге тыйым салынады. бұрынғы қылмыстық сот ісінде тергеушілер адвокатқа көп жағдайда ол қорғайтын адаммен бір қарады, ал осы баптың 8-тармағы анықтау және алдын ала органдарын қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда адвокатпен келісілген мерзімде тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне оның қатысуы қажеттігі туралы хабарлауға міндеттейді, бұл болжанған тергеу әрекеттерін жүргізу туралы адвокатқа кейде тіпті оның бастардан бір сағат бұрын ғана хабарлайтын жағымсыз практиканы тоқтатты, оның нәтижесінде нақты іс бойынша қорғау және т.б. формалды түрде болатын (адвокаттың тек қана өзі үшін ғана емес, сондай-ақ адвокат көмегін пайдалану мүмкіндігін алған клиент үшін де).

♦ адвокаттық құпия (18-бап);

♦ адвокаттың өз қызметін заңды тұтқаны тіркемей-ақ жеке дара жүзеге асыруы (19-бап) және т.б.

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қазіргі кезде 3-тараудан және 34-баптан тұрады (баптар өз кезегінде тармақ пен тармақшадан тұрады). Тараулар мына ретпен жүйеленген:

♦ жалпы ережелер;

♦ адвокаттың мәртебесі;

♦ адвокаттық қызметті ұйымдастыру.

Аталған заңды шолып шықсақ, Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформалар туралы мемлекеттік бағдарламасымен белгіленген құқықтық реформаның басымдықтары аталған заңда жүзеге асырылғанын көруге болады.

Алайда Тәуелсіз Қазақстанның құқықтық реформасы нәтижесінде қабылданған адвокаттық қызмет туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру қажет еді. Бұл Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20-қыркүйектегі №949 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Құқықтық саясат тұжырымдамасында атап көрсетілген, әсіресе, жәбірленушілердің, соның ішінде мемлекеттің құқықтары мен заңды мүдделерін кеңейту іс жүзінде қылмыстық процестің негізгі басымдықтарының бір жасау мақсатында адвокаттар мен азаматтардың сот төрелігінің тиісті сатыларына қатысуының нақты тетігін қамтамасыз ететін нормаларды қарастыру қажет екендігі.

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңына ол заңды күшіне енген күннен бастап 8 рет өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Оның ішінде 2001 жылдың шілдесінде әділет биліктілік алқасы мәселелері бойынша, 2007 жылдың қаңтарында адвокаттық қызметті лицензиялау мәселелері бойынша, 2007 жылдың мамырында адвокаттардың еңбегін реттеу мәселелері бойынша, 2008 жылдың тамызында заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша, 2009 жылдың сәуірінде Қазақстан Республикасының адвокатура туралы заң актілерін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша, 2009 жылдың желтоқсанында білікті заң көмегін қамтамасыз ету мәселелері бойынша енгізілген өзгертулер мен толықтырулары атап айтуға болады.

Осы жоғарыда аталған заңнамаға енгізілген өзгертулер мен толықтырулардың ішінде 2009 жылғы 11-желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білікті заң көмегін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңымен енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға жеке тоқтала кеткенді жөн санап отырмын. Бұл заңды қабылдаудың мақсаты азаматтардың білікті заң көмегін алу

құқығын жария еткен Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабын жүзеге асыруға бағытталған заңнаманы жетілдіру болып табылады. Аталған заң жәбірленушілердің құқықтарын кеңейту, соның ішінде тегін заң көмегін алуға, сондай-ақ қылмыспен келтірілген зиянның орын толтыруға мемлекет қаражаты есебінен өтемақы алуға құқықтарын, адвокаттық қылмыстық іс жүргізудегі рөлін арттыру, сондай-ақ азаматтардың кейбір санаттарына тегін заң көмегін беру мәселелерін шешу сияқты міндеттерді шешуге бағытталған.

Аталған міндеттерді шешу үшін ҚР Қылмыстық кодексі, ҚР Қылмыстық істер жүргізу кодексі, ҚР Азаматтық істер жүргізу кодексі, ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексі, АҚТЗ және «Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізілген болатын. Мысалға, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген өзгертулерге сәйкес адвокаттар мынадай тұлғаларға білікті заң көмегін тегін көрсететін және қажет жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттар жасайтын болды:

1) асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді соттардың қарауы кезінде талап қоюшыларға;

2) егер соттың қарауындағы дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талап қоюшылар мен жауапкерлерге;

3) алименттер өндіріп алу, зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері жөнінде азаматтарға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға.

Қолданыстағы аталған заң өзінің бүкіл маңыздылығына қарамастан әрі қарай жетілдіруді қажет етеді. Ол тек ұйымдық мәселелерге ғана емес, сондай-ақ жалпы заңдық базаның жетілмеуімен де байланысты, атап айтқанда, адвокаттың, анықтау, тергеу, прокуратура және сот органдарымен өзара қатынас тәртібін дәлме-дәл және анық құқықтық реттелуі жоқ. Халықаралық ынтымақтастық сала-

сында Қазақстан Республикасы Адвокаттары одағының құқықтық мәртебесі мен жағдайы анықталмаған және т.б.

Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру туралы Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24-тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында да айтылған. Осыған қатысты аталған Тұжырымдаманың 3.3-тармағында құқық қорғау институттары жүйесіндегі жетекші рөлге азаматтарға заңгерлік көмек көрсету жүйесінің негізі болып табылатын адвокатура ие екендігі, азаматтардың білікті заңгерлік көмек алуға конституциялық құқығын іске асыру әділ сот төрелігіне қол жеткізудің шарты мен кепілі болып табылатындығы, сондай-ақ осы құқықтың іске асырылу тетіктері жетілдіруді қажет ететіндігі айтылған.

Сонымен қатар, алкабилер сотын енгізу, қамау санкциясын соттарға беру адвокатура рөліне жағымды әсерін тигізгеніне қарамастан қылмыстық іс жүргізудің белсенді қатысушысы ретіндегі іс жүргізудегі адвокаттың құқықтарын іске асырудың тиімді құқықтық тетіктерін талап ететіндігі ерекше аталып көрсетілген.

Жоғарыда айтылғаннан басқа заңгерлік көмек көрсету жүйесінің өзі де жетілдіруді талап ететіндігі айтылған және осы мәселені шешу үшін ең алдымен табыс деңгейі төмен адамдарға құқықтық көмек көрсету жүйесін жақсарту қажет екендігі, қалалық және ауылдық жерлерде біркелкі емес адвокаттық қызмет көрсетумен қамтудың мәселесін бірте-бірте шешу қажет екендігі, ақысыз заңгерлік көмек көрсететін адвокаттардың еңбегіне ақы төлеуге әкімшілік ету жүйесі де түзетуді қажет екендігі, сондай-ақ аталған жүйені шоғырландырып және ашық ету қажет екендігі, бұл бюджет қаражатын тиімді пайдалануға мүмкіндік беретіндігі айрықша аталған.

Адвокаттардың жауапкершілігін міндетті сақтандыру институты енгізілген елдер тәжірибесін ескере отырып, мұндай сақтандыруды біздің елде енгізу мүмкіндігін қарастыру қажет.

Сонымен қатар, осы аталған Құқықтық саясат тұжырымдамасын әзірлеу барысында тұжырымдама авторлары халықтың әлеуметтік аз қорғалған топтарына жататын Қазақстан Республикасының азаматтарына, әсіресе қылмыстық істер бойынша заң көмегін

көрсететін мемлекеттік заң бюроларын немесе құқықтық қолдау орталықтарын ашу туралы ұсыныс жасалған болатын. Алайда, Қазақстан адвокаттарының қауымы бұл ұсынысқа келесідей себептермен қарсы шыққан болатын. Билікті бөлу теориясына сәйкес билік үш тармаққа бөлінеді: заң шығарушы, атқарушы және сот биліктеріне. Соңғы екеуін құрайтын мемлекеттік органдар сәйкесінше қылмыстық қудалауды және қылмыстық істерді қарауды жүзеге асырады. Сәйкесінше, қылмыстық қудалаудан қорғауды басқа, тәуелсіз, мемлекеттік органдардың жүйесіне кірмейтін және азаматтық қоғамның институты болып табылатын тарап жүзеге асыруы тиіс. Біздің қазіргі жағдайымызда бұндай институт – тәуелсіз, өзін-өзі қаржыландыратын, өзін-өзі басқаратын кәсіби қорғаушылардың ұйымы адвокатура бола алады. Мемлекет есебінен қаржыландырылатын заңгерлер мемлекеттік органдармен қақтығыстарда жеке мүдденің тиімді қорғалуын қамтамасыз ете алмайды. Ол әсіресе, қылмыстық және әкімшілік сот өндірісінде орын алуы жиі. Бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік заң бюролары сияқты мемлекеттік адвокатураны құру дегеніміз нонсенс. Адвокат өз заңи анықтамасы бойынша мемлекеттік қызметкер бола алмайды және мемлекеттен субсидия ала алмайды. Ондай болған жағдайда ол адвокат болудан қалады. Адвокаттар қоғамы мемлекет кепілдік берген билікті заң көмегін қамтамасыз етудің ортасы болып тек қана тәуелсіз адвокатура бола алады.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстандағы адвокатура институтының пайда болуы мен дамуының алғышарты қандай болды?
2. 1917 жылға дейін Қазақстандағы адвокатураның құқықтық жағдайы қандай болды?
3. Кеңестер кезеңі Қазақстандағы адвокатура институтына қандай өзгерістер әкелді?
4. КСРО-ның құрамы ретінде Қазақ ССР-дағы адвокатура институтының дамуы қалай болды?
5. Қазіргі қолданыстағы «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы бойынша Қазақстан Республикасындағы адвокатура мен адвокаттардың мәселесі бойынша перспективалар мен проблемаларды атаңыз?
6. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан

Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасында адвокатура туралы не делінген?

«Для адвоката неприемлем принцип "олимпийского участия". Хороший адвокат – тот, кто не просто участвует в громких процессах, а обязательно выигрывает их».

Беляк Сергей Валентинович

III ТАРАУ. АДВОКАТТАР ҚЫЗМЕТІНІҢ ҰЙЫМДЫҚ НЫСАНДАРЫ

§ 1. Адвокаттар алқасы және олардың құрылу тәртібі

Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны адвокаттар алқасы болып табылады. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының 20-бабына сәйкес адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

Адвокаттар алқасы коммерциялық емес, өйткені ол мүшелікке негізделген, негізгі мақсаты ретінде кіріс алмайтын және өз мүшелері (құрылтайшылары) арасында алынған таза табысты бөліспейтін және адвокаттар қорғау ақысының аударымдары есебінен ұсталатын ұйым.

Қазақстан Республикасында облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуі мүмкін. Бір облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында құрылған адвокаттар алқасы басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін – филиалдары мен өкілдіктерін құруға құқығы жоқ. Ал егер облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда, ол адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы бар ксмінде он құрылтайшының бастамашылығымен

құрылады. Бұл жерде адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсатының қажет емес екендігін айта кеткен жөн.

Адвокаттар алқасы заңды тұлға болып табылады және барлық заңды тұлғалар сияқты оның атауы, Жарғысы болады. Адвокаттар алқасының атауы өзі құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) атауын да қамтуға тиіс, ал адвокаттар алқасының Жарғысы мыналарды қарастыруға тиіс:

1) адвокаттар алқасының атауын, қызметінің мәні мен мақсаттарын;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін;

3) адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібін;

4) адвокаттар алқасының құрылымын, оның органдарын қалыптасу тәртібін және құзыретін;

5) заң консультацияларын құру мен олардың жұмыс істеу тәртібін;

6) адвокаттар алқасы мүлкін жинау көздері мен оған билік ету тәртібін;

7) мүшелік жарнаны төлеу тәртібін;

8) адвокаттардың тегін заң көмегін көрсету тәртібін және адвокаттар арасында сот, анықтау және алдын ала тергеу органдарының тағайындауы бойынша заң көмегін бөлу тәртібін;

9) адвокаттарды аттестациялауды өткізу тәртібін;

10) адвокаттар алқасы мүшелерінің және адвокаттардың тағлымдамадан өтушілердің тәртіптік жауапкершілігі мен оған тарту тәртібін;

11) адвокатты лицензиясынан айыру туралы өтініш жасау тәртібін;

12) адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібін;

13) адвокаттар алқасы таратылған жағдайда мүлктің тағдырын көздеуге тиіс.

Сонымен қатар, адвокаттар алқасының Жарғысы заңдарға қайшы келмейтін өзге де ережелерді де қамтуы мүмкін. Адвокаттар алқасының Жарғысы оның құрылтайшылары – адвокаттардың жалпы жиналысымен (конференциясымен) бекітіледі. Адвокаттар

алқасы құрылып жатқан өзге де заңды тұлғалар сияқты мемлекеттік тіркеуден өтеді және мемлекеттік тіркеуден өткен сәттен бастап құрылған болып саналады.

Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана аумағында құрылған адвокаттар алқалары қайта ұйымдастырылуы да мүмкін. Адвокаттар алқасы «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес өзге коммерциялық емес ұйымдар сияқты қайта ұйымдастыру, қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру нысанында және Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да нысандарда жүргізілуі мүмкін. Облыс, республикалық маңызы бар қала және астана сияқты әкімшілік-аумақтық бірлікте бір ғана адвокаттар алқасы бола алатындықтан қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, қайта құру нысанындағы адвокаттар алқаларының қайта ұйымдастырылуы Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісі өзгерген жағдайда жүзеге асырылуы мүмкін.

Мысалы, екі облыс бір облысқа біріктірілген, бір облыс екінші облысқа қосылған, бір облыс екі облысқа бөлінген, бір облыс құрамынан тағы бір облыс бөлініп шыққан жағдайларда болуы мүмкін.

Адвокаттар алқасы, біріктіру нысанындағы қайта ұйымдастыру жағдайларын қоспағанда, жаңадан пайда болған адвокаттар алқасы мемлекеттік тіркеуден өткен кезінен бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі. Бір адвокаттар алқасына басқа адвокаттар алқасын біріктіру нысанында оны қайта ұйымдастыру кезінде олардың алғашқысы заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне біріктірілген ұйымдардың қызметін тоқтату туралы жазба енгізілген кезден бастап қайта ұйымдастырылған болып есептеледі.

Адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру нәтижесінде жаңадан пайда болған адвокаттар алқасын мемлекеттік тіркеу және заңды тұлғалардың мемлекеттік тіркеліміне қайта ұйымдастырылған ұйымның (ұйымдардың) қызметін тоқтату туралы жазба енгізу заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу туралы Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Адвокаттар алқасы ерікті (Жалпы жиналыстың шешімі бойынша) және ҚР Азаматтық кодексінде «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңында және өзге заң

актілерінде көзделген негіздер мен тәртіптер бойынша мәжбүрлі таратылуы (сот шешімі бойынша) мүмкін. Жалпы жиналыстың шешімі бойынша тарату кезінде тарату комиссиясы тағайындалады. оған алқа мүлгі мен ісін басқару жөніндегі өкілеттік көшеді және ол ҚР Азаматтық кодексіне, «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес тарату тәртібі мен мерзімін белгілейді.

Адвокаттар алқасын тарату кезінде кредиторлар талаптарын қанағаттандырғаннан кейін қалған мүлік өзге адвокаттар алқасына немесе осындай максаттарды ұстанатын Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағына берілуі мүмкін.

Адвокаттар алқасы барлық қоғамдық ұйымдар үшін ортақ ұйымдық принциптер негізінде, алайда адвокатураға тән және оның міндеттерінен туындаған ерекшеліктерді ескере отырып құрылады және қызмет етеді.

Осы принциптердің негізгі сипаттамасы демократиялық болып табылады, ол сондай-ақ адвокатураны ұйымдастыруда және қызметінде көрінеді. Олар:

- ◆ заңдылық;
- ◆ алқаға кірудің және одан шығудың еріктілігі;
- ◆ ізгіліктік, адам мен азаматтың құқықтарын және бостандықтарын қорғау;
- ◆ жеке, алқалық, қоғамдық және мемлекеттік мүдделердің орайлы үйлесімі;
- ◆ материалдық мүдделілік пен әлеуметтік теңдік;
- ◆ ұжымдық басшылық:
 - адвокаттар алқасы қызметіндегі жариялылық пен ашықтық.
 - алқаның өз бастамасы бойынша заңға қайшы емес кез келген шешімді қабылдау;
- ◆ адвокаттардың алқа өміріне белсенді қатысуы, оның жұмысын еркін және іскерлікпен талқылау;
- ◆ алқада басшылық қызметін атқаратын органдар мен тұлғаларды сайланбалы, балама негізде ашық және құпия дауыс беру жолымен сайлау, оларды жүйелі жанарту және адвокаттар алдында тұрақты есеп беру;
- ◆ алқа мүшелерінің кәсіби құқықтары мен мүдделерін қорғау және олардың мұқтаждықтары мен сұранымына мұқият зейін қою;
- ◆ адвокаттық құпия мен адвокаттың мінез-құлқының кәсіби нормаларын сақтау міндеттемесі;

♦ адвокаттар алкасы мен оның мүшелерінің соттан, прокуратурадан, анықтау органдарынан, яғни, адвокаттар кәсіби міндетін – айыпталушыны қорғау немесе азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету кезінде жүздесетін органдардан тәуелсіз болуы.

Адвокатураның тәуелсіздігі соттың, прокуратураның, анықтау органдарының адвокаттар алкасының ішкі ісіне араласуына жол бермейтін өзін-өзі басқарумен; адвокаттар алкасының соттың жанынан емес әкімшілік-аумақтық принцип бойынша ұйымдастырылуымен, сот пен прокуратураның адвокатураға мемлекеттік басшылық жасау міндетінің жүктелуіне жол бермеушілікпен қамтамасыз етіледі.

Тәуелсіздік алқаның мемлекеттік органдармен өзара ықпалдастығы мүлдем жоқ дегенді білдірмейді. Қазіргі уақытта адвокаттар алқасымен мемлекеттің атқарушы органдары, оның ішінде әділет органдары ынтымақтастық жасайды. Әділет министрлігінің негізгі міндеттерінің бірі азаматтардың заңды мүдделері мен құқықтарын жүзеге асыру үшін қажетті заң көмегі жүйесін ұйымдастыру мен дамыту болғандықтан, ол (министрлік) осы міндеттің шегінде адвокаттар алқасының қызметіне жәрдемдесуге тиіс.

Оның тәуелсіздігі сонымен қатар жеке қаражатының болуымен қамтамасыз етіледі, ол заң көмегін көрсетуден түскен және басқа да көздерден құралады. Осы қаражаттың бір бөлігі адвокат жалақысын төлеуге, ал бір бөлігі алқаның жалпы мұқтажына, яғни әлеуметтік сақтандыру бойынша жарналарды, азаматтарға көрсетілетін тегін заң көмегін төлеуге, сондай-ақ алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) анықтаған өзге мұқтаждарға жұмсалады.

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 20-бабының 4-тармағында адвокаттар алқасының негізгі міндеттері белгіленген. Олар:

- 1) адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алқа мүшелеріне жәрдемдесу, кәсіби көмек көрсету және оларды қорғау;
- 2) алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;
- 3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;
- 4) алдын ала тергеу және сот органдарының белгілеуі бойынша тегін заң көмегін көрсету мен қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

Сөйтіп адвокаттар алқасының заңи табиғатын мынадай анықтамамен көрсетуге болады: адвокаттар алқасы азаматтар мен ұйымдарға білікті заң көмегін көрсету мақсатында құрылған мемлекеттік емес, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын кәсіби заңгерлердің ұйымы болып табылады.

§ 2. Адвокаттар алқасының органдары және олардың өкілеттігі

Адвокаттар алқасының жоғары органы алқа мүшелерінің Жалпы жиналысы (конференциясы), оның атқарушы органы – төралқа, бақылаушы органы – тексеру комиссиясы болып табылады.

Жарғыда көзделген жағдайларда адвокаттар алқасында алқа мүшелерінің Жалпы жиналысында (конференциясында) қабылданатын ережелер негізінде іс-әрекет ететін өзге де органдар құрылуы мүмкін.

Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселесін шешуге құқылы. Осылайша «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының 23-бабына сәйкес Жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) адвокаттар алқасының Жарғысын қабылдау және Жарғыға өзгеріс енгізу туралы шешім қабылдау;

2) төралқаны, төралқа төрағасын, тексеру комиссиясын, тексеру комиссиясының төрағасын сайлау;

3) Жарғыда көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту;

4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау мен бекіту;

5) органдардың және адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің шешімдеріне адвокаттардың шағымдарын қарау;

6) адвокаттар алқасының басшылары мен қызметкерлерін мерзімінен бұрын кері шақыру;

7) жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне жататын өзге де мәселелер.

Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы төралқасының бастамасы бойынша жылына кемінде бір рет

шақырылады. Тексеру комиссиясының немесе алқа мүшелері жалпы санының кемінде төрттен бірінің талабы бойынша алқа төралқасы 30 күннің ішінде Жалпы жиналысты (конференцияны) шақыруға міндетті

Жалпы жиналыс адвокаттар алқасының қызметінің шұғыл мәселелерін жедел шешу мақсатында адвокаттарға өкілеттік беру жолымен конференция нысанында өткізілуі мүмкін.

Жалпы жиналыс (конференция) алқа мүшелері құрамының кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып саналады. Адвокаттар алқасы мүшелерінің конференциясы адвокаттар алқасының төралқасы белгілеген өкілдік нормасын (әдетте алқаның 10 мүшесінен бір делегат) ескере отырып шақырылады және оған заң консультацияларынан, адвокат кеңселерінен сайланған делегаттар мен өз қызметін заңды тұлғаны құрмай, жеке дара жүргізетін адвокаттардың кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып саналады. Жалпы жиналыс барлық мәселелерді дауыс беруге қатысқан адвокаттардың жәй көпшілік дауысымен шешеді.

Адвокаттар алқасының қызметіне күнделікті басшылық пен бақылау жасау үшін Жалпы жиналыс адвокаттар алқасының төралқасы мен тексеру комиссиясын сайлайды. Осы органдарды сайлағаннан кейін олардың жұмысына бақылау жасау құқығы Жалпы жиналысқа жүктеледі. Осы мақсатта Жалпы жиналыс адвокаттар алқасы органдарының және адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің қызметі туралы есепті тыңдайды және бекітеді.

Адвокаттар алқасы мүшелерінің Жалпы жиналысында қабылданған шешім тек алқа мүшелерінің Жалпы жиналысында ғана қайта қаралуы мүмкін.

Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттар Жалпы жиналысы арасындағы мерзімде іс-әрекет ететін атқарушы орган болып табылады. Төралқаны алқа мүшелерінің саны мен жұмыс көлеміне байланысты Жалпы жиналыста анықталған санды адвокаттар алқасының мүшелері Жалпы жиналыста (конференцияда) жасырын дауыспен төрт жыл мерзімге сайлайды. Дауыс беруге қатысқан адвокаттардың көпшілік дауысын алған кандидаттар төралқа құрамына сайланған болып есептеледі. Төралқа құрамынан оның мүшелерінің бірі шыққан жағдайда адвокаттар Жалпы жиналысында қайта сайлау өткізілуі мүмкін.

Адвокаттар алқасының төралқасы сайланғаннан кейін жасы-

рын дауыспен белгіленген құрамынан төраға сайланады. Штаттық дауазымды атқаратын төралқа мүшелері алқа қаражатынан жалақы алады және адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар, олардың жалақысы адвокаттар алқасының мүшелері Жалпы жиналысында анықталған көлемдегі дауазымдық еңбекақыдан және олар көрсеткен заң көмегінен түскен сомалардан тұрады.

Төралқа тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган бола отыра, алқаны басқару үшін өзіне қажетті ауқымды өкілеттіктерді алған. Атап айтқанда, ол алқа қызметінің барлық күнделікті мәселелерін шешеді. Адвокаттар алқасының төралқасы:

1) адвокаттар алқасының жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімдерін орындауды ұйымдастырады, жалпы жиналысты (конференцияны) шақырады;

3) адвокаттардың кәсіби және өзге де құқықтарын қорғайды.

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағлымдамадан өтушілерін даярлауды ұйымдастырады;

5) есептік көрсеткішке еселенетін мөлшердегі мүшелік жарна ставкаларын белгілейді;

6) адвокаттың әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардан түскен шағымдарды (ұсыныстарды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

7) адвокаттардың тәртіптік теріс қылықтары туралы материалдарды қарайды және кінәлі адамдарға тәртіптік жаза қолданады;

8) адвокаттарды аттестациялауды өткізуді және олардың кәсіби біліктілік арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

9) «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген реттерде адвокатты лицензиясынан айыру туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне өтініш жасайды;

10) адвокаттардың кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі шараларды жүргізеді, оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және таратады;

11) кодификациялық-анықтамалық жұмысты жүргізуді

ұйымдастырады, дербес немесе Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлейді және басып шығарады.

12) заң консультацияларын құрады, олардың менгерушілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

13) адвокат куәлігін береді, оның нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді;

14) адвокаттар алқасының қаражатына Жарғы мен жалпы жиналыс (конференция) белгілейтін тәртіппен иелік жасайды;

15) адвокаттар есепті, қаржы және статистикалық есептілікті және іс жүргізуді ұйымдастырады;

16) адвокаттар алқасының мүлкіне билік ету тәртібін белгілейді.

17) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) ерекше құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді

Жоғарыда аталған адвокаттар алқасы төралқасының кейбір өкілеттіктеріне тоқтала кеткен жөн. Адвокаттар алқасының төралқасы адвокаттарды аттестациялау мен олардың кәсіби біліктілігін көтеру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастырады.

Адвокаттарды аттестациялау – бұл адвокаттар алқасының төралқасы ұйымдастыратын Қазақстан Республикасы заңнамасының нормалары бойынша адвокаттың білімін тексеру және бағалау, мұнда негізгі өлшем ретінде адвокаттың кәсіби білімі мен дағдылары қызмет етеді.

Адвокаттарды аттестациялаудың негізгі мақсаты біліктілік пен кәсіби білім; құқықтық мәдениет; адвокаттық әдеп нормаларын сақтау деңгейін және өз кәсіби міндеттерін алқа мүшелерінің орындау мүмкіндігін анықтау үшін қажетті басқа да мән-жайларды тексеру болып табылады.

Аттестациялауды жүргізу адвокаттар алқасының төралқасы бекітетін «Адвокаттарды аттестациялау туралы Ережемен» тәртіптеледі.

Мысалы, Алматы қаласы адвокаттар алқасының Жарғысына сәйкес Алматы қаласының адвокаттар алқасының мүшелері адвокаттар арасында аттестация төралқа шешімі бойынша бес жылда бір рет өткізіледі. Аттестациялауды жүргізу үшін

аттестациялық комиссия құрылады, оның сандық және сапалық құрамы адвокаттардың Жалпы жиналысында (конференциясында) анықталады. Аттестациялауға арналған сұрақтардың тізбесін мемлекеттік және орыс тілдерінде Аттестациялық комиссия құрастырып бекітеді және төралқа аттестация басталардан екі ай бұрын аттестациядан өтуге тиіс адвокатқа қол қою үшін тапсырады.

Төралқа адвокаттар алкасының максаттары мен міндеттерін кайшы емес өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асырады. Осылайша, 1997 жылғы 5-желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңының 12-бабында көзделген жағдайларда адвокаттар алкасының төралқасына адвокатты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің алдына адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиядан айыру туралы өтініш беру құқығы берілген. Бұл жағдайда жеткіліксіз біліктілік салдарынан өз кәсіби міндетін адвокаттың атқара алмау негіздері бойынша адвокат лицензиясынан айыру жөніндегі талап ісі тек тиісті адвокаттар алкасының ұсынысы бойынша Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген тәртіппен қозғалады.

Төралқа қызметі ұжымдық басшылық, жариялылық пен ашықтық, адвокаттар алкасы мүшелерінің алдында ұдайы есеп беру, төралқа жұмысына адвокаттарды белсенді тарту негізінде құрылады. Алқа төралқасының жанынан оған көмек көрсететін, қоғамдық негізде жұмыс істейтін органдар құрылуы мүмкін.

Адвокаттар алкасы төралқасының төрағасы болып, сайланған күніне дейін кемінде екі жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат сайлана алады.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы Жалпы жиналыста (конференцияда) төралқа мүшелерінің жалпы жиналысында сайланған құрамның жай көпшілік дауысымен құпия дауыс беру жолымен төрт жыл мерзімге сайланады.

Бұл талаптар адвокаттар алкасы төралқасының төрағасына нақ осы салада үлкен жұмыс өтілі бар және өз жұмысын заңдылықтың демократиялық принциптері, ізгілік, жариялылық, ашықтық және өз әріптестеріне құрметпен қарау негізінде құра алатын, адвокаттар ұжымында қалыпты адамгершілік-психологиялық ахуалды сақтай білетін және қажет жағдайда адвокаттарға консультациялық жәрдем көрсететін біліктілігі жоғары және тәжірибелі адвокаттарды таңдауға мүмкіндік береді.

Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы:

1) төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыстарында төрағалық етеді және төралқаның алқа мүшелерінің жалпы жиналыстары (конференциялары) шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) төралқа аппаратының жұмысын басқарады, алқа аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады;

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасының атынан өкілдік етеді, олармен және азаматтармен хат жазысады;

4) адвокаттар алқасының Жарғысымен белгіленген басқа өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Төралқа төрағасы адвокаттар алқасынан жалақы алады, сонымен бірге оның адвокаттық қызметпен айналасуға құқығы бар.

Төралқа төрағасы уақытша болмаған кезде оның міндетін төралқа төрағасының бірінші орынбасары (орынбасары) атқарады

Тексеру комиссиясы – адвокаттар алқасының бақылау-тексеру органы болып табылады. Тексеру комиссиясы, оның төрағасы адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) жиналыс анықтаған санда құпия дауыспен төрт жыл мерзімге сайланады. Дауыс беруге қатысқан адвокаттардың көпшілік дауысын алған кандидат сайланған болып есептеледі. Тексеру комиссиясы құрамынан оның мүшелерінің бірі шыққан жағдайда кезекті жалпы жиналыста белгіленген тәртіппен қайта сайлау өткізілуі мүмкін.

Тексеру комиссиясына адвокаттар алқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің қаржы-шаруашылық қызметін, сондай-ақ жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржылық қызметін тексеру жүктеледі.

Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының төралқасынан, заң консультацияларының меңгерушілерінен, адвокаттар кеңселерінің құрылтайшыларынан, жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардан тексеру үшін барлық қажетті құжаттар мен материалдарды беруді талап етуге құқылы.

Адвокаттар алқасының қаржы-шаруашылық қызметін тексеру жылына кеміне бір рет жүргізіледі.

Заң консультацияларының және жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржы-шаруашылық қызметін тексеру адвокат-

тар алқасы төралқасының шешімі, адвокат кеңселерінің талабы бойынша жүргізіледі. Бұл жағдайда тексеру комиссиясы адвокат кеңселерінің, жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржы-шаруашылық қызметін тексеруді тек мүшелік жарналардың дұрыс аударылуын бақылау мақсатында ғана жүргізеді

§ 3. Заң консультациясы және адвокаттық қызметті ұйымдастырудың өзге нысандары

Адвокаттар алқасының мүшесі өз қызметін заң консультациясы арқылы жүзеге асыруға не жеке дара немесе басқа адвокаттармен бірлесіп адвокат кеңселерін, сондай-ақ осындай қызметті заңды тіркемей-ақ жүзеге асыру үшін құруға құқылы.

Адвокаттар алқасының ұйымдық құрылымын алқа төралқасының шешімімен құрылатын және Қазақстан Республикасы Конституциясының, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының, адвокаттар алқасы Жарғысының және алқа жалпы жиналысында (конференциясында) қабылданатын заң консультациялары туралы Ереженің негізінде іс-әрекет ететін заң консультациялары құрайды.

Заң консультациялары азаматтарға білікті заң көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін құрылады. Заң консультациялары мамандандырылған болып та құрылуы мүмкін. Адвокаттардың көпшілігі осы заң консультациясында жұмыс істейді.

Заң консультациялары адвокаттар алқасының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады және заңды тұлға болып табылмайды. Оның өз атауы мен тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі белгіленген мөрі мен мөртаңбасы, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру үшін қажетті өзге де атрибутикасы болады.

Заң консультациясы орналасатын жерді елді мекеннің ерекшелігін, тығыздығы мен санын, азаматтар мен ұйымдардың заң көмегіне жүгіну деңгейін, сол аумақтағы адвокат кеңселерінің және жеке дара жұмыс істеуші адвокаттардың бар-жоғын және т.б. ескере отырып, адвокаттар алқасының төралқасы анықтайды.

Мысалы, заң консультацияларының саны олардың орналасқан жеріне байланысты әртүрлі. Мысалы, селолық жерлерде олардың саны 3-5 адам, әр қалада 20-30 адам, ал Алматыда 40-50 адам болуы мүмкін

Қазіргі уақытта Қазақстанда барлық аумақта қалалық және аудандық заң консультациялары жұмыс істейді.

Заң консультациясының негізгі мақсаты мыналар:

♦ жеке және заңды тұлғалардың мемлекеттік органдармен, қоғамдық ұйымдармен және өзара қарым-қатынастарында олардың заңды құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауға және жүзеге асыруына жәрдемдесу мақсатында заң көмегін көрсету;

♦ қылмыстық істер бойынша қорғауда адвокаттар қызметін, азаматтық, әкімшілік құқық бұзушылық және өзге істер бойынша өкілдік етуді ұйымдастыру.

♦ Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда тегін заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру.

♦ адвокатура туралы заңнамаға сәйкес өзінің және басқа да міндеттерді атқарған уақытында адвокаттардың заңды құқықтарын және мүдделерін қорғау мен жүзеге асыру;

♦ заң консультацияларының жұмысын ұйымдастыру және оның мүшелерінің адвокат мінез-құлқының кәсіби нормаларын сақтауына және олардың адвокаттық қызметті жүзеге асыруына бақылау жасау.

♦ заң консультациялары мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және ақпараттық-анықтамалық қамтамасыз ету және т.б.

Заң консультацияларына алқа мүшелері қатарынан адвокаттар алқасы төралқасының шешімімен тағайындалатын менгеруші басшылық етеді.

Тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган бола отыра, адвокаттар алқасы қызметінің барлық күнделікті мәселелерін шешетіндігімен байланысты.

Менгерушінің құқықтары мен міндеттері заң консультациялары туралы Ережемен тәртіптеледі. Менгеруші құзыретіне заң консультациясының қызметін ұйымдастыру; заң көмегін көрсету туралы азаматтармен келісімдерді және кәсіпорындармен, мекемелермен және ұйымдармен, өзге де қоғамдық бірлестіктермен заңдық қызмет көрсету жөніндегі шарттарды жасау; алдын ала тергеу органдары мен соттың талабы бойынша қорғауды жүзеге асыру үшін адвокат тағайындау және т.б.

Заң консультациясының менгерушісі Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 71, 72-баптарында көзделген жағдайларда тұлғаларды қорғауды уақытында жүзеге асыру

мақсатында адвокаттар кезекшілігін ұйымдастырады. Кезекшілік кестесі алдын ала ілінбеді, адвокаттар кезекшілігі кестесінің бір данасы тиісті анықтау және тергеу органдарына тапсырылады.

Заң консультациясы менгерушісінің адвокаттық қызметпен айналысу құқығы бар.

Заң консультациясында штаттық лауазымда отырған алқа мүшелерінің жалақысы адвокаттар алқасының төралқасы анықтаған көлеммен және адвокаттық қызмет үшін түскен сомамен есептелетін лауазымдық еңбекақыдан тұрады.

Адвокат алқасының мүшелері адвокат кеңселерін құруға (ұйымдастыруға) құқылы.

Адвокат кеңсесі – бұл адвокаттардың білікті заң көмегін көрсетуі үшін материалдық, ұйымдық-құқықтық және өзге жағдайларды қамтамасыз ету мақсатында оның құрылтайшылары – адвокаттар құрған мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым. Адвокат тек бір ғана адвокат кеңсесінің құрылтайшысы (тен құрылтайшысы) бола алады, бұл заң көмегін көрсету саласындағы монополияға жол бермеуге көмектеседі. Бұл орайда ол өзі құрған адвокат кеңсесі өзі қызметін Жарғының негізінде жүзеге асырады.

Адвокат кеңсесін бірнеше адвокат құрған жағдайда Құрылтай шарты да құрылтай құжаты да болуы мүмкін. ҚР Азаматтық кодексінің 41-бабының 4-тармағына сәйкес Құрылтай шартында құрылтайшылар заңды тұлға құруға міндеттенеді, оны құру жөніндегі бірлескен қызмет тәртібін, оның меншігіне (оралымды басқаруына) өз мүлкін беру және оның қызметіне қатысу ережелерін белгілейді. Егер осы Кодексте немесе заңды тұлғалардың жекелеген түрлері туралы заң актілерінде өзгеше көзделмесе, шартта құрылтайшылар арасында таза табысты бөлудің, заңды тұлға қызметін басқарудың, оның құрамынан құрылтайшылардың шығуының шарттары мен тәртібі де белгіленеді және оның жарғысы бекітіледі. Құрылтай шартына құрылтайшылардың келісуі бойынша басқа да ережелер енгізілуі мүмкін.

Адвокат кеңселерін құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейтінін айта кеткен жөн. Бірақ адвокаттар кеңсесі әділет органдарында мемлекеттік тіркеуге жатады¹⁶. Адвокат кеңсесінің құрылтайшысы (құрылтайшылары) мемлекеттік

¹⁶1995 жылғы 17 сәуірдегі № 2198 «Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

тіркеуден өткен соң 10 күн мерзімде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасына жазбаша хабарласуға және оның қарамағына адвокат кеңсесінің құрылтай құжаттарын беруге міндетті. Адвокат кеңсесі мемлекеттік тіркелген сәттен бастап заңды тұлға құқығын алады.

Адвокат кеңсесінің жұмыс тәртібін Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптарды ескере отырып құрылтайшылар анықтайды.

Адвокат кеңсесінің басқа заңды тұлғалар сияқты мөрі, дербес балансы, банктерде есепшоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде атаулары көрсетілген бланкілері, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру үшін қажетті басқа да белгілері бар болады.

Адвокаттар кеңселерінің иелері мен онда еңбек келісімі бойынша жұмыс істейтін адвокаттарға заң консультацияларында жұмыс істейтін адвокаттардың барлық құқықтары мен міндеттері таратылады.

Адвокат кеңсесінде жұмыс істейтін алқа мүшелерінің жалақысы Жарғымен және еңбек шартымен анықталады.

Адвокат кеңсесін құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты қажет емес, өйткені бұл кез келген адвокаттың адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандарының бірі, оның ішінде адвокаттық кеңсені таңдау құқығы.

Жоғарыда аталған адвокаттық қызмет өзге де ұйымдық нысанда жүзеге асырылуын жоғарыда айтқан болатынбыз. Адвокат өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке дара жүргізуге құқылы. Мұндай жағдайда ол бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, оның тұрақты мекен жайы көрсетіледі.

Адвокатта қызметтің осы нысаны кезінде банктерде есеп айырысу және өзге де шоттары, адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, нақты адвокаттар алқасына тиістілігі мемлекеттік және орыс тілінде көрсетілген жеке мөрі мен адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығын беретін мемлекеттік лицензияның нөмірі, сондай-ақ мөр табандары мен жеке бланкілері болады.

Қызметтің осы нысаны кезінде адвокаттарға қаржылық және материалдық қорларды үнемдеу мақсатында ғимаратты (оны жалдауды қоса алғанда), компьютерлерді, осы заманғы техникалық және өзге де байланыс құралдарын (телефондар, факстар, электронды пошта, Интернет және т.б.), көмекші қызметшілерді және т.б. бірлесіп пайдалануға, заңды тұлғаны құру құқығынсыз

бірігуге рұқсат етіледі. бұл жағдайда олар банкке ортақ есеп шот, қозғалмайтын және басқа да мүлкті ұстай алады

Өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жүзеге асыратын адвокаттың артықшылығы – осы арада құрылтайшы құжаттардың талап етілмейтіндігінде. Адвокат тек Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен бюджетке салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төлеуші ретінде салық органдарында тіркелуге және Қазақстан Республикасындағы қолданыстағы заңнамасына сәйкес қаржы мен салық органдары алдында есеп беруге міндетті.

Жеке дара жұмыс істейтін адвокат адвокаттар алқасының мүшесі сияқты мүшелік жарнаны уақытында төлеуге, Жарғыда белгіленген тәртіп пен шарт бойынша өз қызметі туралы есепті тапсыруға міндетті.

Бақылау сұрақтары

1. Адвокаттар өздерінің қызметтерін қандай нысанда ұйымдастырады?

2. Заң консультациясының құқықтық мәртебесі қандай және оның меңгерушісі қандай өкілеттіктерге ие?

3. Адвокаттық кеңсе құру тәртібі және құқықтық мәртебесі қандай болады?

4. Заңды тұлға құрмай-ақ адвокаттық қызметпен айналысатын жеке адвокаттардың құқықтық мәртебесі қандай және оны жеке кәсіпкер ретінде тануға бола ма?

«Нельзя быть адвокатом, если плохо представляешь объем пользы из сказанного и сделанного в защиту человека».

Боровков Юрий Михайлович

«Стараясь выиграть дело, адвокат должен руководствоваться тем же принципом, что и врач, – не навреди!»

Боголюбская Татьяна Валентиновна

IV ТАРАУ.

АДВОКАТТАР АЛҚАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ МӘРТЕБЕСІ

§ 1. Қазақстан Республикасындағы адвокат

Шетел сөздерінің қазіргі сөздігінде «адвокат» терминіне [лат. *advocatus, advoco* шақыру, үндеу]; 1) консультациялар арқылы кәсіби құқық көмегін көрсететін заңгер, сотта айыпталушыны қорғау және т.б.; қорғаушы; 2) адамды-қандай да бір нәрсені қорғау үшін күресуші ретінде анықтама берілген.

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында адвокаттың жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы екендігі көрсетілген. Ол тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында құрылған және әрекет ететін адвокаттар алқасының мүшесі болуға тиіс.

Заңнама адвокаттық қызметпен айналысқысы келген тұлғаға қатаң талап қояды. Мынадай адамдар адвокат бола алмайды:

1) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған не өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар,

2) заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген немесе алынған,

3) қасақана қылмыс жасағаны үшін ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған,

4) теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған;

5) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясынан айрылған;

6) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап-арызы бойынша; адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған, қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген, адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің шешімімен лицензиясының қолданысы тоқтатылған адам - осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы адвокат бола алмайды

Адам алқадан шығарылған, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны сақтаған жағдайда, ол шығарылған сәттен бастап алты ай өткенше алқаға қайта қабылдануы мүмкін.

Адвокат қызметі тек заң мен адвокаттық әдеп нормалары шегінде ғана тәртіптелмейді. Ол сондай-ақ қандай да бір ретпен оның еңбегінде із қалдыратын сол қоғамдағы жалпы қабылданған мінез-құлық қағидасына сүйенуге тиіс.

Адвокат қызметін сипаттайтын осындай негізгі белгілер:

кәсіби қызмет адвокаттарды жалпы құндылықтар мен мүдделерге байланысты адамдар қоғамдастығына біріктіреді;

- заң көмегін көрсету мақсатын кіріс табудан жоғары қою;

- білікті заңгерлік білім мен практикалық тәжірибе,

- жоғары кәсіби әдеп.

Бұл жерде кәсіпқойлық, біліктілік, тәжірибе және біліммен қатар сенім, ар-ождан, абырой, бедел сияқты адамгершілік категориялары да негізгі өлшем бола алады. Сондықтан адвокат болғысы келген адам азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету барысында заң талаптарына да, моральдық принциптерге де сай болуға тиіс.

Лицензия деп «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республи-

касы заңның І-бабына сәйкес тиісті лицензиялауды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлғаға қызметтің жекелеген түрімен айналысуға беретін рұқсаты.

Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия бұл Әділет аттестациялау комиссиясының шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі беретін адвокат лицензиясы және онда көрсетілген адамға осы қызметпен айналысуға беретін рұқсатнама.

Лицензия адвокаттар алкасында үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде тағылымдамадан өткен адамдарға олар аттестаттаудан өткен жағдайда беріледі. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25-қыркүйектегі №1235 Қаулысымен бекітілген болатын. Аталған ережеге сәйкес адвокаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар Әділет министрлігі құратын және Қазақстан Республикасы әділет органдарының, Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының, Республикалық нотариаттық палатаның өкілдерінен Қазақстан Республикасы Парламенті екі палатасының депутаттарынан және заңгер-ғалымдардан құрылатын Әділет аттестациялық комиссиясында аттестациядан өтеді.

Аттестаттаудан өтпестен адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алуға мынадай тұнғалар құқылы:

1) Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік алкасында немесе Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдардың;

2) тұрақты судьялардың және өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңды бұзғаны үшін судья қызметінен босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдардың.

Ал Қазақстан Республикасының прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген прокурорлар, тергеушілер мен анықтаушылар, жағымсыз себептер бойынша босатылғандарды қоспағанда, адвокаттар алкасында тағылымдамадан өткеннен кейін емтихан тапсырудан босатылады.

Аттестация екі кезеңнен тұрады:

1) заңнаманы білуіне компьютерлік тест тапсыру.

2) үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексеру.

Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беруден «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңының 45-бабының 1-тармағына сәйкес төмендегідей негіздер бойынша бас тартылуы мүмкін.

Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қабылдайды. Лицензия негізгі, тұрақты болып табылады және оның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленеді. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы.

1) адам мемлекеттік қызметте болған;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, өз қызметін тұрақты немесе босатылған негізде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін мәслихат депутатының өкілеттіктерін орындаған;

3) мерзімді әскери қызмет өткерген;

4) мүшелік жарнаны ұдайы төлемеген және адвокаттар алқасының Жарғысында көзделген өзге де жағдайлар бойынша оның адвокаттар алқасының мүшелігінен шығарылуы кезеңінде тоқтатыла тұрады.

Аталған жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияның қолданысы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен тоқтатыла тұрады. Қабылданған шешім туралы лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған адам, соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

«Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңында көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап-арызы бойынша:

1) адвокат өз кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі принциптерін өрескел не бірнеше рет бұзған;

2) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайларда сот тәртібімен жүзеге асырылады.

Адвокаттар алқасы төралқасының өтінші аталған жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арыз дайындау үшін негіз болып табылады. Аумақтық әділет органының ұсынымы жоғарыда бірінші аталған жағдайда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру ҚР Әкімшілік құқықбұзушылықтар туралы кодексімен көзделген сот тәртібімен жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының Әділет министрі сот шешімі негізінде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

Жоғарыда аталған негіздерден басқа адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі төмендегідей жағдайларда жүзеге асырады:

1) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша адвокат әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болды не хабар-ошарсыз кетті деп танылған;

2) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқан;

3) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған;

4) қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

5) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда.

Аумақтық әділет органының ұсынымы осы көрсетілген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады. Қазақстан Республикасының Әділет министрі адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі.

Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етеді.

Адвокат көмекші ұстай алады. Адвокаттың көмекшісі бұл заң консультацияларында, адвокат кеңселерінде немесе заңды тұлғаны тіркемей адвокаттық қызметпен жеке дара айналысатын, адвокатта еңбек шарты (келісімшарт) негізінде жұмыс істейтін, адвокаттың нұсқауы бойынша және оның жауапкершілігімен белгілі бір тапсырманы орындайтын адам.

Кез келген адам біліміне қарамастан адвокат көмекшісі бола алады. Олар заң консультацияларында, адвокат кеңселерінде немесе заңды тұлғаны тіркемей адвокаттық қызметпен жеке дара айналысатын адвокатта еңбек шарты (келісімшарт) негізінде жұмыс істейді.

Адвокат көмекшілері адвокаттың нұсқауы бойынша және оның жауапкершілігімен белгілі бір тапсырманы орындауға құқылы. Олар, әдеттегідей, азаматтарды адвокаттың қабылдауына жазу, іс-қағаздарын жүргізу, нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық сипаттағы құжаттарды тгу, олардың көшірмесін алу, компьютер мен ұйымдық техникада жұмыс істеу сияқты қосымша және техникалық іс-әрекеттер және т.б. Көмекші адвокатқа есеп береді, оның жұмысының саны мен сапасы адвокаттың ай сайынғы есебіне кіруге тиіс.

Адвокат көмекшісінің еңбегі адвокат есебінен төленеді. Көмекші жалақысы еңбек шартымен анықталады және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі айлық жалақыдан кем болмауға тиіс (2010 жылға арналған ең төменгі айлық жалақы 14952 теңге).

Адвокаттар тағылымдамадан өтушілерді ұстай алады. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары адвокаттың тағылымдамадан өтушілері бола алады.

Тағылымдамадан өтушілер адвокаттар алқасы төралқасы Қаулысының негізінде кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге тағылымдамадан өтеді. Тағылымдамадан өту адвокаттар алқасы мен тағылымдамадан өтуші арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады. Осындай шарттар бойынша тағылымдамадан өтуші жалақысы, әдеттегідей, қарастырылмайды.

Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы

бойынша жұмыс өтіліне есептеледі Тағылымдаманың тәртібін, мерзімі мен шарттарын адвокаттар алқасы белгілейді.

Адвокаттар алқасының төралқасы тағылымдамадан өту мерзіміне жалпы бақылау жүргізеді. тағылымдамадан өтушінің адвокаттық мамандығы дағдыларын, адвокаттық әдеп нормаларын жақсы игеруі мен қолданыстағы заңнаманы дұрыс қолдануы үшін қажетті жағдай жасайды.

Тағылымдамадан өтуге тікелей басшылықты және тағылымдамадан өтушіге қажетті көмекті көрсетуді адвокаттар алқасы мен тағылымдамадан өтуші арасында жасалатын шарт негізінде кемінде 5 жыл адвокаттық қызмет өтілі бар білікті және тәжірибелі адвокаттар қатарынан алқа төралқасы тағайындаған жетекші жүргізеді

Тағылымдамадан өтуші тағылымдамадан өту үшін жағдай жасауды талап етуге құқылы. Тағылымдамадан өтушілердің қылмыстық сот ісіне қатысуға құқығы жоқ, ал анықтау және тергеу органдарында керісінше тергеу ісі жас және тәжірибесіз мамандарға тапсырылады, сондай-ақ сотта мемлекеттік айыптауды жоғары оқу орынын жаңа ғана бітірген жас маман жүргізеді. Сонымен қатар ҚР ҚДЖК қорғаушы ретінде айыпталушының (сезіктінің) жұбайын (зайыбын), жақын туыскандарын немесе заңды өкілдерін жоғары білімсіз жібере алады Тағылымдамадан өту институты мәселелерінің мәні осыдан-ақ анық көрініп тұр. Адвокаттың тағылымдамадан өтушісі:

- ◆ қолданыстағы заңнаманы оқып-үйренуге;
- ◆ өз кәсіби деңгейін көтеруге;
- ◆ заң консультациясында немесе адвокат кеңсесінде белгіленген ішкі тәртіп қағидаларын сақтауға;
- ◆ адвокаттық әдеп Тәртіптерін сақтауға;
- ◆ өз міндетін атқару кезінде белгілі болған мәліметтерді жарияламауға;
- ◆ тағылымдамадан өту барысында істеген жұмысы туралы алқа төралқасы алдында есеп беруге міндетті.

Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс мерзімі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеледі. Тағылымдамадан өту мерзімі аяқталған бойда тағылымдамадан өтушінің жетекшісі төралқаға тағылымдамадан өту жоспарының орындалғандығы туралы есепті және дербес жұмысқа осы адамның даярлық деңгейі туралы пікір мазмұндалған мінздемені тапсырады.

«Адвокаттық қызмет туралы» заңның өзге нормативтік актілердің адвокаттар алқасы Жарғысының және адвокаттардың кәсіби әдеп Тәртібінің талаптарын бұзғандығы үшін адвокаттың тағылымдамадан өтушілері тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

§2. Адвокаттар еңбегіне ақы төлеу

Адвокаттар еңбекақысы келісімді болғандықтан ол азаматтар мен ұйымдарға берген заң көмектеріне келіп түскен еңбекақы болып саналады да пайда болып есептелмейді.

Адвокаттарға ешқандай мемлекеттік бюджеттік органдардан айлық жалақы төленбейді. Олар клиенттері арасында жасалатын келісім арқылы өздері беретін заң кеңесіне қарай еңбекақы мөлшерін өздері белгілейді. Сондықтан олар пайда табуды көздемейді, адвокаттардың еңбекақысы келісім арқылы сыйлықақы, яғни сыйақы деп танылады. Өйткені, оның айтық жалақы сияқты белгілі бір көлемі болмайды. Ол әрбір қараған ісінң күрделілігіне, арнайы кәсіби біліктілікті қажет етуге, жаңалығына байланысты болады.

Оның үстіне мерзімімен жағдайларға қарай да гонорардың көлемі өсуі мүмкін. Сондай-ақ, егер адвокат өзіндегі бірнеше іске қатысу салдарынан ол істі алу мүмкіндігі болмауы мүмкін. Ал егер адвокат сол бір іс үшін басқа жұмыстардан бас тартуы да гонорардың көлемінің ұлғаюына әкеп соғады.

Адвокаттың тәжірибесі, абыройы заң көмегін көрсету қабілеттілігі жоғары адвокаттарға тәртіп бойынша гонорар жоғары төленеді.

Осылармен қатар, көмек сұрап келген азаматтың материалдық жағдайына байланысты гонорар жоғары төленуі мүмкін.

Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу мөлшері және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу көмек сұрап келген адаммен адвокат жасасатын жазбаша шартта белгіленеді.

Шарт жасасу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Шарттың бір данасы заң көмегін көрсету туралы шарт жасасқан адамға беріледі. Мыналар:

- 1) қорғаушы не өкіл ретінде тапсырмаларды орындауға

қабылдаған адвокаттың тегін, атын және әкесінің атын көрсету;

2) адвокаттық қызмет ұйымының нысанын және өзі мүшесі болып табылатын адвокаттар алқасын көрсету;

3) тапсырмалардың нысаны;

4) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібі;

5) шартты бұзу тәртібі мен жағдайлары шарттың маңызды талаптары болып табылады

Олар бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке, мемлекеттік емес заңды тұлғаларды білдіретін тараптардың мүлдіктік даулары туралы істер бойынша шарттарды қоспағанда, адвокаттар көрсететін заң көмегіне істің нәтижесіне немесе адвокаттық қызметтің табыстылығына байланысты ақы төлеу мөлшерін белгілейтін шарттарға немесе ұйғарылған соманың бір бөлігін адвокат алатын шарттарға жол берілмейді.

Заң көмегіне ақы төлеу, оның ішінде ауызша заң консультациялары және тапсырмаларды орындауға байланысты шығыстар есебінен адвокаттың қолма-қол ақша алуына тиісті қаржы құжатынсыз жол берілмейді. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу, іссапар, көлік және оның басқа да шығыстарын анықтау, алдын ала тергеу органдарының қаулылары және соттардың ұйғарымы бойынша бюджет қаражатынан жүргізіледі. Бұл орайда, адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және алдында аталған жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26-тамыздағы №1247 Қаулысымен бекітілген Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелерінде белгіленген.

Бұл ережелерге сәйкес адвокаттың тергеуде және анықтауда қылмыстық іс бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысқан бір сағат ішіндегі көрсеткен заң көмегіне, соның ішінде іс материалдарымен танысқаны, іс бойынша шағым жасағаны үшін ақы төлеу мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің 1/21 есебінен (әрі қарай – белгіленген ақы) белгіленеді. Адвокаттың қамауда ұсталатын сезіктімен не айып-

талушымен не әкімшілік ұстауға тартылған адаммен кездесуге жұмсаған уақыты белгіленген акының 75 пайызы мөлшерінде төленеді. Егер адвокат белгіленген уақытта келсе және басқа істер бойынша іс жүргізуге қатыспаса, адвокаттың тергеу немесе іс жүргізу әрекетінің басталуын күтуге жұмсаған уақыты белгіленген акының 50 пайызы мөлшерінде төленеді.

Адвокаттың ҚР ҚІЖК-нің 68-бабында белгіленген мерзім аяқталатын, кейінгі қалдыруға болмайтын жағдайда түнгі уақытта сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алуға қатысқан әрбір сағатына белгіленген акыдан бір жарым еседен кем емес мөлшерде акы төленеді. Адвокаттың ҚР ҚІЖК-нің 68-бабында белгіленген мерзім аяқталатын демалыс және мереке күндері сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алуға қатысқан әрбір сағатына белгіленген акыдан екі еседен кем емес мөлшерде акы төленеді.

Адвокаттың сотта іс бойынша іс жүргізуге қатысқан бір сағат ішіндегі көрсеткен зиян көмегіне, соның ішінде, егер ол осы іс бойынша алдын ала тергеуге не анықтауға қатыспаса, сотқа дейінгі дайындық барысында қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс не азаматтық іс материалдарымен, сот отырысының хаттамасымен танысканы, қылмыстық не азаматтық іс бойынша апелляциялық, кассациялық немесе қадағалау шағымын немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шағым, сондай-ақ сот отырысының хаттамасына ескертулер жасағаны үшін акы төлеу мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің 1/21 есебінен (әрі қарай – II белгіленген акы) белгіленеді.

Адвокаттың қамауда ұсталатын сотталушымен не сотталған адаммен не әкімшілік ұстауға тартылған адаммен кездесуге жұмсаған уақыты осы тармақтың II белгіленген акының 75 пайызы мөлшерінде төленеді.

Егер адвокат белгіленген уақытта келсе және басқа істер бойынша іс жүргізуге қатыспаса, оның іс бойынша сот талқылауының басталуын күтуге жұмсаған уақытына, сондай-ақ егер адвокат осы уақытта басқа адамдарға заң көмегін көрсетпесе, басты сот талқылауын кейінге қалдыру уақытына II белгіленген акының 50 пайызы мөлшерінде акы төленеді.

Адвокаттар мыналарға заң көмегін тек іш көрсетеді, қажет жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттар жасайды:

1) асыраушысының қайтыс болуына жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді соттардың қарауы кезінде талап қоюшыларға;

2) егер соттың қарауындағы дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талап қоюшылар мен жауапкерлерге;

3) алименттер өндіріп алу, зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері жөнінде азаматтарға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға.

Асыраушысының қайтыс болуына жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді соттардың қарауы кезінде талап қоюшыларға; егер соттың қарауындағы дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талап қоюшылар мен жауапкерлерге тегін заң көмегі Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Ал алименттер өндіріп алу, зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері жөнінде азаматтарға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға адвокатқа адам жүгінгеннен кейін заң көмегі тікелей көрсетіледі. Өтініш білдіруші жүгінгеннен кейін тікелей заң көмегін беру мүмкін болмаған кезде, ол жүгінген сәттен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау уақыты туралы хабардар етілуге тиіс. Мұндай жағдайларда заң көмегін беру ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс. Қажет болған жағдайда көрсетілген мерзімді тиісті адвокаттық құрылым басшысы ұзарта алады. Бір мәселе бойынша адам құқықтық көмекті тек қана бір рет ала алады.

Адвокаттың көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу тиісінше адвокаттар алқасының, адвокат кеңсесінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Азаматтарды олардың материалдық жағдайы ескеріле отырып, адвокаттар алқасының төралқасы, заң консультациясының меңгерушісі, адвокат кеңсесінің иесі (иелері) және өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке дара жүзеге асыратын адвокат заң көмегіне ақы төлеуден босата алады. Осы аталған жағдайларда адвокаттың көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу тиісінше адвокаттар алқасының, адвокат кеңсесінің қаражаты есебінен жүргізіледі.

Азаматтық істер бойынша адвокаттың (өкілдің) көмегіне ақы төлеу, егер адвокат заң көмегін тарапқа тегін көрсетсе, сот осы бапта аталған шығындарды адвокат бөлген заң консультациясының, кеңсесінің пайдасына немесе келісімшарт пайдасына жұмыс істеуші адвокаттың пайдасына өндіреді.

Істі сотта қарауға дайындау кезінде судья немесе істі қарау кезінде сот азаматтың мүліктік жағдайын негізге ала отырып, оны заң көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды мемлекеттің есебіне жатқызуға құқылы.

§ 3. Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау тәртібі

Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау тәртібі мен шарттары «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен анықталады. Осы заңға сәйкес адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады.

Лицензия алған және адвокаттық қызметпен айналысқысы келген адам өз таңдауы бойынша адвокаттар алқасына мүшелікке кіруге және «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсетуге міндетті.

Адвокаттық қызметпен айналысуға құқығының лицензиясы бар және адвокаттар алқасының Жарғысы мойындалған жағдайда алқаға қабылдаудан бас тартылуға жол берілмейді. Адвокаттар алқасы санының шектеулілігі туралы желеумен де қабылдаудан бас тартылмайды.

Адам алқадан шығарылған, алайда адвокаттық қызметпен айналысуға құқығының лицензиясын сақтаған жағдайда (мысалы, кәсіпкерлік қызметпен айналысқандығына, сондай-ақ өзге ақылы қызметте отырғандығына байланысты, алқа Жарғысында көзделген басқа да жағдайларда және т.б.) ол адвокаттар алқасына шығарылған сәттен бастап алты ай өткен соң қайтадан қабылдануы

мүмкін (өз еркі бойынша шыққан жағдайды қоспағанда). Оған осы мерзімде адвокаттық қызметпен айналысуға жол берілмейді.

Жоғарыда көрсетілген талаптардың бұзылуына байланысты қабылдаудан бас тартуға мүдделі адам адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тарту туралы шешімнің көшірмесін алған күннен бастап сотқа шағымдана алады

§ 4. Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері

Адвокаттың құқықтары мен міндеттерін жүзеге асыру мәселесін толығырақ ашып көрсету үшін, біздің ойымызша, оны адвокаттар алқасының мүшесі және заң көмегін көрсететін тұлға ретінде олардың тығыз өзара байланысын ескере отыра, шартты түрде ажырату керек.

Өзін-өзі басқаратын ұйымның мүшесі бола отыра, адвокаттық алқаның мүшесі:

1) адвокаттар алқасының, оның органдары мен лауазымды адамдарының жәрдемін, кәсіби көмегін және қорғауын, жәрдемін пайдалануға;

2) адвокаттар алқасының органдарына сайлауға және сайлануға;

3) адвокаттар алқасы органдары алдына алқа қызметіне қатысты мәселелер қоюға, алқа мен оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге, шешімдерді талқылау мен қабылдауға қатысуға, адвокаттар алқасы органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдар беруді талап етуге;

4) адвокаттар алқасының органдары оның қызметін немесе мінез-құлқын тексерген және талқылаған барлық жағдайларда өзі қатысуға;

5) адвокаттар алқасының жарғысында белгіленген тәртіп пен шарттарда адвокаттар алқасының мүлкін пайдалануға;

6) өз бастамасымен адвокаттар алқасы құрамынан шығуға құқығы бар.

Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқығы қылмыстық істер, азаматтық, әкімшілік, қылмыстық және өзге істер бойынша, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдарға заңнамада тыйым салынбаған заң көмегінің басқа түрлерін көрсетуге жеткілікті.

Бұдан басқа адвокаттар алқасы мүшелерінің адвокат ретіндегі

жалпы құқықтары «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының 14-бабында көрсетілген. Оған сәйкес адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет жасай отырып, іс жүргізу заңына сәйкес:

1) барлық соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) заң көмегін көрсету үшін қажет нақты мәліметтерді дербес жинауға және дәлелдер табыс етуге;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалдармен, соның ішінде іс жүргізу құжаттарымен, тергеу және сот істерімен танысуға және олардағы ақпаратты заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен белгілеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген сәттен бастап жолығулар санын, олардың ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен оңаша жолығып тұруға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер мен басқа да қызмет салаларында арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) өтініштер, мәлімдеуге, әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттың лауазымды адамдарының, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтарына және заңдармен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын өзге де лауазымды адамдардың әрекеттеріне белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

8) мемлекеттік құрайтын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен, егер бұл анықтау, алдын ала тергеу кезінде және сотта қорғау немесе өкілдік ету үшін қажет болса, заң актілерінде көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңдарда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға.

10) заңдарға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға;

11) міндетті сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғалуға құқылы.

Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мүддесін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды. Адвокат соттардың, прокуратураның, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың әкімшілік ғимараттарына белгіленген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсетуі бойынша еркін кіру құқығын пайдаланады. Адвокаттың ұсталғандар, тұтқынға алынғандар және жазасын өтеп жатқандар отырған орындарға кіруі белгіленген рұқсаттық режимге сәйкес жүзеге асырылады.

Адвокаттар алқасының мүшелерінің жоғарыда аталған құқықтарына жеке тоқтала кетсек, Адвокат қорғаушы немесе өкіл ретінде іс жүргізу заңнамасына сәйкес құзыретіне тиісті мәселелерді шешу жатқызылған барлық соттарда, мемлекеттік және басқа органдар мен ұйымдарда заң көмегін көрсетуге, өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге құқылы.

Адвокат іс жүргізу құқықтарын қылмыстық, азаматтық немесе әкімшілік құқық бұзушылық іске қатысқан сәттен бастап алады, ал бұған дейін ол өзіне өтініш жасаған кез келген тұлғаға заң көмегін көрсетеді, консультация, түсініктеме, кеңес және жазбаша қорытынды береді, талап қою арызын, шағым және кәсіби заңдық білімді талап ететін өзге құқықтық сипаттағы құжаттарды толтырады.

Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетуіне байланысты өтінішпен 10 күн мерзімнен кешіктірмей жазбаша жауап беруге міндетті. Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын адвокаттық қызметке араласуға не осы қызметке қандай да болмасын тәсілмен кедергі жасауға тыйым салынады.

Адвокаттың барлық мемлекеттік органдар мен мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүргізу үшін қажетті мәліметтерді сұратуға, заң көмегін көрсету үшін нақты мәліметтерді жинауға және дәлелдемелерді ұсынуға, заң көмегін көрсету мен ғылым, техника, өнер және қызметтің басқа салаларында арнайы білімді талап ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандар қорытындысын талап етуге, мемлекеттік құпияға жата-

тын ақпараттармен. сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және егер бұл заңнама актілерінде және т.б. көзделген тәртіппен анықтауды, алдын ала тергеуді жүргізу кезінде және сотта қорғауды немесе өкілдік етуді жүзеге асыру үшін қажет болса, танысуға құқығы бар

Заң адвокаттан іс бойынша ақиқатқа жету, айыпталушының жауапкершілігін жеңілдету немесе ақтау, азаматтың заңсыз жағаламен айыпталуға тартылуын болдырмау мақсатында, заңда көзделген барлық құралдар мен әдістерді пайдалана отыра заң көмегін көрсетуге өтініш жасаған әрбір тұлғаның конституциялық құқықтары мен міндеттері объективті және толық білікті қорғауды талап етеді Осыған сәйкес қолданыстағы заңнама оған мемлекеттік құпия болып табылатын ақпаратпен, сондай-ақ **істі қарау үшін маңызы бар өзге ақпаратпен танысу мүмкіндігін береді**

Мемлекеттік құпиялар -- бұл таратылуын мемлекет әскери, экономикалық, ғылыми-техникалық, сыртқы экономикалық, сыртқы саяси, барлау, қарсы барлау, жедел-ізвестіру қызметтерін және жалпы қабылданған халықаралық құқық нормаларына қайшы келмейтін өзге де қызметті тиімді жүзеге асыру мақсатымен шектейтін, қорғалатын, мемлекеттік және қызметтік құпияларды құрайтын мәліметтер¹⁷.

Мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерді сұрататын адвокаттар өздерінің сақтығын қамтамасыз ететін қажетті шарттарды жасаттыруға міндетті және мәліметтермен танысу бойынша белгіленген тәртіптің сақталуы үшін тікелей жауапкершілік көтереді.

Адвокаттық іс жүргізу және адвокаттың соған байланысты материалдары мен құжаттары, заңнама актілерінде көзделген жағдайларды қоспағанда, тексеріске, алуға, тінтуге, қарауға жатпайды.

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 15-бабында адвокаттың жалпы міндеттері белгіленген. Олар:

1) Адвокат заң талаптарын сақтауға, адвокатураны

¹⁷1999 жылғы 15 наурыздағы №349-І «Мемлекеттік құпиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңы

ұйымдастыру мен оның қызметінің принциптерін басшылыққа алуға, кәсіптік мінез-құлық нормаларының талаптары мен адвокаттық құпияны сақтауға міндетті.

2) Адвокат өзінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруға міндетті;

3) Егер адвокат осы іс бойынша мүдделері көмек сұрап өтініш жасаған адамның (тараптардың өзара келісімі бойынша ара ағайын болған жағдайларды қоспағанда) мүдделеріне қайшы келетін адамдарға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұдан бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, анықтауды жүргізуші адам, тергеуші, сарапшы, маман, аудармашы, куә, жәбірленуші немесе куәгер, азаматтық талап қоюшы немесе азаматтық жауапкер ретінде іске қатысқан жағдайларда, сондай-ақ егер істі тергеуге немесе қарауға адвокатпен жақын туыстық қатынастағы лауазымды адам қатысса, ол заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті.

4) Адвокат заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға міндетті және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етуге құқығы жоқ.

5) Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және ол қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша әділетсіз үкім шығарылған жағдайда алған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

6) Адвокат сенім білдірушінің құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қолайлы әсерін тигізетін іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау жөніндегі кез келген, заңмен тыйым салынбаған іс-әрекеттерді орындауға міндетті.

Іс бойынша адвокаттың көмек сұрап өтініш жасаған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық позиция ұстануына, сондай-ақ адвокатқа мемлекеттік қызметте болуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметтен басқа өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салынады.

Адвокаттардың жалпы міндеттеріне қоса адвокаттар алқасының мүшесі:

1) адвокаттар алқасы Жарғысының талаптарын сақтауға;

2) адвокаттар алқасы мен оның органдарының жалпы жиналысының шешімдерін орындауға.

3) мүшелік жарналар төлеуге;

4) адвокаттар алқасының төралқасына өз жұмысы туралы есепті табыс етуге міндетті.

Адвокаттар алқасының мүшесі адвокаттар алқасының алдында мүшелік жарналар төлеу міндеттемесінен басқа өзгедей біржақты мүліктік міндеттемелерді мойнына алмайды.

«По иронии судьбы большинство адвокатов уделяют гораздо меньше внимания собственным деловым интересам, нежели интересам их клиентов. »

Чарльз Ф. Льюис

§ 5. Адвокаттың кәсіптік әдебі

Қазақстан Республикасы Конституциясында кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау заңның бұзылуын болдырмауға және құқық тәртібін нығайтуға жәрдемдесу адвокаттың кәсіптік міндеті мен биік адами борышы болып табылады. Осыған байланысты, адвокаттық кәсіп қолданыстағы заңнама талаптарын дәл және сөзсіз орындауды, адвокаттың мінез-құлықтың әдептік нормаларын бұзбауды, өзіне заң көмегі үшін жүгінген адамды заңда көзделген барлық құралдармен және әдістермен қорғауды талап етеді. Жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін алудағы олардың конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету адвокаттардың кәсіби қызметінің ірге тасын қалайды.

«Адвокаттардың кәсіби әдебі» ұғымы азаматтармен, мемлекеттік органдармен және лауазымды тұлғалармен, әртүрлі коммерциялық және қоғамдық ұйымдармен, сондай-ақ адвокатура органдарымен және әріптестерімен қарым-қатынаста мораль мен адамгершілік мәселелерінің кең ауқымын қамтиды.

Адвокаттың әдеп нормаларын сақтауы - оның өз кәсіби міндеттері мен іс-әрекеттерін тиісті орындаудағы қажетті шарт.

Адвокаттың кәсіби қызметі беделінің түсуі адвокатура институтына қоғамдық сенімді жоғалтады және адвокат абыройын түсіреді.

Сондықтан, адвокат заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіптік ережелерді сақтауға тиіс:

1) көп күш-жігер не уақыт жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ыждағаттылықпен құлшыныс бідіру, бұл осы қызметті ешбір асығыстық жасамай және жеңіл-желпі қарамай, яғни тапсырылған істі адал, мұқият және білімдарлықпен орындап, кеткен уақытпен санаспай атқару керектігін көрсетеді;

2) заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау, яғни оның сөйлеген сөзі, келілдемесі, өтініші және басқа да іс-әрекеті мемлекеттік органдардың беделіне нұқсан келтірмейтіндей дәрежеде болуға тиіс;

3) өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбұйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеуге.

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделеріне адал болу және оның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамау, яғни адвокат өтініш жасаған адамның мүддесін қорғаудың барлық заңды құралдар мен әдістерін пайдалануға, ешбір жағдайда да бұрынғы, сондай-ақ енді өтініш жасаған адамдардың мүддесіне қайшы келетін әрекетке жол бермеуге, істің заңды шешімі аяқталғанға дейін өзіне қабылдаған міндеттемеден жалтармауға тиіс.

Осы қағидалардың бұзылуы кәсіби әдептің бұрмалануы, ал кейбір жағдайда тәртіптік жағаның қолданылуына әкеп соқтыратын кәсіптік парызды орындамау болып саналады.

Азаматтар мен ұйымдардың құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау жөніндегі адвокат қызметі адвокаттардың процессуалдық құқықтарын анықтайтын, сондай-ақ адвокатураның ұйымдастырылуы мен адвокаттық қызметті реттейтін заңнама нормаларымен тәртіптеледі (атап айтқанда, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы). Заң көмегін көрсету барысында адвокат сонымен қатар кәсіптік әдептің орныққан нормаларын және адвокаттық кәсіптің қалыптасқан практикалық тәртіптерін басшылыққа алуға тиіс, олардың мақсаты азаматтардың және ұйымдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін жақсырақ қорғауға жәрдемдесу болып табылады.

Адвокаттардың әрбір алқасының жоғары органы адвокатура жүйесінің ортақ принциптеріне сүйеніп отыра, өз тәртіптерін

кабылдайды. Мысалы, осыған орай, 1998 жылдың 20 тамызында Алматы қалалық адвокаттар алкасы адвокаттарының Конференциясында Адвокаттардың кәсіптік әдеп тәртібі қабылданды.

Бұл тәртіптер әрбір адвокатты заң мен кәсіптік әдеп нормаларын басшылыққа алуға міндеттейді. Заңдылықтың кез келген бұзылуына төзбеушілік, имандылық, адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғау, азаматтық табандылық, адалдық, әрбір жангердің, әсіресе адвокаттың кәсіптік қасиеті болуға тиіс.

Адвокат заң көмегін адал көрсетуге, моральдық тазалықтың үлгісі мен адами мінез-құлықтың сүйеніші болуға, өзінің кәсіптік машығын ұдайы жетілдіруге, құқықтық білімдер мен қолданыстағы заңнаманы белсенді насихаттауға тиіс

Ю.И. Стецовский «...адвокат болу үшін жадағай белгіленген шарттарға ғана сай болу жеткіліксіз» (білім, тәжірибе және т.б.) деп санайды. Адвокат адамдардың тағдырына төрелік жасауға, адамдардың теріс қылықтары туралы пікір айту үшін өзі де адами тұрғыдан лайық болуы кәжет»¹⁸, сондықтан да адвокат кіршіксіз тазалық пен жарасымды мінез-құлықтың иесі болуға тиіс.

Адвокаттар процестің тең құқықты қатысушысы ретінде өз кәсібіннің абыройы мен беделін ұстауға тиіс

Адвокат өзінің кәсіби міндетін атқару кезінде:

қоғам мүддесіне қайшы келмейтін азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен міндеттерін қорғау ғана ортақ мүддеге сай келетіндігін ескеруге;

заңнама нормаларын дұрыс және дәл қолдануға, заң көмегіне жүгінушіге оның құқықтары мен міндеттерін, құқықтық жүйе қызметі принциптерін түсіндіре отырып кеңес беруге;

өз клиентінің мүдделеріне іш тартуға тиіс.

Адвокаттың мінез-құлқы ол заң көмегін көрсету кезінде де, күнделікті тіршілігінде де заң мен адамгершілік принциптеріне сай болуға тиіс.

Адвокаттар сот төрелігін жүзеге асыру кезінде өзіне жүгінушіге көмек көрсете отыра, заңнамаға және мойындалған кәсіптік қалыптар мен әдептілік нормаларды басшылыққа ала отыра мойындалған ұлттық және халықаралық құқықтардағы адам құқықтары мен негізгі бостандықтардың сақталуына қол жеткізуге тиіс.

¹⁸Стецовский Ю. И. Советская адвокатура -М: Высш шк., 1989 -С. 95

Адвокаттың кәсіптік мінез-құлқы мәселесі адвокатура туралы Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы, адвокаттар алқасы Жарғысы және адвокаттардың кәсіптік әдеп Тәртіптері шеңберінде реттелмесе, онда адвокат адвокатурада қалыптасқан нормалар мен дәстүрлерді, егер олардың мазмұны заң талаптарына қайшы келмесе және мораль мен адамгершіліктің жалпы қабылданған принциптеріне сәйкес келсе, сақтауға міндетті.

Сөйтіп адвокаттық әдеп – бұл адвокатура туралы қолданыстағы заңнама, адвокаттар алқасы Жарғысы және адвокаттардың кәсіптік этика тәртіптері шеңберінде реттелетін және адвокаттық мінез-құлқы нормасынан туындаған практика. Оның мақсаты – жеке және заңды тұлғалардың заңмен қорғалатын құқықтары мен міндетін абыройлы қорғау.

Адвокаттың заң талаптары мен этика тәртіптерін сақтау кепілдіктерінің институттары және құқықтық механизмдері қоғамның өзі, мемлекеттік органдар, сондай-ақ адвокаттық өзін-өзі басқару органдары болып табылады.

Бақылау сұрақтары

1. Адвокаттар алқасының мүшелеріне қандай талаптар қойылады?
2. Адвокаттық қызметпен айналысу үшін біліктілік сынағынан өту тәртібі қандай?
3. Адвокаттық қызметпен айналысуға құқық беретін лицензия алу тәртібі қалай болады?
4. Адвокаттардың еңбекақысы қандай қаражаттардан тұрады?
5. Адвокаттың еңбекақысы қалай белгіленеді? Және ол қалай аталады?
6. Адвокат кімдерге, қандай жағдайларда заң көмегін тегін көрсетеді?
7. Мемлекеттік бюджеттен қорғауға кеткен шығындар адвокатқа қалай төленеді?
8. Адвокаттарға төленетін сыйлықақы мәселесін қалай көтеруге болады?
9. Адвокаттар алқасының мүшесі ретінде адвокаттың құқықтары қандай?

10. Адвокатқа қандай міндеттер жүктелген?

11. Адвокаттар алқасынан шығару үшін тәртіптік жауапкершілік негіздері қандай болу керек?

12. Адвокаттың көмекшісінің құқықтық мәртебесінен тағылымдамадан өтушінің құқықтық мәртебесінің айырмашылықтары қандай?

V ТАРАУ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АДВОКАТУРАСЫ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ҰЙЫМДЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ НЫСАНДАРЫ

§ 1. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы қызметінің негіздері және құқықтық мәртебесі

Адвокатураның негізгі ұйымдық-құқықтық нысаны адвокаттар алқасы болып табылады. Сондықтан да 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» заңында оның адвокаттық қызметтің негізгі нысаны екендігі туралы айтылған.

Алайда бұл адвокатураның өзге нысандарының болуын жоққа шығармайды.

Адвокат қызметінің тиімділігі тек адвокаттар мен олардың алқаларының арасындағы қарым-қатынасқа ғана емес, сондай-ақ адвокаттар ұйымдарының өзге де нысандарымен өзара қатынасқа байланысты (Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы), адвокаттар ассоциациясы, адвокаттар гильдиясы және т.б.). Ынтымақтастықтың негізгі мақсаты – адвокаттардың тәуелсіздігін нығайту және олардың мүдделерін лауазымды адамдар мен органдардың құқыққа жат әрекеттерінен қорғау.

Адвокатура құрылымының демократиялық негіздерін бұдан әрі жетілдіру жолында 1991 жылы **Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы** – адвокаттардың және оның алқаларының құқығын қорғау, құқық қорғау, мемлекеттік, мемлекеттік емес органдармен және ұйымдармен өзара ықпалдастық, сондай-ақ халықаралық-құқықтық қатынастар субъектілерімен ынтымақтастықты нығайту мақсатындағы қоғамдық ұйым құрылды (1992 жылы 31 тамызда Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген).

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы адвокаттар алқасының мүшесі және қолданыстағы заңнамаға, сондай-ақ осы ұйымның Жарғысына сәйкес іс-әрекет жүргізетін, өзін-өзі басқаратын қоғамдық бірлестік болып табылады.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағына мүшелік ұжымдық (адвокаттар алқасы) және дара сипатта болады.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы заңды тұлға болып табылады. Оның қызметі Қазақстан Республикасының Конституциясына, 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлімі), 1996 жылғы

31-мамырдағы Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» заңына негізделген.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының дербес балансы, республиканың банк мекемелерінде шоты, оның ішінде валюталық шоты, мемлекеттік және орыс тілдерінде көрсетілген дөңгелек мөрі, мөртабаны мен бланкілері және үлгілері заңда көзделген тәртіппен бекітілетін және тіркелетін эмблемалары бар.

Одақ қызметінің мақсаты мен міндеттері оның 1992 жылы қабылданған Жарғысында айқындалған. Аталған Жарғыға 2005 жылдың 15 сәуірінде ғана бір-ақ рет өзгерістер енгізілген болатын.

Одақ қызметінің мақсаты:

- республикада құқықтық мемлекет құрудың негізін қалауға қатысу;

- азаматтар мен заңды ұйымдарға (оның ішінде шетелдіктерге) арналған тиімді заң көмегін жасауға қатысу;

- адвокаттық шеберлік пен кәсіптік әдістің жоғары стандарттарын, адвокаттардың бірлігі мен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу;

адвокатураның дүниежүзілік қауымдастық қабылдаған тәуелсіздігі мен еркіндігінің принциптері мен келіліліктерін насихаттау және тарату;

- адвокаттарға көмек және олардың құқықтарын, абыройы мен ар-намысын қорғау;

- заң ғылымын дамытуға, азаматтардың құқықтық мәдениеті мен құқықтық санасын көтеруге жәрдемдесу,

әртүрлі мемлекеттер мен өңірлерде адвокаттардың халықаралық, кәсіптік және мәдени байланыстарын кеңейту мен нығайту;

Одақтың міндеттері:

- бастауыш ұйымдардың әдістемелік, оқыту және ғылыми қызметтерін үйлестіру;

- адвокаттарды адвокаттық қызметтің барлық саласы бойынша қажетті әдістемелік әдебиетпен қамтамасыз ету;

- адвокаттар арасында тәжірибе алмасуға көмек көрсету;

- адвокатураны жетілдіру мен дамытудың теориялық және практикалық мәселелерін ғылыми тұжырымдауға жәрдемдесу;

- адвокаттардың ғылыми-практикалық конференциялары мен әдістемелік мәжілістерін өткізу;

- баспа қызметі;

- заң шығарушылық қызметке, заңдар мен өзге нормативтік құқықтық актілердің даярлануына және талқылануына қатысу; заңнаманың маңызды мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының пікірін білдіру;

- адвокаттардың кандидатураларын мемлекеттік мадақтармен марапаттауға және қоғамдық көтермелеуге ұсыну.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының Жарғысы – Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының құрылтайшы құжаты. Онда бірлестіктің құқықтық жағдайын, сайланбалы органдардағы қызметін, олардың қызметін басқару саласындағы құқықтары мен міндеттерін белгілеу, ұйымдастыру тәртіптерінің жиыны және т.б. белгіленеді.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының мүлiгi материалдық құндылықтар мен ақша қаражатынан құралады.

Одақ мүлiгi мына көздерден құралады:

- мүшелiк жарналардан;

- баспа қызметiнен түскен түсiмдерден.

- азаматтардың ерiктi ақшалай аударымдарынан, сыйлықтарынан және мұраға қалдырған қаражаттарынан;

- Адвокаттар одағы құрған шаруашылық құрылымдардың аудармаларынан;

- кенестiк-әдiстемелiк шаралардан түскен түсiмдерден;

- қолданыстағы заңнамада тыйым салынбаған өзге де көздерден.

Адвокаттар одағы өз меншiгiнде ғимараттар, құрылыстар, жабдықтар, құрал-саймандар, ақшалай қаражаттар, акциялар, басқа да құнды қағаздар және жарғыда қарастырылған қызметтi материалдық қамтамасыз етуге қажеттi өзге де мүлiктi ұстай алады.

Ол меншiк иесi ретiнде өзіне тиесiлi мүлiктi заңнамада, Адвокаттар одағының Жарғысында белгiленген тәртiппен қалауынша пайдаланады және жұмсайды.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының мүшелері алқа мүлігіне меншік құқығын алмайды. Адвокаттар одағы өз мүшелері мен мемлекеттің міндеттері мен қарыздары бойынша мүліктік жауапкершілік көтермейді.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының қызметі съезд шешімі немесе Қазақстан Республикасының заңнама актілерінде көзделген жағдайларда сот шешімі бойынша тоқтатылады.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы қызметінің тоқтатылуы туралы мәселені қарайтын төралқа өз бастамасы бойынша осы мәселе жөнінде өз мүшелерінің көпшілік дауысымен немесе сот шешімі бойынша шешім қабылдайды.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы қызметінің тоқтатылуы туралы съезд шешімі съезд жұмысына қатысқан адвокаттардың 2/3 дауысымен қабылданады.

Адвокаттар одағы адвокатураға тән және оның міндеттерінен туындаған ерекшеліктерді ескере отырып, барлық қоғамдық ұйымдар үшін ортақ ұйымдық принциптер негізінде құрылған.

Одақтың негізгі принциптері:

- демократиялық;
- мүшелердің еріктілігі мен теңдігі;
- өзін-өзі басқару;
- заңдылық;
- жариялылық.

Жарғымен белгіленетін тәртіптер Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының ішкі ұйымдық қызметін реттейді. Соған сәйкес Одақ органдарының адвокаттар алқасы мен оның мүшелеріне қатысты қандай да бір әкімшілік өкілеттіктері жоқ. Адвокатураның орталықсыздандыру принциптеріне сүйене отырып, ол адвокаттар алқасының қызметіне араласпайды және оның орталық немесе жоғары тұрған органы болып табылмайды. Әрбір адвокаттар алқасы қандай да бір органдардан, ұйымдардан, оның ішінде Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағынан дербес және тәуелсіз.

§ 2. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының органдары және олардың өкілеттіктері

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының органдары съезд, конференция, төралқа, тексеру комиссиясы, атқару-өкімдік дирекция болып табылады.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының жоғары органы – съезд, оның атқарушы органы – төралқа, бақылау органы – тексеру комиссиясы.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының барлық сайланбалы лауазымдарына бір адам қатарынан екі мерзімнен артық отыра алмайды.

Бұл қағида адвокатураны ұйымдастыру қызметінің негізгі құқықтық және демократиялық принциптерінің бірі, осы кәсіптік қоғамдық бірлестіктің жариялылығы мен ашықтығының кепіл болып табылады.

Съезд бен конференция Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының қызметіне қатысты кез келген мәселені шешуге құқылы.

Съездің ерекше құзыретіне мына өкілеттіктер жатады (барлығы алты өкілеттік):

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының Жарғысы мен тексеру комиссиясы туралы ережені қабылдау және оларды өзгерту;

- Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының Президентін, вице-президентін және жауапты хатшысын сайлау;

- алқа және тексеру комиссиясының мүшелерін сайлау;

- алқа мен тексеру комиссиясының олардың қызметі туралы есептерін тыңдау;

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының қызметін тоқтату туралы шешім қабылдау;

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының сметасын бекіту.

Съезд кемінде бес жылда бір рет шақырылады. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының кезектен тыс съезі төралқаның өз бастамасымен немесе Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының кем дегенде 100 мүшесінің талабы бойынша екі ай мерзімде шақырылады.

Съезд бен конференция Қазақстан Республикасы Адвокаттар

одағының төралқасы белгілеген өкілдік нормасын ескере отырып шақырылады және оған Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының бастауыш ұйымдарының жалпы жиналысында сайланған делегаттардың кемінде үштен екісі қатысқанда заңды болып саналады. Барлық мәселелер дауыс беруге қатысқан адвокаттардың жай көпшілік дауысымен (елу пайыздан асканда) шешіледі

Съезд тікелей жабық дауыспен бес жыл мерзімге Президентті, вице-президентті және жауапты хатшыны сайлайды.

Одақтың Президенті, вице-президенті және жауапты хатшысы болып адвокаттық қызметте үш жыл өтілі бар, адвокаттар алқаларының мүшелері - съезд делегаттары сайлана алады.

Бұл талаптар жауапты лауазымдарға адвокаттар алқасында көпжылдық жұмыс өтілі бар, білікті және тәжірибелі адвокаттарды таңдауға мүмкіндік береді. Олар өз қызметін заңдылықтың, ізгіліктің, жариялылықтың, ашықтықтың және тәуелсіздіктің демократиялық принциптерімен жүргізуге және қажет жағдайларда адвокаттардың, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының заңды құқықтары мен мүдделерін қорғай білуге және өз қызметіне, заңнама актілерінде тікелей көзделген мән-жайларды қоспағанда, прокуратура, сот, анықтау және алдын ала тергеу органдары, өзге мемлекеттік органдар, саяси партиялар, қоғамдық бірлестіктер, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан араласуға жол бермеуге тиіс.

Президент, вице-президент өз міндетін тұрақты негізде атқарады және ҚР Адвокаттар одағы белгілеген жалақы алады.

Қазіргі кезде Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының басшы органдарының құрамы мынадай:

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының Президенті – заң ғылымдарының кандидаты, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасы Президенті жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің мүшесі Түгел Әнуар Құрманбайұлы болып табылады, ал вице-президенттері – Алматы қаласының адвокаттар алқасының төрағасының орынбасары – Неясова Набира Мырзахметовна, Астана қаласының адвокаттар алқасының мүшесі – Бердимбетов Тахир Закирович.

Төралқа съездер арасындағы мерзімде тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган болып табылады. Төралқа мүшелері жұмыс көлемі мен сипатына байланысты съезде анықталатын санда бес жыл мерзімге тікелей жасырын дауыс беру арқылы сайланады.

Дауыс беруге қатысқан адвокаттар дауыстарының басым бөлігін (елу пайыздан астамын) алған кандидаттар төралқа құрамына сайланған болып саналады.

Төралқа тұрақты жұмыс істейтін атқарушы орган бола тұра, Одақты басқару үшін өзіне қажетті ауқымды өкілеттіктерді алады және оның қызметінің күнделікті мәселелерін шешеді. Атап айтқанда:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен қоғамдық ұйымдарында Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының мүддесін білдіреді:

- Одақтың халықаралық байланыстарын жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының съезі мен конференцияларының шешімдерін жүзеге асырады;

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының жоспарын қарайды, күнделікті мәселелерін шешеді;

съезде немесе конференцияда бекітілген сметаға сәйкес, Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының аппараты қызметкерлерінің штатын және еңбекақыларының шарттарын айқындайды.

Тексеру комиссиясы – Адвокаттар одағының бақылау-тексеру органы болып табылады.

Тексеру комиссиясы съезде тікелей жабық дауыспен съезд белгілеген санда бес жыл мерзімге сайланады және комиссия туралы ережеге сәйкес іс-әрекет етеді.

Тексеру комиссиясына қаржы-шаруашылық қызметке тексеріс жүргізу міндеті жүктелген. Адвокаттар одағының адвокаттар алқасына қатысты бақылау-тексеру әрекеттерін жүргізу құқығы жоқ.

Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы және оның органдары Одақ жарғысына сәйкес әрекет етеді және адвокаттар алқасына қатысты биліктік өкілеттері жоқ және адвокаттардың адвокаттар алқасымен дауларын шешпейді.

Адвокаттар одағының қызметі мемлекеттік органдармен және қоғамдық ұйымдармен ықпалдастықта Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында жүргізіледі, ең алдымен, адвокатураның тәуелсіздігін қамтамасыз етуді, құқық қорғау органдары мен ұйымдар жүйесінде оның рөлін көтеруді, заңдылықты нығайту мен заң көмегіне жүгінген тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал етуді мақсат етеді.

Соңғы уақытта адвокатура мен адвокатура қызметінің рөлі мен маңызының гөмендеуінің жағымсыз сипаты байқалуда, бұл кейбір құқық қорғау органдары басшылары тарапынан олардың тәуелсіздігі мен дербестігінің шектелуінен көрінеді. Нақ осы жайтқа ҚР Адвокаттар одағы Кезектен тыс съезінің делегаттары айрықша назар аударды (1999 ж. 30-қазан). Қабылданған Үндеуде Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соттың, Бас прокуратураның, Әділет министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің, Салық полициясының, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің жоғары лауазымды тұлғаларының тек адвокаттарды ғана емес, сондай-ақ бүкіл қоғамды толғандырып отырған өткір мәселелерді талқылау үшін осы съезд жұмысына қатыспағандығы атап өтілді.

Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының 2000 жылғы 24-маусымдағы құқық қорғау органдары жоғары лауазымды тұлғаларына ашық хатында нақты деректер келтірілді. Атап айтқанда: «Адвокат А.М. Гинзбургке қарсы қылмыстық іс қозғау – ҚР ҚІЖК 132-бабындағы тәртіппен ұстау және қамауда ұстау, адвокат Аленовке қарсы қылмыстық іс қозғауға әрекеттену айғақтарын біз адвокаттардың заңды құқығына ашық қол сұғушылық, заңдылықтың қасақана бұзылуы, елдегі адвокаттарға құқыққа қайшы қысым жасау ретінде бағалаймыз. Алматы қаласы тергеу органдарының заңға қайшы осы әрекеттері барлық адвокаттарды «үркітуді» және олардың өз міндеттемелерін кәсіптік тұрғыдан орындауына кедергі келтіруді мақсат еткендігін айқын көрсетеді. Осының барлығы құқықтық мемлекеттің конституциялық принциптерін өрескел бұзу болып табылады және ешбір жағдайда да бұған төзуге болмайды»

«Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында, атап айтқанда, оның 17-бабында былай делінген. «Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын адвокаттық қызметке араласуға не осы қызметке қандай да болмасын тәсілмен кедергі жасауға тыйым салынады. Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен теңдестіруге тыйым салынады» Мемлекеттік органдар адвокаттардың заңды құқықтары мен кәсіптік міндеттерінің барлық бұзушылықтарын жоюға және процесті жүргізетін органдардың заңдылықты сақтауы жөнінде шұғыл шаралар қабылдауға міндетті.

§ 3. Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы)

Адвокаттар мен олардың алқалары ерікті негізде тек республикалық емес (Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы), сондай-ақ жеке не ұжымдық немесе мүшелік тұрғыда да халықаралық одақтарға да (ассоциацияға) бірігуге құқылы.

Шетел мемлекеттері және аймақтары адвокаттарының халықаралық, кәсіптік және мәдени байланыстарын кеңейту мен нығайтудың айғағы 1992 жылғы 28-шітінде құрылып, тіркелген Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) болып табылады (әрі қарай – АХО(Д) тұрақты жұмыс істейтін басшы органының орналасқан жері Ресей, Мәскеу қаласы). Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) тақыр жерде емес, КСРО Адвокаттар одағын қайта құру арқылы ТМД-ның 9 республикасының адвокаттарының бастамасымен олардың съезінде құрылған болатын. Осы 1992 жылдың 21-мамырында АХО (Д) Жарғысы оның Ассамблеясымен қабылданды және сол уақыттан қазіргі күнге дейін осы Жарғыға 3 рет ғана өзгертулер енгізілген болатын: 1998 жылдың 22-мамырында 3 Ассамблеямен, 2004 жылы 26 мамырда 5 Ассамблеямен, 2008 жылы 23-мамырда 6 Ассамблеямен.

АХО(Д) Адвокаттардың халықаралық одағының ұжымдық мүшесі болып табылады. Оның штаб-пәтері Брюссельде, ал Заңгерлердің халықаралық қауымдастығының штаб-пәтері Лондонда орналасқан.

Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығының) қызметі (бұдан әрі – АХО(Д)) Армения, Беларусь, Қазақстан, Қырғызстан, Латвия, Түркіменстан, Өзбекстан, Украина, Ресей Федерациясында және олар құрылған басқа мемлекеттер аумағында жүргізіледі

Беларусь пен Украинада бөлімше, Қазақстанда филиал («Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығының) Қазақ филиалы») – Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығының) халықаралық ұйымы), Латвияда Одақтың өкілдігі құрылған

ҚР Адвокаттар одағы мен АХО(Д) арасындағы ортақ жайт олардың кәсіптік адвокаттық қызметпен айналыспайтындығы (адвокатураны ұйымдастыру мен қызметін орталықсыздандыру принципі – әрбір адвокаттар алқасының деңгейінде өзін-өзі басқару

мен тәуелсіздіктің және олардың қызметіне араласпаудың көрінісі. сондай-ақ алқалардың үстінде тұрған және оларға басшылық ететін орталық басқару органдарының жоқтығы болып табылады), адвокаттар мен олардың алқаларын басқармайтындығы, қайта халықаралық-құқықтық қатынас саласында олардың заңды құқықтары мен мүдделерін білдіріп қорғайтындығы болып табылады.

Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) еріктілік, мүшелік, өзін-өзі басқару, заңдылық, жариялылық және оның мүшелерінің нәсілдік, ұлттық тегіне, азаматтығына, тіліне, жынысына, діні мен әлеуметтік тегіне карамастан теңдігі принциптеріне негізделген адвокаттардың халықаралық қоғамдық ұйымы болып табылады.

Ұйымның қызметі жария болып табылады және оның құрылтайшылары мен бағдарламалық құжаттары барша жұртқа ашық (АХО(Д)-тың Құқықтық және ғылыми-сараптама орталығы INTERNET Халықаралық ақпараттық қызметінде тұрақты жұмыс жүргізеді, оған ай сайын өзінің қызметі және оның құрылымдық бөлмшелері туралы ақпарат жолдайды, басқа мемлекеттер адвокаттарымен ақпараттар алмасады).

Жарғыны мойындайтын және АХО(Д)-қа кіруге ерікті тілек білдірген одақтар ассоциациялар, адвокаттар алқалары және өзге де қоғамдық бірлестіктер ұжымдық мүше бола алады.

Тек адвокаттар ғана емес, сондай-ақ осы ұйымның мақсаттары мен міндеттерін жүзеге асыруға белсенді жәрдемдесетін ғалымдар, заңгерлер, қоғамдық қайраткерлер де жеке мүше бола алады (ал Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағына тек алқа мүшесі болып табылатын тұлғалар ғана мүше бола алады).

АХО(Д)-ға 10000-ға жуық жеке мүше бар.

АХО(Д) заңды тұлға болып табылады, дербес балансы, банктерде шоты, өз атауы көрсетілген дөнгелек мөрі, мөртабаны мен бланкілері және үлгісі заңнамада белгіленген тәртіппен бекітіліп тіркелетін эмблемасы бар.

АХО(Д) коммерциялық емес ұйым болып табылады.

Қазақстан Республикасында АХО(Д) мүшелері оның өңірлік бөлімшелерін құра алады, оның қызметі Қазақстан Республикасының заңнамасымен, тиісті ережелермен (атап айтқанда, Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) қоғамдық бірлестігінің «Адвокаттардың халықаралық одағының

(достастығының) Қазақ филиалы туралы» Ережесімен және өзінің Жарғысымен) реттеледі.

АХО(Д) қызметінің мақсаты ҚР Адвокаттар одағы қызметімен сәйкес келеді, өйткені олар адвокатураның біртұтас жүйесі және бірінғай болып табылады. Мысалы: құқықтық мемлекет негізін қалауға қатысу; адвокаттық шеберліктің жоғары стандарттарын, адвокаттардың кәсіптік әдебін, бірлігі мен ынтымақтастығын қамтамасыз етуге жәрдемдесу; әлемдік қоғамдастық мойындаған адвокаттар тәуелсіздігі мен бостандықтарының принциптерін және кепілдіктерін насихаттау мен тарату және т.б. олар осы қоғамдық бірлестіктердің Жарғысында орнықтырылған.

АХО(Д) көрсетілген мақсаттар мен міндеттерді орындау үшін:

- адвокатураның ғылыми-зерттеу институтын құрады, үздік адвокаттардың тәжірибелерін зерттейді және таратады;

- адвокатура қызметін жетілдіру бойынша ғылыми-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастырады;

- адвокаттық бірлестіктерге кәсіптік оқу мен ғылыми-практикалық конференцияларды өткізуіне көмек көрсетеді;

- халықаралық семинарлар, конгрестер мен конференциялар ұйымдастырады;

- басқа өңірлер мен мемлекеттер алқаларында және фирмаларында адвокаттардың тағылымдамасын ұйымдастыруға қатысады;

АХО(Д) баспасөз органын құрады және адвокаттар үшін әдістемелік әдебиеттерді таратады (ай сайынғы «Адвокат» журналының жарық көруі АХО(Д) қызметінің нәтижесі екендігін атап өткен жөн, оның адвокаттарды біріктіру, олардың кәсіптік деңгейін көтеру, сондай-ақ шетел адвокаттары тәжірибесін насихаттау мен зерттеу тұрғысынан үлкен маңызы бар);

- әртүрлі мемлекеттер мен өңірлер Адвокаттар одақтары (ассоциациялары) арасында адвокаттар делегацияларының алмасуын ұйымдастырады;

- адвокаттар әдеби мәселелерін пысықтайды;

- әртүрлі мемлекеттердің құқықтық жүйесіндегі адвокаттар срежелерін зерттейді және қорытады және қажет жағдайда мемлекет билігі органдары мен халықаралық ұйымдарға адвокаттардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуына жол бермеу туралы өтініш жолдайды;

- мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдардың өтініші бойынша нормативтік құқықтық актілерге тәуелсіз құқықтық сараптама жүргізеді, адвокаттық қызмет туралы заңнама мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге көмектеседі;

- қоғамдық бірлестіктер туралы халықаралық құқық пен мемлекеттер заңнамасында көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады

АХО(Д) мүлігі:

кіру және мүшелік жарналар;

кәсіпорындардың ерікті жарналары мен садакалары;

дәрістер, көрме, сауықтыру, спорт және өзге де шараларды өткізуден түскен түсімдер;

АХО(Д) кәсіпкерлік қызметінен, азаматтық құқықтық мәмілелерден, сыртқы экономикалық қызметінен түскен кірістер;

заңда тыйым салынбаған өзге де түсімдер есебінен құралады

АХО(Д) Жарғыда көзделген қызметті материалдық камсыздандыру үшін қажетті жер телімін, ғимарат, құрылысты, тұрақжайды, тұрғын үй қорын, көлікті, қондырғыны, жабдықты, мәдени-ағарту және сауықтыру мақсатындағы мүлікті, ақша қаражатын, басқа құнды қағаздар мен өзге де мүлікті меншігінде ұстай алады.

Меншігінде, сондай-ақ АХО(Д) қаражаты есебінен құрылған және алынған баспа, бұқаралық ақпарат құралдары болуы мүмкін.

Ол меншік иесі ретінде, жарғылық мақсаттарына жету үшін заңнамада, АХО(Д) Жарғысында және Ассамблея шешімдерінде белгіленген тәртіппен өз мүлігін қалауынша пайдаланады және иелік етеді.

АХО(Д) мүлігі мен ақша қаражаты, кәсіпкерлік қызметінен түскен түсімдер АХО(Д) мүшелері арасында бөлінбейді, тек жарғылық мақсаттарды орындау үшін ғана пайдаланылады.

АХО(Д) қызметінің доғарылуы, оны қайта ұйымдастыру немесе тарату жолымен жүргізілуі мүмкін және Ассамблея Қаулысымен іске асырылады. АХО(Д)-ты таратудан кейін қалған мүлік Ассамблея Қаулысында, ал даулы жағдайда сот шешімінде анықталған мақсаттарға жұмсалады

АХО(Д)-ты қайта ұйымдастыру және тарату мәселелерін қарайтын Ассамблея елден, сондай-ақ федерация мен конфедерация субъектілерінен тек бір дауысты ғана есептейді. Бұл

жағдайларда, әдеттегідей, дауыс беруге әр мемлекеттен келген адвокаттар делегациясының басшылары қатысады

§ 4. Адвокаттар халықаралық одағының (достастығының) басшы органдары, құрылу тәртібі және оның құзыреті

АХО(Д) органдары – Ассамблея (съезд), Төралқа, Басқарма мен Тексеру комиссиясы.

АХО(Д) міндеттерін жүзеге асыру үшін Жарғыда көзделген жағдайда, Басқарма Адвокаттық қор мен өзге де қорларды, адвокатураның ғылыми-зерттеу институтын, адвокаттық қызметтің түрлі бағыттары бойынша комитеттер мен секциялар, сондай-ақ АХО(Д)-тың өзге де жұмыс органдарын құра алады және олардың жарғыларын (ережелерін) бекітеді.

АХО(Д) жоғары орган – Ассамблея (съезд), оның атқарушы органы – Басқарма, бақылаушы органы – Тексеру комиссиясы.

Ассамблея АХО(Д) жоғары органы бола отырып, АХО(Д) Төралқасы немесе Басқармасы анықтаған орында төрт жылда бір рет жиналады.

Ассамблея АХО(Д) мақсаттары мен міндеттерінің жүзеге асырылуына байланысты кез келген мәселені шешуге құқылы. Жарғыға сәйкес Ассамблея ерекше құзыретіне:

АХО(Д)-ты құру, қайта ұйымдастыру мен тарату туралы шешім қабылдау;

- АХО(Д) Жарғысын және Тексеру комиссиясы туралы Ережені бекіту, оған өзгерістер мен толықтырулар енгізу.

- Төралқаны, Басқарма мен Тексеру комиссиясын сайлау жағдайы.

Ассамблея төрт жыл мерзімге ашық дауыс беру арқылы Төралқаны сайлайды, оның құрамына Президент (Басқарма төрағасы), АХО(Д) қызметінің бағыттары бойынша Бірінші вице-президенттер, ТМД елдерінен және Ресей Федерациясының субъектілерінен вице-президенттері, сондай-ақ Басқарма мен Тексеру комиссиясы кіреді.

Президенттер және вице-президенттер болып сайланардың алдында кемінде он жыл адвокаттар алқасының мүшелігінде тұрған адвокаттар сайланады.

Қазіргі кезде АХО(Д) басшы органдарының құрамы

келесідей: АХО(Д) Президенті болып Воскресенский Георгий Алексеевич табылады. Ал АХО(Д) қызметінің бағыттары бойынша Бірінші вице-президенттері болып адвокаттардың құқықтары мен мүдделерін қорғау жөнінде Михаил Александрович Гофштейн мен Клен Николай Наумович, баспа қызметі жөнінде Рогаткин Алексей Алексеевич, жалпы және ұйымдастыру мәселелері бойынша Шаров Геннадий Константинович табылады. ТМД елдерінен және Ресей Федерациясының субъектілерінен вице-президенттердің арасында Қазақстан Республикасының екі өкілі бар. Олардың бірі Түгел Әнуар Құрманбайұлы (Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының Президенті). Сондай-ақ, Басқармаға Носова Лариса Степановна (Астана қаласының адвокаттар алқасының өкілі) сайланды. Бұл қазақстандық адвокаттардың беделінің жоғары екендігін көрсетеді.

Ассамблея Төралқа мен Басқарманың жана құрамына:

ТМД адвокаттары арасында тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз етуді, делегациялар алмасуы мен бірлескен семинарлар және ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыруды;

- шетел мен достастық елдерінде ғылыми-практикалық конференцияларды ұйымдастыру бойынша жұмыстарды жетілдіру.

- Еуропа Кеңесімен және халықаралық заңгерлік ұйымдармен өзара ықпалдастықты нығайтуды,

адам құқықтары мен негізгі бостандықтарын қорғау жөніндегі Конвенцияны, адам құқы жөніндегі Еуропалық Соттың Регламентін және қызметін, сондай-ақ азаматтар мен ұйымдарға заң көмегін көрсету бойынша демократиялық елдер адвокаттарының тәжірибесін зерттеу бойынша шаралар өткізуді ұйымдастыруды.

ТМД елдері үкіметтері басшыларына достастықтың бүкіл аумағында ТМД адвокаттарына көмек көрсету мүмкіндігі жөнінде шарттар жасау туралы ұсыныстар мен қайтадан өтініш жасауды;

- адвокаттарды даярлау мен қайта даярлау курстарын жандандыру үшін шаралар қабылдауды;

- мойындалған халықаралық нормаларды, сондай-ақ адвокаттық қызметтің негізін анықтайтын Еуропа Кеңесінің принциптері мен стандарттарын зерттеуді, орыс тіліне аударуды және жариялауды;

- адвокаттарды қисынсыз қудалаудың, олардың құқықтары мен бостандықтарының бұзылуының барлық жағдайлары туралы Төралқаға ұдайы хабарлауды тапсырады

Жарғыда қажетті жағдайда Кезектен тыс Ассамблеяны шақыру қарастырылған. Ол АХО(Д) Президентінің, Төралқасының немесе

Басқармасының бастамасы я болмаса АХО(Д) мүшелерінің үштен бірінің талабы бойынша үш айлық мерзімде шақырылады.

Ассамблея АХО(Д) Басқармасы белгілеген өкілдіктер нормасын ескере отырып шақырылады және оған ұжымдық мүшелермен аймақтық ұйымдардан сайланған делегаттардың елу пайыздан астамы қатысқанда заңды болып саналады. Барлық мәселелер оның жұмысына қатысқан барлық адвокаттардың жай көпшілік дауысымен шешіледі.

Басқарма Ассамблеялар арасындағы мерзімде жұмыс істейтін атқарушы орган болып табылады және өз отырысына жылына кемінде бір рет жиналады. Әрі қатысқан Басқарма мүшелерінің көпшілік дауысымен шешім қабылдайды.

Басқарма АХО(Д) қызметін жүзеге асыру үшін өзіне қажетті ауқымды өкілеттіктерге ие және оның қызметінің барлық ағымдық мәселелерін шешеді, оның ішінде:

- Төралқа жұмысы туралы Президент есебін тыңдайды;
- одақтың кірістер және шығыстар сметасын бекітеді;

АХО(Д) құрылымын, штатын, қызметкерлерінің жалақы көлемін анықтайды;

Жаңа вице-президенттер мен Басқарма мүшелерін ұсынады, оларды артынша Ассамблеяда бекітеді;

- АХО(Д) нысаналы бағдарламаларын, тұрақты жұмыс істейтін комитеттер, комиссиялар және АХО(Д)-тың өзге де органдарының басшыларын бекітеді;

Ассамблеяның ерекше құзыретіне жатпайтын АХО(Д) қызметінің өзге де мәселелерін талқылайды.

Тексеру комиссиясы АХО(Д)-тың бақылау-тексеру органы болып табылады.

Тексеру комиссиясы Ассамблея анықтаған санда, төрт жыл мерзімге ашық дауыспен сайланады және Тексеру комиссиясы туралы Ережеге сәйкес іс-әрекет етеді ²¹

Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) өз жарғысына сәйкес іс-әрекет етеді және адвокаттардың ұлттық одақтарына, алқалары мен қауымдастықтарына, әрі олардың мүшелеріне қатысты биліктік өкілеттіктері жоқ.

1998 жылғы 20 шілдеде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелген Адвокаттардың халықаралық одағының

²¹ Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығының) Жарғысы

(достастығының) Қазақ филиалы өз қызметінде «Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) Қазақ филиалы туралы» Ережені, АХО(Д) Жарғысын, Қазақстан Республикасының қолданымдағы заңнамасын, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңын, сондай-ақ халықаралық құқық нормаларын басшылыққа алады.

Қазақ филиалы қоғамдық бірлестіктің – Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығының) құрылымдық бөлімшесі болып табылады және адвокаттарды қорғау мен оларға өкілдік студі жүзеге асыратын бейүкіметтік, қоғамдық, коммерциялық емес халықаралық бірлестікке жатады. Ол түрлі мемлекеттер мен адвокаттарының бірлігін, ынтымақтастығын және өзара көмегін; адвокаттарының құқықтары мен мүдделерін қорғауды; заң ғылымын дамытуға, халықтың құқықтық мәдениетін көтеруге жәрдемдесуді қамтамасыз етеді және т.б.

Бақылау сұрақтары

1. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы қызметінің негіздері және құқықтық мәртебесі.
2. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының органдары және олардың өкілеттіктері.
3. Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы).
4. АХО(Д)-тың басшы органдары, құрылу тәртібі және оның құзыреті.

Лучше Жоржа Сименона не скажешь: "Понимать людей, а не судить. В жизни нет преступников – есть только жертвы"

VI ТАРАУ.

АДВОКАТТЫҢ ҚЫЛМЫСТЫҚ ІСТЕР ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША ЗАҢ КӨМЕГІН КӨРСЕТУІ

§ 1. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы заң көмегінің бір түрі ретінде

Адвокат өзінің кәсіби қызметінде әртүрлі заң көмегін көрсетеді. ҚР ҚІЖК әрбір адамға білікті заң көмегін алудың үлкен және тең мүмкіндігін береді. Бұл жағдайда заң көмегі өзінің мазмұны бойынша іс-әрекеттің үлкен шеңберін қамтиды, оның ішінде анықтау, алдын ала тергеу, сот органдарында заңды және жеке тұлғаларға өкілдік ету мен қорғауды жүзеге асырады. Адвокаттың қылмыстық процеске қатысуы – бұл адвокат қызметінің маңызды түрлерінің бірі, ол негізінен айыпталушыны (сезіктіні) қорғау әрекеттерін жүзеге асыруға байланысты.

Қорғау – қылмыс жасады деп сезік келтірілген адамдардың құқықтары мен мүдделерін қамтамасыз ету, айыптауды жоққа шығару немесе жеңіледі, сондай-ақ заңсыз қылмыстық ізге түсуге ұшыраған адамдарды ақтау мақсатында қорғау тарабы жүзеге асыратын іс жүргізу қызметі.

Қорғану тарабы сезікті, айыпталушы, олардың заңды өкілдері, қорғаушы, азаматтық жауапкер және оның өкілдері болып табылады.

Қылмыстық процестің әрбір сатысында айыпталушы қорғаушы көмегін қажетсінеді, онсыз айыпталушы өз кінәсіздігінің дәлелдерін келтіруге, сондай-ақ айыптауды теріске шығаратын немесе жауапкершілігін жеңілететін мән-жайларды анықтауға дәрменсіз.

Қорғаушы заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам

Тергеуші, анықтаушы қылмыс жасады деп күмән

келтірілгендігін хабарлап, соған байланысты ҚДЖК-де белгіленген негіздерде және тәртіппен өзіне қатысты қылмыстық іс қозғалған, не ұстау жүзеге асырылған, не айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған адам сезікті болып танылады.

Өзіне қатысты айыпталушы ретінде жауапқа тарту туралы қаулы шыққан адам, не өзіне қатысты сотта жеке айыптайтын қылмыстық іс қозғалған адам, сондай-ақ оған қатысты анықтау органының бастығы айыптау хаттамасын жасаған және бекіткен адам айыпталушы болып танылады.

Заң қорғаушы ретінде жіберілуі мүмкін тұлғаларды нақты анықтайды.

Оған жататындар:

а) адвокаттар, яғни адвокаттар алкасында мүшелікте тұрған тұлғалар;

б) жұбайы (зайыбы);

в) жақын туыстары мен заңды өкілдері;

г) өз бірлестіктері мүшелерінің істері бойынша кәсіподақтың және басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдері, олар өз өкілін бөліп, қорғаушы ретіндегі оның өкілеттігін айғақтайтын тиісті құжаттармен (шешім немесе хаттама, сенімхат) камсыздандырады

2002 жылғы 6 желтоқсан Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы N 26 қаулысында: «Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағындағы және ҚДЖК-нің 28-бабындағы әркімнің білікті заң көмегін алуға кепілдендірілген құқығы негізінде, қорғаушылар ретінде адвокаттың немесе ҚДЖК-нің 70-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың, егер олардың арнайы заңгерлік дайындығы және білікті заң көмегін көрсетуге *қабілеті болса*, іске қатысуы қорғану құқығын камтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады.

Егер сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның таңдап алған қорғаушысының білікті заң көмегін камтамасыз етуге *қабілеті болмаса*, қылмыстық процесті жүргізуші органдар іске қорғаушы ретінде адвокатты қатыстыру мәселесін талқылауға міндетті. Мұндай жағдайда қорғаушы ретінде таңдалып алынған адам іске кәсіпқой қорғаушымен бірге қатыса алады», деп белгілеген.

Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасында (ҚР ҚДЖК-нің 70-бабының 2-бөлігі) қорғаушы ретінде іске, егер бұл Қазақстан Республикасының тиісті мемлекетпен халықаралық шартында өзара негізде көзделсе, заңнамада белгіленген тәртіппен іске қорғаушы ретінде шетел адвокаттарының қатысуына жол беріледі.

Қорғаушылар (адвокаттар) іске қатысуға тұлға айып тағылған немесе ұсталған, айыпталушы деп танылған не айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған сәттен бастап жіберіледі.

Бір адам, екі сезіктінің, айыпталушының біреуінің мүддесі екіншісінің мүддесіне қайшы келетін болса, екеуіне бірдей қорғаушы бола алмайды.

Қылмыстық іс бойынша кәсіби қорғауды тек адвокаттар ғана жүзеге асырады.

Білікті заң көмегін алу құқығын жариялай отырып, Қазақстан Республикасының Конституциясы барлық азаматтарды бостандықтары мен заңды мүдделерін кәсіби қорғау құқығымен, қылмыстық ізге түсуден қорғану құқығын қоса алғанда, қамтамасыз ету принципін орнықтырды (ҚР ҚДЖК-нің 28-бабы). Осы ережеге сәйкес анықтауды жүргізетін адам, тергеуші, прокурор, сот әрбір іс бойынша азаматқа өз құқығын жүзеге асырудың нақты мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті. Құқықты тікелей немесе жанама шектеу, я болмаса әлеуметтік шығу тегі, лауазымдық немесе мүлктік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, діни ұстанымы, көзқарасы, тұрғылықты жеріне байланысты желеумен немесе кез келген басқа мән-жай бойынша өзге артықшылықты белгілеу заң бойынша жазаланады.

§ 2. Қорғаушының қылмыстық іске міндетті түрде қатысуының негіздері

Қылмыстық іс жүргізудегі сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның және ақталушының қорғану құқығы конституциялық принцип болып табылады, сондықтан қылмыстық процесті жүргізуші органдар Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында, 16-бабының 3-тармағында және ҚР ҚДЖК-нің тиісті нормаларында бекітілген ережелерді мүлтіксіз орындауға міндетті.

Заң қорғаушының қылмыстық іс бойынша міндетті қатысуының келесі негіздерін қарастырады.

Біріншіден, осындай негіздеме сезіктінің (айыпталушының) қорғаушы алғысы келетіндігі туралы өтініші болып табылады. Қорғаушыны міндетті қатыстыру институты оның қатысуын, ең алдымен, сезіктінің (айыпталушының) өз еркі және келісімі бойынша қарастырады.

Бұл жағдайда ешкім де сезіктіге (айыпталушыға) қорғаушы ретінде белгілі бір тұлғаны ұсына алмайды. Сезіктінің (айыпталушының) өзіне таңдаған қорғаушысының көмегін пайдалану құқығына кедергі келтіру іс жүргізу заңнамасын елеулі бұзушылық болып табылады. Қандай да бір себеп бойынша таңдаған қорғаушы іске қатысуға мүмкіндігі болмаған жағдайда (демалыс, іссапар, сырқаттану және т.б.) анықтауды жүргізетін тұлға, тергеуші, прокурор сезіктіге (айыпталушыға), басқа қорғаушыны шақыруды ұсынуға құқылы немесе оны қорғаушымен заң консультациясы арқылы қамтамасыз етеді.

Процесті жүргізуші орган сезіктінің (айыпталушының) қорғаушы алғысы келетіндігі туралы өтінішін елеуге құқығы жоқ. Оның қорғаушыны қандай сәтте шақырғандығының шешуші маңызы жоқ. Ең бастысы, заң көмегін айыпталушының өзіне қажет деп санағандығында, ал бұл өз кезегінде, тергеуші мен сотты айыпталушыны қорғаушымен қамтамасыз етуге міндеттейді.

Екіншіден, егер сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса, қорғаушының қатысуы міндетті. Қылмыс жасаған сәтте он сегіз жасқа толмаған, сондай-ақ бірнеше қылмысы үшін айыпталып, оның бірін он сегізге толмаған жасында жасаған тұлға кәмелетке толмаған болып саналады.

Кәмелетке толмағандардың қылмыстары туралы іс бойынша қорғаушы кәмелетке толмағандардан сезікті немесе айыпталушы ретінде алғаш рет жауап алынған сәттен бастап, ал айып тағылғанға дейін ұсталған немесе тұтқындалған жағдайда ұсталған немесе тұтқындалған сәттен бастап жіберіледі.

Егер кәмелетке толмаған сезікті (айыпталушы) не оның заңды өкілдері адвокатпен келісім жасамаса, тергеуші, прокурор, сот қылмыстық іс бойынша қорғаушымен қамтамасыз етеді.

Үшіншіден, сезікті немесе айыпталушы денсе немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын жағдайда. Бұл мән-жайдағы ахуалда сол тұлға әрекетке қабілетті болып танылғанмен, жүйкесінің ұдайы немесе ара-тұра бұзылатындығынан, тіл, көз, құлақ мүкістігінен немесе өзге де ауыр кемістігінен зардап шегетіндігі мензеледі.

ҚР Қылмыстық іс жүргізу кодексінде дене кемістігі бар тұлғалардың тізбесі толық келтірілмеген. Тіл, көз, құлақ мүкестігінен зардап шегушілерден басқа осы санаттағы қалған тұлғаларға келсек, өзге тосын кемістіктеріне орай өз құқығын қорғауды дербес жүргізе алмайтындығы немесе осы кемістіктерінің айтарлықтай деңгейде заң көмегін алу құқығын қиындататындығы өлшем болып табылады.

Психикалық кемістік – адамның санасында ақиқаттың толық көрінетіндігіне ықпал ететін кез келген психикалық ауру Алайда бұл жерде айыпталушыны әрекетке қабілетсіз деп тануға мүмкіндік бермейтін және қылмыс жасағандығы үшін жауапкершілікті жоймайтын, алайда айыпталушыға өз қорғану құқығын жүзеге асыруға кедергі келтіретін немесе қиындататын кемістіктер туралы айтылып отыр

Төртіншіден, сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмейді.

Қазақстан Республикасында қылмыстық сот ісі мемлекеттік тілде, ал қажеттілік болса сот ісінде мемлекеттік тілмен қатар орыс немесе басқа тілдер қолданылады. Басқа тіл ретінде сол жерде көп тұратын халықтың тілі түсініледі.

Бір қылмыстық іс бойынша отырыс қылмыстық іс жүргізетін органның Қаулысы бойынша белгіленген сот ісі тілдерінің бірінде жүргізіледі (жылдамдық пен қамтушылық, тиімділік пен қажеттілік ескеріледі).

Іс бойынша отырыс жүргізілетін тілді білмейтін немесе шала білетін айыпталушы, адвокат құқығының кез келген шектелуі және ана тілінде немесе олар білетін басқа тілде сотта сөз сөйлеу құқығымен қамтамасыз етпеу қылмыстық іс жүргізу заңының нормаларын елеулі бұзушылық болып табылады

Бесіншіден, адам жазалау шарасы ретінде он жылдан астам мерзімге бас бостандығынан айырылу, өмір бойы бас бостандығынан айырылу не өлім жазасы тағайындалуы мүмкін болатын қылмыстық істі жасағандығы үшін айыпталады

Алтыншыдан, айыпталушыға, сотталушыға, сотталған адамға, ақталған адамға бұлтартпау шарасы ретінде қамауға алу қолданылса немесе ол мәжбүр етіліп стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға жіберілсе. Бұл жағдайда күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталған адамдардың, ақталған адамдардың жеке өз басы жүріп-тұру еркіндігі

шектелінеді. Бірақ қорғаушы күдікті, айыпталушы қамауға алынып қойылғаннан кейін қатыстырылатыны өкінішті Біздің ойымызша, күдіктіге, айыпталушыға бұлтартпау шарасы ретінде қамау қолдану туралы мәселе шешілмей тұрып қатыстыру қажет

Жетіншіден, күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталған адамдардың, ақталған адамдардың мүдделері арасында қайшылық болып, олардың біреуінің қорғаушысы болса. Бұл жағдайда іс бойынша жауапкершілікке тарттырып отырған тұлғаларды ҚР ҚІЖК 21-бабына сәйкес сот әділдігі барша жұрттың заң мен сот алдында теңдігі негізінде жүзеге асырылуы және қылмыстық сот ісін жүргізу барысында ешкімді де шыққан тегі, әлеуметтік, лауазымдық және мүлкітік жағдайы, жынысы, нәсілі, ұлты, тілі, дінге қатысы, сенімдері, тұрғылықты жері бойынша немесе өзге де кез келген мән-жайлар бойынша қандай да болсын кемсітушілікке ұшыратуға болмайтындығын ескеру керек.

Сегізіншіден, қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге жәбірленушінің (жеке айыпталушының) немесе азаматтық талапкердің өкілі қатысса; Өкілі ретінде білгікті заң көмегін бере алатын маман – адвокат қатысады. Жәбірленушінің, азаматтық талапкердің мүдделері күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталған адамдардың, ақталған адамдардың мүдделеріне қайшы болып келеді. ҚР ҚІЖК 23-бабы бойынша қылмыстық сот ісін жүргізу айыптау және қорғау тараптарының бәсекелестігі мен тең құқықтылығы принципінің жүзеге асыру қағидасына негізделі отырып, қорғаушы міндетті түрде осы жағдайда қатысуы тиіс.

Тоғызыншыдан, іс сотқа қаралған кезде прокурор (мемлекеттік айыптаушы) қатысса; Қылмыстық іс жүргізде прокурор екі жақты құзыреттілікке ие. Әсіресе іс сотқа дейінге сатыда алдын ала тергеу, анықтау органдардың істі тергеуінің заңдылығын қадағалау функциясын атқару кезінде «ҚР Прокуратурасы туралы» заңымен. ҚР ҚІЖК 197, 289-баптарында белгіленген прокурорлық құзыреттілігін атқарады. Айыпталушы сотқа берілгеннен кейін, басты сот талқылау сатысында прокурор ҚР ҚІЖК 317-бабында белгіленген мемлекеттік айыптаушы статусына ие болады. Прокурор басты сот талқылауында мемлекет атынан сотталушыға қатысты айыптауды қолдап, қылмыстық ізге түсуді атқарады. Соттар басты сот талқылауынан басқа да (басты болып табылмайтын)

сот отырыстарын өткізеді. Басты сот талқылауынан тыс кезінде прокурор мемлекеттік ауыптаушы болып аталмайды. Адамның кінәлі немесе кінәлі еместігі басты сот талқылауында анықталып қойылған, сол себептен шағым немесе наразылық негізінде кассация, қадағалау тәртібімен каралатын сот процесі кезінде прокурор мемлекеттік айыптаушы деп аталмайды. Бұл сот процестерінде прокурор бірінші немесе екінші инстанциялық соттың шығарған үкімнің заңдылығы немесе заңсыздығы туралы өз қорытындысын береді.

Оныншыдан, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерлерде болса және алдын ала тергеу органдарына келуден жалғарса міндетті.

Қорғаушының қатысуы жоғарыда көрсетілген бірінші мен алтыншы, оныншы жағдайларда адам күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам болып танылған кезден бастап, жетінші жағдайларда - күдіктілердің, айыпталушылардың, сотталушылардың, сотталған адамдардың, ақталған адамдардың мүдделерінің арасындағы қайшылық анықталған кезден бастап, сегізінші, тоғызыншы жағдайларда - айыпталушыны сотқа берген сәттен бастап қамтамасыз етіледі.

Егер жоғарыда көзделген мән-жайлар болған кезде қорғаушыны күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның өзі, олардың заңды өкілдері, сондай-ақ олардың тапсыруы бойынша басқа да адамдар шақырмаса, қылмыстық процесті жүргізуші орган процестің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, орган ол туралы адвокаттардың кәсіптік ұйымы үшін міндетті қаулы шығарады.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдар ҚІЖК-нің 71-бабында көрсетілген жағдайларда қорғаушының міндетті түрде қатысуы туралы заң талабын қатаң түрде орындаулары қажет. Аталған норманың сақталмауын іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзушылық деп қарастырып, ал жиналған материалдар дәлелдемелік күші жоқ деп танылуы мүмкін.

§ 3. Адвокаттың қорғаушы ретінде қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын жағдайлар

Адвокаттар, кәсіби қорғау ғана айыпталушыға білікті заң көмегін қамтамасыз ете алатындықтан, қорғаушы бола алады.

Адвокат өз мәртебесін дәлелдеу үшін қажет жағдайда қылмыстық процесс жүргізетін органға өзінің тиісті адвокаттар алқасына жағатындығы туралы құжаттарды, адвокаттың осы іске қатысу құқығы үшін заң консультациясының берген ордері немесе маңызы бойынша оған теңестірілген құжатты (қорғаушыны тағайындау туралы қоғамдық бірлестіктің немесе оның басшы органдарының шешімі) тапсырады.

Сонымен қатар, заң қорғаушы ретінде сезіктінің, айыпталушы мен сотталушының жұбайын (зайыбын), жақын туыстары мен заңды өкілдерін, кәсіподақтардың және басқа қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін осы бірлестіктер мүшелерінің істері бойынша қатысуына жол береді. Бұл жағдайда заң шығарушы айыпталушының қорғауға өз жақын туыскандарын (олар сезіктімен немесе айыпталушымен туыскандық қатынасын дәлелдейтін құжат тапсырады) немесе заңды өкілдерін шақыруға және қорғауға жіберуге мәжбүр ететін моральдық себептерді (бөгде адамдарға отбасылық құпияларының, өмірдегі жыныстық қатынастарының жария болуын қаламайды) ескереді.

Алайда бұл жерде сезіктіні (айыпталушыны) тек кәсіби емес қорғаушылардың жоғарыда аталған санатын жіберумен ғана шектеп, олардың іске қатысуға кәсіби қорғаушыларды шақыру мүмкіндігінен айыруға болмайтындығын атап көрсету қажет. Өйткені ол адамдардың қорғау міндетін жүзеге асыруға қажет және жеткілікті білімдері әрдайым бола бермейді. Атап айтқанда, олар қорғаушы ретінде қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыратын органдардың шешімі немесе істі қарайтын соттың Қаулысы бойынша жіберіледі. Алайда олардан ерекшелігі адвокаттар қылмыстық процеске кәсіби қорғаушы ретінде қатысады.

ҚР ҚІЖК-ге сәйкес жақын туыстар болып ата-аналары, балалары, асырап алушылары, асырап алынғандар, бірге туған және бірге тұмаған туыс аға-інілері мен апа-сіңлілері, атасы, әжесі, немерелері саналады.

Заңды өкілдер олар сезіктінің, айыпталушының, жәбірленушінің, азаматтық талапкердің ата-аналары, асырап алу-

шылары, қорғаншылары, қамқоршылары, сондай-ақ сезіктіні, айыпталушыны немесе жәбірленушіні қорғап немесе асырап отырған ұйымдар мен адамдардың өкілдері.

Қамқорлығында немесе асырауында кәмелетке толмаған немесе өз құқығы мен заңды мүддесін дербес қорғай алмайтын дене немесе психикалық кемістіктері бар адамы бар тұлға заңды өкіл болып табылады. Заңды өкіл қылмыстық сот ісінің дербес қатысушысы болып табылады және мүддесін білдіретін тұлға мен қорғаушының көзқарасымен байланысты емес. Іске айыпталушы қорғаушысының қатысуы заңды өкілді шеттетуге әкеп соқтырмайды.

§ 4. Қорғанышыны шақыру, тағайындау және ауыстыру

Қылмыстық іс бойынша заң көмегін көрсету туралы тапсырманы адвокатқа көмекке жүгінуші тұлға (клиент) береді.

Қылмыстық істі жүргізу тапсырмасын адвокат кез келген тұлғаның өтініші бойынша қабылдайды. Егер айыпталушы сол адвокаттың қылмыстық істі жүргізуіне келіспесе, мұндай келісім бұзылуға тиіс.

Қолданыстағы қылмыстық іс жүргізу заңнамасы қорғаушыны айыпталушының немесе сезіктінің дербес шақыру, сондай-ақ оның жақын туыстары мен заңды өкілдерінің немесе айыпталушының және сезіктінің тапсырмасы не келісімі бойынша басқа тұлғалардың шақыру принципін орнықтырады. Айыпталушы немесе сезікті қорғану үшін бірнеше қорғаушы шақыруға құқылы.

Қорғаушыны таңдау құқығын беру, ең алдымен, сол қорғаушыға айыпталушы тарапынан сенімді қамтамасыз ету қажеттігімен түсіндіріледі (яғни, айыпталушы өз адвокатына хабарлаған мәліметтердің тек іс бойынша және өз мүддесіне пайдаланылатындығына сенімді болуға тиіс). Сөйтіп, қорғаушыны таңдау – тұлғаның еркі мен тілегіне байланысты. Бұл құқық процестің барлық сатысында қолданылады және сезіктінің, айыпталушының, сотталушының қорғану құқығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Сезіктінің, айыпталушының өтініші бойынша қорғаушының қатысуын процесті жүргізуші орган қамтамасыз етеді.

ҚР ҚІЖК 72-бабының тұжырымдамасынан байқалып тұрғандай, заң қорғаушыны шақыруда айыпталушының еріктілігі

және келісімі принципін ескереді. Қорғаушыны шақыру мен ауыстыру, әдеттегідей, заң консультациясының қорытындысы не адвокат кеңсесінің айыпталушымен келісімі арқылы немесе алдын ала тергеу органдары мен соттың тағайындауы бойынша рәсімделеді. Заң шығарушы азаматтардың қорғаушыны еркін таңдау құқығын қарастырады. Тергеуші мен сот заңда көзделмеген себептерге сілтеме жасап, мысалы, қорғаушының тағайындау бойынша іске қатысуына байланысты, айыпталушының қорғаушы шақыруына кедергі келтіруге құқығы жоқ.

Қылмыстық істі адвокаттың қорғауға қабылдау үшін практикада ең көп таралған негіз шақыру болып табылады. Оны адвокатты жеке таңдаған айыпталушының өзі жасайды және істің мәңжайын алдын ала талқылап, адвокатпен келісім жасайды. Осындай шақыртуды, сондай-ақ сезіктінің, айыпталушының заңды өкілдері, жақын туыстары жұбайы (зайыбы) немесе мүдделі тұлғалар жүзеге асыра алады.

Бұл жағдайда аталған тұлғалармен келісім жасалынады және соның негізінде ордер беріледі.

Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі ордермен қуаландырылады. Ордердің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді. Ордерлердің берілуін бақылау мен есепке алуды адвокаттар алқасынан төралқасы жүзеге асырады.

Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсету өкілеттігін белгілейтін құжатпен расталады.

Заң консультациясында немесе адвокат кеңсесінде ордер алмаған адвокат қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге қорғаушы ретінде қатыса алмайды. Оған заң консультациясының меңгерушісі немесе адвокат кеңсесінің иесі және тұлға (клиент) қол қояды. Тек осы негізде ғана адвокатқа заң консультациясының меңгерушісі немесе адвокаттық кеңсесінің иесі қол қойған іс жүргізуге арналған ордер беріледі.

Ордер – заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі беретін және нақты іс жүргізуге адвокаттың өкілеттігін айғақтайтын қатаң есептегі құжат.

Адвокаттар төралқасы адвокаттар алқасы ордерлерінің бірыңғай тізбесін жүргізеді және олармен заң консультацияларын және адвокат кеңселерін қамтамасыз етеді.

Бұдан адвокаттың заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі ордерін алғаннан кейін және осы іске оның қатысу мүмкіндігін жоққа шығаратын мән-жайлардың жоқ екендігіне көз жеткізгеннен кейін (ҚДЖК 97-бабында көзделген) ғана қорғаушы мәртебесін алатындығын көреміз. Өзіне қорғауды қабылдағаннан кейін клиентпен әңгімесінде оның қорғаушы межелеген көзқараспен келіспейтіндігіне көзі жеткен жағдайда, кейбір авторлар тұжырымдағандай, қорғаушының қорғаудан бас тартуға ешбір негіз жоқ. Бұл сезіктіде немесе айыпталушыда қорғаушыдан бас тарту және оны басқа қорғаушымен ауыстыру ниетін туғызуы мүмкін.

5. Қорғаушының процессуалдық жағдайы, құқықтары мен міндеттері

Қорғаушыда бір ғана іс жүргізу міндеті бар. Ол – қорғау міндеті. Қорғаушы процесте қорғау міндетін жүзеге асыру үшін қажет, одан айыпталушының да, мемлекеттің де күтетіні осы. Қылмыстық істі жүргізуші мемлекеттік органдар қорғаушының өз міндетін атқаруына нақты мүмкіндігінің болуы үшін барлық шараларды қабылдауға тиіс.

Адвокаттың өзіне қабылдаған сезіктіні, айыпталушыны немесе сотталушыны қорғаудан бас тартуға құқығы жоқ, бұл оның қызметінің кәсіптік сипатымен түсіндіріледі. Бас тартуға тек ерекше жағдайларда ғана жол беріледі (сырқаттану және өзге де объективтік себептер). Өзінің іс жүргізу міндетін бұзғаны үшін адвокат «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңында және адвокаттар алқасының Жарғысында белгіленген тәртіппен тәртіптік жауалкершілікке тартылады.

Қорғаушы – қылмыстық іс жүргізудің дербес субъектісі. Сонымен қатар ол айыпталушымен (сезіктімен) тығыз іс жүргізу қатынастарымен байланысты, сондықтан оның іс жүргізу дербестігінің белгілі бір шекарасы бар. Қорғаушы заң шегінде қорғауды жүзеге асырудың нысандары мен әдістерінде еркін, оның көзқарасы, егер оның өзі таңдаған қорғау бағыты айыпталушының жағдайына қолайлы болса, оның көзқарасы қорғауындағы адамдікінен басқаша болуы мүмкін, ал кейбір жағдайларда тіпті оның көзқарасын теріске шығаруға міндетті (өзіндік үкім, айыбын айғақтарсыз мойындау). Алайда қорғаушының қорғауындағы

адамның жағдайын қандай да бір деңгейде төмендететіндей мән-жайдан әрекетсіз қалуға құқығы жоқ. Әйтпесе қорғану құқығы өз маңызын жоғалтады.

Қорғауды табысты іске асыру үшін адвокатқа ауқымды іс жүргізу құқықтары берілген. Қатысуға жіберілген сәттен бастап ол мыналарды жүзеге асыруға қақылы:

1) сезіктімен немесе айыпталушымен олардың саны мен ұзақтығы шектелместен оңаша және құпия жолыуға;

2) заңгерлік көмек көрсету үшін қажетті заттарды, құжаттарды және мәліметтерді жинауға және ұсынуға;

3) айып тағылған кезде қатысуға, сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алу кезінде, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтініші бойынша жүргізілетін өзге де тергеу әрекеттеріне, сондай-ақ қорғаушының өз өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;

4) қарсылықтар білдіруге;

5) айыптау тізімін қоспағанда, ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулымен, сезіктінің, айыпталушының немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жасалған тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, сезіктіге және айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуы тиіс болатын құжаттармен, ал анықтау немесе алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық матери-алдармен танысуға, одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;

6) өтініш, оның ішінде кәуіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті, жариялауға (өтініш жасау - тараптың немесе мәлімдеушінің қылмыстық процесті жүргізуші органға арналған өтініші);

7) кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, соттың талқылауына қатысуға, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, жанадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жанарту кезінде соттың отырысына қатысуға;

8) әрбір беттегі мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өз қолын қоя отырып, ал сот отырысы хаттамасының бөлігімен танысқан кезде әрбір беттің соңына және осы бөліктің соңына қол қоя отырып, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпе енгізуге;

9) іс жүргізу құжаттарының көшірмелерін алуға;

10) қылмыстық процесті жүргізуші адамның және қылмыстық

процесске қатысушы өзге адамдардың заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды іс жүргізу құжаттарына енгізуді талап етуге;

11) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері мен шешімдеріне шағым енгізуге және оларды қарауға қатысуға.

12) заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

13) тергеуші немесе анықтаушы жауап алып болғаннан кейін тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысушы қорғаушы жауап алынып отырған адамдарға сұрақтар қоюға. Бұл орайда, тергеуші, анықтаушы қорғаушының сұрақтарын қабылдамауына болады, бірақ берілген сұрақтардың бәрін хаттамаға енгізуге міндетті;

14) тергеу әрекетінің хаттамасына оның жазбаларының дұрыстығы мен толықтығына орай жазбаша ескертпе жасауға.

Қылмыстық процесті жүргізу органдардың заңсыз әрекеттері болып мыналар танылады

- ҚР ҚІЖК-нің 33-бабының 1-бөлігінде, 34-бабының 1-бөлігінде көрсетілген. осы баптардың 2-бөліктерінде көрсетілген реттерден басқа, қылмыстар жөніндегі істер бойынша жеке айыптаушының арызынсыз қылмыстық іс қозғау және қылмыстық ізге түсуді жүргізу;

- дәл сол айыптау және дәл сол адамға қатысты қылмыстық істі қозғаудан бас тарту туралы бұзылмаған қаулы болған жағдайда қылмыстық іс қозғау.

- істі қылмыстық ізге түсу органдарының қылмыстық істі тоқтату туралы бұзылмаған Қаулысы, сондай-ақ дәл сол айыптау және дәл сол адамға қатысты қылмыстық ізге түсудің мүмкін еместігін белгілеген күшіне енген үкім немесе сот Қаулысы бола тұра қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру.

- қылмыс оқиғасының немесе адамның әрекетінде қылмыс құрамының болмағанын, прокурордың және жеке айыптаушының айыптаудан бас тартқанын, жеке айыптау ісі бойынша жеке айыптаушының айыптаудан бас тартқанын, (ҚР ҚІЖК-нің 33-бабының 2-бөлігінде көзделген реттерден басқа), ҚР Қылмыстық кодекстің 69, 75, 85-баптарында көзделген қылмыстық жауапкершілікке тарту мерзімінің ескіруін және адамның осы негіз бойынша істі тоқтатуға келісімін. ҚР Қылмыстық кодекстің 67-бабында көрсетілген реттерде жәбірленуші мен айыпталушының.

сезіктінің татуласқанын, адамның жасаған әрекеті үшін қылмыстық жауапкершілікті жоятын жаңа қылмыстық заңның қабылданғанын, жазадан босататын рақымшылық актінің шыққанын және адамның осы негіз бойынша істі тоқтатуға келісімін, адамға кешірім жасау актісінің қабылдануын растайтын фактілер анықталғаннан кейін қылмыстық ізге түсуді жүзеге асыру.

ҚР ҚІЖК-нің 74-бабының 4-бөлігіне сәйкес қорғаушының келесідей іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ:

1) өзінің қорғауындағы адамның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасауға және оған тиесілі құқықтарды жүзеге асыруына кедергі жасауға;

2) қорғауындағы адамның айқындамасына қарамастан оның қылмысқа қатысын және оны жасағанына кінәлілігін мойындауға, қорғауындағы адамның жәбірленушімен татуласқандығы туралы мәлімдеуге;

3) азаматтық талапты мойындауға.

4) қорғауындағы адам берген шағымдар мен өтініштерді кері қайтарып алуға;

5) заңгерлік көмек көрсетуге өтініш білдіруге және оны жүзеге асыруына байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жариялауға.

ҚР ҚІЖК-не «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне алқабилердің қатысуымен қылмыстық сот ісін жүргізуді енгізу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2006 жылғы 16 желтоқсандағы №122-III ҚРЗ Заңына сәйкес толықтырулар енгізілуіне байланысты алқабилердің қатысуымен істер бойынша қылмыстық іс жүргізуге қорғаушының қатысуының ерекшеліктерін айта кеткен жөн.

ҚР ҚІЖК-нің 548-бабына сәйкес алдын ала тыңдау міндетті түрде қорғаушының қатысуымен жүргізіледі, сондай-ақ егер іс бойынша сотталушылардың ең болмағанда біреуінің істі соттың алқабилердің қатысуымен қарауы туралы өтініші болған жағдайда да. Ал ҚР ҚІЖК-нің 551 және 554-баптарына сәйкес қорғаушы қылмыстық іс бойынша сот талқылауына қатысу үшін алқабиге үміткерлерді іріктеу барысында алқабиге үміткерді істі қарауға қатысудан босату туралы мәселені объективті шешу мақсатында төрағалық етуші қоятын үміткерлерге жазбаша түрде сұрақтарды ұсынуға. ҚР ҚІЖК-нің 554-бабымен белгіленген тәртіппен

алқабиге үміткерге қарсылық білдіруді мәлімдеуге, төрағалық етуші арқылы алқабиге кандидаттардың кейбіреуінің өзін таныстыруын сұрауға құқылы. Сотталушы өзінің қорғаушысына алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру құқығын жүзеге асыруды тапсыруға құқылы. Егер сотталушы өзінің алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіру құқығынан бас тартса, онда қорғаушы оның келісімсіз алқабиге кандидаттарға қарсылық білдіруге өз бетінше қатысуға құқылы емес.

§ 6. Адвокаттың қылмыстық процеске жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілі ретінде қатысуы

Сезіктімен, айыпталушымен және сотталушымен қатар білікті заң көмегіне сондай-ақ өзін немесе мүддесі білдіріліп отырған құқықтары мен мүдделерін қорғайтын қылмыстық процеске өзге де қатысушылар да мұқтаж. Мұндай қатысушыларға, атап айтқанда, жәбірленуші, азаматтық талапкер, жеке айыптаушы мен азаматтық жауапкер жатады. Бұл субъектілер өз құқығын жеке, сондай-ақ өкілінің көмегі арқылы жүзеге асырады.

Бұл жағдайда жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің заңды мүдделерін заңның немесе келісімнің шегінде білдіруге өкілетті тұлғалар өкіл бола алады. Сонымен жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілдері ретінде адвокаттар мен заң күшіне орай құқықты өзге тұлғалар (ата-аналар, асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар және басқалар) және қылмыстық процесті жүргізуші органдардың Қаулысымен іске қатысуға жіберілгендер қылмыстық іс бойынша іс жүргізу кезінде жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің мүдделерін білдіре алады.

Сонымен қатар адвокат жоғарыда аталған тұлғалардың өкілі ретінде олармен келісім жасалып, заң консультациясынан не адвокат кеңсесінен ордер алғаннан кейін қатыса алады (адвокат заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі құрамында жұмыс істеген жағдайда). Егер адвокат өз қызметін заңды тұлғаны тіркемей жеке дара жүргізсе, онда өз клиентінің мүддесін білдіру мақсаты үшін тиісті шарт негіздеме болып табылады, онда адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясының нөмірі мен алынған күні көрсетіледі.

Адвокатты жәбірленушінің азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілдері ретінде қылмыстық процеске қатысуға осы тұлғалардың өзі, сондай-ақ олардың заңды өкілдері шақыра алады. Кәсілетке толмаған немесе өзінің дене немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін іске міндетті түрде қатысуға олардың заңды өкілдерімен қатар олардың өкілдері тартылады. Мұндай жағдайларда жәбірленушінің өкілі ретінде жәбірленуші не оның заңды өкілі таңдаған адвокатқа рұқсат беріледі. Егер жәбірленушінің өзі немесе оның заңды өкілі адвокат шақырмаған жағдайда, адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті қаулы шығару жолымен қылмыстық процессті жүргізуші орган адвокаттың қатысуын қамтамасыз етеді. Қылмыстық процессті жүргізуші орган нақты адвокатты қорғаушы ретінде шақыруға ұсыным беруге құқылы емес.

Азаматтық талапкер, жеке айыптаушы және азаматтық жауапкер өкілінің өзі мүддесін білдіретін жеке және заңды тұлғалардікіндей іс жүргізу құқығы бар.

Адвокат азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің өкілі ретінде міндетті:

- өзі мүддесін білдіретін процеске қатысушыларға білікті заң көмегін көрсетуге;
- өзі мүддесін білдіретін процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін белсенді қорғауға;
- өзі өкілі болып отырған процеске қатысушының мүдделеріне қайшы қандай да болмасын әрекеттер жасамауға;
- айғақ жинауға, тексеруге және бағалауға, айғақты зерттеуге қатысуға бағытталған қолдау хат мәлімдеу жолымен азаматтық талаптың негіздері мен көлемін анықтау үшін қылмыстық іс бойынша дәлелдеуге қатысуға және т.б.

Бұдан адвокаттың жәбірленушінің, азаматтық талапкердің, жеке айыптаушының және азаматтық жауапкердің барлық мүдделерін емес, тек заңды құқықтары мен мүдделерін ғана қорғауға тиістілігін көреміз.

§ 7. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі

Адвокат білікті заң көмегін қылмыстық істер бойынша ғана емес, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша да жеке тұлғалар мен заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсетеді.

ҚР ӘҚТК-нің 588 және 593-баптарында адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша білікті заң көмегін қорғаушы және жәбірленушінің өкілі ретінде көрсетуі көзделген.

ҚР ӘҚТК-нің 588-бабының 1-бөлігінде берілген анықтамаға сәйкес қорғаушы – бұл әкімшілік жауапқа тартылушы адамның құқықтары мен мүдделерін заңда белгіленген тәртіппен қорғауды жүзеге асыратын және оған заң көмегін көрсететін адам. Әкімшілік құқық бұзушылық істерге қорғаушы ретінде шетелдік адвокаттар да қатысуға жіберілуі мүмкін. Алайда бұндай істер бойынша қорғаушы ретінде жіберу үшін Қазақстан Республикасы мен адвокат өз адвокаттық қызметін жүзеге асырып жүрген мемлекетпен халықаралық шарт болуы тиіс.

Қорғаушы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысуға мына екі сәттің біреуі орын алған сәттен бастап араластырылады:

- 1) әкімшілік құқық бұзушылық жауапқа тартылушы адамды ұстау кезінен бастап;
- 2) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден.

Бұл орайда әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша бірнеше әкімшілік жауапқа тартылушы адам болған жағдайда бірінің мүдделері екіншісінің мүдделеріне қайшы келетін, әкімшілік жауапқа тартылатын екі адамға бір адамды қорғаушы етуге болмайтынын ескерген жөн.

Барлық әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша қорғаушының қатысуы міндетті емес. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам қорғаушысыз өзін-өзі қорғауды өз бетінше жүзеге асыруға, сондай-ақ іс жүргізудің кез келген кезінде қорғаушыдан бас тартуға құқылы. Қорғаушыдан бас тарту – бұл өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның өзін қорғауды өз бетінше жүзеге асыру ниетін білдіреді. Бас тарту аталған адаммен жазбаша түрде ресімделеді. Бірақ заң көмегіне ақы төлеуге қаражаты жоқтығын сылтау етіп қорғаушыдан бас тарту әкімшілік құқық бұзушылық

туралы істі қарауға уәкілетті судьямен, органмен және лауазымды адаммен қабылданбайды

Сонымен бірге, өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қорғаушыдан бас тартуы оны бұдан былай қорғаушыны іске қатысуға жіберу туралы өтініш жасау құқығынан айырмайтынын атап кеткен жөн. Бұл орайда қорғаушының іске кірісуі сол уақытқа дейін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау барысында жасалған әрекеттерді қайталауға әкеп соқпайды.

Алайда ҚР ӘҚТК-нің 589-бабында әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізуге қорғаушы міндетті түрде қатысуы тиіс жағдайлар көрсетілген. Олар төмендегідей жағдайлар:

1) егер, әкімшілік жауапқа тартылушы адам бұл жөнінде өтініш жасаса;

2) егер, әкімшілік жауапқа тартылушы адам дене немесе психикалық кемістіктері салдарынан өзін қорғау құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмайтын болса;

3) егер, әкімшілік жауапқа тартылушы адам іс жүргізіліп отырған тілді білмесе;

4) егер, істің материалдарында әкімшілік жауапқа тартылушы адамға медициналық сипатта мәжбүрлеу шаралары белгіленуі мүмкін деп пайымдайтын деректер болса;

5) егер, әкімшілік жауапқа тартылушы адам кәмелетке толмаған болса, қорғаушының қатысуы міндетті

Аталған жағдайларда әкімшілік жауапқа тартылушы адамның өзі, оның заңды өкілдері, сондай-ақ оның тапсыруымен басқа да адамдар қорғаушы шақырмаса, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) іс жүргізудің тиісті сатысында қорғаушының қатысуын қамтамасыз етуге міндетті, бұл туралы олар кәсіби адвокаттар ұйымы орындауға міндетті қаулы шығарады.

Адвокатты қорғаушы ретінде өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам, оның заңды өкілдері, сондай-ақ өзіне қатысты әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның тапсыруымен немесе келісуімен басқа да адамдар шақыра алады. Сонымен бірге, өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам қорғау үшін бір немесе бірнеше қорғаушы шақыруға құқылы. Өзі жөнінде

әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның өтінуі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) қорғаушының қатысуын қамтамасыз етеді.

Таңдалған немесе тағайындалған қорғаушының қатысуы мүмкін болмаған жағдайларда, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судья, орган (лауазымды адам) өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға 24 сағат ішінде басқа қорғаушы шақыруды ұсынуға немесе адвокаттар алқасы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушы тағайындауға шаралар қолданады. Бұл орайда өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) қорғаушы ретінде белгілі бір адамды шақыруға ұсыныс айтуға құқығы жоқ. Әкімшілік ұстау жағдайында, егер өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адам таңдаған қорғаушының 3 сағат ішінде келуі мүмкін болмаса, өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамға әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті судья, орган, лауазымды адам басқа қорғаушы шақыруды ұсынады, ал одан бас тартылған жағдайда адвокаттар алқасы немесе оның құрылымдық бөлімшелері арқылы қорғаушыны тағайындауға шаралар қолданады.

Әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша адвокаттың қорғаушы ретінде білікті заң көмегін көрсеткені үшін еңбек ақы төленеді. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті судья, орган немесе лауазымды адам Қазақстан Республикасының заңдарында негіз болған жағдайда өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамды заң көмегіне ақы төлеуден толық немесе шінара босатуға құқылы. Бұл жағдайда еңбекке ақы мемлекет есебінен төленеді. Бұндай жағдайларға білікті заң көмегіне ақы төлеуге қаражаттың жоқ болуы, адвокаттың клиентпен іс жүргізуге келісім жасаспай, тағайындау арқылы қатысуы болуы мүмкін.

Әкімшілік құқық бұзушылық іске адвокаттың қорғаушы ретінде қатысуын растайтын құжат адвокаттың куәлігі және нақты істі жүргізуге оның өкілеттігін куәландыратын ордер болып табылады. Осыларды адвокаттың көрсетуі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске ол қатысуға уәкілетті судьямен, органмен, лауазымды адаммен жіберіледі.

Қорғаушының өкілеттігінің жалпы көлемі ҚР ӘҚТК-нің 592-бабымен айқындалған, сондай-ақ оның құқықтары да

ҚР ӘҚТК-нің 592-бабына сәйкес қорғаушы құқылы:

1) әкімшілік құқық бұзушылық істің барлық материалдарымен танысуға;

2) әкімшілік құқық бұзушылық істі қарауға қатысуға;

3) дәлелдемелер табыс етуге, өтініш мәлімдеуге және қарсылық білдіруге;

4) әкімшілік құқық бұзушылық істерді қарауға уәкілетті судьяның, органның (лауазымды адамның) рұқсатымен істің қарату процесінде жауап берушіге сұрақтар қоюға;

5) әкімшілік құқық бұзушылық іс жүргізуді қамтамасыз етуге қолданылатын шаралар жөнінде шағымдануға,

6) әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша қаулы жөнінде шағымдануға,

7) өзіне заңмен берілген өзге де құқықтарды пайдалануға құқылы

Жоғарыда аталған қорғаушының құқықтарына ҚР ӘҚТК-нің 645-бабымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген судьядан, алқалы орган мүшесінен, лауазымды адамнан қорғаушының бас тарту құқығын қоса атап кеткен жөн. Егер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген судья, алқалы органның мүшесі, лауазымды адам, егер ол адам:

1) жауапқа тартылып отырған адамның немесе жәбірленушінің, олардың заңды өкілдерінің, қорғаушысының немесе өкілінің туысы болса;

2) істің шешілуіне жеке басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса, бұл істі қарай алмайды.

Аталған мән-жайлар болған кезде қорғаушы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тартатындығын мәлімдеуге құқылы.

Судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тарту туралы мәлімдеме тиісті соттың төрағасына, алқалы органның басшысына, жоғары тұрған лауазымды адамға қорғаушымен беріледі. Судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тарту туралы мәлімдемені соттың төрағасы, алқалы орган, жоғары тұрған лауазымды адам ол түскен күннен бастап бір тәулік ішінде қарайды. Судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тарту туралы мәлімдемені қарау нәтижелері бойынша мәлімдемені қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарылады

Қорғалушының құқығы жоқ:

1) қорғалушының мүдделеріне қарсы қандай да болсын іс-әрекеттер жасауға;

2) қорғалушының өз құқықтарын жүзеге асыруына келергі келтіруге.

3) қорғалушының көзқарасына қарамастан, оның әкімшілік құқық бұзушылыққа қатыстылығын және оны жасауға кінәлілігін тануға, қорғалушының жәбірленушімен татуласқандығы туралы мәлімдеуге;

4) қорғалушының берген шағымы мен өтінішін қайтарып алуға;

5) заң көмегін сұрау мен оның жүзеге асырылуына байланысты өзіне белгілі болған мәліметтерді жария етуге құқы жоқ.

Жоғарыдағы аталғанға қоса адвокаттың әкімшілік жауапқа тартылушы адамды өз мойнына алған қорғалудан бас тартуға құқығы жоқ.

ҚР ӘҚТК-нің 593-бабында адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық іс жүргізуге жәбірленушінің заңды мүдделерін білдіретін өкіл бола алатындығы көрсетілген. Бұл орайда әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша жәбірленуші ретінде әкімшілік құқық бұзушылықтан тән жаракатын алған, мүліктік немесе моральдық жағынан зақым келтірілген жеке немесе заңды тұлға табылады. Бұл жерде жәбірленушінің барлық әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша бола бермейтінін айта кеткен жөн. Яғни, әрбір әкімшілік құқық бұзушылықты жасау кезінде жеке тұлғаларға немесе заңды тұлғаларға тән жаракаты, мүліктік немесе моральдық зақым келтіріле бермейді. Бұның өзі ҚР ӘҚТК-нің 635-бабының 2-бөлігінде көзделген әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттаманы жасау тәртібінен көруге болады. Жеке тұлғаны немесе заңды тұлғаны әкімшілік құқық бұзушылық іс бойынша жәбірленуші ретінде тану үшін қылмыстық іс жүргізудегідей жеке іс жүргізушілік құжат – қаулы қабылданбайды. Әкімшілік құқық бұзушылық жасау нәтижесінде жеке тұлғаға немесе заңды тұлғаға тән жаракаты, мүліктік немесе моральдық жағынан зақым келтірілген және олар бар болса, ҚР ӘҚТК-мен әкімшілік жауаптылық көзделген әкімшілік құқық бұзушылық бойынша іс жүргізуге уәкілетті лауазымды адам әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттамада жәбірленушілердің аты-жөнін, мекен жайын көрсетеді. Бұдан басқа ҚР ӘҚТК-нің 80-113-баптарымен

көзделген әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы іс бойынша жәбірленуші жеке тұлғалар бұзылған құқықтарын қалпына келтіру туралы арыз жазған жағдайда (ҚР ӘҚТК-нің 639-бабының 2-бөлігі) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасамай-ақ, жәбірленуші сотпен істі қарау барысында анықталады.

Адвокат жәбірленушінің өкілі ретінде өзі өкіл болып отырған жәбірленушінің ӘҚТК-мен оларға тиісті құқықтарға ие болады, соның ішінде атап айтсақ жәбірленуші атынан әкімшілік құқық бұзушылық ісінің барлық материалдарымен танысу, дәлелдемелер табыс ету, өтініш және қарсылық білдіру, әкімшілік құқық бұзушылық жасалғаны туралы хаттамаға және әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымдану құқықтарына, ҚР ӘҚТК-мен жәбірленушіге берілген өзге де іс жүргізу құқықтарға. Әрине адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша да жәбірленушінің өкілі ретіндегі өкілеттігі ҚР АҚ-нің 167-бабымен көзделген тәртіппен сенімхатпен рәсімделеді.

Жоғарыда аталғандардан басқа, жәбірленуші өкілінің ҚР ӘҚТК-нің 645-бабымен көзделген әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген судьядан, алқалы орган мүшесінен, лауазымды адамнан бас тарту құқығы бар. Егер, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген судья, алқалы органның мүшесі, лауазымды адам, егер ол адам:

1) жауапқа тартылып отырған адамның немесе жәбірленушінің, олардың заңды өкілдерінің, қорғаушысының немесе өкілінің туысы болса;

2) істің шешілуіне жеке басы, тікелей немесе жанама түрде мүдделі болса, бұл істі қарай алмайды.

Аталған мән-жайлар болған кезде жәбірленушінің өкілі әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс қарауға берілген судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тартатындығын мәлімдеуге құқылы

Судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тарту туралы мәлімдеме тиісті соттың төрағасына, алқалы органның басшысына, жоғары тұрған лауазымды адамға беріледі. Судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тарту туралы мәлімдемені соттың төрағасы, алқалы орган, жоғары тұрған лауазымды адам ол түскен күннен бастап бір тәулік ішінде қарайды. Судьядан, алқалы органның мүшесінен, лауазымды адамнан бас тарту туралы мәлімдемені қарау нәтижелері бойынша

мәлімдемесі қанағаттандыру туралы не оны қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарылады.

ҚР ӘҚТК-нің 593-бабының 3-бөлігіне сәйкес жәбірленушінің өкілі өзі өкілі болып отырған жәбірленуші адамның мүдделеріне қайшы қандай да бір іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ.

Сонымен бірге ҚР ӘҚТК-нің 593-бабының 4-бөлігіне сәйкес жәбірленушінің ісіне жеке қатысының бар болуы адвокатты оның ісі бойынша оның өкілі болу құқығынан айырмайды.

Бақылау сұрақтары

1. Қылмыстық іс бойынша қорғаушы тұлғалар кімдер болады?

2. Ұстау және бұлтартпау шараларын қолданғанда адвокаттардың іс-әрекеті қандай болады?

3. Адвокат қылмыстық іс бойынша іс қозғау сатысына қалай қатысады?

4. Алдын ала тергеу кезіндегі адвокат-қорғаушының қызметі қандай болады?

5. Адвокат қандай қылмыстық жауаптылықты жеңілдететін мән-жайларды қолдануды ұсына алады?

6. Қорғау мүддесі үшін сот сараптамасын тағайындау және қорығындылау негіздері қалай болады?

7. Алдын ала тыңдау сатысындағы адвокаттың рөлі?

8. Адвокаттың сот процесіне дайындалуы және сот тергеуіне қатысуы кезінде қандай әрекеттер жасайды?

9. Қорғаушыдан бас тарту негіздері?

10. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысуы қай кезден басталады?

11. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қорғаушыдан бас тарту құқығы және тәртібі қандай?

12. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қорғаушыны шақыру тәртібі қандай?

13. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтары қандай және қандай іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ?

14. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша жәбірленушінің өкілі ретіндегі құқықтары қандай?

*«Адвокатура должна быть свободной или
ее не должно быть вообще».*

Девликамов Анвар Аминович

VII ТАРАУ. АДВОКАТТЫҢ АЗАМАТТЫҚ ІСТЕР БОЙЫНША АТҚАРАТЫН ҚЫЗМЕТІ

§ 1. Азаматтардың сотқа шағымдану және соттағы өкілеттік құқығы

Қазақстан Республикасының Конституциясына және ҚР АІЖК-нің қағидаларына сәйкес әрбір адам бұзылған немесе даулы конституциялық құқықтарын, бостандықтарын немесе заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау үшін сотқа жүгінуге құқылы. Мемлекеттік органдар, заңды тұлғалар немесе азаматтар заңда көзделген жағдайларда өзге аламдардың немесе аламдардың белгілі бір тобының құқықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау туралы сотқа арыз беріп жүгінуге құқылы (ҚР АІЖК 8-бабының 1-тармағы).

Әрбір адамның азаматтық процесс барысында білікті заң көмегін алуға құқығы бар.

ҚР АІЖК-де көзделген жағдайларда заң көмегі тегін көрсетіледі.

Жеке және заңды тұлғаларға азаматтық істерді қарау кезінде көмек көрсете, мүдделерін білдіре отыра, адвокаттар істі заңға дәл сәйкестікпен дұрыс шешуге жәрдемдеседі. Азаматтық процеске қатысушылардың азаматтық заңнама нормаларын білмегендіктен өз құқықтарын жүзеге асыру жолдары туралы қате пікірде болатын оқиғалар да кездеседі. Мұның арты уақыттың жоғалуына, денсаулықтың төмендеуіне және сот дауын шешу үшін артық қаражаттың жұмсалыуына әкеліп соғады. Бұл мәселе қолданыстағы заңнама шегінде басқа әдістермен шешілуі мүмкін. Осы жағдайда адвокаттың білікті көмегі тұлғаға (клиентке) өз құқықтары мен мүдделерін қорғаудың өте тиімді жолдарын таңдауға мүмкіндік береді.

Кез келген қолсұғушылық пен тәртіп бұзушылықтың кімнің тарапынан болғандығына қарамастан, азаматтардың құқығын

корғау жөніндегі өз міндетін адвокаттар заңда көзделген барлық құралдармен және әдістермен жүзеге асырады. Бұл – заңгерлік мәселелер бойынша консультация беру; азаматтардың және меншік нысанына карамастан заңды тұлғалардың тапсырмасы бойынша сотта өкілдік ету; талапкерлердің, жауапкерлердің және өзге тұлғалардың өкілі ретінде азаматтық істерде сот талқылауына қатысу, сондай-ақ өзге іс бойынша өкіл, оның ішінде кәсіби заңгер – адвокат ұстау құқығы азаматтық іс жүргізу құқық қабілетінің құрамдас бөлігі болып табылады.

Азаматтың іске өзінің қатысуы бұл жағдайда оны өз өкілін ұстау құқығынан айырмайды. АІЖК азаматтарға сотта өз ісін жүргізудің ең ыңғайлы әдісін таңдауға, атап айтқанда.

- істі жеке жүргізуге;

- істі өкілмен бірге жүргізуге;

- істі процеске қатыспай өкіл арқылы жүргізуге мүмкіндік береді

Барлық жағдайда іс жүргізуге байланысты барлық шығынды, сондай-ақ сот шешімін, анықтамасы мен Қаулысын орындауға байланысты барлық шығынды істе тарап болып табылатын тұлға өтейді.

Сөйтіп іске тұлғаның жеке қатысуы кәсіби корғау тарабынан болатын көмекті жоққа шығармайды, оның үстіне азаматтық-құқықтық даудың толық құқықты қатысушысы ретінде іс-әрекет ететін азаматтың тілегі мен мүддесіне сай онымен үйлесім табуы мүмкін

Заңды тұлғалардың ісін сотта олардың органдары және заңдармен, басқа нормативтік құқықтық актілермен, құрылтай құжаттармен, сенімхатпен берілген өкілеттік шегінде іс-әрекет ететін өкілдері жүргізеді. Кәсіптік негіздегі көмекті, сондай-ақ әртүрлі азаматтық-құқықтық шарттар бойынша ұйымдарға қызмет ететін адвокаттар да көрсете алады.

Заңды тұлғалардың басшылары сотқа олардың лауазымдық жағдайы мен өкілеттігін айғақтайтын құжаттарды тапсырады. Заңды тұлғаның органы іске тиісті өкілеттілігі бар өзге өкілмен қатар қатыса алады.

Азаматтық істерді талқылау кезінде сотта өкілдік ету әрбір тараптың, оның ішінде үшінші тұлғаның құқықтары мен заңды мүдделерін корғау үшін заңда көзделген барлық іс жүргізу құралдары мен әдістерін пайдалануды өз мақсаты етеді. Та-

лап қоюшы мен жауапкер процесте өз атынан сөз сөйлеп мән-жайларға талаптар мен наразылықтардың заңдылығын негіздейтін айғақтарды келтіру арқылы өзінің материалдық-құқықтық мүдделерін қорғайды. Ал сот өкілдері болса, сот ісіне олардың немесе үшінші тұлғалардың атынан қатыса отыра, өз мүддесін білдіріп отырған тараптың құқығын қалпына келтіретін не дауға түсіп отырған құқықты бұзудан қорғайтын шешім шығару қажеттігі үшін соттың көзін жеткізуге тырысады. Сөйтіп соттық талқылауының мәні өкілдің іс бойынша жоқ жеке материалдық-құқықтық мүддесі емес, керісінше, өз мүддесін білдіріп отырған азаматтық-құқықтық дауға қатысушылардың құқықтары мен міндеттері болып табылады.

Сотта өкілдік етудің екі түрі бар – заң бойынша өкілдік ету және шарт негізінде өкілдік ету.

Заңмен өкілдік ету процесте әрекетке қабілетсіз азаматтардың, әрекет қабілетіне толық ие емес немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын және заңмен қорғалатын мүдделерін қорғау мақсатында жүзеге асырылады. Өздерінің өкілеттігін куәландыратын құжаттарды сотқа көрсеткен ата-аналар, асырап алушылар, қамқоршылар немесе қорғаншылар заңды өкіл бола алады.

Сотта тапсырма бойынша шарт негізінде өкіл бола алатындар:

- 1) адвокаттар;
- 2) заңды тұлғалардың қызметкерлері – осы заңды тұлғалардың істері бойынша;
- 3) кәсіптік одақтардың уәкілетті адамдары – құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері бойынша;
- 4) заңмен, жарғымен немесе ережемен осы ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдары;
- 5) заңмен, жарғымен немесе ережемен басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген ұйымдардың уәкілетті адамдары;
- 6) басқа тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың біреуі;
- 7) іске қатысушылардың өтінуімен сот рұқсат еткен басқа да адамдар тапсырма бойынша сотта өкіл бола алады.

Шарт бойынша өкілдік етулі азаматтармен немесе ұйымдармен жасалынған шарт негізінде адвокаттар немесе заң консультациялары, я болмаса адвокаттық кеңселер жүзеге асырады. Адвокат азаматтық іс жүргізуде тарап болып танылмаса да, ол шарттан туындайтын барлық міндеттемелерді орындауға, клиентке оның іс жүргізу құқықтары мен міндеттемелерін жүзеге асыруға көмектесу мақсатында оның өкіл ретінде іске қатысуға өкілеттенеді.

Әрекетке қабілетсіз азаматтардың, әрекет қабілетіне толық ие емес немесе әрекетке қабілеті шектеулі деп танылған азаматтардың процесте бір уақытта екі өкілі қатар бола алады: заңды өкілі және шарттық өкілі. Кәмелетке толған әрекетке қабілетті азаматтың мүддесін екі тұлға бірдей білдіретін жағдайлардың да болуы мүмкін. Бұл сот талқылауына жеке өзінің қатысу мүмкіндігі жоқ тараптың ісі бойынша туыстарын немесе басқа адамды өз өкілі ретінде өкілеттеуіне, ал олар, өз кезегінде, кәсіби заңгер-адвокатты шақыруына байланысты болуы мүмкін.

Сотта өкілдік ету туралы шартта екі тарап болады, сенімі білдірілген адам, яғни істе тарап болып табылатын, мүдделері сот талқылауының мәнін құрайтын тұлға және өз атынан немесе сенім білдірушінің заң кеңесімен немесе адвокат кеңесімен келісім бойынша өзіне сенім білдірген адамның мүддесін білдіруге тапсырма алған (сенім білдірілген) адвокат. Азаматтық сот ісін жүргізуде адвокат әрқашан сенім білдірген адамның атынан және оның мүддесі үшін іс-әрекет еткендіктен, оның іс жүргізу әрекеттерінің салдары өз мүддесін білдіріп отырған адам үшін туындайды. Егер талап сот шешімімен қисынды болып табылса, онда бұл жағдайда, талап қоюшының материалдық құқығы айғақталады немесе шектеледі, егер талаптан бас тартылса – жауапкер құқығы қорғалады.

Сөйтіп шарт бойынша адвокат жүзеге асыратын өкілдік етуде өзара қатынастың екі жағын ажыратқан жөн:

1) өкіл мен оның клиенті арасындағы азаматтық-құқықтық қатынас, оның негізін адвокаттың өз атынан жеке немесе заң консультациясының немесе адвокаттық кеңсенің тапсырмасы бойынша жасаған тапсырма шарты құрайды;

2) сотқа қатысты адвокат өкілеттігінің көлемі анықталған іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелетін сот өкілі мен соттың арасындағы азаматтық іс жүргізу қатынастары.

Азаматтық сот ісіндегі адвокаттың жағдайын жалпы былайша анықтауға болады. Өзіне сенім білдірген адамның өкілі бола оты-

рып, ол клиенттің заңды құқықтары мен материалдық-құқықтық мүдделерін жүзеге асыруына жәрдемдесу арқылы кәсіптік негізде заң көмегін көрсетеді.

§ 2. Азаматтық іс бойынша адвокаттың сенім білдірілген өкілдік өкілеттігі

Адвокаттың сенім білдірілген өкіл ретіндегі өкілеттігі заң кеңесі немесе адвокат кеңесі берген ордермен, ал өз қызметін жеке дара жүргізген кезде адвокаттың өзіне көмекке жүтінген тұлғамен (клиентпен) жасаған шартпен айғақталады. Ордер мен шартта адвокат лицензиясының номері және оның берілген күні көрсетілуге тиіс.

Ордер мыналардан басқа мүддесін білдіретін адамның атынан жасалатын барлық процессуалдық әрекеттерді жасауға құқық берелі:

- 1) талап арызға қол қоюға;
- 2) істі аралық сотқа беруге;
- 3) талап қою арыздары мен талап қоюды танудан толық немесе ішінара бас тартуға және талап қоюды тануға;
- 4) талап қоюдың нысанасын немесе негіздемесін өзгертуге;
- 5) бітімгершілік келісім жасауға;
- 6) өкілеттіктерді басқа адамға беруге (сенімді басқа біреуге аударуға);
- 7) соттың Қаулысына шағым беруге;
- 8) соттың Қаулысын мәжбүрлеп орындатуды талап етуге;
- 9) берілген мүлікті немесе ақшаны алуға.

Жоғарыда тізбеленген тоғыз әрекеттің әрқайсысын жасау туралы өкілдің өкілеттігі ҚР АДЖК-нің 61-бабының бірінші бөлігіне сәйкес мүддесін білдіруші берген сенімхатта арнайы карастырылуға тиіс. Егер олар адвокатқа тапсырылмаса, ол толық көлемде іс жүргізу бостандығы мен дербестікті ала алмайды. Егер өкілге берілген сенімхатта оның нақтылы өкілеттіктері көрсетілмесе, онда өкіл ҚР АДЖК-нің 61-бабының бірінші бөлігіне сәйкес берілуге тиіс өкілеттіктерден басқа процессуалдық іс-әрекеттерді жасауға (іс материалдарымен танысуға, олардан үзінділер жасауға, өтініштер білдіруге, даудың мәні бойынша түсіндірмелер беруге және т.б.) құқылы

Адвокаттың клиентпен құқықтық қатынасының негізіне кли-

ент пен адвокат, я болмаса заң кеңесі немесе адвокат кеңесі арасында жасалынған тапсырма шарты жатады.

ҚР АҚ 846-бабына сәйкес (Ерекше бөлім) тапсырма – бұл азаматтық-құқықтық шарт, оның күшіне орай тараптардың бірі (сенім білдірілген тұлға) басқа тұлғаның (сенім білдірушінің) атынан және есебінен белгілі бір заңдық әрекеттерді жасауға міндеттенеді. Адвокат жасаған мәміле бойынша құқықтар мен міндеттемелер тікелей сенім білдірушіде пайда болады.

Адвокат сенім білдірілген тұлға ретінде әрекет ете отыра:

өзіне берілген тапсырманы жеке орындауға,

сенім білдірушіге оның талабы бойынша тапсырманың орындалу барысы туралы барлық мәліметті хабарлауға;

жасалынған мәміле бойынша барлық алынғандарды кешіктірмей беруге;

тапсырманы орындағаннан кейін сенім білдірушіге кешіктірмей мерзімі өтпеген сенімхатты қайтаруға және актау құжаттарымен бірге, егер бұл тапсырма сипаты бойынша қажет болса, есеп тапсыруға міндетті.

Адвокат (сенім білдірілген тұлға) өзі өкілеттіктенген әрекеттерді жеке жасауға тиіс. Ол оны жасауды басқа тұлғаға, егер осыған алынған сенімхатпен өкілеттенсе немесе бұған сенім білдірушінің мүддесін қорғау үшін мән-жайдың күшіне орай мәжбүр болса, сеніп тапсыра алады.

Өкілеттігін басқа тұлғаға берген адвокат бұл туралы сенім білдірушіге кешіктірмей хабарлауға және оны осы тұлға туралы қажетті мәліметтер мен оның мекен жайын айтуға тиіс. Осы міндеттеменің орындалмауы оған өзі өкілеттігін берген тұлғаның әрекеттері үшін өзінің жеке әрекеттері ретінде жауапкершілік жүктейді.

Осы шарттағы тарап ретінде сенім білдіруші кез келген уақытта бір уақыт арыз беру жолымен оның әрекеттерін тоқтатуға құқылы. Шарттың күшін жою адвокаттың сот өкілі ретіндегі өкілеттігін тоқтатады. Сөйтіп адвокат сенім білдірілген тұлға өзіне клиент берген негіздер мен шекте әрекет етеді, бұл өкілеттіктерді клиент кез келген уақытта кері шақыра алады. Бұл жағдайда ол іс жүргізудің елеулі мәселелері бойынша өзіне сенім білдірген тұлғамен (клиентпен) алшақтыққа бара алмайды. Алайда бұл адвокат өз клиентінің кез келген тілегін орындайды дегенді білдірмейді, адвокат заңда көрсетілген мән-жайды, қажеттілікті және адамгершілікті

басшылыққа алады. Сенім білдірушінің нұсқауы нақты, заңды және шынайы іске асыра алатындай болуға тиіс.

Адвокат азаматтық істе тарап ретінде емес, тек тұлғаның (клиенттің) өкілі ретінде әрекет етсе де, ол қандай да бір іс жүргізу әрекетін жасаған кезде шешімді жеке қабылдайды және өз клиентімен процестің түпкі мақсатында – сенім білдірушінің ақ екендігін дәлелдеу тұрғысынан ғана байланысты. Егер адвокат өзінің әрбір ұйғарымы мен іс жүргізу әрекеттерін клиентпен келісетін болса, онда сенім білдірілген өкіл ретіндегі өз міндетін іс жүзінде атқаруы болмас еді.

Адвокат, егер істің мән-жайы бойынша және клиент мүддесі үшін бұл қажет болса және онымен алдын ала келісе алмаса не өз уақытында жауап ала алмаса, сенім білдірушінің нұсқауынан ауытқуға құқылы. Хабарлама белгілі болысымен адвокат сенім білдірушіге болған өзгерістер туралы хабарлауға міндетті. Өзі алған өкілеттіктер шегінде адвокаттың іс жүргізу бостандығы азаматтық сот ісінде клиенттің құқықтары мен мүдделерін қорғау бойынша өзіне қабылдаған міндеттерді орындауы үшін шарт болып табылады.

Адвокаттың іс жүргізудегі дербестігі мен өз клиентінен тәуелсіздігінің маңызды элементі қабылдаған тапсырмадан бас тарту құқығы болып табылады. Адвокат сотта өкілдік ету туралы шартта тарап болып табылмайды, сотта сенім білдірушінің барлық міндеттемесін мүлтіксіз орындайды және клиенттің тапсырмасын, егер сот талқылауы барысында оған көмектесу қажеттігі болмаса, тоқтатуға құқылы.

Адвокатқа клиент берген сенімхаттың әрекет етуі заңмен айқындалған мынадай негіздерде тоқтатылады:

- сенімхат мерзімінің өтуі;
- сенімхатта көзделген әрекеттерді жүзеге асыруы,
- өз атынан сенімхат берген заңды тұлғаның тоқтатылуы;
- атына сенімхат берілген заңды тұлғаның таратылуы;
- сенімхат берген адамның қайтыс болуы, оның әрекет қабілеттілігі жоқ, әрекет қабілеттілігі шектеулі немесе хабар-ошарсыз кетті деп сотпен танылуы.

§ 3. Адвокаттың сот қаулыларына шағым жасалуына және қайта қаралуына қатысуы

Іс бойынша шығарылған шешімге тараптар және іске қатысушы өзге де тұлғалар, оның ішінде адвокат шағым жасай алады. Егер бірінші сатыдағы сот ұйғарымына шағым жасалынбаса немесе наразылық білдірілмесе, түпкілікті нысанда шешім шығарылған сәттен бастап 15 күн өткен соң күшіне енеді.

Адвокат сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған кол қойылған сәттен бастап бес күннің ішінде хаттамада болған кемшіліктер мен жетіспеушілікті көрсетіп жазбаша ескертпе жасауға құқылы

Хаттамаға ескертпені оған кол қойып, төрағалық етуші қарайды, ол ескертпелермен келіскен жағдайда оның дұрыстығын куәландырады

Төрағалық етуші берілген ескертпелермен келіспеген жағдайда, ол хаттамаға ескертпе берген адвокатқа айтытып, сот отырысында қарастырылады. Ескертпені қарау нәтижесінде төрағалық етуші оның дұрыстығы не олардан толық немесе ішінара бас тарту туралы анықтама шығарады. Ескертпе кез келген жағдайда іске тігіледі.

Хаттамаға ескертпе ол берілген күннен бастап 5 күннің ішінде қаралуға тиіс.

Іс бойынша төрағалық етуші белгілі бір объективті себептермен хаттамаға ескертпені қарай алмаса, бұл ескертпелер материалдарға қоса тігіледі.

Егер шағымдану үшін жеткілікті негіздеме болса, онда адвокат апелляциялық, кассациялық шағымды құрастыра алады. онда шешімнің және осындай талаптардың мәнінің дұрыс еместігінің неде екендігі нақты және түсінікті көрсетілуіне тиіс.

Іс үшін маңызы бар мән-жайлар шеңберінің дұрыс анықталмауы және олардың дұрыс айқындалмауы; бірінші сатыдағы сот анықтамасымен белгіленген іс үшін маңызы, бар мән-жайдың дәлелденбеуі; бірінші сатыдағы сот шешімінде баяндалған қорытындылардың мән-жайға сәйкес келмеуі; материалдық нормалардың немесе іс жүргізу құқығы нормаларының дұрыс қолданылмауы шағымдануға негіздеме болып табылады.

Сот ұйғарымына, егер іс бойынша іс жүргізуді тоқтату үшін негіздеме болған жағдайларда да шағым түсуі мүмкін:

1) іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса,

2) сол тараптардың арасындағы сол мәселе туралы дау бойынша және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе талап қоюшының өз талабынан бас тартуына немесе тараптардың бітімгершілік келісімін орнықтыруына байланысты іс бойынша іс жүргізуді қысқарту туралы соттың ұйғарымы болса;

3) талап қоюшы өз талабынан бас тартса және бас тартуды сот қабылдаса;

4) тараптар бітімгершілік келісімін жасаса және оны сот бекітсе;

5) іс бойынша тараптардың бірі болып табылатын азамат қарсы болғаннан кейін даулы құқықтық қатынас құқық мирасқорлығына жол бермесе;

6) іс бойынша тарап ретінде әрекет жасайтын ұйым қызметі тоқтатылуына және құқық мирасқорлары болмауына байланысты таратылса, іс бойынша іс жүргізуді қысқартады.

Адвокаттың негізді және дәлелді арызы өз сипаты және күші бойынша заң күшіне енген сот шешіміне қарсы келсе, істі қайта қарауға септігін тигізеді. Азаматтардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және заңдылықты нығайтуға бағытталған адвокаттық қызметтің негізгі мәні осында.

Егер сот жіберген қате апелляциялық және кассациялық сатыларда түзелмесе немесе екінші сатыдағы сот дауды қате шешсе, заң күшіне енген шешімге адвокат жоғары тұрған сотқа шағымдана алады.

Шағымдануға негіздеме болған жағдайда адвокат, ең алдымен, істі қарау үшін негіздемені, яғни іс бойынша құқықтық айқындаманың бар-жоғын анықтауға тиіс. Өз сенім білдірушісінің құқықтық айқындамасы үшін анықтау мен негіздеме бірінші сатыдағы сот берген және апелляциялық және кассациялық сатыларда сот дұрыс деп мойындаған нақты және дәлелдемелік материалдың бағалануына және оның құқықтық мәніне жан-жақты толық және объективтік талдау болуға тиіс. Құқықтық айқындаманың бар екендігі немесе жоқтығы туралы мәселені талқылау, сөйтіп, істер бойынша шығарылған сот ұйғарымдарының дұрыс еместігін анықтауға келіп тіреледі.

Осы мақсаттарда адвокат сот шешімі мен апелляциялық және кассациялық сатылардың анықтамасын талдаумен шектелмейді,

істің барлық материалдарын ой елегінен өткізеді, талап қою арыздары мен талапкердің наразылықтарын, тараптардың қолдау хатын және осылар бойынша сот Қаулысын, осы шешімдердің себептерін, тараптардың түсініктемесін және сот зерттеуінің, апелляциялық және кассациялық шағымының мәні болып табылатын ұсынылған дәлелдерді және оларға берілген түсініктемені зерттейді. сондай-ақ мазмұндары сот талқысы үшін жан-жақты, толық және объективтік қорытынды мен соттың құқықтық пайымдауының қисындығы туралы түйін жасауға мүмкіндік беретін іс үшін маңызды бар қосымша материалды алу ықтималдығын анықтайды. Егер барлық материалдарды мұқият және объективті зерттеу нәтижесінде адвокат сот анықтаған мән-жайдың толық және дұрыс екендігіне, ал заңнамалық қорытындылардың заңның мазмұны мен мәніне сәйкестілігі жөнінде ұйғарымға келсе, ол өз сенім білдірушісіне заң күшіне енген сот шешімін қайта қарау мақсатында іс жүргізу үшін алған тапсырмасынан бас тартуға құқылы.

Бақылау сұрақтары

1. Азаматтық істер бойынша адвокаттардың өкілдік етуі қандай құжатпен бекітіледі?
2. Азаматтық іс жүргізудің сотқа дейінгі сатысындағы адвокаттың қызметі қандай болады?
3. Адвокаттың азаматтық істерді сотта қарау сатысында өкілдің қандай құқықтарын атқара алмайды?
4. Адвокаттың сот жарыссөзіндегі шешендік өнерінің мақсаты?

«Печат человека не только слова, сказанные ему адвокатом, но и то, как эти слова сказаны, верит ли сам адвокат в сказанное и располагает ли он к себе клиентоманерой поведения и даже внешним видом».

Егорова Ираида Алексеевна

VIII ТАРАУ.

ШЕТ МЕМЛЕКЕТТЕРІНДЕГІ АДВОКАТУРА ЖӘНЕ АДВОКАТТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖАҒДАЙЫ

§ 1. ТМД мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы

Қазақстандағы адвокатураны және адвокаттық қызметті жетілдіру өте маңызды. Өйткені, Қазақстан Республикасында адвокатура Қазақстан Республикасының Конституциясымен кепілдік берілген адам мен азаматтың құқықтарын жүзеге асыруға жәрдемдесуге шақырылған. Сондықтан Қазақстандағы адвокатура мен адвокаттық қызметті әрдайым жетілдіріп отыру қажет, яғни ол үнемі даму үстінде болуы тиіс.

Қазақстандағы адвокатураны және адвокаттық қызметті жетілдіруде тек қана отандық тәжірибе ғана емес, сонымен қатар шет мемлекеттердегі адвокатураның және адвокаттардың қызметінің тәжірибесі елеулі көмекші рөлді атқарады.

Осы шет мемлекеттердің адвокатураның тәжірибесін адвокатураның қалыптасу тарихы ортақ көршілес ТМД мемлекеттерінен бастаған жөн болар. Оның ішінде барлық мемлекеттерді емес. Ресей Федерациясының (Ресей), Өзбекстан Республикасының (Өзбекстан), Беларусь Республикасының (Беларуссия), Украинаның адвокатураны, оның ұйымдастырылуы және ол мемлекеттердегі адвокаттардың құқықтық жағдайы жөнінде қарастырмақпыз.

Ресейде адвокатура мен адвокаттардың құқықтық жағдайы 2002 жылғы 31-мамырдағы №63-ФЗ «Ресей Федерациясының Адвокаттық қызмет және адвокатура туралы» Ресей Федерациясының Федералдық заңымен айқындалған. Оның 3-бабында Ресей адвокатураны адвокаттардың кәсіби

қауымдастығы және азаматтық қоғамның институты ретінде болып табылады. мемлекеттік билік органдары мен өзін-өзі басқару органдарының жүйесіне кірмейді – делінген. Адвокаттық қызмет Ресейде федералдық заңмен белгіленген тәртіппен адвокат мәртебесін алған тұлғалармен кәсіби негізде жеке және заңды тұлғаларға олардың құқықтарын, бостандықтарын мен мүдделерін қорғау, сондай-ақ сот төрелігіне кол жетімділігін қамтамасыз ету мақсатында көрсетілетін білікті заң көмегі болып табылады.

Сонымен қатар, Ресей заңнамасы адвокаттық қызмет болып табылмайтын заң көмектерін атаған

1) заңды тұлғалардың, мемлекеттік билік органдары мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметкерлерімен көрсетілген;

2) құқықтық қызметтер көрсетуші ұйымдардың қатысушыларымен, қызметкерлерімен, сондай-ақ жеке кәсіпкерлермен көрсетілген;

3) нотариустармен, патенттік сенімділермен көрсетілген.

Ресейде адвокат болып статус адвокатын және адвокаттық қызметті жүзеге асыру құқығын алған тұлға болып табылады. Адвокат құқықтық мәселелер бойынша тәуелсіз кәсіби кеңесші болып табылады.

Адвокат Ресей заңнамасына сәйкес мынадай кәсіби құқықтарға ие

1) заң көмегін көрсету үшін қажет мәліметтерді жинауға, соның ішінде мемлекеттік органдардан, жергілікті өзін-өзі басқару органдарынан, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктер мен өзге ұйымдардан анықтамаларды, мінездемелерді және өзге құжаттарды сұрауға,

2) олардың келісімі бойынша шамамен заң көмегін көрсетіп жатқан іске қатысты ақпаратқа ие тұлғалардан сұрақ-жауап алуға,

3) заңнамамен белгіленген тәртіпте заттай және өзге де дәлелдемелер болып танылуы мүмкін заттар мен құжаттарды жинауға және ұсынуға;

4) шарттық негізде мамандарды заң көмегін көрсетумен байланысты мәселелерді түсіндіру үшін тартуға,

5) заңмен белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

Сонымен бірге Ресей адвокатына міндеттер де жүктелген:

1) сенім білдірген тұлғаның құқықтарын мен заңды мүдделерін Ресей заңнамасымен тыйым салынбаған тәсілдермен адал, саналы және мұқият қорғауға.

2) қылмыстық сот өндірісінде анықтау, алдын ала тергеу органдарының немесе соттың тағайындауы бойынша қорғаушының міндетті түрде қатысу туралы заң талабын орындауға, сондай-ақ Ресей азаматтарына заңмен белгіленген жағдайларда тегін, білікті заң көмегін көрсетуге;

3) тұрақты түрде өз білімін жетілдіруге және біліктілігін арттыруға;

4) адвокаттың кәсіби әдебінің кодексын сақтауға және Ресей Федерациясы субъектісінің адвокаттық палатасының, Ресей Федерациясы Адвокаттары Федералдық палатасы органдарының шешімдерін орындауға және т.б.

Ресейде адвокат мәртебесіне жоғары заң білімі бар немесе заңтану мамандығы бойынша ғылыми дәрежесі бар, заңтану мамандығы бойынша 2 жылдан кем емес жұмыс өтілі бар немесе адвокаттық құрылымда тағылымдамадан өткен тұлға бола алады.

Адвокат мәртебесіне мынадай тұлғалар не бола алмайды:

1) заңмен белгіленген тәртіппен әрекетті қабілетсіз және әрекет қабілеттілігі шектеулі деп танылғандар;

2) қасақана жасаған қылмысы үшін өтелмеген немесе алынбаған соттылығы барлар.

Адвокат мәртебесін беру туралы шешімді Ресей субъектісі адвокаттық палатасының біліктілік комиссиясы үміткер тұлға біліктілік емтиханын тапсырғаннан кейін қабылдайды. Үміткердің адвокат мәртебесіне не болуын куәлік дәлелдейді. Ол аумақтық әділет органымен беріледі. Адвокат тек қана Ресей субъектісінің бір адвокаттық палатасының мүшесі бола алады.

Ресейде адвокаттық құрылымдардың нысандары болып адвокаттық кабинет, адвокаттар алқасы, адвокаттық бюро және заң консультациясы табылады және адвокат өзінің қызметін қандай нысанда жүзеге асыратынын өзі таңдайды.

Адвокаттық қызметті жүзеге асырмақ болған адвокат адвокаттық кабинет құрады. Бір немесе бірнеше адвокат адвокаттар алқасын құрай алады. Адвокаттар алқасы – мүшелікке негізделген және жарғы немесе құрылтай шарты негізінде әрекет ететін коммерциялық емес ұйым. Адвокаттық бюро бір немесе бірнеше адвокатпен құрылуы мүмкін. Адвокаттық бюрода оның құрушылары өз арасында серіктестік шарты жасасады. Осы шарт бойынша адвокаттар өз күш-жігерін заң көмегін көрсету үшін біріктіруге келіседі. Заң кеңесін адвокаттық палата, егер

бір соттық ауданда адвокаттардың жалпы саны осы аумақта бір федералдық судьяға скеуден кем болса, онда аткарушы органның ұсынысымен құрады.

Жоғарыда айтылғандай, Ресейдің әр субъектісінің аумағында бір адвокаттық палата құрылады және ол осы субъектідегі адвокаттарды біріктіреді. Ал Адвокаттардың Федералдық палатасы Ресей субъектілерінің адвокаттық палаталарын міндетті мүшелік негізінде біріктіретін жалпы ресейлік мемлекеттік емес коммерциялық емес ұйым. Ол мемлекеттік органдарда, жергілікті өзін-өзі басқару органдарында адвокаттардың атынан өкілдік ету және олардың мүдделерін қорғауды, адвокаттық палаталардың қызметін үйлестіреді, адвокаттар көрсететін заң көмегінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Ресейдің адвокатура туралы заңнамасымен көзделген Адвокаттардың Федералдық палатасынан басқа Ресейдің адвокаттарының басын біріктіретін бірнеше қоғамдық бірлестіктер бар. Олар: 1994 жылы қыркүйекте құрылған Адвокаттардың Федералдық одағы, 1995 жылы қаңтарда құрылған Ресейлік адвокаттардың гильдиясы, Саратовта құрылған Ресей адвокаттарының ассоциациясы. Адвокаттардың Федералдық одағы 52 аймақтық адвокаттар алқасын біріктірген болатын. Ресей адвокаттарының гильдиясы Адвокаттардың Федералдық одағымен бірге Ресей аумағында қызмет ететін адвокаттардың одағы.

1996 жылғы 27-желтоқсандағы № 349-І «Адвокатура туралы» Өзбекстан Республикасының Заңы Өзбекстандағы адвокатураның ұйымдастырылуының негіздерін және оның құқықтық жағдайын айқындайды.

Өзбекстан адвокатураны заңи тұрғыда адвокаттық қызметпен айналысатын тұлғалардың тәуелсіз, ерікті, кәсіби бірлестіктерінің және адвокаттық тәжірибемен айналысатын жеке тұлғаларды қамтитын құқықтық институт ретінде анықталады.

Өзбекстан заңнамасы бойынша заң мамандығы бойынша екі жыл жұмыс өтілі бар, адвокаттық құрылымда алты айдан кем емес уақытта тағылымдамадан өткен және біліктілік емтиханын тапсырған тұлға адвокат бола алады. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны облыстардың, Ташкент қаласының әділет басқармалары мен Қарақалпақстан Республикасының Әділет министрлігі береді.

Адвокат өз қызметін адвокаттық бюро, адвокаттық фирма, адвокаттар алқасы, заң консультациясы нысандарында жүзеге асыра алады.

Адвокаттық бюро дегеніміз – адвокаттың жеке дара адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін құрған адвокаттық құрылымы, ал адвокаттық фирма – бұл серіктестікке негізделген және адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін адвокаттар құрған, коммерциялық емес ұйым.

Адвокаттар алқасы дегеніміз – адвокаттардың мүшелігіне негізделген және олармен құрылған, жарғысы немесе құрылтай шарты негізінде әрекет ететін коммерциялық емес ұйым. Бұларға қарағанда заң консультациясы Адвокаттардың палатасының аумақтық басқармасымен адвокаттық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған және заңды тұлға мәртебесіне ие емес адвокаттық құрылым.

Мемлекеттік деңгейде адвокаттарды Адвокаттар алқасы біріктіреді, ал олардың басқармалары Ташкент қаласында, облыстарда және Қарақалпақстан Республикасында құрылады. Адвокаттардың палатасы адвокаттардың Республикалық деңгейдегі өзін-өзі басқару ұйымы болып табылады.

Беларусь Республикасында адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы 1993 жылғы 15-маусымдағы №2406-ХІІ «Адвокатура туралы» Беларусь Республикасының заңымен белгіленген. Осы заңның 1-бабына сәйкес Беларусь Республикасындағы адвокатура Беларусь Республикасының Конституциясына сәйкес кәсіби құқық қорғаушылық қызметті жүзеге асыру үшін шақырылған тәуелсіз құқықтық институтты білдіреді. Беларусь адвокатураның басты міндеті – жеке және заңды тұлғаларға *олардың құқықтарын, бостандықтарын және заңды мүдделерін қорғауды жүзеге асыру кезінде білікті заң көмегін көрсету.*

Беларусь адвокаты жоғары заң білім бар, мамандығы бойынша үш жылдан кем емес жұмыс өтілі бар немесе бұндай өтілі жоқ, бірақ адвокатурада алты айдан бір жылға дейін тағылымдамадан өткен, біліктілік емтиханын тапсырған және адвокаттық қызметті жүзеге асыруға рұқсат (лицензия) алған тек қана Беларусь Республикасының азаматы бола алады. Адвокаттар мен тағылымдамадан өтушілер ғылыми немесе педагогикалық қызметті қоспағанда мемлекеттік, қоғамдық және басқа ұйымдарда қызметте болмауы тиіс.

Құқықтану мамандығы бойынша жоғары оқу орнын бітірген

тұлға, бірақ осы мамандық бойынша үш жылдық жұмыс өтілі жоқ болса, ол адвокатурада алты айдан бір жылға дейін тағылымдамадан өтуге құқылы. Тағылымдама адвокаттық қызмет мәселелері бойынша Біліктілік комиссиясында емтихан тапсырумен аяқталады. Аталған комиссия үміткерді адвокаттық қызметке жіберу туралы шешім қабылдайды және оның шешімі ақырғы болып табылады және шағымдануға жатпайды. Емтихан тапсыра алмаған тұлға бір жылдан кейін ғана қайтадан емтихан тапсыра алады және қайтадан бір жыл тағылымдамадан өткеннен кейін ғана.

Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны Беларуссияның Әділет министрлігі береді және Беларусь Республикасындағы адвокаттық қызмет мәселелері бойынша Біліктілік комиссиясының қорытындысының негізінде министрліктің алқасы лицензияны беру туралы шешім қабылдайды.

Беларуссияда Республикалық, облыстық, Минск қалалық адвокаттары алқасы және Арнаулы Беларуссиялық адвокаттар алқасы бар. Республикалық адвокаттар алқасы облыстық, Минск қалалық, Арнаулы Беларуссиялық адвокаттар алқаларын біріктіреді және адвокаттық өзін-өзі басқарудың республикалық органының қызметін атқарады және өз жарғысы негізінде әрекет етеді.

Облыстық, Минск қалалық және Арнаулы Беларуссиялық адвокаттар алқаларын адвокаттар құрайды.

Адвокаттық қызметті Беларуссияда тек қана адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын тұлғалар ғана жүзеге асыра алады. Оларды адвокаттар алқасына қабылдау осы алқалардың төралқаларымен шешіледі.

Арнаулы Беларуссиялық адвокаттар алқасы Беларусь Республикасының жеке және заңды тұлғаларына білікті заң көмегін шетелде көрсететін, шетелдік жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғаларға Беларусь Республикасының аумағында білікті заң көмегін көрсететін адвокаттарды біріктіреді.

Украинада адвокатура мен адвокаттардың құқықтық жағдайы 1993 жылғы «Адвокатура туралы» Украина Заңымен реттеледі. Аталған Заңның 1-бабына сәйкес Украина адвокатурасы Украинаның Конституциясына сәйкес Украина азаматтарының, шетел азаматтарының, азаматтығы жоқ адамдардың, заңды тұлғалардың құқықтарын, бостандықтарын қорғауға және заңды мүдделерін білдіруге жәрдемдесуге, оларға өзге заң көмегін көрсетуге шақырылған ерікті кәсіби қоғамдық бірлестік болып табылады.

Украинада мынадай талаптарға жауап беретін адам адвокат бола алады:

- 1) Украина азаматы болып табылатын;
- 2) жоғары заң білім бар;
- 3) заңгер мамандығы бойынша немесе адвокат көмекшісі ретінде екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар,
- 4) біліктілік емтихандарын тапсырған;
- 5) адвокаттық қызметпен айналысуға куәлік алған;
- 6) Украина адвокаттарының антын қабылдаған.

Адвокат сотта, прокуратурада, мемлекеттік нотариатта, ішкі істер органдарында, кәуіпсіздік қызметінде, мемлекеттік басқаруда қызмет ете алмайды, сондай-ақ соттылығы болмауы тиіс.

Адвокат мынадай кәсіби құқықтарға ие

1) азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін олардың тапсырмасы бойынша барлық органдарда, кәсіпорындарда, мекемелерде және тиісті мәселелерді шешу құзыретіне кіретін ұйымдарда қорғау және білдіру;

2) азаматтық, шаруашылық, қылмыстық істерде және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерде дәлелдемелер ретінде қолданылуы мүмкін фактілер туралы деректер жинау;

3) кәсіпорындардан, ұйымдардан, бірлестіктерден, сондай-ақ азаматтардан олардың келісімімен құжаттар немесе олардың көшірмелерін сұрастыру және алу;

4) заңмен қорғалатын құпияны қоспағанда, кәсіпорындарда, мекемелерде және ұйымдарда тапсырманы орындау үшін қажет құжаттармен және материалдармен танысу;

5) мамандардан арнаулы білімді қажет ететін мәселелер бойынша жазбаша қорытындылар алу;

6) ғылыми-техникалық құралдарды қолданыстағы заңнамаға сәйкес қолдану;

7) өтініштер мен шағымдарды лауазымды тұлғаларға заңға сәйкес беру және олардан осыларға негізделген жауаптар алу;

8) өз өтініштері мен шағымдарын қарау кезінде алқалы органдардың отырысына қатысуға және олардың мәні бойынша түсініктемелер беруге;

9) заңмен көзделген өзге де іс-әрекеттерді орындауға.

Адвокаттық қызметке үміткердің кәсіби білімін анықтау мақсатында облыстарда, Қырым Республикасында, Киев және Севастополь қалаларында 3 жыл мерзімге адвокатураның біліктілік-

тәртіптік комиссиялары құрылады. Бұл комиссиялар екі палатадан тұрады – аттестациялық және тәртіптік

Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына куәлікті беру туралы шешім Аттестациялық палатаның ашық дауыс беруімен қабылданады. Ал адвокаттық тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы шешім Тәртіптік палатамен қабылданады.

Аталған комиссиялардан жоғары Жоғары біліктілік комиссиясы бар және ол біліктілік-тәртіптік комиссиялардың шешімдеріне шағымдарды қарайды. Ол олардың шешімдерінің күшін жоя, өзгерте алады. Жоғары біліктілік комиссиясы Украина Министрлер кабинетінің жанында құрылады.

Адвокаттар Украинада аймақтық, жалпы мемлекеттік және халықаралық одақтар мен ассоциациялар құра алады. Олар мемлекеттік органдарда және азаматтардың бірлестіктерінде адвокаттардың мүддесін білдіреді, адвокаттардың әлеуметтік және кәсіби құқықтарын қорғайды, әдістемелік және баспа жұмысын жүзеге асырады, адвокаттардың кәсіби деңгейін көтеруге жәрдемдеседі, арнаулы қорлар құрады және өз жарғыларына сәйкес әрекет етеді.

§ 2. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы

Қазақстан адвокатурасының қалыптасуы тарихи жағынан ортақтығы жоқ алыс шет мемлекеттердің адвокатурасының тәжірибесінде Қазақстандағы адвокатураның және адвокаттық қызметті жетілдіруге өте маңызды. Алыс шет мемлекеттердің адвокатурасының тәжірибесін: АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия мемлекеттерінің адвокатурасы, оның ұйымдастырылуын және олардағы адвокаттардың құқықтық жағдайларын қарастырамыз.

АҚШ-тың күрделі құқықтық жүйесі, американдық қоғам өмірінің құқықтық реттелуінің жоғарғы деңгейлігі адвокат кәсібінің басқа кәсіби топтарға қарағанда ерекше орнын алдын ала анықтағандай. Заңгерлер АҚШ-та мемлекеттік басқару механизміне көптеген жоғары лауазымдарға ие. Мысалы, АҚШ-тың президенттерінің ішінде А. Линкольн, Ф.Д. Рузвельт, Г. Трумэн, Р. Никсон, Б. Клинтон адвокаттар болған.

АҚШ-та заң университетінің түлегі дипломы мен заңтану докторы дәрежесінің бар болуына қарамастан адвокаттық практикамен айналысуға автоматты түрде ие болмайды. Ол үшін ол адвокаттық практикаға патент алуы тиіс, қосымша аттестациялаудан өтуі тиіс. Патент адвокаттық практикамен бүкіл АҚШ аумағында емес, тек қана адвокат қызмет атқаратын бір штаттың аумағында ғана айналысуға құқық береді.

Адвокаттық практикаға жіберу, әдетте, штаттың Жоғарғы сотымен белгіленеді. Алайда адвокаттық практикаға жіберудің өзі туралы мәселе штат адвокаттарының ассоциациясымен құрылған немесе сотпен әлде штат губернаторымен тағайындалған адвокатураға жіберу туралы арнаулы комиссиямен шешіледі. Әдетте, комиссия тәжірибелі заңгерлерден тұрады.

Адвокаттық практикаға жіберу туралы мәселені шешу кезінде комиссия үміткердің моральдық сипаттарын және ол тапсырған емтиханның нәтижелерін ескереді. Моральдық сипаттарын зерттеу емтихан алдыңғы болып келеді және үміткер ұсынған құжаттармен танысудан тұрады. Егер комиссияда ұсынылған құжаттардың шынайылығында күмән туса, онда алынған деректерді жасырын тексеруге құқылы. Адамның мінездемесі үміткердің өзі туралы айтуынан, соттылығы бар немесе жоқ екені туралы ақпараттан, полиция ұсталуларынан, есірткі мен алкогольдік ішімдіктермен әуестенуінен тұрады. Кейде патент алушының моральдық тұрпаты туралы тұрғылықты жері бойынша оның көршілерінен анықтамалар алынады.

Емтихан ауызша сұхбаттасудан және жазбаша жұмыстан тұрады. Жазбаша жұмыс бірнеше күнге созылады, ал ол оның ішінде білімге, емтихан тапсырылып жатқан штаттың құқық нормаларын талқылауға және қолдануға қатысты 20-30 сұраққа жауап беруі тиіс.

Емтихан комиссиясының шешімі сотта шағымдалуы мүмкін.

Федералдық соттарда іс жүргізуге рұқсат штатта адвокаттық практикаға жіберілген адамдарға автоматты түрде беріледі.

АҚШ адвокатурасының құрылымы мынадай. Әр штатта өзінің адвокаттар ассоциациясы бар. Көптеген штаттарда адвокаттық практикаға жіберілген тұлғалардың ассоциацияға мүшелігі міндетті. Бұндай штаттарда адвокаттар ассоциациялар еркін ұйымдар ретінде құрылады. Адвокаттардың ерікті мүшеліктегі жалпы ұлттық ұйымы болып Заңгерлердің Американдық ассоциациясы табылады. Ассоциация екі негізгі мақсатты көздейді:

1) құқықтық дамуы мен сот төрелігінің жалпы нығаюына ықпал ету, азаматтарды құқықтық тәрбиелеу және т.б.

2) өз мүшелеріне жәрдемдесу, американдық заңгерлердің кәсіби деңгейін көтеру, заңгерлік кәсіпті дамыту.

Сонымен қатар, кәсіби әдеп нормаларын белгілеу, адвокаттарға жәрдемдесу, тәртіптік жазаларды қолдану, адвокаттық қызметтің стандарттарын жасау, құқық пен сот төрелігін жетілдіруге жәрдемдесу ассоциацияның міндеттеріне кіреді. Заңгерлер ассоциациясы кәсіби бірлестік болып табылады және ешқандай практикалық заңгерлік қызметті жүзеге асырмайды. Заңгерлер ассоциациясына мүшелік жарналар заңгерлердің табыстарына, сондай-ақ олардың қандай фирмада, ведомствода жұмыс істеуіне байланысты емес.

Сонымен бірге, АҚШ адвокаттарының өзіндік тергеу жүргізуге және сарапшыларды шақыртуға құқықтары бар, сондай-ақ тіпті сол іс-әрекеттерді жүргізгені үшін шығындардың соғың келісімімен бюджет есебінен орны тоқтырылады.

АҚШ адвокаттарының тең жартысы дербес жеке дара немесе екі, үш адвокатпен бірлесіп жұмыс істейді. Дегенмен, адвокаттық қызметтің ең маңызды нысаны ірі адвокаттық фирмалар (50-ден аса адвокат) болып табылады. Бұндай фирмалар, әдетте, қылмыстық істермен айналыспайды және дәулетті клиенттердің істерін, көбінесе корпорациялардың істерін жүргізуге тырысады. Ондай фирмалардың иелері партнерлер. Партнер – кең тәжірибелі, ірі табысқа ие және адвокаттық фирманың табысының бөлігіне ие адвокат. Адвокаттардың екінші тобы – ассоциатор, әдетте, азын-аулақ клиенттері бар немесе тіпті жоқ жас адвокат. Ассоциатор фирмадан еңбекақы алады.

Бұндай фирмаларда ассоциаторлық өтілім (әдетте 8 жыл) белгіленеді. Ол үшін ассоциатор өз клиенттерін жинауы тиіс және фирмаға экономикалық жағынан тиімді болуы тиіс. Аталған мерзім өткен соң ассоциатор немесе партнер болады не болмаса аталған дәрежеге жетпесе оған фирмадан кету ұсынылады. Көптеген фирмаларда аталған градация көп сатылы болуы да мүмкін.

Адвокаттардың басқа бөлігі «жария қорғаушылар» ведомстволарда штаттың мемлекеттік бюджетінің есебінен қаржыландырылатын және ақшасы жоқ азаматтарға айыпталушыларға тегін негізде қызмет көрсететін ұйымдарда

жұмыс істейді. Федералдық бюджеттен қаржыландырылатын осындай мүлгі жоқтарға заң көмегін көрсету қызметтері бар. Осындай қызметтердің бас ұйымы болып – АҚШ Конгресімен құрылған және қаржыландырылатын Заң көмегін көрсету жөніндегі корпорация табылады.

АҚШ-та адвокаттық қызметтің «қоғам мүдделерін қорғайтын» адвокат кеңсесі сияқты нысаны да қолданылады. Олар жекелеген клиенттердің істерін жүргізеді, олардың атынан азаматтардың ірі санаттарының (тұтынушылар, саяси белсенділер, сайлаушылар, салық төлеушілер) құқықтары мен мүдделерін қорғауға немесе табиғатты қорғау, халық денсаулығын қорғауға байланысты мемлекетке немесе корпорацияға қарсы талаптар қояды.

Көптеген адвокаттар өз міндеттерін сот-құқықтық тәсілдермен жүзеге асыруға басым бағытталған қоғамдық бірлестіктердің заң қызметтерінде жұмыс істейді. Олардың бірі Азаматтық бостандықтарды қорғаудың Американдық одағы, Түсті халықтың дамуына жәрдемдесудің ұлттық ассоциациясы, Азаматтардың конституциялық құқықтарын қорғау орталығы, т.б.

АҚШ адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшелігі федералдық соттарға адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттардың қызметін реттейтін федералдық заңнамадан тыс әр штаттың адвокатура туралы заңнамасының болуы. Алайда, бұл заңнама әр уақытта заң ретінде емес, әртүрлі ережелер түрінде орын тапқан.

Ұлыбританияның және Солтүстік Ирландияның Біріккен Корольдығында адвокаттар барристерлер, солиситорлар және атторнейлер сословиелеріне бөлінеді. Англияның ұлттық адвокатурасы 1285 жылы I Эдуард корольдың заң актісінің негізінде пайда болды. Сот қорғаушылары екі ірі топқа бөлінді: барристерлер (barristers) мен стряпчий — атторнейлерге (attornies) және солиситорларға (solicitors).

Барристер (ағылшынның «barrister», «bar» деген сөзден судьяларды сотталушылардан бөлетін кедергі) Англиядағы адвокаттың ең жоғарғы атағы. Барристерлер қағаздар мен құжаттарды ұсынуға уәкілетті солиситорлар мен атторнейлерге қарағанда сот алдында істерді жүргізеді және сөз сөйлейді.

Барристер атағын алу үшін жоғары заң білімі болуы, адвокаттық корпорациялардың бірінде үш жылдайындықтан өтуі және құқықтық пәндер бойынша адвокат емтиханын

тапсыруы тиіс. Осыдан кейін ғана үміткер барристер атағымен адвокаттық корпорацияның мүшесі болады және барлық соттарға, соның ішінде жоғары соттарға қатысу құқығына ие болады. Әдетте, барристер өзі қабылдайтын қылмыстық істерді қоспағанда, барристер істі өндірісіне солиситор арқылы қабылдайды. Ұлыбритания адвокаттарының барристерлер мен солиситорларға бөлінуі көптеген адвокатура тарихы мамандарының мойындауы бойынша, анахронизм болып табылады. Дегенмен адвокаттық кәсіптегі мираскорлық және дәстүрлерге беріктік, сондай-ақ барристердің жоғары адвокаттық атауына лайықты болуы тиістігі осы тәртіпті сақтап отыр.

Адвокаттардың екі санатының болуы және осымен байланысты істерді жүргізу істі жүргізу бойынша шығындарды елеулі ұлғайтуда. Барристерлер ағылшын іскерлік элитасының өкілі болып табылады және Ұлыбританияның саяси өмірінде елеулі рөлді атқарады. Барристерлер қатарынан, әдетте, Ағылшын Тәжінің мүддесін білдіретін адвокатқа берілетін Ұлыбританиядағы жоғарғы адвокаттық атақ Бас атторней, сондай-ақ жоғары соттардың судьялары тағайындалады.

Бас атторней (Attorney-General) – бұл Англиядағы Тәждің заңгері және адвокаты, ол барристерлер қатарынан тағайындалады. Қауымдар палатасында министрлік жобаларын құқықтық жағынан қорғау және түсіндіру үшін отырады. Тәждің мүддесін бүкіл соттарда білдіреді.

Солиситорлар (ағылшынша solicitor) графтықтардың және қала-графтықтардың магистраттық соттарында істерді дербес жүргізуге және жоғары рангтердегі адвокаттар – барристерлерге материалдарды дайындауға мамандандырылған Ұлыбританиядағы адвокаттардың санаты. Солиситорлар мекемелерде, кәсіпорындарда, ұйымдарда, акционерлік қоғамдарда заңгер қызметін де атқарады.

Солиситорлар XIII ғасырдан бері бар және 1825 жылы олар Заң қоғамға (Law Society) бірікті. Солиситорлардың құқықтық жағдайы 1941 жылғы Солиситорлар туралы Актімен белгіленген.

Солиситор болуға үміткер 5 жыл Солиситорда көмекші ретінде немесе басқа жауапты лауазымда (университет білімі бар болған жағдайда тағылымдамадан оту 3 жылға дейін азайтылады) жұмыс істеу қажет.

Атторней (ағылшынша attorney) ағылшын-саксон

елдерінде сенім білдірілген немесе мәміле жасау кезінде немесе соттан тыс өзге жағдайда өзгенің атынан әрекет етуші басқа адамның мүддесін білдіруші. Англияда 1873 жылға дейін атторнейлер деп адвокаттардың ең төменгі санатын атаған 1873 жылғы Сот төрелігін жүзеге асыру туралы Актіге сәйкес соттардағы істі жүргізуге жіберілгеннің барлығы барристерлерді қоспағанда, солиситорлар деп атала бастады.

Францияда XIX ғасырда адвокаттық кәсіптің тәуелсіздік принципі орнықтырылды. Адвокаттық кәсіп әр уақытта дәстүрлі түрде елдің қоғамдық өмірінде елеулі орынға ие Франциядағы адвокат әрқашанда Еуропаның басқа елдеріне карағанда кең бостандыққа ие болды және француз адвокатурасының бай тәжірибесін жинақтады. Қазіргі кезде Францияда 19 000 адвокат бар.

Қазіргі кезде Францияда соттарға қатысу құқығы бар адвокаттардың үш санаты бар: солиситорлар, барристерлер және Кеңес алдындағы барристерлер. Солиситорлар бірінші инстанциядағы сотта, барристерлер – апелляциялық соттарда, ал кассациялық сотта және Францияның Кеңесінде – Кеңес алдындағы барристерлер мүдделерді білдіруге құқылы.

Францияда «адвокат» термині атақты емес, қызмет атқарушы тұлғаның кәсіби қызметін білдіреді. Сондықтан адвокат біліктілігі бар кез келген адам, бірақ адвокатурада қызмет жасауын тоқтатқан, егер ол құқықтың басқа саласында қызмет етуін жалғастырса, онда ол адвокат болып аталына алмайды.

Францияда адвокаттық кәсіпке жіберудің талаптары 1972 жылғы Декретпен анықталды және олар қатан.

Ең алдыменен, француз азаматтығы және жоғары оқу орнының (ең аз дегенде құқық магистрі) мамандығы бойынша дипломы болуы керек, сондай-ақ адвокаттар ассоциациясының мүшесі болғысы келген тұлғаның соттылығы болмауы керек, күрделі тәртіптік немесе әкімшілік құқық бұзушылықтары болмауы керек, кез келген фирма немесе кәсіпорын бойынша банкроттықтың қатысушысы болмауы тиіс.

Аталған талаптарға жауап беретін тұлға Кәсіби дайындық орталығында түсу емтиханын тапсыруы тиіс (екі жазбаша және ауызша), онда бір жыл оқуы, теориялық курс пен тәжірибелік тағылымдамадан өтуі тиіс, содан соң бітіру емтиханын тапсыруы тиіс (1 жазбаша және 3 ауызша).

Осы талаптарды сақтаған жағдайда заңгер адвокаттар ассоциациясына қабылданады және ант қабылдайды. Осыдан соң ол адвокат ретінде мамандық бойынша екі жылдық тағылымдамадан өтеді және куәлік алады.

Францияда сонымен бірге Еуропа Одағының бір мемлекетінің азаматы адвокат бола алады, егер олардың арасында жоғары білім туралы дипломды өзара тану туралы келісім болса. Бұнымен бірге, шетелдіктер көптеген талаптарға жауап беруі тиіс.

Францияда адвокаттар ассоциацияларға (ордендерге) біріктірілген. Әр сот округінде бір ассоциация бар. Францияда 181 аумақтық сот бар және сәйкесінше осынша адвокаттардың ассоциациялары бар. Ассоциациялар сандық құрамы жағынан да әртүрлі. Мысалы, ең азында 7 барристер бар, ал ең саны көбінде 11 000 барристер бар. Әр ассоциация өз қызметінің ішкі регламентін өзі анықтайтын және мүшесі бар тәуелсіз, дербес ұйым болып табылады. Адвокаттардың ассоциациясының басшысы болып төраға табылады және ол оның мүшелерімен (тағылымдамадан өтушілерді қоса алғанда) 2 жыл мерзімге сайланады. Төрағаның құзыретіне ассоциацияның мүдделерін мемлекеттік органдар мен қоғамдық ұйымдар алдында білдіру, адвокаттар арасында дауларды шешу, тәртіптік жазаларды қолдану, ассоциация қызметтеріне басшылық ету жағады, сондай-ақ ассоциация Кеңесінің төрағасы болып табылады.

Ассоциация кеңесі 3 жыл мерзімге құпия дауыс берумен ассоциация мүшелерімен (тағылымдамадан өтушілерді қоса алғанда) сайланады. Оның құзыретіне ассоциацияның қызметінің әртүрлі салаларын басқару кіреді.

Ұлттық деңгейде адвокатура ұйымы болып ассоциация мүшелерімен сайланатын Адвокаттардың ассоциацияларының Кеңесі табылады.

Ұлыбритания мен Франция адвокатурасының ұйымдастырылуының негізгі ерекшелігі адвокаттардың ортағасырда қалыптасқан істің санаттарына байланысты дәстүрлі сословиелерге бөлінуі және адвокаттың солиситорға, барристерге, атторнейге жатуына байланысты оның тиісті құқықтық мәртебесі анықталады.

Ал Германияда адвокатураның қызметі мен оның құрылуы арнаулы заңнамамен реттелген. Бұл 1959 жылдың 1-тамызында қабылданған Адвокатуратурағы федералдық заң

және 1957 жылдың 26-шілдесінде қабылданған Адвокаттардың қызметтерін төлеу туралы федералдық ереже. Сәйкесінше осы екі нормативтік құқықтық актінің күші бүкіл Германия аумағында таралады.

Германияда адвокаттарға федералдық заңға сәйкес мынадай қызметтер жүктелген:

1) құқықтық мәселелер бойынша кеңестерді және консультацияларды (ақпарат) береді;

2) азаматтық іс жүргізуде (соттар мен соттан тыс органдарда) тарап ретінде қатысатын клиенттердің атынан өкілдік ету;

3) сотта және/немесе тергеу органында қылмыстық іс бойынша айыпталушыны немесе сотталушыны қорғау (бұл да клиент атынан өкілдік етудің нысаны болып есептеледі, бірақ қылмыстық іс жүргізу шегінде). Қылмыстық іс жүргізу шегінде адвокат жәбірленушінің өкілі ретінде де қатыса алады.

4) заң адвокатқа клиентпен оның мүддесін басқаруға шарт жасасуға құқық береді;

5) адвокат заңгерлердің қызметін арнаулы шарт бойынша атқара алады, өйткені ол федералдық заңға сәйкес заңгер болып жұмыс істей алмайды, себебі ол заң адвокатураны «сот әділдігінің тәуелсіз органы» (сот әділдігінің кең мағынасы құқық қорғау қызметі мен әділет туралы айтылып отыр) ретінде анықтайды.

Адвокаттық қызметке сот ұйымдастыру туралы заңға сәйкес соттық міндеттерді атқара алатын адам ғана жіберіледі. Адвокаттар мен судьялар үшін білімге деген талап бірдей.

Жоғары заң білімі бар ізденуші құқық курсының 6 семестр бойы Германияның бір университетінде тыңдауы тиіс. Одан кейін ол екі арнаулы емтиханды жеңісті тапсыруы тиіс. Бірінші емтиханды түлектік деп атауға болады, өйткені ол болашақ адвокат оқыған оқу орнында тапсырылады. Екінші кезең – сот, прокуратура, нотариат және адвокатурада 3 жарым жылдан 4 жылға дейін тағылымдамадан өту. Тағылымдамаға ақы төлеу биліктің жергілікті органдарының арнаулы қорларынан – қазынадан төленеді. Тағылымдама біткен соң екінші емтиханды тапсыру басталады. Бұл емтихан жергілікті Әділет министрлігінің басшылығымен жүргізіледі. Әділет министрлігі емтихан бағдарламасын әзірлейді және емтихан сұрақтарын дайындайды. Әдістемелік кітапшаларды шығарады, емтихан комиссиясын құрады. Бұл емтихан білім емтиханы емес, практикалық дағдылар, кәсіпті игеру емтиханы болып табылады.

Оны тапсырған адам судья немесе адвокат бола алады. Осы ережеден бір ғана ауытқу бар – Германияның құқық докторы дәрежесіне ие заңгер тағылымдамасыз, емтихансыз адвокат бола алады.

Адвокаттық практикаға жіберу туралы мәселе ізденушінің жергілікті Әділет министрлігімен шешіледі. Алайда шешім адвокаттардың аумақтық алқасының пікірін ескерумен қабылданады. Өтініш алынғаннан кейін министрлік өтініш беруші жұмыс істегісі келетін округтің адвокаттар алқасының пікірін сұрайды. Жауап берудің жалпы мерзімі – екі ай. Бірақ егер осы уақыт ішінде алқа оның пікірі туралы сұрауға жауап бермесе, өз пікірін білдірмесе, алқа тарапынан қарсылық жоқ деп есептелінеді.

Адвокатура туралы федералдық заң ізденушіге оның өтінішін қанағаттандырудан бас тартудың айқындалған негіздерін белгілеген.

Адвокат адвокаттық практиканы ол тіркелген тек қана бір сотта ғана жүзеге асыра алады. Алайда басқа соттарды жұмыс істеуге рұқсат алуы да мүмкін, бірақ тек сот төрелігінің мүддесіне орай және ерекше жағдай ретінде.

Германияның Федералдық Жоғарғы сотында адвокаттық қызметке жіберілген заңгерге одан төмен тұрған кез келген сотта адвокаттық практикамен айналысуға ешбір ерекше жағдайда жол берілмейді.

Германияда адвокаттар алқасы аумақтық қағида бойынша ұйымдастырылады және бір жердің сотына тіркелген адвокаттарды біріктіреді. Жердің Әділет министрлігі бір округтің аумағында тағы да бір адвокаттар алқасының құрылуына рұқсат беруі мүмкін, бірақ егер, ондағы жұмыс істеуші адвокаттардың саны 500 адамнан асса.

Германияның аумағындағы барлық адвокаттар алқалары Біртұтас Федералдық адвокаттар палатасына бірігеді.

Италияда адвокаттық қызмет 1934 жылғы 22-қаңтардағы Адвокаттық қызмет туралы кәсіби заңмен реттеледі. Италияда адвокат мәртебесін және кәсіби заң қызметімен айналысуға құқықты алудың шарты болып тиісті адвокаттар палатасының кәсіби тізіліміне тіркелу болып табылады. Адвокаттардың кәсіби тізіліміне енгізу туралы шешімді әр адвокаттар палатасының басқару органы болып табылатын Орден кеңесімен қабылданады. Ал әр адвокаттар палатасы әр әкімшілік сот округінде құрылады және қоғамдық бірлестік болып табылады.

Орден Кеңесінің құзыретіне адвокаттардың кәсіби тізіліміне

тіркеу және одан шығару кіреді. Алайда оның шешімдеріне шағымдануға болады

Италияда адвокат болу үшін үміткер мынадай талаптарға жауап беруі тиіс:

- Италия азаматы болуы;
- соттылығы болмауы;
- жоғары заң білімі бар болуы;
- зангерлік тәжірибесі болуы тиіс;
- мемлекеттік емтиханды жақсы тапсыруы тиіс.

Италия адвокатурасы орталықтанған құрылымдары мен өзін-өзі басқару органдары бар өзін-өзі басқаратын корпорация болып табылады. Италиядағы адвокаттарды біріктірегіні және олардың құқықтарын қорғайтын органдар болып Орден кеңесі, Ұлттық адвокаттық кеңес, Әлеуметтік сақтандыру және көмек қоры табылады.

Орден кеңесінің мүшелері тиісті әкімшілік сот округінің адвокаттардан жай көпшілік дауыспен 2 жыл мерзімге сайланады. Орден кеңесі кем дегенде 5 мүшеден (осы сот округінде тіркелген адвокаттар саны 50 адам болса), ал 7 мүшеден (осы сот округінде тіркелген адвокаттар саны 50-100 адам болса), 9 мүшеден (осы сот округінде тіркелген адвокаттар саны 100-500 адам болса), 15 мүшеден (осы сот округінде тіркелген адвокаттар саны 1500 адамнан асса) тұрады. Орден кеңесінің құрамына Орден кеңесімен көпшілік дауыспен сайланатын Президент, хатшы, қазынашы кіреді.

Орден кеңесінің өкілеттіктері болып табылады:

- адвокаттық қызметті жүзеге асыруды және кәсіби әдепті әкімшілік бақылау;
- тәртіптік сипаттағы қызметтер;
- мүшелік туралы қызметтер;
- орден мүшелерінің арасындағы дауларды шешу;
- жылдық алымдардың (жарналардың) мөлшерін белгілеу, адвокаттардың кәсіби тізіліміне тіркегені үшін алымдарды белгілеу және т.б.

Орден кеңесін тарату Италия Әділет министрлігінің декретімен жүзеге асырылады. Ол адвокаттардың кәсіби қызметін бақылайды және оны Ұлттық адвокаттық одақтың пікірін ескере отырып жүзеге асырады.

Ұлттық адвокаттық одақ Италияның бүкіл адвокаттарының

кәсіби қауымдастығының ең жоғарғы өзін-өзі басқару органы Бұл орган келесідей тәртіппен адвокаттық қауымдастықпен қалыптастырылады. Апелляциялық соттың әр учаскесінде адвокаттық қауымдастық Ұлттық адвокаттық кеңестің мүшесі болатын адвокатты 3 жыл мерзімге сайлайды. Ұлттық адвокаттық кеңес 26 адвокаттан тұрады. Бұл органның жиналысы Римде өтеді. Ұлттық адвокаттық кеңес өкілдік, басқарушылық және ұйымдастырушылық қызметтерді атқарады. Оның ішінде: адвокаттық қызметтерге тарифтерді белгілеу; өз құзыреті шегінде Орден кеңесінің даулары бойынша шешімдер қабылдау, Әділет министрлігінің тиісті сұрауларына заң жобалары бойынша пікірлерін қабылдау; тәртіптік шағымдар бойынша шешімдер қабылдау; халықаралық ұйымдардағы Италияның адвокаттық қауымдастығының мүддесін білдіру және т.б.

Әлеуметтік сақтандыру және көмек ұлттық қоры 1993 жылы құрылған болатын. аталған Қорда барлық адвокаттар тіркелуі тиіс және салық учаскесі бойынша жарналар енгізуге міндетті.

Бақылау сұрақтары

1. Беларусь мен Украинаның адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшеліктері қандай?
2. Өзбекстан мен Ресейдегі адвокаттық қызметтің нысандары қандай?
3. АҚШ-та адвокаттық практикамен айналысу үшін патентті алу тәртібі қандай?
4. Ұлыбританияда адвокаттар қандай түрлерге бөлінеді?
5. Германиядағы адвокаттардың құқықтық жағдайының ерекшелігі неде?
6. Франциядағы адвокаттардың санаттары қандай?
7. Италия адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшелігі.

**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**
Заң факультеті
Сот билігі және қылмыстық іс жүргізу кафедрасы

“Бекітілді”

“ _____ ” қыркүйек 2010 ж. № 1 хаттамамен
Заң факультетінің Ғылыми кеңесі
Факультетінің деканы, з.ғ.д., профессор
Д.Л. Байділдинов _____

**ОҚУ ЖҰМЫС БАҒДАРЛАМАСЫ
(SYLLABUS)**

**Қазақстан Республикасындағы адвокатура және
адвокаттық қызмет**

**Мамандығы: құқықтану
050301**

Дәріс берушінің аты жөні: сот билігі және қылмыстық
іс жүргізу кафедрасының меңгерушісі,
з.ғ.д., профессор Алауханов Есберген Оразұлы
тел.: 8 (727) 377-33-33, ішкі – 1242.
e-mail: doctor_u@mail.ru
каб.: 417

Алматы - 2010 ж.

Ал-Фараби атындағы оқу-әдістемелік кешені

Бағыт Зантану

Шифр:050301

Пән: Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ЖӘНЕ

АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ пәні бойынша
студенттерге арналған Оқу Бағдарламасы
СИЛЛАБУС

1. Оқу нысаны: күндізгі

2. Курс – 4

3. Кредит саны – 2

4. Дәріс беруші туралы мәлімет: з.ғ.д., профессор Алауханов
Есберген Оразұлы

5. Оқытушы туралы мәлімет: оқытушы Нұрмағанбет Ермек
Талантұлы

6. Хабарласу үшін мәлімет - Сот билігі және қылмыстық іс жүргізу кафедрасы – 415-417 аудитория, тел.: 8 (727) 377-33-33, ішкі – 1242 немесе 1253.

7. Курс туралы қысқаша мәлімет – «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» - адвокатураның мәні мен мақсаттары және 1917 жылға дейінгі кезеңде, Кеңес заманында және қазіргі уақытта Қазақстандағы адвокатураның қалыптасуы, даму кезеңдері туралы, адвокаттар алқасы мен оның органдарының заңи тұрпаты, олардың мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы, адвокаттардың құқықтары мен міндеттері туралы қажетті білім көлемін беру. Сонымен қатар, адвокаттық қызметтің негізгі бағыттары туралы айтылып, қылмыстық, әкімшілік құқық бұзушылық істерде қорғаушы, азаматтық істерде өкіл ретіндегі адвокат қызметінің ерекшеліктеріне аса назар аударылады.

8. Пәннің негізгі мақсаттары. «Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет» пәні студенттерге адвокаттық қызметтің ерекшеліктерін, ғылыми-

тәжірибелік мәселелерін талдау әдістерін қолдана отырып зерттеуді мақсат етеді.

9. Осы пәнді оқығаннан кейін студент:

- адвокатураның түсінігін, даму тарихын,
 - адвокаттың мәртебесін, оның құқықтары мен міндеттерін, адвокаттарды алқаға қабылдау, шығару тәртібін,
 - тағылымнан өтушілердің, көмекшілердің мәртебесін білуі қажет мағлұматтар
 - шағым, талап қою арызын, апелляциялық шағымды, арызды, тілек-талаптарын құрастыруға.
 - азаматтық істер бойынша өкілдікті жүзеге асыруға,
 - қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша өкілдікті, қорғауды жүзеге асыруға;
- жарғыларды, шарттарды жасауға, тексеруге икемі болу қажет.

10. Пререквизиттер: Мемлекет және құқық теориясы, Қазақстан Республикасының Конституциялық құқығы. Құқық қорғау органдары, Азаматтық құқығы, Қылмыстық құқығы, Қылмыстық іс жүргізу құқығы.

Постреквизиттер:

Қазақстан Республикасының қылмыстық құқығы, Криминалистика, Қылмыстық іс жүргізу құқығы, Сот сараптамасы, Сот статистикасы, Криминология, Қазақстан Республикасының азаматтық құқығы, Сот этикасы.

11. Курстың тақырыптық мәні:

Пән үш тақырыптан тұрады:

1-тақырып. Кіріспе. Қазақстан Республикасының адвокатураның түсінігі, маңыздылығы және мәні. Адвокатура институтының даму тарихы – 10 сағат.

2-тақырып. Адвокатураның негізгі ұйымдастыру нысаны. Адвокаттар алқасы. Адвокатура алқасының органдары. Адвокаттың мәртебесі. Адвокаттың кәсіби әдебі – 12 сағат

3-тақырып. Адвокаттардың азаматтық іс жүргізуде, қылмыстық іс жүргізуде, әкімшілік істерге қатысу тәртібі және ерекшеліктері. Қазақстан Республикасының Адвокаттар Одағы. Халықаралық адвокаттар Одағы (Достастығы). Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы – 8 сағат.

**«Қазақстан Республикасындағы адвокатура және
адвокаттық қызмет» пәнінің
МАЗМҰНЫ**

	Дәрістердің мазмұны	
1.	Адвокатураның мәні мен міндеттері	1
2.	Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері	2
3.	Адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары	2
4.	Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі. Адвокаттар еңбегіне ақы төлеу	2
5.	Қазақстан Республикасы адвокатурасы ынтымақтастығының ұйымдық-құқықтық нысандары	2
6.	Адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі	2
7.	Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі	2
8.	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	2

	Семинардың мазмұны	
1.	Адвокатураның мәні мен міндеттері	1
2.	Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері	2
3.	Адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары	2
4.	Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі. Адвокаттар еңбегіне ақы төлеу	2
5.	Қазақстан Республикасы адвокатурасы ынтымақтастығының ұйымдық-құқықтық нысандары	2
6.	Адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі	2
7.	Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі	2
8.	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	2

КҮНТІЗБЕЛІК ТАҚЫРЫПТЫҚ САБАҚ ЖОСПАРЫ

1-кесте

а) дәріс сабақтары үшін

Тақырыптың атауы	Апталар бойынша үйлестіру					
	Дәріс		Семинар		СӨӨЖ	
	апта	са- ғат- тар саны	апта	са- ғат- тар саны	апта	са- ғат- тар саны
Адвокатураның мәні мен міндеттері	1	1	1	1	1	1
Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері	2-3	2	2-3	2	2-3	2
Адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары	4-5	2	4-5	2	4-5	2
Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі. Адвокаттар еңбегіне ақы төлеу	6-7	2	6-7	2	6-7	2

Қазақстан Республикасы адвокатурасы ынтымақтастығының ұйымдық-құқықтық нысандары	8-9	2	8-9	2	8-9	2
Адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі	10-11	2	10-11	2	10-11	2
Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі	12-13	2	12-13	2	12-13	2
Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	13-14	2	13-14	2	13-14	2
Барлығы		15		15		15

Сабақтарға дайындалу материалдарын зерттеу тізімі
2-кесте

№ п/п	СӨЖ тақырыбы	СӨЖ-ге тапсырма	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиет (бет)	Бақылау нысаны	Тапсыру мерзімі	Ең жоғары балл
1.	Адвокатураның міндеттерінің жариялық сипаты	Реферат жазу	Адвокатураның білікті заң көмегін берудегі ролі	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12 б) қосымша	ауызша	2 апта	4
2.	Адвокатураның қазіргі замандағы жаңа жетілдіру мәселелері	Реферат жазу	Адвокаттық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12 б) қосымша	жазбаша	4 апта	4
3.	Адвокаттың азаматтық құқықтық дауларға қатысуы	Реферат жазу	Адвокаттың азаматтық істер бойынша қызметі	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12 б) қосымша 4, 5, 9, 10,	сұхбат	6 апта	4

4.	Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі адвокатура-ның жай-күйі мен мәселелері	Реферат жазу	Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызметті ТМД елдерінің адвокатурасымен салыстыру	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12 б) қосымша 4, 5, 9, 10,	ауызша	8 апта	4
5	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия)	Тренинг	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12	ауызша	10 апта	4

Оқу сабақтарының кестесі

Апта	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Дәріс	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Семинар сабақтары	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
СО ӨЖ	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

Тапсырмалардың тақырыптары 2-кестеде

Аралық бақылаудың кестесі

Апта	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1 аралық бақылау							*								
2 аралық бақылау															*

1. Аралық бақылау (7 апта, ауызша нысанда)

1. Білікті заң көмегін алу – Қазақстан Республикасындағы әрбір адам мен азаматтың конституциялық құқығы

2. Адвокатура туралы ұғым және оның алдына қойған мақсаттары.

3. Адвокатураның ұйымдастырылуының негізі мен принциптері.

4. Адвокаттар көрсететін білікті заң көмегінің түрлері.

2. Аралық бақылау (15 апта, жазбаша нысанда)

1. Қазақстан Республикасындағы адвокат Адвокаттық қызметпен шұғылдануға құқық беретін лицензия және оның күші. Адвокаттың құқықтары мен міндеттері.

2. Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау мен оны тоқтату тәртібі.

3. Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.

4. Адвокаттар алқасы мүшелерінің еңбекақы төлемін реттеу.

5. Адвокаттарды және тағылымдамадан өтуші адвокаттарды көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану шаралары.

10. Адвокатура туралы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері.

11. Адвокаттың кәсіби мінез-құлық қалыптшылығы туралы ұғым.

12. Адвокаттық қызметтің әдептілік және психологиялық ерекшеліктері

13. Адвокаттық құпия туралы түсінік.

14. Адвокаттың іс жүргізуге қатысушылармен, оның ішінде көмек сұраушымен, сотпен және әріптестерімен қарым-қатынас әдептілігі.

15. Адвокаттың құқықтық мәдениеті, оның кәсіптік біліктілігінің деңгейін көтеру міндеті.

16. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы заң көмегінің бір түрі ретінде.

17. Қылмыстық іске қорғаушының міндетті түрде қатысуы.

18. Адвокатты іс бойынша қорғаушы ретінде іс жүргізуге қатысудан шеттету.

19. Қорғаушыны қылмыстық іске шақыру, тағайындау және ауыстыру.

20. Қорғаушының процессуалдық жағдайы, оның құқықтары мен міндеттері

21. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысуы қай кезден басталады?

22. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қорғаушыдан бас тарту құқығы және тәртібі қандай?

23. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қорғаушыны шақыру тәртібі қандай?

24. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтары қандай және қандай іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ?

25. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша жәбірленушінің өкілі ретіндегі құқықтары қандай?

26. Беларусь мен Украинаның адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшеліктері қандай?

27. Өзбекстан мен Ресейдегі адвокаттық қызметтің нысандары қандай?

28. АҚШ-та адвокаттық практикамен айналысу үшін патентті алу тәртібі қандай?

29. Ұлыбританияда адвокаттар қандай түрлерге бөлінеді?

30. Германиядағы адвокаттардың құқықтық жағдайының ерекшелігі неде?

31. Франциядағы адвокаттардың санаттары қандай?

32. Италия адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшелігі.

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ЖӘНЕ
АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ» ПӘНІ БОЙЫНША СӨЖ ЖӘНЕ СӨӨЖ
ТАПСЫРМАЛАРЫ**

I. СӨӨЖ дайындалу үшін материалдарды қарастыру кестесі

№ п/п	СӨЖ тақырыбы	СӨЖ-ге тапсырма	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсыны- латын әдебиет (бет)	Бақылау нысаны	Тапсыру мерзімі	Ең жо- ғары балл
26	Адвокату- ра міндеттерінің жария- лықтық сипаты	Реферат жазу	Адвокатураның билікті заң көмегін берудегі ролі	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12 б) қосым- ша	ауызша	2 апта	4
27	Адвокатура- ны қазіргі заман- да жетілді- ру мәселелері	Реферат жазу	Адвокаттық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру мәселе- лері	а) егізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12 б) қосым- ша 4, 5, 9, 10	жазбаша	4 апта	4
28	Адвокаттың азамат- тық-құқықтық даулар- ға қатысуы	Реферат жазу	Адвокаттың азаматтық істер бойынша қызметі	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12 б) қосым- ша 4, 5, 9, 10.	сұхбат	6 апта	4

29.	Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі адвокатураның жай-күйі мен мәселелері	Реферат жазу	Қазақстан-Республикасының адвокаттық қызметті ТМД елдерінің адвокатуранымен салыстыру	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12 б) қосымша 4, 5, 9, 10.	ауыспалы	8 апта	4
5	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия)	Тренинг	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	а) негізгі 1, 3, 4, 5, 6, 10, 12	ауыспалы	10 апта	4

2.СӨЖ дайындалу үшін материалдарды қарастыру кестесі

Реферат тақырыбы «Адвокатура міндеттерінің жария-құқықтық сипаты» тапсыру уақыты - 4 апта;
 Реферат тақырыбы: «Адвокатураны кезіргі заманда жетілдіру мәселелері» және «Адвокатынң азаматтық-құқықтық дауларға қатысуы» – тапсыру уақыты – 9 апта;

Реферат тақырыбы: «Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі адвокатураның жай-күйі мен мәселелері» және «Шетел мемлекеттеріндегі адвокатура (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Жапония, Германия, Италия, Франция)» – тапсыру уақыты – 14 апта.

КУРСТЫҚ ЖҰМЫСТЫ ЖАЗУҒА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР МЕН ТАҚЫРЫПТАР

Жұмысты жазуға қойылатын жалпы талап: жұмысты орындау үшін тақырыпты монографиялық зерттеулер мен оқу әдебиеттерінің, сот органдары мен өзге де органдар мен ұйымдардың тәжірибесі негізінде терең меңгеру қажет. Курстық жұмысы ғылыми жетекшімен келісіліп, кафедра меңгерушісімен бекітілген тақырыпта орындалуы тиіс.

Курстық жұмыстың көлемі А4 форматта 20 (35-ке дейін) баспа беттен, 25-35 қолжазба беттен аспауы тиіс.

Курстық жұмыс 1 дана етіп орындалып, қапталып кафедраға тапсырылады. Курстық жұмысты қорғау оқу формасына қарай жүргізіледі.

Жұмыс құрылымы: Жұмыс титулды беттен, мазмұннан, кіріспеден, негізгі бөлім, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады (қосымша беттер жұмыс көлеміне кірмейді).

Мазмұны беттері көрсетіле отырып жұмыстың барлық бөлімдерінің атауларынан тұрады

Кіріспе таңдап алынған тақырыптың өзектілігін анықтаудан, тақырыпты таңдау себебі мен оны жазудағы басты мақсаттар мен міндеттерден және жұмыстың қысқаша сипаттамасынан тұрады.

Жұмыстың негізгі бөлімі бірнеше бөлімдерден тұрады. Бөлім бірнеше бөлімшелерден тұруы мүмкін. Жұмыстың негізгі бөлімі сипаттамалы түрде болуы тиіс. Негізгі бөлімде жұмыс тақырыбы мазмұны бойынша толық ашылуы тиіс. Тақырып сұрақтары теориялық және тәжірибелік тұрғыдан зерттеліп, орын алған мәселелерді құқықтық реттеу тетіктері ұсынылып, заңдарды қолдану тәжірибесіне сараптама жасалынып оны жетілдіру жолдары ұсынылуы тиіс.

Жұмысты орындау барысында студент материалдарды меңгеруде дербестік танытуы тиіс, ең бастысы материалдарды пайдалануда көшіруге жол бермеу. Туындылардан сөздерді, сөйлемдерді және авторлардың ойларын пайдаланғанда автордың туындысына беттерін көрсете отырып сілтеме жасау қажет. Оқулықтар да авторлық еңбек екенін ұмытпау керек.

Қорытынды жүргізілген зерттеудің қорытындыларынан және қарастырылған мәселелерге байланысты ұсыныстардан тұрады.

Пайдаланылған қайнар көздер тізімі (нормативтік актілер мен әдебиеттер немесе библиография) бөлімдерден тұруы қажет.

1. **Нормативтік құқықтық актілер.** Нормативтік актілер тізімі олардың заңды күшіне байланысты жасалуы тиіс

2. **Арнайы әдебиеттер:** бұл бөлімдегі оқулықтар мен монографиялық әдебиеттер және мерзімдік басылымдар алфавиттік ретімен автордың аты-жөні, жұмыстың атауы, баспа орны мен шыққан жылы, жұмыстың жалпы көлемі (ғылыми мақалаларды пайдаланған жағдайда автордың мақаласы көлемі) көрсетілуі тиіс. Мысалы, арнайы әдебиеттер деген бөлімді мынадай бөлімшелерге бөлуге болады: оқу әдебиеттері, арнайы әдебиеттер, мерзімдік басылымдар.

Жұмысты рәсімдеу: Жұмысты жазу барысында А4 форматты қағазы пайдаланылады. Тақырып сілтемелерді қоса есептегенде мынадай өлшемде орындалады: үсті – 4 см, асты – 2 см, сол жағы – 3 см., оң жағы – 1 см. Қатар аралық өлшем – 1, шрифт көлемі – 14, абзац – 0,8.

Жұмыс бөлімдері (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жаңа беттен басталады. Бір бөлімнің бөлімшелері арасында үзіліс болмауы тиіс. **Сілтемелер** беттердің соңында орындалады.

1. Заң көмегін алу – адам мен азаматтың конституциялық құқығы
2. Заң көмегі туралы ұғым және оның маңызы.
3. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері.
4. Адвокатура түсінігі және оны ұйымдастыру принциптері.
5. Адвокатураның мәні мен мақсаты.
6. Адвокаттар алқасы коммерциялық емес қоғамдық ұйым.
7. Адвокаттар алқасы тәуелсіз ұйым.
8. Адвокаттар алқасы кәсіби ұйым
9. Адвокаттар алқасы өзін-өзі басқаратын ұйым.
10. Адвокаттар алқасы өзін-өзі қаржыландыратын ұйым.
11. Адвокатураның мақсаттары мен қызметінің нысандары.
12. ҚР адвокатура органдарын қалыптастыру тарихы.
13. Тергеу органдарының мақсаттары мен құзыреттері.
14. Прокуратураның қызметінің негізгі бағыттары.
15. Адвокаттың профессионалдық этикасы.
16. ҚР адвокаттардың құқықтық жағдайы.
17. Қылмыстық істер бойынша іс жүргізудегі адвокаттың қатысуы.
18. Адвокаттардың азаматтық істер мен әкімшілік істерге қатысуы.

19. АҚШ, Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.

Қолдануға ұсынылған әдебиеттер мен нормативтік актілер

Ұсынылатын нормативтік актілер:

А) Негізгі:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Қазақстан, 2007 ж.

2. 2001 жылғы 30 қаңтардағы №155-ІІ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №206-І Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі.

4. 1999 жылғы 13 шілдедегі №411-І Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі.

5. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім).

6. 1999 жылғы 1 шілдедегі №409-І Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім).

7. 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195-І «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы

8. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы 3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 2 шілде №12/2 Қаулысы.

9. 2002 жылғы 15 тамыздағы №19 «Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік Қаулысы

10. 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 «Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік Қаулысы

11. «Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы №1247 Қаулысы

12. «Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін бекіту

тураль» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі №1235 Қаулысы

13. «Адвокаттық және нотариаттық қызмет түрлерін лицензиялау ережесін және оларға қойылатын біліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы №454 Қаулысы.

14. Адвокаттардың кәсіби әдебінің Ережелері.

Ұсынылатын оқулықтар және арнайы ғылыми әдебиеттер:

А) Негізгі әдебиеттер:

1. Адвокат: навыки профессионального мастерства / Под ред. Л.А. Воскобитовой, И.Н. Лукьяновой – М.: Издательство Волтерс Клувер, 2006. – 592 с.

2. Адвокатура в России: учебник/А.Н. Чашин. - М.: Издательство «Дело и Сервис», 2008. – 432 с.

3. Адвокатура в странах СНГ. Материалы съезда адвокатов, состоявшегося в Минске 19 апреля 1994 г. / Адвокат. – 1995. - №8, 9.

4. Адвокатура туралы нормативтік құқықтық актілердің Жинағы. Алматы, 1999.;

5. Адвокатская деятельность: Учебно-практическое пособие / Под общ. ред. к.ю.н. В.Н. Буробина – М.: Изд-во МНЭ-Пу, 2001. – 536 с.;

6. Ағыбаев А.Н., Алауханов Е.О. Алдын ала тергеудің аяқталуы. - Алматы, Жеті Жарғы, 2004. - 136 б.

7. Абдиканов Н. Производство в суде первой инстанции по уголовно-процессуальному праву Республики Казахстан: Учебное пособие. – Алматы: Издательство «Норма-К», 2009. – 240 с.

8. Абдраимов Б.Ж., Мухамедшин Р. Некоторые теоретические и практические вопросы гражданского судопроизводства // Правовая реформа в Казахстане - 2000. - №3. - С. 14.

9. Айтмухамбетов Т.К. Использование дополнительных материалов судами апелляционной и надзорной инстанции Учебное пособие. – Алматы: NAS, 2006. - 192 с.

10. Алауханов Е.О., Оразалиев М.М. Айып тағу және айыптау қорығындыны түзу. – Алматы, 2003.

11. Алауханов Е.О. Антикоррупционная правовая политика. – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 256 с.

12. Алауханов Е.О. Сьбайлас жемкорлыкпен күрес: теория және практика: Оқулық. – Алматы: Зан әдебиеті, 2009. – 240 б.
13. Алауханов Е.О., Садыков А.Ж. Адвокат-қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі. Монография. – Алматы: ТОП, 2009.
14. Алауханов Е.О., Садыков А.Ж. Право подозреваемого (обвиняемого) и подсудимого на профессиональную юридическую защиту: Монография – Алматы: ТОП, 2009.
15. Алауханов Е.О. Криминология. Учебник: Общая и Особенная части.
- Алматы Жеті Жарғы, 2008. – 664 с.
16. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану): Оқулық. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2006. – 264 б.
17. Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім): Оқулық. – Алматы, 2009.
- 456 б.
18. Алимбеков М.Т., Абдрасулов Е.Б. Применение гражданско-правовых норм судов в современный период. – Астана, 2009. - 336 с.
19. Анишина В.И. Основы судебной власти и правосудия. – М.: Эксмо, 2008. - 278 с.
20. Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в РК. – Костанай, 1998.
21. Балабиев Қ., Үтенов Ж. Қазақстан Республикасының адвокатураны: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2003.
22. Баршевский М.Ю. Организация и деятельность адвокатуры в России: Научно-практическое пособие. – М., 2000
23. Булгакбаев А. Советская адвокатура. – Алматы, 1982.
24. Булеулиев Б.Т. Суд с участием присяжных заседателей: проблемы становления и перспективы развития в республике Казахстан. – Астана, 2009. - 405 с
25. Гаврилов С.Н. Адвокат в уголовном процессе. – М., 1996.
26. Головки Л.В. Экспертное заключение на проект Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам оперативно-розыскной деятельности» // Актуальные проблемы совершенствования прокурорского надзора, предварительного расследования по уголовным делам и уголовно-исполнительного законодательства в свете конституционных преобразований в Казахстане материалы

международной науч.-практич конференций. Астана, 18-19 октября 2007 г. ТОО «Фирма Книю», 2008. С.278-290.

27. Глисков А.А. Адвокатская деятельность и адвокатура в вопросах и ответах (пособие для граждан) / А.А. Глисков, А.Г. Глисков, А.И. Забейворота; под ред. С.Н. Бабурина. – Ростов на Дону Феникс, 2006. – 797 с.;

28. Данилов Е.П. Справочник адвоката – М., 1999 - 560 с.

29. Джансараева Р.Е. Некоторые аспекты концептуальных положений уголовной политики Республики Казахстан в современных условиях // Концепция правовой политики РК на 2010-2020 годы и перспективы развития судебной системы: Сборник материалов круглого стола. – Астана, 2009. С.194-199.

30. Жалыбин С.М. Правовое положение адвоката в уголовном судопроизводстве.

– Алматы, 1998.

31. Жамиева Р.М., Каиржанов Е.И. Тактика адвокатской защиты по уголовным делам: Учебное пособие. - Алматы: ЮрКениет, 2000 – 228 с.

32. Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в РК: Учебное пособие / Под. общ. ред. проф. С.С. Сартаева. – Алматы: Дәнекер, 2000.

33. Журсимбаев С.К. Законность в досудебных стадиях уголовного судопроизводства – Алматы, 2007. - 238 с.

34. Журсимбаев С.К. Правоохранительные органы Республики Казахстан: Учебное пособие. -- Алматы, 2007.

35. Иншаков С.М. Зарубежная криминология: Учебное пособие. – Москва, 2007.

-374 с.

36. Қайыржанов Е.І., Жәмиев Р. Қылмыстық істер бойынша адвокаттың қорғау тәсілдері // Заң. – 2001. - №1.

37. Канафин Д.К. Экспертное заключение на проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам применения меры пресечения в виде ареста» // Ежегодник Центра исследования правовой политики 2008. – Алматы, 2009. - 328 с.

38. Когамов М.Ч. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части.

39. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РК.

– Алматы: Жеті Жарғы, 2009.

40. Лубшев Ю.Ф. Адвокатура в России. Учебник. – М.: ООО «Профобразование», 2001 - 832 с.

41. Мами К.А. Проблемы усиления гарантий прав участников уголовного процесса материалы международной научно-практич. конференций. - Алматы, 2003

42. Мишин А.А., Власихин В.А. Конституция США. – М., 1985.

43. Меіпрбскова Г.Б. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет - Алматы, 2007. – 184 б.

44. Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть).

– Алматы, 2000. – 271 с.

45. Пашин С.А. Экспертное заключение на проект Закона РК «О внесении изменений и дополнений в Уголовный, Уголовно-процессуальный и Уголовно-исполнительные кодексы Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам упрощения процедуры расследования уголовных дел и декриминализации некоторых составов преступлений» // Актуальные проблемы совершенствования прокурорского надзора, предварительного расследования по уголовным делам и уголовно-исполнительного законодательства в свете конституционных преобразований в Казахстане материалы международной науч.-практич. конференций, Астана, 18-19 октября 2007 г. ТОО «Фирма Киік», 2008. - С. 270-277.

46. Правовая система США / Науч. ред. Власихин В.А. 3-й выпуск. – М. «Новая юстиция», 2006. – 1216 с.

47. Сарсенбаев Т.Е. Лица, участвующие в уголовном процессе. Институт отвода: Комментарий к УПК РК. - Астана Фоллиант, 2001. - 176 с.

48. Сарсенбаев Т.Е. Обеспечение прав потерпевшего в досудебном производстве // Обеспечение конституционных прав граждан в досудебных стадиях уголовного процесса – Алматы, 2006. - С. 255-262.

49. Смирнова Е.М. Адвокатура: Учебное пособие. – СПб.: Изд-во Михайлова В.А., 2002. – 267 с.

50. Соломов Б.С. Защитительные речи адвокатов Узбекистана. – Ташкент, 2006. – 378 с.

51. Стецовский Ю.И. Советская адвокатура: Учебное пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 1989.

52. Сулейменова Г.Ж., Воронина Л.В. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан Учебное пособие / Под ред. Сулейменовой Г.Ж. – Алматы: Алем, 2002.

53. Тыныбеков С. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан: Учебник. – Алматы: Данекер, 2004.

54. Тыныбеков С.Т. Қазақстан Республикасының адвокатура-сы және адвокаттық қызмет. - Алматы: Данекер, 2004. – 246 с.

55. Тыныбеков С.Т. Организация и деятельность адвокатуры (вопросы и ответы).

– Алматы: Данекер, 2000.

56. Халиков К.Х. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары: Оқу құралы. – Алматы. Санат, 1995. - 176 б.

57. Халиков К.Х., Додобоев Ю.Т., Мирзоев Т.Р., Исламов Б.Д. Судебные реформы в Центральноазиатских странах: Учебное пособие. - Т., 2006. - 432 с.

58. Чашин А.Н. Адвокатура в России: Учебник. – М.: Дело и Сервис, 2008. – 432 с.

59. Шабакбаев М.Н. Проблемы и перспективы развития прокурорского надзора за законностью оперативно-розыскной деятельности // Актуальные проблемы совершенствования прокурорского надзора, предварительного расследования по уголовным делам и уголовно-исполнительного законодательства в свете конституционных преобразований в Казахстане: материалы международной науч.-практич. конференций. - Астана, 18-19 октября 2007 г. ТОО «Фирма Кник», 2008. - С. 58-263.

60. Шарипов Ш.М. Судьяның тәуелсіздігі: Оқу құралы. – Алматы: Данекер, 2003.

– 168 б.

61. Юрченко Р.Н. О судебном санкционировании мер пресечения Практическое пособие. - Алматы: Жеті Жарғы, 2009 - 200 с.

Б) Диссертациялар:

1. Шагимуратов А.Я. Использование адвокатами средств защиты в стадии предварительного следствия: автореф. ... канд. юрид.наук. – Ташкент, 1989.

2. Жамиева Р.М. Тактика профессиональной защиты по уголовным делам: дисс. ... канд.юрид.наук. – Алматы, 1999

3 Жальбин С.М. Теоретические и методологические проблемы обеспечения прав человека при уголовном преследовании: дисс. ... д-ра юрид.наук. – Алматы 2003.

4 Тугел А.К. Участие адвоката-защитника в процессуальном доказывании по уголовным делам: Дисс. ... канд.юрид наук: 12.00.09. – Алматы, 2008 г. – 25 с.

5 Сериев Б.А. Еңбек заңдарының бұзылуына байланысты қылмыстық іс жүргізуге жәбірленушінің өкілі ретінде адвокаттың қатысуы: заң ғыл.канд. ... дисс.: 12.00.09.

– Алматы, 2008. – 24 б.

6 Меркушева Ж.П. Тактика действий защитника на предварительном следствии: автореф. ... канд юрид. наук. 12.00.09. – Алматы, 2009. – 25 с.

7. Шайкенова С.Т. Проблемы суда с участием присяжных заседателей в Республике Казахстан: теория и практика: автореф. ... д-ра юрид.наук. – Алматы, 2010. - 44 с

8. Садыков А.Ж. Адвокат-қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі: заң ғыл. канд. ... дисс. автореф. 12.00.09. – Алматы, 2010. - 29 б.

9. Шарипов А.Б. Равноправие сторон как условие реализации принципа состязательности в уголовном процессе Республики Казахстан автореф. канд.юрид.наук. 12.00.09. – Алматы, 2009. – 24 с.

В) Қосымша әдебиеттер:

1. Адам құқықтары туралы Жалпы Декларация (1948 жылғы 10 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 217 А Қарарымен қабылданған).

2. Адвокаттар рөлі туралы негізгі ереже (Нью-Йоркте 1990 жылғы тамызда қылмысты ескерту жөніндегі БҰҰ сегізінші Конгресінде қабылданған).

3. Еуропалық қоғамдастық адвокаттарына арналған тәртіптердің жалпы кодексі / Адвокат. - 1995. - №10.

4. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы Конвенция және оған 1997 жылғы 28 наурыздағы Хаттама.

5. 1993 жылғы 22 қаңтарда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы 12 мемлекетінің басшылары кол койған, 1994 жылғы 10 желтоқсанда күшіне енген азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенция, бұған 1997 жылғы 28 наурызда Конвенцияға қатысушы мемлекет-

тер қол қойған Хаттамамен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.
- Ростов-на-Дону, 1996.

6. Устав Общественного объединения «Союз адвокатов Казахстана» (2005 жылғы 15 сәуірдегі енгізілген өзгертулерімен).

7. Устав Общественной организации «Международный Союз (Содружество) адвокатов», утвержденный 21 мая 1992 года (1998 жылғы 22 мамырдағы, 2004 жылғы 26 мамырдағы және 2008 жылғы 23 мамырдағы өзгертулер енгізілді).

8. Адвокаттардың кәсіби әдебінің Ережелері.

12. Қолданылатын көрнекі құралдар тізімі:

Плакаттар, сызбалар.

13. СӨЖ-дің түрлері және тапсыру мерзімдері:

Реферат тақырыбы: «Адвокатура міндеттерінің жария-құқықтық сипаты» – тапсыру уақыты – 4 апта;

Реферат тақырыбы: «Адвокатураны қазіргі заманда жетілдіру мәселелері» және «Адвокаттың азаматтық-құқықтық дауларға қатысуы» – тапсыру уақыты – 9 апта;

Реферат тақырыбы: «Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі адвокатураның жай-күйі мен мәселелері» және «Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия)» – тапсыру уақыты – 14 апта.

14. Аралық бақылаудың және емтиханның түрі:

1-ші аралық бақылау - 7 апта ауызша

2-ші аралық бақылау - 15 апта жазбаша

Емтихан жазбаша түрінде қабылданады.

15. Студенттердің білімін бағалау жүйесі.

Баға қою саясаты:

Ағымдағы бақылау жүргізу нәтижесінде алған балл емтихан бағасымен біріктіріледі.

№	Жүргізілетін сабақ түрі	Саны
	Лекция	10
	Аралық бақылау	10
	Семинар	20
	СОӘЖ	10
	СӨЖ	10
	Барлығы	60

1-ағымдағы бақылау – 30%

2-ағымдағы бақылау – 30%

Емтихан – 40%

Ағымдағы бақылау нәтижелері емтиханға жіберуге негіз болып саналады.

Егер студент ағымдағы бақылау кезінде ең үлкен баллдың жартысын алмаса (60%), емтиханға жіберілмейді.

Сабаққа дайындалу кезінде шығармашылық амалдар, беделді қатысу, әртүрлі нормативтік, әдебиеттік қайнар көздерді пайдалану жоғарғы балл алынуды қолдайды.

16. Курстың саясаты:

1. Студент барлық лекцияларға қатысуға тиіс.
2. Студент семинар сабағының 1/3 жауап беру қажет.
3. Қалған сабақтарын қайта тапсыруы.
4. Аудиторияда бөлек, қатысы жоқ мәселелермен айналыспауы керек.
5. Лекцияға, семинарға т.б. сабақ түрлеріне кешікпеуге қажет.
6. Курстық жұмыстар мен рефераттарды студенттің өзі орындап, тапсыруы қажет.

Сабақ жүргізудің әдістері:

- лекция, сұрақ қою;
- кіші топтарда пікірсайыс;
- қысқаша баяндама;

конференция, презентация жүргізу;
рольдық ойын жүргізу.

Студенттерге қойылатын талаптар мен күтілетін нәтижелер:

сабаққа қатысуға міндетті;
семинар сабақтарына белсенді қатысуы;
СОӨЖ бойынша берілген тапсырмаларды дер кезінде орындап, тапсыру;
сабаққа жүйелі қатысуға.

**“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА
ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ” ПӘНІ БОЙЫНША
СЕМИНАР САБАҚТАРЫНЫҢ ТАПСЫРМАЛАРЫ**

1	Адвокатураның мәні мен міндеттері	1
2	Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері	2
3	Адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары	2
4	Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі	2
5	Қазақстан Республикасы адвокатурасы ынтымақтастығының ұйымдық-құқықтық нысандары	2
6	Адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегіп көрсетуі	2
7	Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі	2
8	Шет мемлекеттердің адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	2

Оқу сабақтарының кестесі

Апта	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Дәріс	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Семинар сабақтары	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
СО ӨЖ	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

Тапсырмалардың тақырыптары 2-кестеде

Аралық бақылаудың кестесі

Апта	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1 аралық бақылау							*								
2 аралық бақылау															*

Семинар сабақтарының мазмұны

1-ші тақырып. Адвокатураның мәні мен міндеттері

1. Білікті заң көмегін алу – Қазақстан Республикасындағы әрбір адам мен азаматтың конституциялық құқығы.

2. Адвокатура туралы ұғым және оның алдына қойған мақсаттары.

3. Адвокатураның ұйымдастырылуының негізі мен принциптері.

4. Адвокаттар көрсететін білікті заң көмегінің түрлері.

5. Адвокаттық қызметті реттейтін заңнама.

2-ші тақырып. Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері

1. 1917 жылға дейін Қазақстанда адвокатураның қалыптасуы мен дамуы:

а) Адвокатураны ұйымдастыру принциптері;

б) Адвокатураға қабылдау тәртібі;

в) Анттық және жеке сенімділерінің құқықтары мен міндеттері.

2. XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қорғау институтының ерекшелігі.

3. Кеңес заманындағы Қазақстанда адвокатураның даму кезеңдері.

4. Адвокатураның қазіргі замандағы даму мәселелері

5. 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының (өзгерістер және толықтырулармен) адвокатураны дамытудағы орны мен маңызы. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы адвокатура туралы.

3-ші тақырып. Адвокаттар алқасының ұйымдық мәртебесі

1. Адвокаттар алқасы және оны құру тәртібі. Адвокаттар алқасының мақсаттары. Адвокаттар алқасының заңдық мәртебесі. Адвокаттар алқасының мүлгі.

2. Адвокаттар алқасының органдары:

а) Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы).

- б) Адвокаттар алқасының төралқасы.
- в) Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы.
- 3. Заң консультациялары мен адвокаттық кеңселер Адвокаттың заңды тұлға тіркемей-ақ жеке дара істеуі.
- 4. Есеп шешу

4-ші тақырып. Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі

- 1. Қазақстан Республикасындағы адвокат. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия және оның күші. Адвокаттың құқықтары мен міндеттері.
- 2. Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау мен оны тоқтату тәртібі.
- 3. Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.
- 4. Адвокаттар алқасы мүшелерінің еңбекақы төлемін реттеу.
- 5. Адвокаттарды және тағылымдамадан өтушілерді, адвокаттарды көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану шаралары.
- 6. Адвокаттың кәсіби әдептілігі.
- 7. Адвокаттың іс жүргізуге қатысушылармен, оның ішінде көмек сұраушымен, сотпен және әріптестерімен қарым-қатынас әдептілігі.
- 8. Адвокаттың құқықтық мәдениеті, оның кәсіптік біліктілігінің деңгейін көтеру міндеті

5-ші тақырып. Қазақстан Республикасы адвокатураның ұйымдастырылуының ұйымдық-құқықтық нысандары

- 1. Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы қызметінің негіздері және құқықтық мәртебесі.
- 2. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының органдары және олардың өкілеттіктері.
- 3. Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы).
- 4. АХО(Д)-тың басшы органдары, құрылу тәртібі және оның құзыреті

6-шы тақырып. Адвокаттың қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі

- 1. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы заң көмегінің

бір түрі ретінде. Қылмыстық іске қорғаушының міндетті түрде қатысуы.

2. Адвокаттың іс бойынша қорғаушы ретінде іс жүргізуге қатысудан шеттету.

3. Қорғаушыны қылмыстық іске шақыру, тағайындау және ауыстыру.

4. Қорғаушының процессуалдық жағдайы, оның құқықтары мен міндеттері.

5. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі

6. Есеп шешу.

7-ші тақырып. Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі

1. Азаматтардың сотқа шағымдану құқығы мен сотта өкілеттік білдіру

2. Адвокаттың азаматтық істі жүргізуге тапсырма алуының негізгі шарттары.

3. Азаматтық іс бойынша сенімді-адвокаттың құқықтары. Адвокаттың іс жүргізудегі дербестігі.

4. Адвокаттың істі сотта қарауға қатысуы.

5. Адвокаттың заңды күшіне енген сот үкімдері мен қаулыларын қадағалау тәртібімен қайта қарауға қатысуы.

6. Есеп шешу.

8-ші тақырып. Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы

1. ТМД мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.

2. АҚШ, Ұлыбритания мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.

3. Франция, Германия, Италия мемлекеттеріндегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы.

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА
ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ» ПӘНІНІҢ МАЗМҰНЫ**

Дәрістердің мазмұны		
1.	Адвокатураның мәні мен міндеттері	1
2.	Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері	2
3.	Адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары	2
4.	Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі. Адвокаттар еңбегіне ақы төлеу	2
5.	Қазақстан Республикасы адвокатурасы ынтымақтастығының ұйымдық-құқықтық нысандары	2
6.	Адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі	2
7.	Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі	2
8.	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	2

Семинардың мазмұны		
1.	Адвокатураның мәні мен міндеттері	1
2.	Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері	2
3.	Адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары	2
4.	Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі. Адвокаттар еңбегіне ақы төлеу	2
5.	Қазақстан Республикасы адвокатурасы ынтымақтастығының ұйымдық-құқықтық нысандары	2
6.	Адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі	2
7.	Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі	2
8.	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	2

КҮНТІЗБЕЛІК ТАҚЫРЫПТЫҚ САБАҚ ЖОСПАРЫ

1-кесте

а) дәріс сабақтары үшін

Тақырыптың атауы	Апталар бойынша үйлестіру					
	Дәріс		Семинар		СОӘЖ	
	апта	са- гат- тар саны	апта	са- гат- тар саны	апта	са- гат- тар саны
Адвокатураның мәні мен міндеттері	1	1	1	1	1	1
Қазақстандағы адвокатураның пайда болуы және дамуының негізгі кезеңдері	2-3	2	2-3	2	2-3	2
Адвокаттар қызметінің ұйымдық нысандары	4-5	2	4-5	2	4-5	2
Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтық мәртебесі. Адвокаттар еңбегіне ақы төлеу	6-7	2	6-7	2	6-7	2

Қазақстан Республикасы адвокатурасы ынтымақтастығының ұйымдық-құқықтық нысандары	8-9	2	8-9	2	8-9	2
Адвокаттың қылмыстық істер және әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша заң көмегін көрсетуі	10-11	2	10-11	2	10-11	2
Адвокаттың азаматтық істер бойынша атқаратын қызметі	12-13	2	12-13	2	12-13	2
Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	13-14	2	13-14	2	13-14	2
Барлығы		15		15		15

Сабақтарға дайындалу материалдарын зерттеу тізімі
2-кесте

№ п/п	СӨЖ тақырыбы	СӨЖ-ге талпырма	Талпырманың мақсаты мен мазмұны	Ұсынылатын әдебиет	Бақылау нысаны	Тапсыру мерзімі	Ең жоғарғы бағал
5.	Адвокатура міндеттерінің жария-құқықтық сипаты	Реферат жазу	Адвокатураның билікті заң көмегін берудегі рөлі	а) негізгі 2,5,13, 21,22, 27,34, 41,47 50,55, 57, б) қосым- ша	ауызша	2 апта	4
6	Адвокатураны қазіргі заманда жетілдіру мәселелері	Реферат жазу	Адвокаттық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру мәселелері	а) негізгі 3,24,26, 29,40, 43,46 б) қосым- ша 4,5	жазбаша	4 апта	4

7.	Адвокаттың адамзаттық-құқықтық дауларға қатысуы	Реферат жазу	Адвокаттың адамзаттық істер бойынша қызметі	а) негізгі 8,9,18,20 б) қосымша 4,5	сұхбат	6 апта	4
8	Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі адвокатураның жай-күйі мен мәселелері	Реферат жазу	Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызметті ТМД елдерінің адвокатурасымен салыстыру	а) негізгі 2,3,22, 28,39, 47,51,52, 56,57,	ауызша	8 апта	4
5.	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия)	Тренинг	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	а) негізгі 1, 39,44, 47,57,	ауызша	10 апта	4

Оқу сабақтарының кестесі

Апта	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
Дәріс	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
Семинар сабақтары	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1
СО ӨЖ	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1	1

Тапсырмалардың тақырыптары 2-кестеле

Аралық бақылаудың кестесі

Апта	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14	15
1 аралық бақылау							*								
2 аралық бақылау															*

1. Аралық бақылау (7 апта, ауызша нысанда)

1. Білікті заң көмегін алу – Қазақстан Республикасындағы әрбір адам мен азаматтың конституциялық құқығы

2. Адвокатура туралы ұғым және оның алдына қойған мақсаттары.

3. Адвокатураның ұйымдастырылуының негізі мен принциптері.

4. Адвокаттар көрсететін білікті заң көмегінің түрлері.

5. Адвокаттық қызметті реттейтін заңдар.

6. 1917 жылға дейін Қазақстанда адвокатураның қалыптасуы мен дамуы:

а) адвокатураны ұйымдастыру принциптері;

б) адвокатураға қабылдау тәртібі;

в) анттық және жеке сенімділерінің құқықтары мен міндеттері.

7. XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қорғау институтының ерекшелігі.

8. Кеңес заманындағы Қазақстанда адвокатураның даму кезеңдері.

9. Адвокатураның қазіргі замандағы даму мәселелері

10. 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының (өзгерістер және толықтырулармен) адвокатураны дамытудағы орны мен маңызы.

11. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезеңде арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы адвокатура туралы.

12. Адвокаттар алқасы және оны құру тәртібі. Адвокаттар алқасының мақсаттары. Адвокаттар алқасының заңдық мәртебесі. Адвокаттар алқасының мүлігі.

13. Адвокаттар алқасының органдары.

а) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы).

б) адвокаттар алқасының төралқасы.

в) адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы.

14. Заң консультациялары мен адвокаттық кеңселер. Адвокаттың заңды тұлға тіркемей-ақ жеке дара істеуі

2. Аралық бақылау (15 апта, жазбаша нысанда)

1. Қазақстан Республикасындағы адвокат. Адвокаттық қызметпен шұғылдануға құқық беретін лицензия және оның күші. Адвокаттың құқықтары мен міндеттері.

2. Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау мен оны тоқтату тәртібі.

3. Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері.

4. Адвокаттар алқасы мүшелерінің еңбекақы төлемін реттеу.

5. Адвокаттарды және тағылымдамадан өтуші адвокаттарды көтермелеу және оларға тәртіптік жаза қолдану шаралары.

10. Адвокатура туралы Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілері.

11. Адвокаттың кәсіби мінез-құлық қалыпттылығы туралы ұғым

12. Адвокаттық қызметтің әдептілік және психологиялық ерекшеліктері.

13. Адвокаттық құпия туралы түсінік.

14. Адвокаттың іс жүргізуге қатысушылармен, оның ішінде көмек сұраушымен, сотпен және әріптестерімен қарым-қатынас әдептілігі

15. Адвокаттың құқықтық мәдениеті, оның кәсіптік біліктілігінің деңгейін көтеру міндеті.

16. Адвокаттың қылмыстық іс жүргізуге қатысуы заң көмегінің бір түрі ретінде.
17. Қылмыстық іске қорғаушының міндетті түрде қатысуы.
18. Адвокатты іс бойынша қорғаушы ретінде іс жүргізуге қатысудан шеттету.
19. Қорғаушыны қылмыстық іске шақыру, тағайындау және ауыстыру.
20. Қорғаушының процессуалдық жағдайы, оның құқықтары мен міндеттері.
21. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысуы қай кезден басталады?
22. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қорғаушыдан бас тарту құқығы және тәртібі қандай?
23. Әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қорғаушыны шақыру тәртібі қандай?
24. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша құқықтары қандай және қандай іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ?
25. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша жәбірленушінің өкпі ретіндегі құқықтары қандай?
26. Беларусь мен Украинаның адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшеліктері қандай?
33. Өзбекстан мен Ресейдегі адвокаттық қызметтің нысандары қандай?
34. АҚШ-та адвокаттық практикамен айналысу үшін патентті алу тәртібі қандай?
35. Ұлыбританияда адвокаттар қандай түрлерге бөлінеді?
36. Германиядағы адвокаттардың құқықтық жағдайының ерекшелігі неде?
37. Франциядағы адвокаттардың санаттары қандай?
38. Италия адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшелігі

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ» ПӘНІ БОЙЫНША СӨЖ ЖӘНЕ СӨЖ ТАПСЫРМАЛАРЫ

1. СӨЖ дайындалу үшін материалдарды қарастыру кестесі

№ п/п	СӨЖ тақырыбы	СӨЖ-ге тапсырма	Тапсырманың мақсаты мен мазмұны	Үсынылатын әлебиет (бет)	Бақылау нысаны	Тапсыру мерзімі	Ен жоғары балл
30.	Адвокатура міндеттерінің жария-құқықтық сипаты	Реферат жазу	Адвокатураның білікті заң көмегін берудегі рөлі	а) негізгі 2, 5, 13, 21, 22, 27, 34, 39, 41, 47, 50, 52, 55, 57 б) қосым- ша	ауызша	2 апта	4
31.	Адвокатура- ны қазіргі заман- да жетілді- ру мәселелері	Реферат жазу	Адвокаттық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру мәселе- лері	а) негізгі 3, 24, 26, 29, 40, 43, 46 б) қосым- ша	жазбаша	4 апта	4

32.	Адвокаттың азаматтық-құқықтық дауларға қатысуы	Реферат жазу	Адвокаттың азаматтық істер бойынша қызметі	а) негізгі 8, 9, 18, 20, б) қосымша 4, 5	сұхбат	6 апта	4
33.	Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі адвокатураның жай-күйі мен мәселелері	Реферат жазу	Қазақстан-Республикасындағы адвокаттық қызметті ТМД елдерінің адвокатурасымен салыстыру	а) негізгі 2, 3, 22, 28, 39, 47, 51, 52 56, 57	ауызша	8 апта	4
5.	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Германия, Франция, Италия)	Тренинг	Шет мемлекеттердегі адвокатура және адвокаттардың құқықтық жағдайы	а) негізгі 2, 39, 44, 47, 5, 7	ауызша	10 апта	4

3. СӨЖ дайындалу үшін материалдарды қарастыру кестесі

Реферат тақырыбы: «Адвокатура міндеттерінің жария-құқықтық сипаты» – тапсыру уақыты – 4 апта;

Реферат тақырыбы: «Адвокатураны қазіргі заманда жетілдіру мәселелері» және «Адвокаттың азаматтық-құқықтық дауларға қатысуы» – тапсыру уақыты – 9 апта;

Реферат тақырыбы: «Қазақстандағы және ТМД елдеріндегі адвокатураның жай-күйі мен мәселелері» және «Шетел мемлекеттеріндегі адвокатура (Америка Құрама Штаттары, Ұлыбритания, Жапония, Германия, Италия, Франция)» – тапсыру уақыты – 14 апта.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ» ПӘНІ БОЙЫНША БІЛІМДІ ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН СҰРАҚТАР

1. Білікті заң көмегін алу – Қазақстан Республикасындағы адам мен азаматтың конституциялық құқығы
2. Заң көмегі туралы ұғым және оның маңызы.
3. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері.
4. Адвокатура түсінігі және оны ұйымдастыру принциптері.
5. Адвокатураның мәні мен мақсағы.
6. Адвокаттар алқасы коммерциялық емес қоғамдық ұйым.
7. Адвокаттар алқасы кәсіби ұйым.
8. Адвокаттар алқасы өзін-өзі басқаратын ұйым.
9. Адвокаттар алқасы өзін-өзі қаржыландыратын ұйым.
10. 1997 жылғы 5 желтоқсандағы «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы.
11. Кеңес беру заң көмегінің бір түрі.
12. Адвокаттың қылмыстық сот өндірісіне қатысуы адвокаттық қызметтің нысаны.
13. Азаматтар мен ұйымдарға заң көмегінің басқа түрлерін де көрсету.
14. Адвокаттардың заң кеңесшілері жоқ ұйымдарға заң көмегін көрсетуі.
15. Адвокаттық қызметті реттейтін заңдар.
16. Қазақстан Республикасының Конституциясы азаматтардың білікті заң көмегін алу құқығы туралы.
17. 2000 жылғы 25 желтоқсандағы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Конституциялық заңы адвокаттық қызметті реттейтін заңнама негізі (көзі).
18. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі адвокаттық қызметті реттейтін заңнама негізі (көзі).
19. 1999 жылғы 13 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі адвокаттық қызметті реттейтін заңнама негізі (көзі).
20. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі адвокаттық қызметті реттейтін заңнама негізі (көзі).
21. 2001 жылғы 15 қаңтардағы «Коммерциялық емес ұйымдар

туралы» Қазақстан Республикасының заңы адвокаттық қызметті реттейтін заңнама негізі (көзі).

22. 2007 жылғы 11 қаңтардағы «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңы адвокаттық қызметті реттейтін заңнама негізі (көзі).

23. «Адвокаттардың ролі туралы негізгі ереже» БҰҰ Пактісі (1990 жылғы тамызда қылмысты ескерту жөніндегі БҰҰ сегізінші Конгресінде қабылданған).

24. 1993 жылғы 22 қаңтардағы Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер жөніндегі құқық көмегі және құқықтық қатынастары туралы Конвенция.

25. Сот-құқық реформалары жағдайында адвокатураны жетілдіру мәселелері.

26. 1999 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің

№ 12/2 қаулы «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы заңының 20-бабы

3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы.

27. 1864 жылғы 20 қарашадағы Билік етуші сенаттың Жарлығымен бекітілген Сот ұйғарымдарын белгілеу туралы Жарғы.

28. 1917 жылға дейін Қазақстанда адвокатураның қалыптасуы мен дамуы.

29. XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басындағы Қазақстандағы қорғау институтының ерекшелігі.

30. Кеңес заманындағы Қазақстанда адвокатураның қалыптасуы мен даму кезеңдері.

31. 1922 жылғы 26 мамырдағы БОАК (ВЦИК) бекіткен адвокатура туралы Ережесі.

32. 1960 жылғы 5 шілдедегі Қазақ ССР Жоғарғы Кеңесі бекіткен адвокатура туралы Ереже.

33. 1980 жылғы 13 қарашадағы Қазақ ССР-нің адвокатура туралы Ережесі.

34. 1991 жылғы 28 маусымдағы «Адвокатура туралы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақ ССР Заңының маңызы.

35. Адвокатураны қазіргі заманда жетілдіру мәселелері.

36. Қазақстан Республикасындағы құқықтық реформаның мемлекеттік бағдарламасы (негізгі бағыттар) адвокатура туралы.

37. Адвокаттар алқасы және оны құру тәртібі.
38. Адвокатураны ұйымдастыру мен оның қызметінің демократиялық принциптері.
39. Адвокатурадағы заңдылықтың ұғымы мен маңызы.
40. «Адвокатура», «адвокаттар алқасы» түсініктерінің мазмұны және олардың ара-қатынасы.
41. Адвокаттар алқасының негізгі мақсаттары.
42. Орталықсыздандыру принципіннің ұғымы мен мәні.
43. Адвокаттар алқасының заңдық мәртебесі.
44. Адвокаттар алқасының жарғысы.
45. Адвокаттар алқасының мүлігі.
46. Адвокаттар алқасының жұмысын тоқтату.
47. Адвокаттар алқасын қайта құру.
48. Адвокаттар алқасын тарату тәртібі.
49. Адвокаттар алқасының органдары.
50. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы және оның өкілеттігі.
51. Адвокаттар алқасының төралқасын сайлау тәртібі және оның өкілеттігі.
52. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы және оның өкілеттігі.
53. Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы бақылау органы.
54. Адвокаттар алқасына мүше болу.
55. Қазақстан Республикасындағы адвокат.
56. Адвокаттық қызметтің срекшеліктері.
57. Адвокаттың көмекшілері мен және онда тағылымдамадан өтушілер.
58. Азаматтар мен заңды тұлғаларға қызмет көрсетуге байланысты қызметті лицензиялау.
59. Өділеттік біліктілік алқасының ұғымы және оның өкілеттігі.
60. Адвокаттық қызметпен шұғылдануға үміткер тұлғаларды аттестациядан өткізу тәртібі.
61. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін аттестациядан өту үшін жіберуге қажетті құжаттардың тізбесі.
62. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың ұсынған құжаттарын тиісті ресімдеу тәртібіне қойылатын талаптар.

63. Адвокаттық қызметпен шұғылдану құқығына мемлекеттік лицензия беру тәртібі.

64. Лицензияны кері қайтарып алу және оның күшін жою.

65. Лицензияның күшін тоқтата тұру.

66. Адвокаттар алқасында мүшелікті тоқтата тұру.

67. Адвокаттар алқасында мүшелікті тоқтату.

68. Адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары

69. Адвокаттар алқасы мүшелерінің міндеттері.

70. Адвокаттық қызметтің кепілдіктері.

71. Адвокаттық қызметке кедергі келтіру.

72. Адвокаттық құпияны сақтау міндеттемесі.

73. Заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру

74. Заң консультациясы

75. Адвокаттық кеңсе.

76. Адвокаттың заңды тұлға тіркемей-ақ жеке дара істеуі.

77. Заң консультациясының меңгерушісінің өкілеттігі

78. Адвокаттар алқасы мүшелерінің еңбегін реттеу.

79. Адвокат пен заң көмегі туралы өтініш жасаған тұлға арасындағы келісім.

80. Адвокаттың жалақысын реттейтін қалыптылық құқықтық актілер.

81. «Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы №1247 Қаулысы.

82. Адвокат еңбегінің төлемі.

83. Адвокаттың кәсіби тәртібі және оны адвокаттар алқасы төралқасының қолдауы

84. Адвокаттарды тәртіптік жауапкершілікке тарту тәртібі. Оларды алу тәртібі.

85. Тәртіптік теріс қылықтар үшін іс қозғау себептері мен негіздемесі.

86. Адвокаттарды көтермелеу шаралары. Оларды қолдану тәртібі.

87. Адвокаттарға аттестация жүргізу тәртібі.

88. Адвокаттар алқасының мемлекеттік органдармен қарым-қатынасы.

89. Адвокаттың кәсіби әдеп тәртібі.

90. Адвокаттың іске қатысушылармен қарым-қатынас жасау әдептілігі.

91. Сезіктінің, айыпталушы мен сотталушының адвокаттың (қорғаушының) көмегін пайдалану құқығының конституциялық кепілдіктері.

92. Қылмыстық істе қорғаушы болатын тұлғалар.

93. Қорғаушының процессуалдық жағдайы, оның құқықтары мен міндеттері.

94. 1999 жылғы 30 наурыздағы «Қылмыстың жасалуына сезіктілер мен айыпталушыларды күзетте ұстаудың тәртібі мен шарттары туралы» Қазақстан Республикасының заңы адвокаттық қызметті реттейтін заңнама негізі (көзі).

95. 2000 жылғы 5 шілдедегі «Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы адвокаттық қызметке қатысты қалыпттылық акті.

96. 1999 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты пленумының №7 Қаулысы «Қылмыстық процесті жүргізген органдардың заңсыз әрекеттері салдарынан келтірілген зиянды өтеу жөніндегі заңды қолдану тәжірибесі туралы».

97. 1999 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты пленумының №8 Қаулысы «Медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану жөніндегі сот тәжірибесі туралы».

98. 1999 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты пленумының №9 Қаулысы «Соттардың денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу жөніндегі Республика заңдарын қолданудың кейбір мәселелері туралы».

99. 1999 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Жоғарғы соты пленумының №10 Қаулысы «Тұрғын үйге меншік құқы туралы заңдарды қолданудың кейбір мәселелері туралы».

100. Адвокаттың қылмыс жасағандығы туралы күдік келтірілген адамды ұстау барысына қатысуы.

101. Адвокаттың айып тағылғанға дейін қамауда ұстау түріндегі бұлтартпау шарасын қолдану барысына қатысуы.

102. Адвокаттың айып тағу барысына қатысуы.

103. Қылмыстық іске қорғаушының міндетті түрде қатысуының негіздері.

104. Адвокаттың қылмыстық іске шақыру бойынша қатысуы.

105. Адвокаттың қылмыстық іске тағайындау бойынша қатысуы.

106. Адвокатты ауыстыру тәртібі мен шарттары.
107. Қылмыстық іс жүргізуде қорғаушыдан бас тарту.
108. Адвокат пен қорғалатын адам арасындағы қарым-қатынасты белгілеу.
109. Адвокаттың қорғау шараларын заңда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыруы.
110. Айыпталушы мен оның қорғаушысының істің барлық материалдарымен танысуы.
111. Адвокатты іс бойынша қорғаушы ретінде іс жүргізуден шеттететін жағдайлар.
112. Адвокаттың-қорғаушының сот ісіне қатысуының ұйымдық-құқықтық нысанын жетілдіру мәселелері.
113. Адвокаттың азаматтық-құқықтық және қылмыстық жауапкершілігі.
114. Азаматтардың сотқа баруы және сотта өкілеттік білдіру мәселесі.
115. Адвокаттың тапсырма бойынша өкілдік етуі.
116. Адвокаттың іс бойынша өкіл болуына кедергі болатын мән-жайлар.
117. Адвокаттың азаматтық істі жүргізуге тапсырма алуының шарттары.
118. Азаматтық іс бойынша сенім білдірілген адвокаттың өкілеттігі.
119. Адвокаттың шаруашылық дауларға қатысуы.
120. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерге қатысуы.
121. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істердегі өкілеттігі.
122. Адвокаттың сот қаулыларына шағымдануымен және оны қайта қарауға қатысуы.
123. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы және адвокаттардың халықаралық ынтымақтастығы.
124. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы органдарын құру тәртібі және құзыреті.
125. Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы).
126. Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығы) басшы органдары, олардың құрылу тәртібі және құзыреті.
127. Адвокаттардың халықаралық одағының (достастығы) Қазақ филиалы.

128. Қазақстан Республикасы Президентінің 2009 жылғы 24 тамыздағы №858 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы адвокатура жөнінде.

129. Беларусь мен Украинаның адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшеліктері қандай?

130. Өзбекстан мен Ресейдегі адвокаттық қызметтің нысандары қандай?

131. АҚШ-та адвокаттық практикамен айналысу үшін патентті алу тәртібі қандай?

132. Ұлыбританияда адвокаттар қандай түрлерге бөлінеді?

133. Германиядағы адвокаттардың құқықтық жағдайының ерекшелігі неде?

134. Франциядағы адвокаттардың санаттары қандай?

135. Италия адвокатурасының ұйымдастырылуының ерекшелігі.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ» ПӘНІ БОЙЫНША ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатураның мақсаты қандай?

а) адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу;

ә) тек қана тұтынушылардың құқықтарын қорғау;

б) әлеуметтік жағдайы төмен адамдарға білікті заң көмегін көрсету;

в) тек қана заң көмегін көрсету арқылы пайда табу.

2. Қазақстан Республикасында адвокатура қандай мақсатта заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады?

а) адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесу.

ә) қылмыстық істер бойынша қорғау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, сондай-ақ қылмыстық және азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтарын мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында.

б) адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адвокаттарды бір ұйымға біріктіру мақсатында.

в) адвокаттардың басын біріктіру мақсатында.

3. Адвокат сөзі латын тілінен аударғанда нені білдіреді?

а) шақырамын, көмекке шақырылған;

ә) көмекші;

б) қорғаушы;

в) құтқарушы.

4. Адвокат сөзі латынның қандай сөздерінен туындаған?

а) advocat, advoco;

ә) advocatusus, advoco;

- б) advocat, advocot;
- в) advocatus, advoco;

5. Қай құжатта Қазақстан Республикасындағы әр адамның және азаматтың білікті заң көмегін алу құқығы баянды етілген?

- а) Жеті Жарғыда;
- ә) Конституцияда;
- б) сот шешімдерінде;
- в) алдын ала тергеу органдарының қаулыларында.

6. Адвокаттық қызмет шеңберінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табыла ма?

- а) иә;
- ә) жоқ;

б) қызмет көрсету барысында бір жыл ішінде 1000 айлық есептік көрсеткіштен асатын табыс тапса;

в) жеке дара адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттың қызметі кәсіпкерлік қызмет болып табылады.

7. Қазақстандағы адвокатураның дамуы қанша кезенге бөлінеді?

- а) үш;
- ә) екі;
- б) төрт;
- в) бес.

8. Ресей империясының құрамында адвокатура институты Қазақстанда алғаш рет қай жылдары енгізілді?

- а) 1864–1868 жылдары;
- ә) 1822 жылы;
- б) 1731 жылы;
- в) 1900–1917 жылдары

9. Ресей империясының құрамындағы Қазақстанда адвокат қызметін кімдер атқарды?

- а) присяжной делдал;
- ә) би;
- б) сот тергеушісі;
- в) патша шенеунігі.

10. Кеңес Одағы заңнамасына адвокатура институты қашан қайтадан енгізілді?

- а) 1928 жылы;
- ә) 1939 жылы.

ә) 1984 жылы,

б) 1980 жылы,

в) 1981 жылы.

12. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы қанша баптан тұрады?

а) 34 бап;

ә) 35 бап,

б) 24 бап;

в) 33 бап.

13. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының қабылдануы отандық заңнамаға қандай жаналықтар енгізді?

а) адвокаттың кәсіби мінез-құлқының нормалары;

ә) адвокаттық қызметтің кепілдіктері;

б) адвокаттық құпия;

в) ешқандай;

г) жоғарыда аталғанның барлығы.

14. Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызметті реттейтін негізгі заң?

а) Конституция;

ә) Адвокаттық қызмет туралы заң;

б) Адвокатура туралы заң;

в) Адвокатура және адвокаттық қызмет туралы заң

15. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңы қашан қабылданды?

а) 1997 жылдың 5 қаңтары;

ә) 1997 жылдың 15 қаңтары;

б) 1997 жылдың 5 желтоқсаны;

в) 1997 жылдың 15 желтоқсаны.

16. Төменде көрсетілгеннің ішінен адвокатура ұйымдастырылуы мен қызметінің принципін көрсетіңіз:

а) адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;

ә) адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;

б) кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстану және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделеді;

в) көрсетілгеннің барлығы

17. Адвокат құпиясын қандай ақпарат құрайды?

а) тек қана адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы ақпарат;

ә) адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпарат;

б) тек көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер ғана;

в) тек қана адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер.

18. Қазақстан Республикасындағы адвокаттық қызметті ұйымдастырудың нысандары қандай?

а) заң консультациясы;

ә) адвокаттар алқасы;

б) адвокат кеңесі;

в) аталғанның барлығы.

19. Адвокаттар алқасын кімдер құрады?

а) адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясы бар адвокаттар;

ә) адвокаттар, тағылымдамадан өтушілер;

б) адвокаттар, адвокаттардың көмекшілері;

в) жеке және заңды тұлғалар.

20. Адвокаттар алқасы -

а) адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де шарттарын қамтамасыз ету мақсатында құрылған мекеме.

ә) әкімшілік-аумақтық бірлік аумағындағы адвокаттардың қоғамдық бірлестігі;

б) Қазақстан Республикасына бағынышты аумақтық орган;

в) жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан

Республикасының заңында белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

21. Адвокаттар алқасы қандай ұйым?

- а) коммерциялық;
- ә) коммерциялық емес;
- б) кәсіпкерлік субъектісі;
- в) қоғамдық ұйым.

22. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында қанша адвокаттар алқасы құрылуы мүмкін?

- а) бір,
- ә) екі;
- б) саны шектелмеген.
- в) 10 адвокатқа 1 алқа құрылады.

23. Адвокаттар алқасының Жарғысында төмендегілердің қайсысының болуы міндетті емес?

- а) адвокаттар алқасының атауы, қызметінің мәні мен мақсаттары;
- ә) адвокаттар алқасының филиалдарының құрылымы;
- б) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттері;
- в) адвокаттар алқасының құрылымы, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыреті

24. Адвокаттар алқасына мүшелік қандай?

- а) міндетті;
- ә) еркін;
- б) айына табысы 200 000 теңгеден асатын адвокаттарға міндетті;
- в) жеке дара адвокаттық қызметпен айналысатын адвокаттарға міндетті емес.

25. Адвокаттар алқасының бақылаушы органы қай орган?

- а) Алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы);
- ә) Төралқа;
- б) Тексеру комиссиясы;
- в) Есеп комиссиясы.

26. Алқадан шығаруға алқа төралқасының шығару туралы Қаулысының көшірмесі адвокатқа берілген күннен бастап қандай мерзімде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін?

- а) екі ай;
- ә) үш ай;
- б) бір жыл.
- в) бір ай.

27. Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты...

- а) талап етіледі;
- ә) Алматы және Астана қалаларында құру үшін талап етіледі;
- б) талап етілмейді;
- в) заңда көзделген жағдайда талап етіледі.

28. Адвокаттар алқасының төралқасы қандай мерзімге сайланады?

- а) бір жыл мерзімге.
- ә) екі жыл мерзімге.
- б) үш жыл мерзімге.
- в) төрт жыл мерзімге;

29. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы кім бола алады?

- а) сайланған күніне дейін кемінде екі жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат сайлана алады;
- ә) сайланған күніне дейін кемінде бір жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат сайлана алады;
- б) сайланған күніне дейін кемінде үш жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат сайлана алады;
- в) сайланған күніне дейін кемінде бес жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат сайлана алады;

30. Адвокаттар алқасының төралқасы төрағасының өкілеттіктері қандай құжатпен белгіленеді?

- а) сенімхатпен.
- ә) заңмен;
- б) еңбек шартымен;
- в) Қазақстан Республикасының заңнамасымен және адвокаттар алқасының Жарғысымен;

31. Адвокаттар алқасының төралқасы кіммен бірлесіп адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлейді және басып шығарады?

- а) заң консультацияларымен.
- ә) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен.
- б) Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағымен;

в) адвокаттармен.

32. Ордерлердің берілуін бақылау мен есепке алуды кім жүзеге асырады?

а) заң консультациялары;

ә) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

б) аумақтық әділет басқармалары;

в) адвокаттар алқасының төралқасы.

33. Адвокаттар алқасы заң консультациясын не үшін құрады?

а) білікті заң көмегінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін;

ә) заңда әр 1000 адам үшін бір заң консультациясының құрылуы көрсетілген;

б) өз қалауы бойынша адвокаттар алқасы;

в) табысты ұлғайту үшін.

34. Заң консультациясы адвокаттар алқасының ... болып табылады.

а) бөлімшесі (филиалы);

ә) бөлімі;

б) органы;

в) өкілдігі.

35. Адвокат кеңсесі қандай ұйымдық-құқықтық нысанда құрылады?

а) акционерлік қоғам;

ә) жауапкершілігі шектелген серіктестік;

б) фирма;

в) мекеме.

36. Адвокат бірнеше адвокат кеңселерінің құрылтайшысы бола ала ма?

а) екі және одан да көп кеңсесінің құрылтайшысы бола алады;

ә) бір әкімшілік-аумақтық бірліктегі бірнеше адвокат кеңсеге құрылтайшы бола алады;

б) жоқ, бір ғана адвокат кеңсесінің құрылтайшысы бола алады;

в) жоқ.

37. Кәсіби қызметті жеке дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы кімді хабардар етеді?

а) аумақтық әділет органын;

ә) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігін;

б) заң консультациясын;

в) адвокаттар алқасын

38. Адвокат бола алмайды:

а) сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған.

ә) не өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар;

б) а және ә варианттары;

в) құқық қорғау органдарының қызметкері.

39. Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген немесе алынған адам қандай мерзім ішінде адвокат бола алмайды?

а) осындай оқиғалар басталғаннан кейін екі жыл бойы;

ә) осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы;

б) осындай оқиғалар басталғаннан кейін бір жыл бойы;

в) осындай оқиғалар басталғаннан кейін төрт жыл бойы;

40. Аттестаттаудан өтпестен адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алуға қандай адамдардың құқығы бар?

а) Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік алқасында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар;

ә) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдар;

б) тұрақты судьялардың және өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңды бұзғаны үшін судья қызметінен босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдардың;

в) аталғанның барлығының.

41. Адвокат болуға үміткердің қандай білімі болуы тиіс?

а) жоғарғы заң білімі.

ә) тек қана заң магистрі,

б) орта кәсіптік білімі;

в) жалпы орта білімі.

42. Прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген прокурорлар, тергеушілер мен анықтаушылар, жағымсыз себептер бойынша босатылғандарды қоспағанда, адвокаттар алқасында тағалымдамадан өткеннен кейін...

а) басқа үміткерлер сияқты емтихан тапсырады;

ә) емтихан тапсырудан босатылмайды.

б) қысқартылған нысанда емтихан тапсырады;

в) емтихан тапсырудан босатылады.

43. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беруге бас тартудың негіздері қандай?

а) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызметтің жекелеген түрімен айналысуға тыйым салынған;

ә) «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмеген жағдайда;

б) өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған жағдайда өтініш жалпы негіздер бойынша қаралады;

в) а, ә және б варианттары,

44. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату қандай тәртіппен жүзеге асырылады?

а) «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен көзделген тәртіппен;

ә) ҚР ӘҚТК-мен белгіленген тәртіппен.

б) Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен;

в) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен белгіленген тәртіппен

45. Адвокаттың көмекшілері қандай құжаттың негізінде заң консультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке дара айналысатын адвокаттың жанында жұмыс істей алады?

а) куәлік;

ә) еңбек шарты;

б) қызмет көрсету шарты;

в) тәжірибеге жолдама.

46. Тағылымдамадан өтушілер адвокаттар алқасы төралқасы Қаулысының негізінде қандай мерзімге тағылымдамадан өтеді?

а) кемінде үш жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде;

ә) кемінде бес жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде;

б) кемінде төрт жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде;

в) кемінде екі жыл адвокаттық қызмет өтілі бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде;

47. Тағылымдаманың тәртібін, мерзімі мен шарттарын кім белгілейді?

- а) адвокаттар алқасы;
- ә) адвокат;
- б) адвокаттар алқасының төралқасы;
- в) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі.

48. Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс өтіліне есептеле ме?

- а) жоқ;
- ә) иә;

49. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияны кім береді?

- а) аумақтық әділет органы;
- ә) Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты;
- б) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;
- в) Қазақстан Республикасының Үкіметі

50. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензияның мерзімі қандай?

- а) шектелмеген;
- ә) үш жыл;
- б) он жыл;
- в) жиырма жыл.

51. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі немен куәландырылады?

- а) сенімхатпен;
- ә) шартпен;
- б) ордермен;
- в) сот ұйғарымымен

52. Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі немен расталады?

- а) жеке басын белгілейтін құжатпен;
- ә) адвокат мәртебесін белгілейтін құжатпен;
- б) заң көмегін көрсету өкілеттігін белгілейтін құжатпен;
- в) жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсету өкілеттігін белгілейтін құжатпен

53. Іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда, адвокатпен келісілген мерзімде тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне оның қатысуы қажеттігі туралы адвокатқа хабарлауға қандай органдар міндетті?

- а) көрсетілгеннің барлығы;
- ә) анықтау және алдын ала тергеу органдары;
- б) анықтау және прокуратура органдары;
- в) алдын ала тергеу және сот органдары.

54. Адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез келген заң көмегін көрсетуге...

- а) құқылы;
- ә) міндетті;
- б) құқылы емес;
- в) өз еркі.

55. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңына сәйкес мүшелік жарналар төлеу кімнің міндеті?

- а) адвокат көмекшісінің;
- ә) тағылымдамадан өтушінің;
- б) адвокаттар алкасының;
- в) адвокаттар алкасы мүшесінің.

56. Адвокаттар төмендегілердің қайсыларына тегін заң көмегін көрсетеді?

а) асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді соттардың қарауы кезінде талап қоюшыларға;

ә) егер соттың қарауындағы дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талап қоюшылар мен жауапкерлерге;

б) алименттер өндіріп алу, зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері жөнінде азаматтарға, ата-ана-сының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға;

- в) аталғанның барлығына.

57. Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен теңестіруге...

- а) тыйым салынады;
- ә) рұқсат етіледі;
- б) құқылы;
- в) міндетті.

58. Адвокаттар алқасының мүшесі қандай жағдайларда тәртіптік жауапкершілікке тартылады?

а) тек қана Қазақстан Республикасының қылмыстық іс жүргізу заңнамасын бұзғанда;

ә) «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңының, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, алқа Жарғысының талаптарын бұзғанда;

б) жол жүру ережесін бұзғанда.

в) тек қана адвокат кеңсесінің ережелерін бұзғанда.

59. Адвокатты адвокаттар алқасынан шығаруға қандай орган уәкілетті?

а) адвокаттар алқасының жалпы жиналысы;

ә) адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы;

б) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі;

в) адвокаттар алқасының төралқасы.

60. Адвокат заң көмегін көрсету кезінде қандай кәсіптік ережелерді сақтауға тиіс?

а) көп күш-жігер не уақыт жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ықпалдылық пен құлшыныс білдіру;

ә) заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау;

б) өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбұйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеу;

в) көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделеріне адал болу және оның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамау.

г) аталғанның барлығы

61. Мерзімді әскери қызмет өткерген кезеңде...

а) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрмайды;

ә) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы тоқтатыла тұрады.

б) адвокат адвокаттар алқасынан шығарылады.

в) адвокат кәсіпкерлік қызметін тоқтатады.

62. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың қандай құқығын танудан бас тартып алмайды?

а) заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мүддесін білдіру құқығын;

ә) кез келген адамның;

б) кез келген азаматтың;

в) заң көмегін сұрап өтініш жасамаған адамның мүддесін білдіру құқығын

63. Адвокат соттардың, прокуратураның, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың әкімшілік ішараттарына белгіленген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсетуі бойынша қандай құқығын пайдаланады?

а) еркін шығу құқығын;

ә) еркін кіру-шығу құқығын;

б) еркін кіру құқығын;

в) кез келген қылмыстық іске қатысу құқығын.

64. Адвокат заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз ...

а) құпия сақтауға міндетті;

ә) а және ә варианттары;

б) оларды жария етуге құқығы жоқ;

в) оларды жария етуге міндетті емес;

г) б және в варианттары.

65. Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы қай жылы құрылды?

а) 1993 жылы;

ә) 1991 жылы;

б) 2001 жылы;

в) 1997 жылы.

66. Қазақстан Республикасы адвокаттарының республикалық деңгейдегі бірлестігі қалай аталады?

а) Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағы;

ә) Қазақстан Республикасының Адвокаттар палатасы;

б) Республикалық адвокаттар алқасы;

в) Адвокаттар алқаларының одағы

67. Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағы қызметінің негізгі қағидасы қандай?

а) демократиялық;

ә) көрсетілгеннің барлығы дұрыс;

б) мүшелердің сріктілігі мен теңдігі.

в) өзін-өзі басқару;

г) көрсетілгеннің барлығы дұрыс емес

68. Қазақстан Республикасының Адвокаттар одағына адвокат емес заңгерлер мүше бола ала ма?

а) иә;

ә) жоқ;

б) ерекше жағдайларда бола алады.

69. ТМД аумағында адвокаттардың халықаралық ұйымы қалай аталады?

а) ТМД елдері адвокаттарының одағы;

ә) Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы);

б) ТМД елдері адвокаттарының халықаралық одағы;

в) Еуразия адвокаттарының одағы.

70. Адвокаттардың халықаралық одағының құрылған күні

а) 1992 жылдың 28 шілдесі;

ә) 1991 жылдың 28 шілдесі;

б) 1997 жылдың 28 шілдесі;

в) 1993 жылдың 28 шілдесі.

71. Адвокаттардың халықаралық одағы (достастығы) - ...

а) еріктілік, мүшелік, өзін-өзі басқару, заңдылық, жариялылық және оның мүшелерінің нәсілдік, ұлттық тегіне, азаматтығына, тіліне, жынысына, діні мен әлеуметтік тегіне қарамастан теңдігі принциптеріне негізделген адвокаттардың халықаралық қоғамдық ұйымы болып табылады.

ә) ТМД елдері адвокаттарының іскерлік достастығы;

б) құқық қорғаушы ұйым;

в) мемлекет аралық үкіметтік ұйым.

72. Қылмыстық іс бойынша қорғаушы тұлғалар кімдер бола алады?

а) адвокат;

ә) күдіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жұбайы (зайыбы);

б) сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның жақын туысы;

в) сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталған адамның, ақталған адамның қамқоршысы, қорғаншысы не күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі.

г) аталғанның барлығы

73. Қылмыстық іс бойынша адвокат білікті заң көмегін кім ретінде көрсете алады?

а) қорғаушы;

ә) тек қана қорғаушы және жәбірленушінің өкілі;

б) азаматтық жауапкердің өкілі;

в) жәбірленушінің, азаматтық талапкердің және жеке айыптаушының өкілдері;

г) а, б және в варианттары.

74. ҚР ҚІЖК-нің 70-бабына сәйкес қорғаушы дегеніміз –

а) кез келген жеке тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам;

ә) заңда белгіленген тәртіппен сезіктілер мен айыпталушылардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

б) заңда белгіленген тәртіппен сотталғандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

в) заңда белгіленген тәртіппен айыпталушылар мен сотталғандардың құқықтары мен мүдделерін қорғауды жүзеге асыратын және оларға заң көмегін көрсететін адам.

75. Қылмыстық істер бойынша қорғаушыны таңдау неге байланысты?

а) тұлғаның еркі мен тілегіне байланысты;

ә) тұлғаның еркіне;

б) тұлғаның тілегіне;

в) тұлғаның туыскандарының еркі мен тілегіне.

76. Адвокат қылмыстық іс жүргізудің қай сатыларына қорғаушы ретінде қатыса алады?

а) қылмыстық іс қозғау;

ә) алдын ала тергеу;

б) бірінші және апелляциялық инстанциялардағы іс жүргізу;

в) кассациялық инстанциядағы іс жүргізу;

г) барлық аталған сатыларда.

77. Қылмыстық іске айыпталушы қорғаушысының немесе заңды өкілінің қатысуы айыпталушының қандай да болмасын құқығын жою немесе шектеу үшін негіз бола ала ма?

а) ешбір жағдайда бола алмайды.

ә) иә.

б) қылмыстық іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда бола алады;

в) өзі бас тартқан құқықтар бойынша бола алады

78. Адвокат қорғаушы ретінде қандай құжатты көрсетуі бойынша қылмыстық іске қатысуға жіберіледі?

а) адвокаттың куәлігін және нақты істі жүргізуге оның өкілеттігін куәландыратын ордерді;

ә) алдын ала тергеу органының соттың рұқсатын.

б) клиентпен жасалған шартты;

в) нақты істі жүргізуге оның өкілеттігін куәландыратын ордерді.

79. Қылмыстық істер бойынша қорғаушыны кімнің тапсырмасы бойынша шақырады?

а) сезіктінің, айыпталушының, сотталушының;

ә) сотталған адамның, ақталған адамның;

б) аталғандардың заңды өкілдерінің;

в) аталғандардың барлығы дұрыс

80. Ол туралы күдікті, айыпталушы, сотталушы, сотталған адам, ақталған адам өтініш жасаған қылмыстық істер бойынша іс жүргізуге қорғаушының қатысуы...

а) міндетті;

ә) міндетті емес;

б) сот ұйғарса міндетті;

в) қорғалушы талап етсе міндетті.

81. Адвокаттың әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысуы қай кезден басталады?

а) әкімшілік құқық бұзушылық жауапқа тартылушы адамды ұстау кезінен бастап;

ә) әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама жасалған кезден;

б) әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезден;

в) а және ә варианттары.

82. Өзі жөнінде әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс жүргізіліп жатқан адамның қорғаушыдан бас тарту құқығы бар ма?

а) иә;

б) жоқ;

в) заңда көзделген жағдайда бар;

г) соттың рұқсатымен.

83. Адвокат әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша қандай іс-әрекеттер жасауға құқығы жоқ?

а) қорғалушының мүдделеріне қарсы қандай да болсын іс-әрекеттер жасауға;

ә) қорғалушының өз құқықтарын жүзеге асыруына кедергі келтіруге;

б) қорғалушының көзқарасына қарамастан, оның әкімшілік құқық бұзушылыққа қатыстылығын және оны жасауға кінәлілігін тануға, қорғалушының жәбірленушімен татуласқандығы туралы мәлімдеуге;

в) адвокаттың әкімшілік жауапқа тартылушы адамды өз мойнына алған қорғаудан бас тартуға;

г) көрсетілгеннің барлығы.

84. Адвокат әкімшілік құқық бұзушылық істер бойынша жәбірленушінің өкілі ретіндегі қандай құқықтарға ие болады?

а) «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының заңымен белгіленген барлық құқықтарға ие болады;

ә) азаматтық істер бойынша өкіл ие құқықтарға ие болады;

б) қылмыстық істер бойынша жәбірленушінің өкілдеріне тиесілі құқықтарға ие болады;

в) жәбірленуші өкілдерінің өздері өкіл болып отырған жеке және заңды тұлғалардың ҚР ӘҚТК-де көңделген шекте іс жүргізу құқықтарына ие болады.

85. Азаматтық істер бойынша адвокат тапсырма бойынша қандай құжат негізінде білікті заң көмегін көрсетеді?

а) тапсырма шарты немесе қызмет көрсету шарты;

ә) ордер;

б) куәлік;

в) сенімхат.

86. Адвокаттың азаматтық істер бойынша сенім білдірілген өкіл ретіндегі өкілеттігі қандай құжат армен айқындалады?

а) заң консультациясы немесе адвокат кеңсесі берген ордермен;

ә) өз қызметін жеке дара жүргізген кезде адвокаттың өзіне көмекке жүгінген тұлғамен (клиентпен) жасаған шартпен;

б) а және ә варианттары;

в) ә және г варианттары;

г) сенім білдірген адамның берген сенімхатымен.

87. Қандай адвокаттар азаматтық істер бойынша сотта өкіл бола алмайды?

а) Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасының талаптарын бұза отырып, заң көмегін көрсету туралы тапсырма алған адвокаттар сотта өкіл бола алмайды;

ә) судьяға ұнамаған;

б) ҚР АІЖК-мен белгіленген іс жүргізу ережелерін бұзған;

в) адвокаттық кеңсесі жоқ.

88. Егер адвокат заң көмегін тарапқа тегін көрсетсе, сот өкілдің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шынғындарды кімнің пайдасына өндіреді?

а) адвокат бөлген заң консультациясының, кеңсесінің пайдасына немесе келісімшарт бойынша жұмыс істеуші адвокаттың;

ә) адвокаттары алқасының;

б) тек сол адвокаттың.

в) мемлекеттің

89. Азаматты әрекет қабілеттілігі шектеулі деп тану туралы арыз қабылданғаннан кейін судья процеске қозғалған іс бойынша азаматтың мүдделерін білдіру және қорғау үшін ресми өкіл етіп кімді тағайындайды?

а) ата-аналарын;

ә) адвокатты;

б) қорғаушыны;

в) өкілді.

90. Ресей заңнамасы бойынша адвокаттың мәртебесін растайтын құжат қалай аталады?

а) куәлік;

ә) төлқұжат;

б) ордер;

в) билет.

91. Ресейдегі адвокаттық құрылымдардың нысаны қандай?

а) адвокаттық кабинет;

ә) адвокаттар алқасы;

б) адвокаттық бюро;

в) заң консультациясы;

г) аталғанның барлығы адвокаттық құрылымның нысандары болып табылады.

92. Өзбекстан адвокаттарының республикалық деңгейдегі ұйымы қалай атаады?

- а) Адвокаттары одағы.
- ә) Адвокаттар палатасы.
- б) Адвокаттар алқасы.
- в) Адвокаттар бірлестігі.

93. Арнаулы Беларуссиялық адвокаттар алқасы қандай ұйым?

а) Беларусь Республикасының қылмыстық істер бойынша жеке тұлғаларға білікті заң көмегін шетелде көрсететін Беларусь Республикасының аумағында білікті заң көмегін көрсететін адвокаттарды біріктіретін ұйым.

ә) элиталық адвокаттардың ұйымы.

б) әлеуметтік қорғалатын топтарға тегін білікті заң көмегін көрсететін адвокаттардың ұйымы.

в) Беларусь Республикасының жеке және заңды тұлғаларына білікті заң көмегін шетелде көрсететін, шетелдік жеке және заңды тұлғаларға, сондай-ақ азаматтығы жоқ тұлғаларға Беларусь Республикасының аумағында білікті заң көмегін көрсететін адвокаттарды біріктіретін ұйым.

94. Украинада қандай талапқа жауап беретін тұлға адвокат бола алады?

а) жоғары заң білім бар, заңгер мамандығы бойынша немесе адвокат көмекшісі ретінде екі жылдан кем емес жұмыс өтілі бар.

ә) біліктілік емтихандарын тапсырған.

б) адвокаттық қызметпен айналысуға куәлік алған.

в) Украина адвокатының антын қабылдаған.

г) жоғарыда аталғанның барлығына жауап беретін.

95. АҚШ федералдық соттарында іс жүргізуге рұқсат адвокаттарға қалай беріледі?

а) АҚШ Жоғарғы Сотымен.

ә) штатта адвокаттық практикаға жіберілген адвокаттарға автоматты түрде беріледі.

б) штат Жоғарғы Сотымен.

в) штат адвокаттарының ассоциациясымен.

96. Ұлыбританиядағы адвокаттар қандай түрлерге (сольюиелерге) бөлінеді?

а) барристер, атторней, солиситор.

ә) барристер, солиситор.

а) барристер, корольдық атторней, солиситор;

а) барристер, лорд-атторней, солиситор.

97. Францияда солиситорлар қандай соттарда іс жүргізуге қатыса алады?

б) апелляциялық инстанция соттарында.

ә) бірінші инстанция соттарында.

б) кассациялық инстанция соттарында;

в) Франция Кенесінде.

98. Германияда қандай атаққа заңгер емтихансыз адвокат бола алады?

а) құқық профессоры,

ә) құқық магистрі;

б) құқық докторы;

в) бакалавр.

99. Германияның бүкіл адвокаттар алқалары қандай ұйымға бірігеді?

а) Біртұтас Федералдық адвокаттар палатасы;

ә) Федералдық адвокаттар одағы;

б) Германия адвокаттарының палатасы;

в) Федералдық адвокаттар басқармасы.

100. Францияда қанша адвокаттардың ассоциациялары бар?

а) 81;

ә) 121;

б) 181;

в) 281.

Тест сұрақтарының жауаптарының кілті

Сұрақтың нөмірі	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Дұрыс жауабы	А	Ә	А	В	Ә	Ә	А	А	А	Ә
Сұрақтың нөмірі	11	12	13	14	15	16	17	18	19	20
Дұрыс жауабы	Б	А	Г	Ә	Б	В	Ә	В	А	В
Сұрақтың нөмірі	21	22	23	24	25	26	27	28	29	30
Дұрыс жауабы	Ә	А	Г	Ә	Б	В	Б	В	А	В
Сұрақтың нөмірі	31	32	33	34	35	36	37	38	39	40
Дұрыс жауабы	Ә	В	А	А	В	Б	В	Б	Ә	В
Сұрақтың нөмірі	41	42	43	44	45	46	47	48	49	50
Дұрыс жауабы	А	В	В	Б	Ә	Ә	А	Ә	Б	А
Сұрақтың нөмірі	51	52	53	54	55	56	57	58	59	60
Дұрыс жауабы	Б	В	Ә	А	В	В	А	Ә	В	Г
Сұрақтың нөмірі	61	62	63	64	65	66	67	68	69	70
Дұрыс жауабы	Ә	А	Б	Ә	А	А	Ә	Ә	Ә	А
Сұрақтың нөмірі	71	72	73	74	75	76	77	78	79	80
Дұрыс жауабы	А	Г	Г	Ә	А	Г	А	А	В	А
Сұрақтың нөмірі	81	82	83	84	85	86	87	88	89	90
Дұрыс жауабы	В	А	Г	В	А	Б	А	А	Ә	А
Сұрақтың нөмірі	91	92	93	94	95	96	97	98	99	100
Дұрыс жауабы	Г	Ә	В	Г	Ә	А	Ә	Б	А	Б

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ» ПӘНІ БОЙЫНША ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

Нормативтік құқықтық актілер

Негізгілері:

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы. - Алматы: Қазақстан. 1998, 96 б (1998 жылғы 7 қазанындағы және 2007 жылғы 21 мамырдағы №254-III ҚРЗ «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгертулер мен толықтыруларды енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес).

2. Қазақстан Республикасының 2010 жылдан 2020 жылға дейінгі кезенге арналған құқықтық саясат тұжырымдамасы. Астана: Ақорда, 24 тамыз 2009 жыл, №858.

3. 2001 жылғы 30 қаңтардағы №155-II Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексі.

4. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы №206-I Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі.

5. 1999 жылғы 13 шілдедегі №411-I Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексі

6. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Жалпы бөлім).

7. 1999 жылғы 1 шілдедегі №409-I Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі (Ерекше бөлім).

8. 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195-1 «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

9. «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 20-бабы

3-тармағының Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкестілігі туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің 1999 жылғы 2 шілде №12/2 Қаулысы.

10. 2002 жылғы 15 тамыздағы №19 «Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік Қаулысы.

11. 2003 жылғы 11 шілдедегі №5 «Сот шешімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік Қаулысы.

12. «Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге

байланысты шығыстарды өтеудің ережелері туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 26 тамыздағы №1247 Қаулысы.

13. «Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі №1235 Қаулысы.

14. «Адвокаттық және нотариаттық қызмет түрлерін лицензиялау ережесін және оларға қойылатын бліктілік талаптарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 2 маусымдағы №454 Қаулысы

15. Пакт ООН «Основные положения о роли адвокатов» // Международный адвокат. - 1992. - №4.

16. Положение о народном суде Киргизской Автономной Социалистической Республики. утвержденный Декретом ЦИК 08.04.1921 г.

17. Сборник законодателя и нормативных актов, регулирующих деятельность адвокатов. – Алматы, 1981.

Қосымша

1. 2005 жылғы 25 желтоқсан «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьялар мәртебелері туралы» Қазақстан Республикасының конституциялық заңы.

2. 2001 жылғы 15 қаңтар «Коммерциялық емес ұйымдар туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

3. 2000 жылғы 5 шілде «Қылмыстық іс жүргізуге қатысушы тұлғаларды мемлекеттік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

4. 1999 жылғы 30 наурыз «Қылмыс жасағандарына күдікті және айыпталатындарды қамап ұстау тәртібі мен жағдайлары туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

5. 2007 жылғы 11 қаңтардағы «Лицензиялау туралы» Қазақстан Республикасының заңы.

6. Общий кодекс правил для адвокатов Европейского сообщества // Адвокат. - 1995. - №10.

7. «Қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңнамасының адамның жеке бас бостандығын сақтау және қадір-қасиетіне қол сұйлау, қинауға, зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгез немесе адамның ар-намысын қорлайтын әрекеттер мен жазалау

түрлеріне қарсы мәселелер жөніндегі нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2009 жылғы 28 желтоқсандағы №7 нормативтік Қаулысы.

8. Қазақстан Республикасының құқықтық саясатының тұжырымдамасы (2002 жылғы 20 қыркүйек №949 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарғысымен бекітілген).

9. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам // Комментарий к УПК Казахской ССР. - Алматы, 1995. - С. 327-425.

Ұсынылатын оқулықтар және арнайы ғылыми әдебиеттер:

А) Негізгі әдебиеттер:

1. Адвокат навыки профессионального мастерства / Под ред. Л.А. Воскобитовой, И.Н. Лукьяновой. - М.: Издательство Волтерс Клувер, 2006. - 592 с.

2. Адвокатура в России: учебник/А.Н. Чашин. - М.: Издательство «Дело и Сервис», 2008. - 432 с.

3. Адвокатура в странах СНГ. Материалы съезда адвокатов, состоявшегося в Минске 19 апреля 1994 г. // Адвокат. - 1995. - №8, 9.

4. Адвокатура туралы нормативтік құқықтық актілердің Жинағы. - Алматы, 1999.

5. Адвокатская деятельность: Учебно-практическое пособие / Под общ. ред. к.ю.н. В.Н. Буробина. - М.: Изд-во МНЭ-Пу, 2001. - 536 с.

6. Адвокат в уголовном процессе / Под ред. проф. П.А. Лупинской. - М.: Новый юрист, 1997.

7. Адвокатура в Российской Федерации - М.: СГУ, 1998.

8. Ағыбаев А.Н., Алауханов Е.О. Алдын ала тергеудің аяқталуы. - Алматы: Жеті Жарғы, 2004. -136 б.

9. Абдиканов Н. Производство в суде первой инстанции по уголовно-процессуальному праву Республики Казахстан. Учебное пособие. - Алматы: Издательство «Норма-К», 2009. - 240 с.

10. Абдраимов Б.Ж., Мухамедшин Р. Некоторые теоретические и практические вопросы гражданского судопроизводства // Правовая реформа в Казахстане 2000. №3. С.14

11. Айтмухамбетов Т.К. Использование дополнительных материалов судами апелляционной и надзорной инстанции: Учебное пособие - Алматы. NAS, 2006. 192 с.

12. Алауханов Е.О., Оразалиев М.М. Айып тағу және айыптау қорытындыны түзу. - Алматы, 2003.
13. Алауханов Е.О. Антикоррупционная правовая политика - Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 256 с.
14. Алауханов Е.О. Сыбайлас жемқорлықпен күрес: теория және практика: Оқулық – Алматы: Заң әдебиеті, 2009. – 240 б.
15. Алауханов Е.О., Садықов А.Ж. Адвокат-қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі. Монография - Алматы: ТОП, 2009.
16. Алауханов Е.О., Садықов А.Ж. Право подозреваемого (обвиняемого) и подсудимого на профессиональную юридическую защиту. Монография - Алматы: ТОП, 2009.
17. Алауханов Е.О. Криминология Учебник: Общая и Особенная части.-Алматы: Жеті Жарғы, 2008. – 664 с.
18. Алауханов Е.О. Криминология (Қылмыстану): Оқулық - Алматы: «Қазығұрт» баспасы. 2006. – 264 б.
19. Алауханов Е.О. Қылмыстық құқық (Жалпы бөлім): Оқулық. - Алматы, 2009. - 456 б.
20. Алимбеков М.Т., Абдрасулов Е.Б. Применение гражданско-правовых норм судов в современный период. – Астана, 2009. -336 с.
21. Анишина В.И. Основы судебной власти и правосудия. - М.: Эксмо, 2008. - 278 с.
22. Арсентьев О.В. Адвокатура. Адвокат в уголовном и гражданском процессах. Нотариат в РК. – Костанай, 1998.
23. Балабиев Қ., Үтепов Ж. Қазақстан Республикасының адвокатураның: Оқу-әдістемелік құрал. - Алматы, 2003.
24. Барщевский М.Ю. Организация и деятельность адвокатуры в России: Научно-практическое пособие – М., 2000.
25. Бернам У., Решетникова И.В., Прошляков А.Д. Судебная адвокатура. - Екатеринбург, 1995.
26. Булғакбаев А. Советская адвокатура. – Алматы, 1982.
27. Булеулиев Б.Т. Суд с участием присяжных заседателей. проблемы становления и перспективы развития в Республике Казахстан - Астана, 2009. - 405 с.
28. Гаврилов С.Н. Адвокат в уголовном процессе. – М., 1996.
29. Головки Л.В. Экспертное заключение на проект Закона РК «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные

акты Республики Казахстан по вопросам оперативно-розыскной деятельности» // Актуальные проблемы совершенствования прокурорского надзора, предварительного расследования по уголовным делам и уголовно-исполнительного законодательства в свете конституционных преобразований в Казахстане: материалы международной науч.-практич. конференций. - Астана. 18-19 октября 2007 г. ТОО «Фирма Киік», 2008. - С. 278-290.

30. Глисков А.А. Адвокатская деятельность и адвокатура в вопросах и ответах (пособие для граждан) / А.А. Глисков, А.Г. Глисков, А.И. Забейворота; под ред. С.Н. Бабурина. – Ростов н/Д: Феникс. 2006. – 797 с.

31. Данилов Е.П. Справочник адвоката – М., 1999. - 560 с.

32. Джансараева Р.Е. Некоторые аспекты концептуальных положений уголовной политики Республики Казахстан в современных условиях // Концепция правовой политики РК на 2010–2020 годы и перспективы развития судебной системы: Сборник материалов круглого стола. - Астана, 2009. - С.194-199.

33. Жальбин С.М. Правовое положение адвоката в уголовном судопроизводстве. – Алматы. 1998.

34. Жамиева Р.М., Каиржанов Е.И. Тактика адвокатской защиты по уголовным делам. Учебное пособие. - Алматы: Юркениет, 2000 г. – 228 с

35. Жетписбаев Б.А. Административная ответственность в РК: Учебное пособие / Под. общ. ред. проф. С.С. Сартаева – Алматы: Дәнекер, 2000.

36. Журсимбаев С.К. Законность в досудебных стадиях уголовного судопроизводства – Алматы. 2007. - 238 с.

37. Журсимбаев С.К. Правоохранительные органы Республики Казахстан: Учебное пособие. – Алматы, 2007.

38. Қайыржанов Е.І., Жәміев Р. Қылмыстық істер бойынша адвокаттың қорғау тәсілдері // Заң. – 2001 - №1.

39. Канафин Д.К. Экспертное заключение на проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам применения меры пресечения в виде ареста» // Ежегодник Центра исследования правовой политики 2008 - Алматы, 2009. - 328 с.

40. Когамов М.Ч. Уголовно-процессуальное право Республики Казахстан. Общая и Особенная части

41. Когамов М.Ч. Комментарий к Уголовно-процессуальному кодексу РК. – Алматы: Жеті Жарғы, 2009.

42. Лубшев Ю.Ф. Адвокатура в России Учебник. – М : ООО «Профобразование», 2001. - 832 с.

43. Мамаи К.А. Проблемы усиления гарантий прав участников уголовного процесса: материалы международной научно-практич. конференций. - Алматы, 2003

44. Мейірбекова Г.Б. Қазақстан Республикасындағы адвокатура және адвокаттық қызмет. - Алматы, 2007. - 184 б

45. Оспанов С.Д. Уголовный процесс Республики Казахстан (Общая часть). – Алматы, 2000 – 271 с.;

46. Пашин С.А. Экспертное заключение на проект Закона РК «О внесении изменений и дополнений в Уголовный, Уголовно-процессуальный и Уголовно-исполнительные кодексы Республики Казахстан и Кодекс Республики Казахстан об административных правонарушениях по вопросам упрощения процедуры расследования уголовных дел и декриминализации некоторых составов преступлений» // Актуальные проблемы совершенствования прокурорского надзора, предварительного расследования по уголовным делам и уголовно-исполнительного законодательства в свете конституционных преобразований в Казахстане: материалы международной науч.-практич. конференций. - Астана. 18-19 октября 2007 г. ТОО «Фирма Кник». 2008 - С.270-277.

47. Правовая система США / Науч. ред. Власихин В.А. 3-й выпуск. – М : «Новая юстиция», 2006. – 1216 с.

48. Рогов И.И. Адвокатура сегодня и завтра // Мысль. – 1992. - №11.

49. Сарсенбаев Т.Е. Лица, участвующие в уголовном процессе. Институт отвода: Комментарий к УПК РК - Астана: Фолиант, 2001. - 176 с.

50. Сарсенбаев Т.Е. Обеспечение прав потерпевшего в досудебном производстве // Обеспечение конституционных прав граждан в досудебных стадиях уголовного процесса. - Алматы, 2006. - С.255-262.

51. Смирнова Е.М. Адвокатура: Учебное пособие. – СПб. Изд-во Михайлова В.А., 2002. – 267 с.

52. Соломов Б.С. Защитительные речи адвокатов Узбекистана. – Ташкент, 2006. – 378 с.

53. Стецовский Ю.И. Советская адвокатура: Учебное пособие для вузов. – М.: Высшая школа, 1989.

54. Сулейменова Г.Ж., Воронина Л.В. Адвокатура и адвокат-

ская деятельность в Республике Казахстан. Учебное пособие / Под ред. Сулейменовой Г.Ж. – Алматы: Алем, 2002.

55. Тыныбеков С. Адвокатура и адвокатская деятельность в Республике Казахстан Учебник. – Алматы: Данекер, 2004.

56. Тыныбеков С.Т Қазақстан Республикасының адвокатура-сы және адвокаттық қызмет. - Алматы: Дәнекер, 2004. - 246 с.

57. Тыныбеков С.Т. Организация и деятельность адвокатуры (вопросы и ответы). – Алматы: Дәнекер, 2000.

58. Халиков К.Х. Қазақстан Республикасындағы құқық қорғау органдары: Оқу құралы – Алматы: Санат, 1995. - 176 б.

59. Халиков К.Х., Додобоев Ю.Т., Мирзаев Т.Р., Исламов Б. Д. Судебные реформы в Центральноазиатских странах: Учебное пособие. – Ташкент, 2006. - 432 с.

60. Чашин А.Н. Адвокатура в России: Учебник. – М.: Дело и Сервис, 2008. – 432 с.

61. Шабакбаев М.Н. Проблемы и перспективы развития прокурорского надзора за законностью оперативно-розыскной деятельности // Актуальные проблемы совершенствования прокурорского надзора, предварительного расследования по уголовным делам и уголовно-исполнительного законодательства в свете конституционных преобразований в Казахстане: материалы международной науч.-практич конференций - Астана, 18-19 октября 2007 г. ТОО «Фирма Киік», 2008. - С. 58-263.

62. Шарипов Ш.М. Судьяның тәуелсіздігі. Оқу құралы. - Алматы: Дәнекер, 2003. - 168 б.

63. Юрченко Р.Н. О судебном санкционировании мер пресечения: Практическое пособие. - Алматы: Жеті Жарғы, 2009. - 200 с.

Б) Диссертациялар:

10. Шагимуратов А.Я. Использование адвокатами средств защиты в стадии предварительного следствия Автореф. дисс. ... канд.юрид.наук. – Ташкент, 1989.

11. Жамиева Р.М. Тактика профессиональной защиты по уголовным делам: дисс. ... канд.юрид.наук. – Алматы, 1999.

12. Жалыбин С.М. Теоретические и методологические проблемы обеспечения прав человека при уголовном преследовании: дисс. на соиск. д.ю.н – Алматы, 2003.

13. Тугел А.К. Участие адвоката-защитника в процессуальном доказывании по уголовным делам: дисс. ... канд.юрид.наук: 12.00 09 – Алматы, 2008. – 25 с

14. Сериев Б.А. Еңбек заңдарының бұзылуына байланысты қылмыстық іс жүргізуге жәбірленушінің өкілі ретінде адвокаттың қатысуы: заң ғыл. канд. ... дисс.: 12.00.09. – Алматы, 2008. – 24 б.

15. Меркушева Ж.П. Тактика действий защитника на предварительном следствии: автореф. ... канд. юрид. наук. 12.00.09. – Алматы, 2009. – 25 с.

16. Шайкенова С.Т. Проблемы суда с участием присяжных заседателей в Республике Казахстан: теория и практика. автореф ... док. юрид. наук. 12.00.09. – Алматы, 2010. - 44 с.

17. Садыков А.Ж. Адвокат – қорғаушының сезіктіге, айыпталушыға және сотталушыға білікті заң көмегін көрсетуі. заң ғыл. канд. ... дисс. автореф. 12.00.09. – Алматы, 2010 ж. 29 б.

18. Шарипова А.Б. Равноправие сторон как условие реализации принципа состязательности в уголовном процессе Республики Казахстан: автореф. ... канд. юрид. наук: 12.00.09. – Алматы, 2009. – 24 с.

В) Қосымша әдебиеттер:

1. Адам құқықтары туралы Жалпы Декларация (1948 жылғы 10 желтоқсандағы БҰҰ Бас Ассамблеясының 217 А Қарарымен қабылданған).

2. Адвокаттар рөлі туралы негізгі ереже (Нью-Йоркте 1990 жылғы тамызда қылмысты ескерту жөніндегі БҰҰ сегізінші Конгресінде қабылданған).

3. Еуропалық қоғамдастық адвокаттарына арналған тәртіптердің жалпы кодексі / Адвокат 1995. №10.

4. Азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек пен құқықтық қатынастар туралы 1993 жылғы 22 қаңтардағы Конвенция және оған 1997 жылғы 28 наурыздағы Хаттама.

5. 1993 жылғы 22 қаңтарда Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы 12 мемлекетінің басшылары қол қойған, 1994 жылғы 10 желтоқсанда күшіне енген азаматтық, отбасылық және қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек және құқықтық қатынастар туралы Конвенция, бұған 1997 жылғы 28 наурызда Конвенцияға қатысушы мемлекеттер қол қойған Хаттамамен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. - Ростов-на-Дону, 1996.

6. Устав Общественного объединения «Союз адвокатов Казахстана» (2005 жылғы 15 сәуірдегі енгізілген өзгертулерімен).

7. Устав Общественной организации «Международный Союз (Содружество) адвокатов», утвержденный 21 мая 1992 года (1998 жылғы 22 мамырдағы, 2004 жылғы 26 мамырдағы және 2008 жылғы 23 мамырдағы өзгертулер енгізілді).

8. Адвокаттардың кәсіби әдебінің Ережелері.

9. Основные принципы, касающиеся роли юристов. Принят VIII Конгрессом ООН по предотвращению преступности и перевоспитанию правонарушителей. - Гавана, Куба, 27 августа — 7 сентября 1990 года.

10. Кодекс поведения для юристов в Европейском сообществе. Принят 28 октября 1988 года Советом коллегий адвокатов и юридических сообществ Европейского союза (Страсбург).

11. Рекомендация R (2000 г.) 21-го Комитета министров Совета Европы «О свободе осуществления профессии адвоката». Принят Комитетом министров Совета Европы 25 октября 2000 года на 727-м заседании на уровне заместителей министров.

12. Генеральные принципы этики адвокатов. Одобрены правлением Международной ассоциации юристов в 1995 году (Шотландия, Эдинбург).

13. Общий кодекс правил для адвокатов стран Европейского сообщества. Принят Советом коллегий адвокатов и юридических обществ Европейского Союза 28 октября 1988 года (Франция, Страсбург).

14. Типовые правила профессиональной этики Американской ассоциации юристов. Принят 2 июня 1993 года.

15. Кодекс поведения адвоката. Принят Советом Шведской ассоциации адвокатов 9 ноября 1984 года.

16. Правила надлежащего профессионального поведения для адвокатов. Принят коллегией адвокатов Финляндии 9 июня 1972 года.

Г) Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының нормативтік қаулылары:

1. «Қазақстан Республикасында сот билігі туралы заңнаманы қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1998 жылғы 14 мамырдағы №1 нормативтік Қаулысы.

2. «Сот тәжірибесінде азаматтардың және заңды тұлғалардың ар-намысы мен абыройын және іскерлік беделдігін

қорғау жөніндегі заңнаманы қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1992 жылғы 18 желтоқсанындағы №6 нормативтік Қаулысы.

3. «Тұтынушылар құқығын қорғау туралы заңнаманы соттардың қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 1996 жылғы 25 шілдедегі №7 нормативтік Қаулысы.

4. «Бас бостандығынан айыру жазасын тағайындаудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 19 қазандағы №15 нормативтік Қаулысы.

5. «Адамның өмірі мен денсаулығына қарсы кейбір қылмыстарды саралау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 11 мамырдағы №1 нормативтік Қаулысы.

6. «Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 6 желтоқсанындағы №26 нормативтік Қаулысы.

7. «Азаматтық талапты қылмыстық процесте қарау туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 20 маусымдағы №1 нормативтік Қаулысы.

8. «Соттардың қылмыстық істерді қосымша тергеу жүргізу үшін қайтару туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2001 жылғы 13 желтоқсанындағы №19 нормативтік Қаулысы.

9. «Сот үкімі туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 жылғы 15 тамыздағы №19 нормативтік Қаулысы.


10. «Соттардың авторлық құқық және сабақтас құқықтарды қорғау жөніндегі кейбір заңнаманың нормаларын қолдану туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2007 жылғы 25 желтоқсанындағы №11 нормативтік Қаулысы.


«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ АДВОКАТУРА ЖӘНЕ АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ» ПӘНІ БОЙЫНША СЫЗБАЛАР



1-сызба




2-сызба











**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ
АДВОКАТТЫҚ ҚЫЗМЕТ ЖӨНІНДЕГІ ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ НОРМАТИВТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ
АКТІЛЕРІ**

**«Адвокаттық қызмет туралы»
Қазақстан Республикасының Заңы
1997 жылғы 5 желтоқсандағы № 195-І
(өзгертулер 2009 жылдың 1 наурызына берілген)**

- 1-тарау. Жалпы ережелер (1 - 6 баптар)
- 2-тарау. Адвокаттың мәртебесі (7 - 18 баптар)
- 3-тарау. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру (19 - 33 баптар)
- 4-тарау. Қорытынды және өтпелі ережелер (34 - бап)

I-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Адвокатураның мақсаты

1. Қазақстан Республикасындағы адвокатура адамның өз құқықтарын, бостандықтарын сотта қорғауға және білікті заң көмегін алуға мемлекет кепілдік берген және Қазақстан Республикасының Конституциясымен баянды етілген құқығын жүзеге асыруға жәрдемдесуге арналған.

2. Адвокатура қылмыстық істер бойынша қорғау, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша, сондай-ақ қылмыстық және азаматтық істер мен әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша өкілдік ету, сондай-ақ азаматтардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сондай-ақ заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мен іске асыруға жәрдемдесу мақсатында заң көмегінің өзге де түрлерін көрсету жөніндегі адвокаттардың қызметін ұйымдастырады.

Адвокаттық қызмет шеңберінде адвокаттар көрсететін заң көмегі кәсіпкерлік қызмет болып табылмайды.

2-бап. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының

адвокаттық қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда жазылғаннан өзгеше ережелер көзделсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Жеке және заңды тұлғалардың істері бойынша қорғау мен өкілдік етуді жүзеге асырған кездегі адвокаттардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

3-бап. Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметінің принциптері

Адвокатураның ұйымдастырылуы мен қызметі:

1) адвокаттардың өз қызметін жүзеге асыру кезіндегі тәуелсіздігі;

2) адвокаттық қызметті заңдарда тыйым салынбаған әдістермен және құралдармен жүзеге асыру;

3) заң актілерінде тікелей көзделген жағдайларды қоспағанда, прокуратура, соттар, анықтау және алдын ала тергеу органдары, басқа мемлекеттік органдар, өзге ұйымдар мен лауазымды адамдар тарапынан адвокаттардың қызметіне араласуға жол бермеу;

4) кәсіби мінез-құлық нормаларын ұстану және адвокаттық құпияны сақтау принциптеріне негізделеді.

4-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері

1. Заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) ауызша және жазбаша нысанда да құқықтық мәселелер бойынша консультациялар мен анықтамалар береді;

2) арыздар, шағымдар, өтініштер мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасайды.

3) сенім білдірушінің өкілі ретінде азаматтық сот ісін жүргізуге қатысады;

4) қорғаушының немесе сенім білдірушінің өкілі ретінде қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысады;

5) аралық сотта, халықаралық коммерциялық төрелік-те (сотта) және дұғаларды шешетін өзге де органдарда істі қарауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысады;

6) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда сенім білдірушінің мүддесін білдіреді;

7) егер шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық сот органдарының және өзге де халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарында, соттарында және құқық қорғау органдарында, халықаралық сот органдарында, шет мемлекеттердің мемлекеттік емес органдарында сенім білдірушінің мүддесін білдіреді;

8) сенім білдірушінің өкілі ретінде атқарушылық ісін жүргізуге, сондай-ақ қылмыстық жазаны орындау кезінде қатысады;

2. Адвокаттар заңнамада тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді

3. Көмек сұрап келген адам оған заң көмегін тегін көрсету үшін, сондай-ақ тағайындалған (осы Заңның 6-бабы) жағдайларды қоспағанда, егер қорғалушы өзіне адвокат таңдамаса немесе таңдай алмаса, оның қатысуы міндетті қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде адвокат таңдауда еркін.

4. Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғауды адвокаттар ғана жүзеге асырады

5-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу

1. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу мөлшері және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу көмек сұрап келген адаммен адвокат жасасатын жазбаша шартта белгіленеді.

Шарт жасасу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

Шарттың бір данасы заң көмегін көрсету туралы шарт жасасқан адамға беріледі.

Мыналар:

1) қорғаушы не өкіл ретінде тапсырмаларды орындауға қабылдаған адвокаттың тегін, атын және әкесінің атын көрсету;

2) адвокаттық қызмет ұйымының нысанын және өзі мүшесі болып табылатын адвокаттар алқасын көрсету;

3) тапсырмалардың нысаны;

4) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібі;

5) шартты бұзу тәртібі мен жағдайлары шарттың маңызды талаптары болып табылады.

Олар бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке мемлекеттік емес заңды тұлғаларды білдіретін тараптардың мүлктік даулары туралы істер бойынша шарттарды қоспағанда, адвокаттар көрсететін заң көмегіне істің нәтижесіне немесе адвокаттық қызметтің табыстылығына байланысты ақы төлеу мөлшерін белгілейтін шарттарға немесе ұйғарылған соманың бір бөлгіні адвокат алатын шарттарға жол берілмейді.

Заң көмегіне ақы төлеу, оның ішінде ауызша заң консультациялары және тапсырмаларды орындауға байланысты шығыстар есебінен адвокаттың қолма-қол ақша алуына тиісті қаржы құжатынсыз жол берілмейді.

2. Заңнамада көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу, іссапар, көлік және оның басқа да шығыстары анықтау, алдын ала тергеу органдарының қаулылары және соттардың ұйғарымы бойынша бюджет қаражатынан жүргізіледі.

3. Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6-бап. Заң көмегін тегін көрсету

1. Адвокаттар мыналарға:

1) асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді соттардың қарауы кезінде талап қоюшыларға;

2) егер соттың қарауындағы дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талап қоюшылар мен жауапкерлерге;

3) алименттер өндіріп алу, зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері жөнінде азаматтарға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға заң көмегін тегін көрсетеді, қажет жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттар жасайды.

2 Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда тегін заң көмегі Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, адвокатқа адам жүгінгеннен кейін заң көмегі тікелей көрсетіледі. Өтініш білдіруші жүгінгеннен кейін тікелей заң көмегін беру мүмкін болмаған кезде, ол жүгінген сәттен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау уақыты туралы хабардар етілуге тиіс. Мұндай жағдайларда заң көмегін беру ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс. Қажет болған жағдайда көрсетілген мерзімді тиісті адвокаттық құрылым басшысы ұзарта алады. Бір мәселе бойынша адам құқықтық көмекті тек қана бір рет ала алады.

3. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес адвокат көрсеткен заң көмегінің есебін осындай көмекті ұсынатын адвокат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізеді.

4. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу тиісті сот шешімі негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу адвокаттың орындаған жұмысы туралы акті және өзі мүшесі болып табылатын тиісті адвокаттар алқасының өтінімі негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Адвокаттар алқасының өтінімінде тегін заң көмегі көрсетілген адамдардың саны және төлеуге жататын сома туралы мәліметтер болуға тиіс.

Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшері мен тәртібін, сондай-ақ адвокат көрсеткен заң көмегінің есебін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7-бап. Қазақстан Республикасындағы адвокат

1. Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған не өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам адвокат бола алмайды.

Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген немесе алынған; қасақана қылмыс жасағаны үшін актамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясынан айрылған; осы Заңның 12-бабының 3-тармағында және 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензиясының қолданысы тоқтатылған адам - осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы адвокат бола алмайды.

8-бап. Адвокаттың көмекшілері мен тағлымдамадан өтушілері

1. Адвокаттың көмекшілері мен тағлымдамадан өтушілері болуы мүмкін.

2. Адвокаттың көмекшілері еңбек шартының негізінде заң консультациясында, адвокат кеңсесінде немесе адвокаттық қызметпен жеке-дара айналысатын адвокаттың жанында жұмыс істей алады.

Адвокаттың көмекшілері адвокаттың нұсқаулары бойынша және соның жауапкершілігімен адвокаттың тапсырмаларын орындауға құқылы.

3. Жоғары заң білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары ғана адвокаттың тағлымдамадан өтушілері бола алады.

Тағлымдамадан өтушілер адвокаттар алқасы төралқасы Қаулысының негізінде кемінде бес жыл адвокаттық қызмет стажы бар адвокаттарда үш айдан бір жылға дейінгі мерзімге тағлымдамадан өтеді. Тағлымдамадан өту адвокаттар алқасы

мен тағылымдамадан өтуші арасында жасалатын шарт негізінде жүзеге асырылады.

Тағылымдамадан өтуші ретіндегі жұмыс кезеңі заң мамандығы бойынша жұмыс стажына есептеледі.

4. Тағлымдаманың тәртібін, мерзімі мен шарттарын адвокаттар алқасы белгілейді.

9-бап. Адвокаттың лицензиясы

1. Әділет аттестаттау комиссиясының шешімі негізінде Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі берген адвокат лицензиясы лицензияда көрсетілген адамның адвокаттық қызметпен айналысуына рұқсат беру болып табылады.

2. Лицензия адвокаттар алқасында үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде тағылымдамадан өткен адамдарға олар аттестаттаудан өткен жағдайда беріледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдардың аттестаттаудан өту ережесін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітетін Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімі туралы ережеге сәйкес Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі осы тізілімді жүргізеді және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағына тарайтын мерзімді баспа басылымдарында адвокаттар лицензияларын беру, лицензияларының қолданылуын тоқтата тұру, лицензияларынан айыру және қолданылуын тоқтату туралы мәліметтерді жариялайды.

3. Аттестаттаудан өтпестен адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алуға:

1) Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік алқасында немесе Қазақстан Республикасы Жоғары Сот Кеңесі жанындағы Біліктілік комиссиясында біліктілік емтиханын тапсырған адамдардың;

2) тұрақты судьялардың және өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңды бұзғаны үшін судья қызметінен босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдардың құқығы бар.

Прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген прокурорлар, тергеушілер мен анықтаушылар, жағымсыз себептер бойынша босатылғандарды қоспағанда, адвокаттар алқасында тағылымдамадан өткеннен кейін емтихан тапсырудан босатылады.

4. Адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия беру туралы шешімді Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі қабылдайды.

5. Лицензия негізгі, тұрақты болып табылады және оның күші Қазақстан Республикасының барлық аумағында қолданылады.

10-бап. Лицензия беруден бас тарту

Лицензиялау туралы заң актілерінде көзделген негіздер бойынша лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.

11-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленеді.

2. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы:

1) адам мемлекеттік қызметте болған;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, өз қызметін тұрақты немесе босатылған негізде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін мәслихат депутатының өкілеттіктерін орындаған;

3) мерзімді әскери қызмет өткерген.

4) осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 4), 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша оның адвокаттар алқасының мүшелігінен шығарылуы кезеңінде тоқтатыла тұрады.

Аталған жағдайларда лицензияның қолданысы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен тоқтатыла тұрады. Қабылданған шешім туралы лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған адам, соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

12-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру және оның қолданысын тоқтату

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

1-1) заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген талаптар жүйелі түрде (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде үш және одан да көп рет) бұзылған,

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап-арызы бойынша:

1) адвокат өз кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі принциптерін өрескел не бірнеше рет бұзған;

2) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайларда сот тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Адвокаттар алқасы төралқасының өтініші осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Аумақтық әділет органының ұсынымы осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі сот шешімі негізінде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

5. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі:

1) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша адвокат әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болды не хабар-ошарсыз кетті деп танылған;

2) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқан;

3) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған;

4) қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

5) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшіне енген жағдайларда жүзеге асырады.

6. Аумақтық әділет органының ұсынымы осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

13-бап. Адвокаттың өкілеттіктерін куәландыру

1. Адвокаттың нақты істі жүргізуге өкілеттігі ордермен куәландырылады. Ордердің нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді. Ордерлердің берілуін бақылау мен есепке алуды адвокаттар алқасының төралқасы жүзеге асырады.

Өзінің қызметін Қазақстан Республикасы бекіткен тиісті халықаралық шарт негізінде жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке басын, адвокат мәртебесін және заң көмегін көрсету өкілеттігін белгілейтін құжатпен расталады.

2. Адвокат Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында, сондай-ақ, егер бұл қабылдаған тапсырманы орындау үшін қажет болса және тиісті мемлекеттердің заңдарына және Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына қайшы келмесе, оның аумағынан тыс жерлерде адвокаттық қызметпен айналысуға құқылы.

14-бап. Адвокаттың құқықтары

1. Адвокат көмек сұрап келген адамға ол мұқтаж болған кез келген заң көмегін көрсетуге құқылы

2. Адвокат өзіне өтініш жасаған адаммен заң көмегін көрсету туралы өз атынан жазбаша шарт жасасады.

3. Адвокат, қорғаушы немесе өкіл ретінде әрекет жасай отырып, іс жүргізу заңына сәйкес:

1) барлық соттарда, құзыретіне тиісті мәселелерді шешу кіретін мемлекеттік, өзге де органдар мен ұйымдарда заң көмегін сұрап өтініш жасаған тұлғалардың құқықтары мен мүдделерін қорғауға және білдіруге;

2) барлық мемлекеттік органдардан және мемлекеттік емес ұйымдардан адвокаттық қызметті жүзеге асыруға қажетті мәліметтерді сұратуға және алуға;

3) заң көмегін көрсету үшін қажет нақты мәліметтерді дербес жинауға және дәлелдер табыс етуге;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамға қатысты материалдармен, соның ішінде іс жүргізу құжаттарымен, тергеу және сот істерімен танысуға және олардағы ақпаратты заң актілерінде тыйым салынбаған кез келген тәсілмен белгілеп алуға;

5) іске қатысуға жіберілген сәттен бастап жолығулар санын, олардың ұзақтығын шектемей және мұндай жолығулардың құпиялығын қамтамасыз ететін жағдайларда өзі қорғайтын адаммен онаша жолығып тұруға;

6) заң көмегін көрсетуге байланысты туындайтын және ғылым, техника, өнер мен басқа да қызмет салаларында арнайы білімді қажет ететін мәселелерді түсіндіру үшін шарттық негізде мамандардың қорытындыларын сұратуға;

7) өтініштер, мәлімдеуге, әділет, прокуратура, анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттың лауазымды адамдарының, сондай-ақ көмек сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтарына және заңдармен қорғалатын мүдделеріне қысым жасайтын өзге де лауазымды адамдардың әрекеттеріне белгіленген тәртіппен шағым жасауға;

8) мемлекеттік құпияларды құрайтын ақпаратпен, сондай-ақ әскери, коммерциялық, қызметтік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын ақпаратпен, егер бұл анықтау, алдын ала тергеу кезінде және сотта қорғау немесе өкілдік ету үшін қажет болса, заң актілерінде көзделген тәртіппен танысуға;

9) заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамдардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың заңдарда тыйым салынбаған барлық құралдары мен тәсілдерін пайдалануға;

10) заңдарға қайшы келмейтін өзге де әрекеттерді жасауға құқылы.

4. Мемлекеттік орган немесе лауазымды адам адвокаттың заң көмегін сұрап өтініш жасаған адамның мүддесін білдіру құқығын танудан бас тарта алмайды

5. Адвокат соттардың, прокуратураның, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың әкімшілік ғимараттарына белгіленген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсетуі бойынша еркін кіру құқығын пайдаланады.

Адвокаттың ұсталғандар, тұтқынға алынғандар және жазасын өтеп жатқандар отырған орындарға кіруі белгіленген рұқсаттық режимге сәйкес жүзеге асырылады.

6. Адвокат міндетті сақтандыру қаражаты есебінен жүзеге асырылатын мемлекет кепілдік берген әлеуметтік қорғалуға құқықты

Әлеуметтік сақтандыруға арналған жарналарды адвокаттар қолданылып жүрген заңдарға сәйкес төлейді.

15-бап. Адвокаттың міндеттері

1. Адвокат заң талаптарын сақтауға, адвокатураны ұйымдастыру мен оның қызметінің принциптерін басшылыққа алуға, кәсіптік мінез-құлық нормаларының талаптары мен адвокаттық құпияны сақтауға міндетті. Адвокат өзінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруға міндетті

2. Егер адвокат осы іс бойынша мүдделері көмек сұрап өтініш жасаған адамның (тараптардың өзара келісімі бойынша ара ағайын болған жағдайларды қоспағанда) мүдделеріне қайшы келетін адамдарға заң көмегін көрсетіп жүрсе немесе бұдан бұрын көрсеткен болса немесе судья, прокурор, анықтауды жүргізуші адам, тергеуші, сарапшы, маман, аудармашы, куә, жәбірленуші немесе куәгер, азаматтық талап қоюшы немесе азаматтық жауапкер ретінде іске қатысқан жағдайларда, сондай-ақ егер істі тергеуге немесе қарауға адвокатпен жақын туыстық қатынастағы лауазымды адам қатысса, ол заң көмегін көрсету туралы тапсырмадан бас тартуға міндетті.

3. Адвокат заң көмегін көрсетуге байланысты өзіне мәлім болған мәліметтерді құпия сақтауға міндетті және көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз оларды жария етуге құқығы жоқ.

4. Іс бойынша адвокаттың көмек сұрап өтініш жасаған адамның жағдайын нашарлататын құқықтық позиция ұстануына тыйым салынады.

5. Адвокаттың қылмыстық іс бойынша қабылданған тапсырмадан бас тартуға құқығы жоқ және ол қорғалатын адамның немесе адвокаттың өзінің көзқарасы бойынша әділетсіз үкім шығарылған жағдайда алған белгіленген тәртіппен шағым жасауға міндетті.

Адвокат сенім білдірушінің құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қолайлы әсерін тигізетін іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау жөніндегі кез келген, заңмен тыйым салынбаған іс-әрекеттерді орындауға міндетті.

6. Адвокатқа мемлекеттік қызметте болуға және кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, оқытушылық, ғылыми немесе шығармашылық қызметтен басқа өзге де ақы төленетін қызметпен айналысуға тыйым салынады.

16-бап. Адвокаттың кәсіби мінет-құлық нормалары

Адвокат заң көмегін көрсету кезінде мынадай кәсіптік ережелерді сақтауға тиіс

1) көп күш-жігер не уақыт жұмсауды талап ететін қажетті әрекеттер жасаудан жасқанбай ыждағаттылық пен құлшыныс білдіру;

2) заң мәселелерін қарап жатқан органдар мен лауазымды адамдарға қатысты өзін әдепті ұстау;

3) өз кәсіби мінез-құлқын көмек сұрап өтініш жасаған адамның құқықтары мен заңды мүдделеріне сәйкес қалыптастыра және тежей отырып, істі негізсіз сөзбұйдаға салуға, заң көмегін көрсетудің заңсыз әдістеріне, алдауға жол бермеу;

4) көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделеріне адал болу және оның мүдделеріне қарсы қандай да болмасын әрекет жасамау.

17-бап. Адвокаттық қызметтің кенісдіктері

1. Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын адвокаттық қызметке араласуға не осы қызметке қандай да болмасын тәсілмен кедергі жасауға тыйым салынады.

2. Адвокатты ол заң көмегін көрсетіп отырған адаммен теңдестіруге тыйым салынады.

3. Адвокаттан өз кәсіби міндеттерін жүзеге асыруға байланысты оған мәлім болған мән-жайлар туралы куәгер ретінде жауап алуға тыйым салынады.

4. Адвокаттардан, олардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілерінен, адвокаттар алқасы төралқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің басшылары мен

қызметкерлерінен, заңмен белгіленген жағдайларды қоспағанда, белгілі бір адамға заң көмегін көрсетуге байланысты қандай да болмасын мәліметтер беруді талап етуге тыйым салынады.

5. Адвокаттық іс жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттар, сондай-ақ адвокаттың мүлкі, оның ішінде ұялы байланыс құралдары, аудиоаппаратурасы, компьютерлік техникасы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен басқа жағдайларда, тексеруге, қарауға, алуға, алып қоюға және тексеріске жатпайды.

6. Адвокатқа өзі қорғайтын адаммен онаша жолығудың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда осылайша жолығуына рұқсат беруден бас тартуға, сондай-ақ олардың саны мен ұзақтығына шек қоюға тыйым салынады.

7. Анықтау, алдын ала тергеу органдары мен соттар адвокатты іске қатысуға жіберген сәттен бастап оған өзі қорғайтын адам қамауда болатын бүкіл кезеңге іске қатысуға жіберілген туралы дереу жазбаша растау беруге міндетті.

8. Анықтау және алдын ала тергеу органдары, іс жүргізу заңында көзделген жағдайларда, адвокатпен келісілген мерзімде тергеу және өзге іс жүргізу әрекеттеріне оның қатысуы қажеттігі туралы адвокатқа хабарлауға міндетті.

9. Мемлекеттік қызметшілер мен мемлекеттік емес ұйымдардың басшылары адвокаттың нақты іс бойынша заң көмегін көрсетуіне байланысты өтіншіне он күн мерзімнен кешіктірмей жазбаша жауап беруге міндетті.

10. Адвокаттардың қызметіне заңсыз араласуға жол берген немесе осындай қызметті жүзеге асыруға кедергі келтіретін адамдар заңға сәйкес жауапқа тартылады.

18-бап. Адвокат құпиясы

1. Адвокат құпиясын адвокатқа жүгіну фактісі, көмек сұрап өтініш жасаған адаммен және басқа да адамдармен жасалған ауызша және жазбаша келіссөздердің мазмұны туралы, көмек сұрап өтініш жасаған адамның мүдделерінде жасалатын әрекеттердің сипаты мен нәтижелері туралы мәліметтер, сондай-ақ заң көмегін көрсетуге қатысты өзге ақпарат құрайды.

2. Адвокаттардың, олардың көмекшілері мен тағылымдамадан өтушілердің адвокаттар алқасы төралқасы, заң консультациясы, адвокат кеңсесі қызметкерлерінің заң көмегін көрсетуге байланысты

алынған мәліметтерді жария етуге, сондай-ақ өз мүдделері немесе үшінші бір адамдардың мүдделері үшін пайдалануға құқығы жоқ

3. Адвокат құпиясына жататын мәліметтерді көмек сұрап өтініш жасаған адамның келісімінсіз жария еткен адвокат заңға сәйкес жауапты болады.

4. Қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мәліметтер мен ақпарат беру адвокаттық құпияны жария ету болып табылмайды.

3-тарау. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру

19-бап. Адвокаттық қызметті ұйымдастыру нысандары

Адвокат өз қызметін заң консультациясы арқылы жүзеге асыруға не дербес немесе басқа адвокаттармен бірлесіп, сондай-ақ заңды тұлғаны тіркемей-ақ жеке дара адвокаттық кеңес құруға құқылы.

Адвокат тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағында құрылған және әрекет ететін адвокаттар алқасының мүшесі болуға тиіс.

Заңды тұлғаны тіркемей-ақ кәсіптік қызметін дара жүзеге асыратын адвокаттың азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға, адвокаттық іс жүргізуді сақтауды және адвокаттық құпияны сақтауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға қажетті қызметтік үй-жайы болуға міндетті

20-бап. Адвокаттар алқасы

1. Адвокаттар алқасын адвокаттық қызметпен айналысуға құқығы бар адамдар құрады.

2. Адвокаттар алқасы жеке және заңды тұлғаларға білікті заң көмегін көрсету үшін, адвокаттардың құқықтары мен заңды мүдделерін білдіру және қорғау үшін, осы Заңда белгіленген өзге де міндеттерді орындау үшін құрылатын адвокаттардың коммерциялық емес, кәсіби, өзін-өзі басқаратын және өзін-өзі қаржыландыратын ұйымы болып табылады.

3. Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттардың бір ғана алқасы құрылып, жұмыс істеуі мүмкін, оның басқа облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында өзінің құрылымдық бөлімшелерін (филиалдары мен өкілдіктерін) құруға құқығы жоқ.

Облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың аумағында адвокаттар алқасы болмаған жағдайда, ол осы Заңның 7-бабының талаптарына сәйкес келетін кемінде он құрылтайшының бастамашылығымен құрылады.

Адвокаттар алқасын құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

Адвокаттар алқасының атауы аумағында өзі құрылған әкімшілік-аумақтық бірліктің атауын қамтуға тиіс.

4. Адвокаттар алқасының негізгі міндеттері:

1) адвокаттық қызметті жүзеге асыру кезінде алқа мүшелеріне жәрдемдесу, кәсіби көмек көрсету және оларды қорғау;

2) алқа мүшелерінің қызметін материалдық-техникалық және анықтамалық-ақпараттық қамтамасыз ету;

3) адвокаттық қызметті жүзеге асыруға кәсіптік бақылауды ұйымдастыру;

4) алдынала тергеу және сот органдарының белгілеуі бойынша тегін заң көмегін көрсету (осы Заңның 6-бабы) мен қорғауды ұйымдастыру болып табылады.

5. Адвокаттар алқасы заң консультацияларын құрады.

21-бап. Адвокаттар алқасының жарғысы

1. Адвокаттар алқасының жарғысы:

1) адвокаттар алқасының атауын, қызметінің мәні мен мақсаттарын;

2) адвокаттар алқасы мүшелерінің құқықтары мен міндеттерін;

3) адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдау, мүшелікті тоқтата тұру мен тоқтату тәртібін;

4) адвокаттар алқасының құрылымын, оның органдарының қалыптасу тәртібі мен құзыретін;

5) заң консультацияларын құру мен олардың жұмыс істеу тәртібін;

6) мүлік жинау көздері мен оған иелік ету тәртібін;

7) мүшелік жарнаны төлеу тәртібін;

8) адвокаттардың тегін заң көмегін көрсету тәртібін және адвокаттар арасында сот, анықтау және алдын ала тергеу органдарының тағайындауы бойынша заң көмегін бөлу тәртібін;

9) адвокаттарды аттестациялауды өткізу тәртібін;

10) адвокаттар алқасы мүшелерінің және адвокаттардың

тағлымдамадан өтушілердің тәртіптік жауапкершілігі мен оған тарту тәртібін;

11) адвокатты лицензиясынан айыру туралы өтініш жасау тәртібін;

12) адвокаттар алқасын қайта ұйымдастыру мен тарату тәртібін.

13) адвокаттар алқасы таратылған жағдайда мүліктің тағдырын көздеуге тиіс.

2. Адвокаттар алқасының жарғысы заңдарға қайшы келмейтін өзге ережелерді де қамтуы мүмкін.

22-бап. Адвокаттар алқасының органдары

1. Адвокаттар алқасының жоғары органы алқа мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы), оның атқарушы органы төралқа, бақылаушы органы - тексеру комиссиясы болып табылады.

2. Жоғарыда көзделген реттерде адвокаттар алқасында адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы) қабылдайтын ережелер негізінде жұмыс істейтін басқа органдар құрылуы мүмкін.

23-бап. Адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысы (конференциясы)

1. Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы қызметінің кез келген мәселелерін шешуге құқылы.

2. Жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне мыналар жатады:

1) адвокаттар алқасының Жарғысын және Жарғыға өзгерістер енгізу туралы шешімдер қабылдау;

2) төралқаны, төралқа төрағасын, тексеру комиссиясын, тексеру комиссиясының төрағасын сайлау;

3) Жарғыда көзделген басқа органдарды және олардың басшыларын сайлау, осы органдар туралы ережелерді бекіту;

4) адвокаттар алқасы органдарының, адвокаттар алқасы басшылары мен қызметкерлерінің қызметі туралы есептерді тыңдау мен бекіту;

5) 2009.11.12. № 230-IV ҚР Заңымен алып тасталды;

6) 2009.11.12. № 230-IV ҚР Заңымен алып тасталды;

7) органдардың және адвокаттар алқасы басшылары мен

қызметкерлерінің шешімдеріне адвокаттардың шағымдарын қарау;

8) адвокаттар алқасының басшылары мен қызметкерлерін мерзімінен бұрын кері шақыру.

3. Жалпы жиналыс (конференция) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы санының үштен екісі немесе, тиісінше, конференция сайлаған делегаттар құрамы болған жағдайда шешімдер қабылдауға құқылы

4. Жалпы жиналысты (конференцияны) жылына кемінде бір рет адвокаттар алқасының төралқасы шақырады. Тексеру комиссиясының немесе алқа мүшелерінің жалпы санының кемінде төрттен бірінің талап етуі бойынша алқасы төрағасы отыз күн ішінде жалпы жиналысты (конференцияны) шақыруға міндетті.

5. Адвокаттар алқасының Жарғысында жалпы жиналыстың (конференцияның) ерекше құзыретіне жататын өзге мәселелер көзделуі мүмкін.

24-бап. Адвокаттар алқасының төралқасы

1. Адвокаттар алқасының төралқасы мен төралқа жасырын дауыспен төрт жыл мерзімге сайланады.

2. Адвокаттар алқасының төралқасы:

1) адвокаттар алқасының жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін, соның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда мемлекеттік бюджеттің қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегін көрсету жөніндегі жұмысын ұйымдастырады;

2) жалпы жиналыстың (конференцияның) шешімдерін орындауды ұйымдастырады, жалпы жиналысты (конференцияны) шақырады;

3) адвокаттардың кәсіби және өзге де құқықтарын қорғайды;

4) адвокаттар алқасының мүшелігіне қабылдауды жүзеге асырады, алқа мүшелігінен шығарады, адвокаттардың тағлымдамадан өтушілерін даярлауды ұйымдастырады;

4-1) есептік көрсеткішке еселенетін мөлшердегі мүшелік жарна ставкаларын белгілейді.

5) адвокаттың әрекеттеріне жеке және заңды тұлғалардан түскен шағымдарды (ұсыныстарды) тексеру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

6) адвокаттардың тәртіптік теріс қылықтары туралы материал-

дарды қарайды және кінәлі адамдарға тәртіптік жаза қолданады;

7) адвокаттарды аттестациялауды өткізуді және олардың кәсіби біліктілік арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырады;

8) осы Заңда (12-бап) көзделген реттерде адвокатты лицензиясынан айыру туралы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне өтініш жасайды;

9) адвокаттардың кәсіби деңгейін көтеру жөніндегі шараларды жүргізеді, оң жұмыс тәжірибесін талдайды, қорытады және тара-тады;

10) кодификациялық-анықтамалық жұмысты жүргізуді ұйымдастырады, дербес немесе Қазақстан Республикасының Әділет министрлігімен бірлесіп адвокаттық қызмет мәселелері бойынша әдістемелік құралдар мен ұсынымдар әзірлейді және ба-сып шығарады;

11) заң консультацияларын құрады, олардың менгерушілерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;

12) адвокат куәлігін береді, оның нысанын Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі бекітеді;

13) адвокаттар алқасының қаражатына Жарғы мен жалпы жи-налыс (конференция) белгілейтін тәртіппен иелік жасайды;

14) адвокаттар есепті, қаржы және статистикалық есептілікті және іс жүргізуді ұйымдастырады;

14-1) адвокаттар алқасының мүлкіне билік ету тәртібін белгілейді;

15) адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) ерекше құзыретіне жатқызылғандарды қоспағанда, адвокаттар алқасы қызметінің өзге де мәселелерін шешеді.

25-бап. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы

1. Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы болып, сайланған күніне дейін кемінде екі жыл тікелей адвокаттар алқасының мүшесі болған адвокат сайлана алады.

2. Алқаның Жарғысына сәйкес адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы

1) төралқаның жұмысын ұйымдастырады, оның отырыста-рында төрағалық етеді және төралқаның, алқа мүшелерінің жал-пы жиналыстары (конференциялары) шешімдерінің орындалуына бақылауды жүзеге асырады;

2) төралка аппаратының жұмысын басқарады, алқа аппаратының қызметкерлерін жұмысқа қабылдайды және жұмыстан босатады,

3) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктерде, басқа да ұйымдар мен мекемелерде адвокаттар алқасының атынан өкілдік етеді, олармен және азаматтармен хат жазысады.

3. Адвокаттар алқасының төралқасы төрағасының басқа өкілеттіктері Адвокаттар алқасының жарғысымен белгіленеді.

26-бап. Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы

1. Адвокаттар алқасының тексеру комиссиясы оның бақылау-тексеру органы болып табылады.

2. Тексеру комиссиясы, оның төрағасы алқа мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) төрт жыл мерзімге сайланады.

3. Тексеру комиссиясы адвокаттар алқасының, заң консультацияларының, адвокаттық кеңселердің қаржы-шаруашылық қызметіне, сондай-ақ жеке дара жұмыс істейтін адвокаттардың қаржылық қызметіне тексеру жүргізеді.

27-бап. Адвокаттар алқасына мүшелік

1. Адвокаттар алқасына мүшелік міндетті болып табылады. Адвокат лицензиясы болған және алқа Жарғысын мойындаған жағдайда алқаға қабылдаудан бас тартылмауға тиіс. Адвокаттар алқасына мүшелікке қабылдаудан бас тартуға сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

2. Кісі алқадан шығарылған, бірақ адвокат лицензиясын сақтап қалған жағдайда ол шығарылған сәттен бастап кемінде алты ай өткеннен кейін алқаға қайта қабылдануы мүмкін. Бұл кезеңде адвокаттық қызметті жүзеге асыруға жол берілмейді.

28-бап. Адвокаттар алқасы мүшесінің құқықтары

1. Адвокаттар алқасы мүшесінің

1) алқаның, оның органдары мен лауазымды адамдарының жәрдемің, кәсіби көмегін және қорғауын пайдалануға жәрдемің

2) адвокаттар алқасының органдарына сайлауға және сайлануға;

3) адвокаттар алқасы органдары алдына алқа қызметіне қатысты мәселелер қоюға, алқа мен оның органдарының жұмысын жақсарту жөнінде ұсыныстар енгізуге, шешімдерді талқылау мен

қабылдауға қатысуға, адвокаттар алқасы органдарынан олардың қызметі туралы құжаттар мен материалдар беруді талап етуге;

4) алқа органдары оның қызметін немесе мінез-құлқын тексерген және талқылаған барлық жағдайларда өзі қатысуға;

5) алқаның жарғысында белгіленген тәртіп пен шарттарда адвокаттар алқасының мүлкін пайдалануға;

6) өз бастамасымен алқа құрамынан шығуға құқығы бар

2. Адвокаттар алқасының мүшелері өзінің құқықтары мен міндеттері жөнінен тең болады.

29-бап. Адвокаттар алқасын мүшесінің міндеттері

Адвокаттардың жалпы міндеттеріне қоса (осы Заңның 15-бабы) адвокаттар алқасының мүшесі:

1) адвокаттар алқасы Жарғысының талаптарын сақтауға;

2) адвокаттар алқасы мен оның органдарының жалпы жиналысының шешімдерін орындауға;

3) мүшелік жарналар төлеуге;

4) адвокаттар алқасының төралқасына өз жұмысы туралы есепті табыс етуге міндетті.

Адвокаттар алқасының мүшесі адвокаттар алқасының алдында мүшелік жарналар төлеу міндеттемесінен басқа өзгедей біржақты мүліктік міндеттемелерді мойнына алмайды.

30-бап. Адвокаттар алқасы мүшелерінің тәртіптік жауапкершілігі

1. Осы Заңның, басқа да нормативтік құқықтық актілердің, алқа Жарғысының талаптарын бұзғаны үшін адвокаттар алқасының мүшелері тәртіптік жауапкершілікке тартылуы мүмкін.

2. Тәртіптік іс жүргізу адвокаттар алқасы төралқасының құзыретіне жатады.

3. Тәртіптік жаза шаралары, оларды қолдану, алып тастау мен шағымдану тәртібі адвокаттар алқасының Жарғысымен белгіленеді.

4. Осы баптың ережелері тағлымдамадан өтуші адвокаттарға да қолданылады.

31-бап. Адвокаттар алқасынан шығару

1. Адвокатты алқадан адвокаттар алқасының төралқасы мынадай жағдайларда:

1) адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиясынан айырылған немесе қолданылуы тоқтатылған;

2) адвокат өз міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын, адвокаттар алқасының жарғысында бекітілген адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметінің принциптерін, адвокаттардың кәсіби әдеби ержелерін өрескел не бірнеше рет бұзған;

3) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындай алмайтыны анықталған;

4) мүшелік жарнаны ұдайы төлемеген.

5) кәсіпкерлік қызметпен, сондай-ақ өзге де ақы төленетін қызметпен айналысқан.

6) өз тілегі бойынша;

7) алқа Жарғысында көзделген өзге де жағдайларда шығарады.

2. Осы баптың 1-тармағының 2), 3)-тармақшаларында көзделген негіздер бойынша адвокатты алқадан шығару адвокатты лицензиясынан айыруға әкелі соғады.

3. Алқадан шығаруға алқа төралқасының шығару туралы Қаулысының көшірмесі адвокатқа берілген күннен бастап бір ай мерзімде сот тәртібімен шағым жасалуы мүмкін.

32-бап. Заң консультациясы

1. Азаматтарға білікті заңкөмегінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң консультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң консультацияларын құрады.

2. Заң консультациясы орналасатын жерді адвокаттар алқасының төралқасы белгілейді.

3. Заң консультациясы адвокаттар алқаларының құрылымдық бөлімшесі (филиалы) болып табылады. Оның өз атауы мен тиісті адвокаттар алқасына тиесілілігі белгіленген мөрі мен мөртанбасы, заң көмегін көрсетуді ұйымдастыру үшін қажетті өзге де атрибутикасы болады. Заң консультациясы адвокаттар алқасының жалпы жиналысы (конференциясы) бекіткен Ереже негізінде іс-қимыл жасайды.

4. Заң консультациясын адвокаттар алқасының төралқасы тағайындайтын менгеруші басқарады.

33-бап. Адвокат кеңесі

1. Адвокат кеңесі мекеме нысанындағы коммерциялық емес ұйым болып табылады.

2. Адвокат кеңесі адвокаттардың заң көмегін көрсетуінің материалдық, ұйымдастырушылық-құқықтық және өзге де шарттарын қамтамасыз ету мақсатында құрылады /ұйымдастырылады/.

3. Адвокат кеңесін адвокаттар алқасының мүшесі (мүшелері) құрады.

Адвокат тек бір ғана адвокат кеңесінің құрылтайшысы (тең құрылтайшысы) бола алады.

4. Бір адвокат құрған адвокат кеңесі өз қызметін Жарғының негізінде жүзеге асырады.

Адвокат кеңесін бірнеше адвокат құрған жағдайда Құрылтай шарты да құрылтай құжаты да болуы мүмкін

Адвокат кеңесінің құрылтайшысы (құрылтайшылары) мемлекеттік тіркеуден өткен соң он күн мерзімде бұл туралы тиісті адвокаттар алқасына жазбаша хабарласуға және оның қарамағына адвокат кеңесінің құрылтай құжаттарын беруге міндетті.

5. Адвокат кеңселерін құруға мемлекеттік органдардың арнайы рұқсаты талап етілмейді.

33-1-бап. Адвокаттық қызметті жеке-дара жүзеге асыру

1. Кәсіби қызметті жеке-дара жүзеге асыруға шешім қабылдаған адвокат бұл туралы адвокаттар алқасын хабардар етеді. Хабарламада адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, оның тұрақты тұратын жері көрсетіледі.

2. Кәсіби қызметті заңды тұлға құрмай жеке-дара жүзеге асыратын адвокат банктерде есеп айырысу және өзге де шоттар, жеке мөр, мөрбағандар, жеке бланкілер иеленуге құқылы.

4-тарау. 2009. 11. 12. № 230-IV ҚР Заңымен алып тасталынды.

**Қазақстан Республикасының
Президенті**

Н. Назарбаев

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне білікті заң көмегін қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»
(қысқаша үзінді)

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар):

365-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«365-бап. Адвокаттар мен өзге де адамдардың адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, сондай-ақ жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі заңды қызметіне кедергі жасау

1. Адвокаттар мен өзге де адамдардың қылмыстық процесіне адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау, сол сияқты жеке және заңды тұлғаларға заң көмегін көрсету жөніндегі заңды қызметіне кедергі жасау не осындай қызметтің дербестігін және тәуелсіздігін өзге де бұзу, егер бұл әрекеттер адам мен азаматтың құқықтарына, бостандықтарына немесе заңды мүдделеріне, заңды тұлғалардың құқықтарына немесе заңды мүдделеріне, қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтірсе,- екі жүз айлық есептік көрсеткіштен үш жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі

кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, адам өз қызмет бабын пайдалана отырып жасаған әрекеттер, - бес жүз айлық есептік көрсеткіштен жеті жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз, сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылымстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар):

2) 68-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын.

«7. Күдікті:

1) ұстауды жүзеге асырған адамнан өзіне тиесілі құқықтар туралы дереу түсіндірме алуға;

2) өзіне не үшін күдік келтірілгенін білуге;

3) өз бетінше немесе өзінің туысқандары немесе сенім білдірген адамдары арқылы қорғаушы шақыруға құқылы, егер күдікті, оның туысқандары немесе сенім білдірген адамдары қорғаушыны шақырмаған жағдайда тергеуші, анықтаушы осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде көзделген тәртіппен оның қатысуын қамтамасыз етуге міндетті,

4) таңдаған немесе тағайындалған қорғаушысымен жауап алу басталғанға дейін онаша және құпия жолынуға;

5) күдікті одан бас тартқан жағдайларды қоспағанда, қорғаушысы қатысып отырған кезде ғана түсініктеме мен айғақ беруге;

6) өзіне қарсы қылмыстық іс қозғалғандығы туралы қаулының, ұстау хаттамасының және бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулының көшірмелерін алуға;

7) түсініктеме мен айғақ беруден бас тартуға;

8) дәлелдер ұсынуға;

9) өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және қарсылықты мәлімдеуге;

10) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ пен түсініктеме беруге;

11) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

12) тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өзінің өтініші бойынша немесе қорғаушысының не заңды өкiлiнiң өтiнiшi бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;

13) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және хаттамаларға ескертпелер беруге;

14) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым беруге;

15) өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауға құқылы.»;

3) 69-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Айыпталушы:

1) заңға қайшы келмейтін құралдармен және тәсілдермен өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауға және қорғануға дайындалу үшін жеткілікті уақыты мен мүмкіндігінің болуына;

2) өзінің не үшін айыпталғандығын білуге және қылмыстық іс қозғалғандығы туралы, өзінің айыпталушы ретінде тартылғаны туралы қаулылардың көшірмелерін алуға;

3) қылмыстық қудалау органынан өзіне тиесілі құқықтар туралы дереу түсіндірме алуға;

4) қылмыстық процесті жүргізуші органның өзінің құқықтары мен заңды мүдделерін қозғайтын іс жүргізу шешімдерін қабылданғаны туралы хабардар етуіне;

5) бұлтартпау шараларын қолдану туралы қаулының көшірмесін алуға;

6) өзіне тағылған айып бойынша түсініктеме мен айғақ беруге.

7) айғақ беруден бас тартуға;

8) дәлелдер ұсынуға;

9) өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және қарсылықты мәлімдеуге;

10) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге және түсінуге;

11) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

12) қорғаушысының болуына;

13) осы Кодексте көзделген жағдайларда және тәртіппен өзінен алғашқы жауап алудың алдындағы кезден бастап қорғаушысымен оңаша және құпия жолығуға;

14) тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өзінің өтініші немесе өзінің қорғаушысының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;

15) өзінің өтініші немесе өзінің қорғаушысының не заңды өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертулер беруге;

16) сараптама тағайындалған, жүргізілген кезде, сондай-ақ оған сарапшының қорытындысы ұсынылған кезде осы Кодекстің 244, 254, 354 және 355-баптарында көзделген әрекеттерді жүзеге асыруға;

17) тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға және одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;

18) айыптау тізімін қоспағанда, айыптау қорытындысының және оның қосымшаларының көшірмелерін алуға;

19) тергеушінің, анықтаушының, прокурордың және соттың әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдеріне шағым беруге;

20) ақтамайтын негіздер бойынша істі қысқартуға қарсылық білдіруге;

21) жария сот талқылауын талап етуге құқылы.»,

мынадай мазмұндағы 2-1 және 2-2-бөліктермен толықтырылсын:

«2-1. Сотталушының

1) бірінші және апелляциялық сатыдағы соттарда істі соттың қарауына қатысуға;

2) қорғау тарапының барлық құқықтарын, сондай-ақ ақырғы сөз құқығын пайдалануға құқығы бар.

2-2. Сотталған адамның немесе ақталған адамның

1) сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге;

2) соттың үкіміне, қаулысына, судьялардың қаулыларына шағым жасауға және шағымдалған шешімдердің көшірмелерін алуға;

3) іс бойынша келтірілген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылықтар беруге;

4) келтірілген шағымдар мен наразылықтардың сотта қаралуына қатысуға құқығы бар.»;

4) 70-бапта.

екінші бөліктің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Қорғаушы ретінде қылмыстық процеске адвокаттың қатысуы кезінде күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғауды одан басқа оның жұбайы (зайыбы) немесе жақын туысы не қамқоршысы, қорғаншысы не күдіктіні, айыпталушыны, сотталушыны, сотталған адамды, ақталған адамды қорғаншылыққа немесе асырауына алған ұйымның өкілі жүзеге асыра алады.»;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын

«8. Адвокат қорғаушы ретінде адвокаттың куәлігін және нақты істі жүргізуге оның өкілеттігін куәландыратын ордерді көрсетуі бойынша қылмыстық іске қатысуға жіберіледі. Осы Кодекстің 70-бабының екінші бөлігінде аталған басқа адамдар қорғаушы ретінде қылмыстық іске қатысуға олардың құқығын растайтын құжаттарды (неке туралы куәлігін, күдіктімен, айыпталушымен, сотталушымен, сотталған адаммен, ақталған адаммен туыстық қатынастарын растайтын құжатты, қорғаншылық және қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын органдардың шешімдерін) тапсырады.»;

7) 73-баптың бірінші бөлігінде:

екінші сөйлем мынадай редакцияда жазылсын.

«Осындай бас тартуға іске қатысушы қорғаушының не осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде белгіленген тәртіппен тағайындалған қорғаушының қатысуымен күдіктінің, айыпталушының бастамасы бойынша ғана жол беріледі.»;

8) 74-бапта:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қорғаушы іске қатысуға рұқсат етілген сәттен бастап:

1) күдіктімен немесе айыпталушымен олардың саны мен ұзақтығы шектелместен оңаша және құпия жолығуға;

2) заң көмегін көрсету үшін қажетті заттарды, құжаттарды және мәліметтерді жинауға және ұсынуға;

3) айып тағылған кезде қатысуға, күдіктіден және (немесе) айыпталушыдан жауап алу кезінде, сондай-ақ олардың қатысуымен немесе олардың өтініші не қорғаушының өзінің өтініші бойынша жүргізілетін өзге де тергеу және іс жүргізу әрекеттеріне қатысуға;

4) қарсылықтар білдіруге;

5) айыптау тізімін қоспағанда, ұстау хаттамасымен, бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулымен, күдіктінің, айыпталушының немесе қорғаушының өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен, күдіктіге және (немесе) айыпталушыға ұсынылған не ұсынылуға тиіс болатын құжаттармен, ал анықтау, оңайлатылған сотқа дейінгі іс жүргізу немесе алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін – істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген мәліметті кез келген көлемде көшіріп алуға;

6) өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті мәлімдеуге;

7) кез келген сатыдағы сотта істі алдын ала тыңдауға, соттың талқылауына қатысуға, сот жарыссөздерінде сөйлеуге, жаңадан ашылған мән-жайлар бойынша істі жаңарту кезінде соттың отырысына қатысуға;

8) әрбір беттегі мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өз қолын қоя отырып, ал сот отырысы хаттамасының бөлігімен танысқан кезде әрбір беттің соңына және осы бөліктің соңына қол қоя отырып, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпе енгізуге;

9) іс жүргізу құжаттарының көшірмелерін алуға;

10) қылмыстық процесі жүргізуші адамның және қылмыстық процеске қатысушы өзге адамдардың заңсыз әрекеттеріне қарсылық білдіруге, бұл қарсылықтарды іс жүргізу құжаттарына енгізуді талап етуге;

11) анықтаушының, тергеушінің, прокурордың және соттың әрекеттері мен шешімдеріне шағым енгізуге және оларды қарауға қатысуға;

12) заңға қайшы келмейтін кез келген басқа да қорғау құралдары мен тәсілдерін пайдалануға құқылы.»;

үшінші бөліктің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тергеуші немесе анықтаушы жауап алып болғаннан кейін

тергеу әрекеттерін жүргізуге қатысушы қорғаушы жауап алынып отырған адамдарға сұрақтар қоюға құқылы.»;

9) 75-бапта:

үшінші бөліктің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын.

«3. Адам қылмыстық процесте қылмыстық іс қозғалған кезден бастап тиісті қаулы шығысымен жәбірленуші болып танылады.»;

алтыншы және жетінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Жәбірленушінің:

1) айыпталушыға тағылған айып туралы білуге;

2) ана тілінде немесе өзі білетін тілде айғақ беруге;

3) дәлелдер ұсынуға;

4) өтінішті, оның ішінде қауіпсіздік шараларын қолдану туралы өтінішті және қарсылықты мәлімдеуге;

5) аудармашының тегін көмегін пайдалануға;

6) өкілінің болуына;

7) одан дәлелдеу құралы ретінде қылмыстық құда-лау органы алып қойған немесе өзі берген мүлікті, сондай-ақ қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті жасаған адамнан алып қойылған өзіне тиесілі мүлікті алуға, өзіне тиесілі құжаттардың түпнұсқаларын алуға;

8) заңда көзделген жағдайларда күдіктімен, айыпталушымен татуласуға;

9) өзінің қатысуымен жүргізілген тергеу әрекеттерінің хаттамаларымен танысуға және оларға ескертпелер беруге;

10) тергеушінің немесе анықтаушының рұқсатымен өз өтініші не өз өкілінің өтініші бойынша жүргізілетін тергеу әрекеттеріне қатысуға;

11) тергеу аяқталғаннан кейін істің барлық материалдарымен танысуға, одан кез келген көлемде және кез келген мәліметті көшіріп алуға;

12) оған және оның отбасы мүшелеріне қауіпсіздік шараларын беру туралы өтінішті мәлімдеуге;

13) қылмыстық іс қозғау туралы, оны жәбірленуші деп тану туралы немесе одан бас тарту туралы, қылмыстық істі тоқтата тұру туралы, істі тоқтату туралы қаулылардың көшірмелерін, айыптау қорытындысының көшірмесін, сондай-ақ үкімнің, апелляциялық сатыдағы сот шешімдерінің көшірмелерін алуға;

14) бірінші сатыдағы сотта істі соттың талқылауына қатысуға.

15) сот жарыссөздерінде сөйлеуге;

16) айыптауды, оның ішінде мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартқан жағдайда да қолдауға;

17) әрбір беттегі мәтіннің соңғы жолының астына және хаттаманың соңына өз қолын қоя отырып, ал сот отырысы хаттамасының бір бөлігімен танысқан кезде әрбір беттің соңына және осы бөліктің соңына қол қоя отырып, сот отырысының хаттамасымен танысуға және оған ескертпелер беруге;

18) қылмыстық процесті жүргізуші органның әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым беруге;

19) соттың үкімі мен қаулысына шағым жасауға;

20) іс бойынша әкелінген шағымдар мен наразылықтар туралы білуге және оларға қарсылық ұсынуға;

21) мәлімделген шағымдарды, өтініштерді және наразылықтарды апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттың қарауына қатысуға;

22) өздерінің құқықтары мен заңды мүдделерін заңға қайшы келмейтін өзге де тәсілдермен қорғауына құқығы бар.

Осы Кодекстің 80-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда жәбірленушіге заң көмегі тегін көрсетіледі.

7. Жәбірленушінің, ал ол қайтыс болған жағдайда - оның құқықтық мирасқорларының аса ауыр қылмыспен келтірілген мүліктік зиян үшін, егер осындай қылмыс үшін сотталған адамның осы қылмыспен келтірілген залалды өтеу үшін жеткілікті мүлкі болмаса, бюджет қаражаты есебінен ақшалай өтемақы алуға құқығы бар. Мұндай жағдайда бюджет қаражаты есебінен ақшалай өтемақы төлеу туралы мәселені жәбірленушінің не оның құқықтық мирасқорының арызы бойынша үкімді шығарған сот шешеді. Жәбірленушінің көрсетілген жағдайларда, егер залал жүз елу есептік көрсеткіштен аспаса, залалдың толық көлемінде өтелуіне құқығы бар.»;

10) 80-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын

«2. Кәмелетке толмаған немесе өзінің дене немесе психикалық жағдайы бойынша өз құқықтары мен заңды мүдделерін өз бетінше қорғау мүмкіндігінен айырылған жәбірленушілердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін іске міндетті түрде қатысуға олардың заңды өкілдері мен өкілдері тартылады.

Мұндай жағдайларда жәбірленушінің өкілі ретінде жәбірленуші

не оның заңды өкілі таңдаған адвокатқа рұқсат беріледі. Егер жәбірленушінің өзі немесе оның заңды өкілі адвокат шақырмаған жағдайда, адвокаттардың кәсіби ұйымы немесе оның құрылымдық бөлімшелері үшін міндетті қаулы шығару жолымен қылмыстық процесті жүргізуші орган адвокаттың қатысуын қамтамасыз етеді. Қылмыстық процесті жүргізуші орган нақты адвокатты қорғаушы ретінде шақыруға ұсыным беруге құқылы емес.

Жәбірленушіде немесе оның заңды өкілінде қаражат болмаған жағдайда, адвокаттың еңбегіне ақы төлеу осы Кодексте белгіленген тәртіппен бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.»;

12) 84-баптың бірінші бөлігінің бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық іс бойынша іс жүргізуге маман ретінде қатысу үшін қылмыстық процестің қатысушыларына өзінің арнайы құзыретіне жағатын түсіндіру жолымен дәлелдерді жинауда, зерттеуде және бағалауда, сондай-ақ ғылыми-техникалық құралдарды қолдануда жәрдем көрсету үшін қажетті арнаулы білімі бар, іске мүдделі емес адам тартылуы мүмкін.»;

14) 101-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын.

«3. Төрағалық етуші:

1) бейне, дыбыс жазуды жүргізуге және жауап алуды түсіріп алудың өзге де әдістерін жүргізуге тыйым салуға;

2) адвокатты қоспағанда, сот отырысы залынан сотталушыны, қорғау тарапының өкілдерін шығарып жіберуге құқылы.».

15) 125-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«125-бап. Дәлелдемелер жинау

1. Дәлелдемелер жинау осы Кодексте көзделген іс жүргізу іс-әрекеттерін жүргізу жолымен сотқа дейінгі іс жүргізу және сот талқылауы процесінде жүргізіледі. Дәлелдемелер жинау оларды табуы, бекітуді және алуды қамтиды.

2. Процеске қатысушылардың өтініштері немесе өз бастамашылығы бойынша қылмыстық процесті жүргізуші орган іс жүргізуіндегі қылмыстық іс бойынша осы Кодексте белгіленген тәртіппен жауап алу немесе сарапшы ретінде қорытынды беру үшін кез келген адамды шақыруға; осы Кодексте көзделген іс жүргізу әрекеттерін жүргізуге; коммерциялық, банктік және заңмен қорғалатын өзге де құпияны құрайтын мәліметтерді жария етуге

Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпті сақтай отырып, ұйымдардан, олардың басшыларынан, лауазымды адамдардан, азаматтардан, сондай-ақ жедел-іздігіру қызметін жүзеге асыратын органдардан іс үшін маңызы бар құжаттар мен заттарды табыс етуді талап етуге; уәкілетті органдар мен лауазымды адамдардан тексерулер мен тексерістер жүргізуді талап етуге құқылы.

3. Осы Кодексте белгіленген тәртіппен қылмыстық іске қатысуға жіберілген қорғаушы, жәбірленушінің өкілі қорғауды жүзеге асыру үшін қажетті мәліметтерді:

1) ұйымдардан анықтамаларды, мінездемелерді, өзге де құжаттарды талап ету;

Анықтамаларды, мінездемелерді және өзге де құжаттарды мемлекеттік органдардан, қоғамдық бірлестіктерден, сондай-ақ өзге де ұйымдардан қорғаушы, жәбірленушінің өкілі талап ете алады. Аталған заңды тұлғалар қорғаушыға, жәбірленушінің өкіліне олар сұратқан құжаттарды немесе олардың расталған көшірмелерін он тәулік ішінде беруге міндетті;

2) осы Кодекстің 242-бабының төртінші алтыншы бөліктеріне сәйкес шарт негізінде сот сараптамасы ісін жүргізуге бастамашылық жасау;

3) шарт негізінде маман тарту;

4) олардың келісімі бойынша болжамды түрде қылмыстық іске қатысты ақпаратты білетін адамдардан жауап алу жолымен алуға құқылы.

Жауап алу барысында алынған мәліметтерді осы Кодексте белгіленген тәртіппен жүргізілген қылмыстық процесті жүргізуші орган адамнан жауап алғаннан кейін дәлел ретінде пайдалануы мүмкін.

Бұрын жауап алынған адамнан жауап алу мүмкін болмаған кезде аталған мәліметтер тікелей мәлімет ретінде пайдаланылуы мүмкін, бұл ретте бұрын жауап алынған адамның қолының түпнұсқасы заңда белгіленген тәртіппен куәландырылуға тиіс.

4. Күдікті, айыпталушы, қорғаушы, жеке айыптаушы, жәбірленуші, азаматтық талапкер, азаматтық жауапкер және олардың өкілдері, сондай-ақ кез келген азаматтар мен ұйымдар қылмыстық іс бойынша дәлелдеме ретінде қосу үшін ауызша да, жазбаша да нысандағы мәліметтерді, сондай-ақ заттар мен құжаттарды ұсынуға құқылы.

Заттар мен құжаттар осы Кодекстің 128-бабының ережелері бойынша оларды бағалағаннан кейін қылмыстық іске тігіледі, ол туралы осы Кодекстің 122-бабының екінші бөлігінің талаптарына сәйкес хаттама жасалады.

Қылмыстық процеске қатысушылар болып табылатын адамдардан заттар мен құжаттарды қабылдау өтініш негізінде осы Кодекстің 102-бабында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

5. Осы баптың үшінші бөлігі 1) тармағының талаптарын орындамау заңда көзделген жауаптылыққа әкеп соғады.»;

16) 134-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Ұсталған адамнан осы Кодекстің ережелеріне сәйкес жауап алынуға тиіс. Жауап алыну басталғанға дейін ұсталған адамға қорғаушымен онаша және құпия жолығу қамтамасыз етіледі.»;

18) 172-бапта:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде және 80-баптың екінші бөлігінде көзделгендей адвокат анықтауға, алдын ала тергеуге немесе сотқа клиентпен шарт жасамай, тағайындау бойынша қатысқан жағдайларда, адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстар бюджет қаражатының есебіне жатқызылуы тиіс.»;

19) 174-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қылмыстық сот ісін жүргізу тәртібімен жәбірленушінің, азаматтық талап қоюшының, азаматтық жауапкердің, олардың заңды өкілдерінің қылмыстық процесі жүргізуші органның тағайындауы бойынша қорғаушы ретінде заң көмегін көрсететін адвокаттардың немесе жәбірленушінің (жеке айыптаушының) өкілінің осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде және 80-баптың екінші бөлігінде көзделген жағдайларда, куәнің, аудармашының, маманның, сарапшының, куәгердің мынадай шығыстары бюджет қаражатының есебінен өтелуге жатады.»;

20) 175-бап мынадай мазмұндағы 5-1) тармақпен толықтырылсын:

«5-1) жәбірленушінің өкілі (жеке айыптаушы) заң көмегін көрсеткені үшін төленетін сомалардан, оны төлеуден босатылған жағдайда.».

21) 176-бапта

...

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Осы Кодекстің 71-бабының үшінші бөлігінде және 80-бабының екінші бөлігінде көзделген жағдайларда күдіктінің, айыпталушының, сотталушының қорғаушысы немесе жәбірленушінің (жеке айыптаушының) өкілі ретінде заң көмегін тегін көрсеткен адвокаттың іске қатысуына байланысты іс жүргізу шығындары бюджет қаражаты есебіне жатқызылады.»;

22) 216-бап мынадай мазмұндағы 4-1-бөлікпен толықтырылсын

«4-1. Осы Кодекстің 73-бабының екінші бөлігінің ережелерін ескере отырып, осы Кодекстің 71-бабында көзделген жағдайларда қорғаушының қатысуы міндетті.»;

...

26) 284-баптың екінші бөлігінің алтыншы сөйлесі мынадай редакцияда жазылсын:

«Айыптау қорытындысының көшірмесі қорғаушыға, жәбірленушіге және оның өкіліне табыс етіледі.»;

...

29) 328-баптың үшінші бөлігі:

...

мынадай мазмұндағы екінші сөйлесіммен толықтырылсын;

«Айғақтар бірінші жақтан және мүмкіндігінше сөзбе-сөз жазылады, сұрақтар мен оларға жауаптар жауап алу кезінде орын алған жүйелілік бойынша жазылады.»;

30) 388-баптың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Іске қылмыстық процесті жүргізуші органның тағайындауы бойынша қорғаушы не жәбірленушінің өкілі қатысқан жағдайда, сот үкім қабылдаумен бір мезгілде сотталушыға немесе жәбірленушіге көрсетілген заң көмегіне ақы төлеу туралы, қорғауға және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы қаулы шығарады.»;

...

32) 455-баптың бесінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші сөйлесіммен толықтырылсын

«Сотталған адамдарға адвокаттар заң көмегін соттың қаулысы негізінде көрсеткен жағдайларда, олардың еңбегіне ақы төлеу осы Кодекстің 72-бабына сәйкес жүргізіледі.»;

33) мынадай мазмұндағы 467-1-баппен толықтырылсын

«467-1-бап. Адвокаттың қадағалау сатысындағы сотқа міндетті түрде қатысуының негіздері

Егер сотталушының жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылатын, жәбірленушінің (азаматтық талап қоюшының) өтініші, прокурордың наразылығы бойынша іс қаралып жатқан не іс бойынша сотқа дейінгі іс жүргізу және істі бірінші сатыда қарау айыпталушының қатысуынсыз жүзеге асырылған жағдайларда, адвокаттың қадағалау сатысындағы сот отырысына қатысуы міндетті. Мұндай жағдайларда қорғаушыны шақыруға, тағайындауға, ауыстыруға, оның еңбегіне ақы төлеуге байланысты мәселелер осы Кодекстің 72-бабында белгіленген тәртіппен шешіледі».

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат, № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар, № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат, 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат, № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат):

1) 84-баптың 4-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Сотталғандарға заң көмегін алу үшін олардың санына, ұзақтығына шек қойылмай және олардың құпиялылығын қамтамасыз ететін жағдайларда, олардың арызы бойынша адвокаттармен кездесуге рұқсат беріледі.»;

4. 1999 жылғы 13 шілдесігі Қазақстан Республикасының Азаматтық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 18, 644-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 21-22, 281-құжат, № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 10, 49-құжат; № 14, 109-құжат; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 140-құжат, № 24, 153-құжат, 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 13, 53-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 3, 20-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., №

...

2) 114-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«114-бап. Азаматтарға тегін заң көмегін көрсету

1. Істі сотта қарауға дайындау кезінде судья немесе істі қарау кезінде сот азаматтың мүлдіктік жағдайын негізге ала отырып, оны заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден толық немесе ішінара босатуға және оларды бюджет қаражатының есебіне жатқызуға құқылы. Судья (сот) адамды оның өтініші бойынша заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден толық немесе ішінара босатуға және оларды заңда көзделген мынадай жағдайларда

1) асыраушының әлпімен, мертігуімен немесе өзге де жұмыспен байланысты бүлінген денсаулықтан келтірілген зиянның орнын толтыру туралы дауларды қарау кезінде;

2) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілгендер, мерзімді қызметтің әскери қызметшілері, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талап қоюшылар мен жауапкерлер үшін кәсіпкерлік қызметке байланысты емес дауларды қарау кезінде бюджет қаражатының есебіне жатқызуға міндетті.

2. Адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жүзеге асырылады.

3. Азаматтың заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден босату туралы өтінішіне заң көмегін тегін алуға құқығын растайтын құжаттар мен басқа да дәлелдемелер қоса тіркелуге тиіс.

4. Өтінішті қарау нәтижесі бойынша азаматты заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден толық немесе ішінара босату туралы не өтінішті қанағаттандырудан бас тарту туралы судья немесе сот дәлелденген ұйғарым шығарады.

5. Азаматты заң көмегіне ақы төлеуден және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеуден толық немесе ішінара босату туралы соттың немесе судьяның ұйғарымы сот белгілеген мерзімде адвокаттың сотқа қатысуын қамтамасыз етуге міндетті адвокаттардың кәсіби ұйымына дереу жіберіледі.»;

3) 304-баптың екінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңға сәйкес мұндай адвокаттың заң көмегі тегін көрсетіледі.»

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат):

2) 590-баптың жетінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«7 Адвокат қорғаушы ретінде адвокаттың куәлігін және нақты істі жүргізуге оның өкілеттігін куәландыратын ордерді көрсетуі бойынша әкімшілік құқық бұзушылық туралы іске қатысуға жіберіледі. Осы Кодекстің 588-бабының екінші бөлігінде аталған басқа да адамдар қорғаушы ретінде олардың іске қатысу құқығын растайтын құжаттарды (неке туралы куәлігін, сондай-ақ осы Кодекстің 586-бабының үшінші бөлігінде және 587-бабының үшінші бөлігінде аталған құжаттарды) тапсырады.»

6. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 22, 328-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат):

...

3) 2-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«2-бап. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасы

1. Қазақстан Республикасының адвокаттық қызмет туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының адвокаттық қызметті реттейтін өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады

2. Егер Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шартта осы Заңда жазылғаннан өзгеше ережелер көзделсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады.

3. Жәке және заңды тұлғалардың істері бойынша қорғау мен өкілдік етуді жүзеге асырған кездегі адвокаттардың іс жүргізу құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.»

4) 4, 5, 6 және 7-баптар мынадай редакцияда жазылсын:

«4-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегінің түрлері

1. Заң көмегін көрсете отырып, адвокаттар:

1) ауызша және жазбаша нысанда да құқықтық мәселелер бойынша консультациялар мен анықтамалар береді,

2) арыздар, шағымдар, өтініштер мен құқықтық сипаттағы басқа да құжаттарды жасайды;

3) сенім білдірушінің өкілі ретінде азаматтық сот ісін жүргізуге қатысады;

4) қорғаушының немесе сенім білдірушінің өкілі ретінде қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізуге қатысады;

5) аралық сотта, халықаралық коммерциялық төрелікте (сорта) және дауларды шешетін өзге де органдарда істі қарауға сенім білдірушінің өкілі ретінде қатысады;

6) мемлекеттік органдарда, қоғамдық бірлестіктер мен өзге де ұйымдарда сенім білдірушінің мүддесін білдіреді;

7) егер шет мемлекеттердің заңнамасында, халықаралық сот

органдарының және өзге де халықаралық ұйымдардың жарғылық құжаттарында немесе Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарында өзгеше көзделмесе, шет мемлекеттердің мемлекеттік органдарында, соттарында және құқық қорғау органдарында, халықаралық сот органдарында, шет мемлекеттердің мемлекеттік емес органдарында сенім білдірушінің мүддесін білдіреді;

8) сенім білдірушінің өкілі ретінде атқарушылық ісін жүргізуге, сондай-ақ қылмыстық жазаны орындау кезінде қатысады;

2. Адвокаттар заңнамада тыйым салынбаған өзге де заң көмегін көрсетеді.

3. Көмек сұрап келген адам оған заң көмегін тегін көрсету үшін, сондай-ақ тағайындалған (осы Заңның 6-бабы) жағдайларды қоспағанда, егер қорғалушы өзіне адвокат таңдамаса немесе таңдай алмаса, оның қатысуы міндетті қылмыстық істер бойынша қорғаушы ретінде адвокат таңдауда еркін.

4. Қылмыстық істер бойынша кәсіби қорғауды адвокаттар ғана жүзеге асырады.

5-бап. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу

1. Адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу мөлшері және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу көмек сұрап келген адаммен адвокат жасасатын жазбаша шартта белгіленеді.

Шарт жасасу Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады

Шарттың бір данасы заң көмегін көрсету туралы шарт жасасқан адамға беріледі

Мыналар:

1) қорғаушы не өкіл ретінде тапсырмаларды орындауға қабылдаған адвокаттың тегін, атын және әкесінің атын көрсету;

2) адвокаттық қызмет ұйымының нысанын және өзі мүшесі болып табылатын адвокаттар алқасын көрсету;

3) тапсырмалардың нысаны;

4) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібі;

5) шартты бұзу тәртібі мен жағдайлары шарттың маңызды талаптары болып табылады

Олар бойынша кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын жеке, мемлекеттік емес заңды тұлғаларды білдіретін тараптардың

мүліктік даулары туралы істер бойынша шарттарды қоспағанда, адвокаттар көрсететін заң көмегіне істің нәтижесіне немесе адвокаттық қызметтің табыстылығына байланысты ақы төлеу мөлшерін белгілейтін шарттарға немесе ұйғарылған соманың бір бөлігін адвокат алатын шарттарға жол берілмейді

Заң көмегіне ақы төлеу, оның ішінде ауызша заң консультациялары және тапсырмаларды орындауға байланысты шығыстар есебінен адвокаттың қолма-қол ақша алуына тиісті қаржы құжатынсыз жол берілмейді

2. Заңнамада көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу, іссапар, көлік және оның басқа да шығыстары анықтау, алдын ала тергеу органдарының қаулылары және соттардың ұйғарымы бойынша бюджет қаражатынан жүргізіледі.

3. Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеудің және осы баптың 2-тармағында көзделген жағдайларда қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің мөлшері мен тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

6-бап. Заң көмегін тегін көрсету

1. Адвокаттар мыналарға:

1) асыраушысының қайтыс болуына, жұмыспен байланысты мертігуіне немесе денсаулығының өзгедей бұзылуы арқылы келтірілген зиянды өтеу туралы істерді соттардың қарауы кезінде талап қоюшыларға;

2) егер соттың қарауындағы дау кәсіпкерлік қызметпен байланысты болмаса, Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен оларға теңестірілген адамдар, мерзімді қызметтегі әскери қызметшілер, I және II топтағы мүгедектер, жасы бойынша зейнеткерлер болып табылатын талап қоюшылар мен жауапкерлерге;

3) алименттер өндіріп алу, зейнетақылар мен жәрдемақылар тағайындау, ақтау, босқын немесе оралман мәртебесін алу мәселелері жөнінде азаматтарға, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған кәмелетке толмағандарға заң көмегін тегін көрсетеді, қажет жағдайларда құқықтық сипаттағы жазбаша құжаттар жасайды.

2. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда тегін заң көмегі Қазақстан Республикасының азаматтық іс жүргізу заңнамасында белгіленген тәртіппен көрсетіледі.

Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, адвокатқа адам жүгінгеннен кейін заң көмегі тікелей

көрсетіледі. Өтініш білдіруші жүгінгеннен кейін тікелей заң көмегін беру мүмкін болмаған кезде, ол жүгінген сәттен бастап үш жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қабылдау уақыты туралы хабардар етілуге тиіс. Мұндай жағдайларда заң көмегін беру ұзақтығы бір сағаттан аспауға тиіс. Қажет болған жағдайда көрсетілген мерзімді тиісті адвокаттық құрылым басшысы ұзарта алады. Бір мәселе бойынша адам құқықтық көмекті тек қана бір рет ала алады.

3. Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасына сәйкес адвокат көрсеткен заң көмегінің есебін осындай көмекті ұсынатын адвокат Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен жүргізеді.

4. Осы баптың 1-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайларда, адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу тиісті сот шешімі негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Осы баптың 1-тармағының 3) тармақшасында көзделген жағдайларда, адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу адвокаттың орындаған жұмысы туралы акті және өзі мүшесі болып табылатын тиісті адвокаттар алқасының өтінімі негізінде бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Адвокаттар алқасының өтінімінде тегін заң көмегі көрсетілген адамдардың саны және төлеуге жататын сома туралы мәліметтер болуға тиіс.

Осы баптың 1-тармағында көзделген жағдайларда адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу мөлшері мен тәртібін, сондай-ақ адвокат көрсеткен заң көмегінің есебін жүргізу тәртібін Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейді.

7-бап. Қазақстан Республикасындағы адвокат

1. Адвокат - жоғары заң білімі бар, адвокаттық қызметпен айналысуға лицензия алған, міндетті түрде адвокаттар алқасының мүшесі болып табылатын және осы Заңмен регламенттелетін адвокаттық қызмет шеңберінде кәсіптік негізде заң көмегін көрсететін Қазақстан Республикасының азаматы.

2. Сот тәртібімен әрекетке қабілетсіз не әрекет қабілеті шектеулі деп танылған не өтелмеген немесе алынбаған соттылығы бар адам адвокат бола алмайды.

Заңда белгіленген тәртіппен соттылығы өтелген немесе алынған, қасақана қылмыс жасағаны үшін актамайтын негіздер бойынша

қылмыстық жауапкершіліктен босатылған; теріс себептер бойынша мемлекеттік, әскери қызметтен, прокуратура органдарынан, өзге де құқық қорғау органдарынан, соттардан және әділет органдарынан босатылған немесе адвокаттар алқасынан шығарылған; адвокаттық қызметпен айналысуға лицензиясынан айрылған; осы Заңның 12-бабының 3-тармағында және 5-тармағының 3), 4) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша лицензиясының қолданысы тоқтатылған адам - осындай оқиғалар басталғаннан кейін үш жыл бойы адвокат бола алмайды »:

...

6) 11 және 12-баптар мынадай редакцияда жазылысын.

«11-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтата тұру тәртібі мен шарттары Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында белгіленеді

2. Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген жалпы негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысы

1) адам мемлекеттік қызметте болған;

2) Қазақстан Республикасы Парламенті депутатының, өз қызметін тұрақты немесе босатылған негізде мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен төленетін мәслихат депутатының өкілеттіктерін орындаған,

3) мерзімді әскери қызмет өткерген;

4) осы Заңның 31-бабы 1-тармағының 4), 7) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша оның адвокаттар алқасының мүшелігінен шығарылуы кезеңінде тоқтатыла тұрады.

Аталған жағдайларда лицензияның қолданысы Қазақстан Республикасы Әділет министрінің бұйрығымен тоқтатыла тұрады. Қабылданған шешім туралы лицензиясының қолданысы тоқтатыла тұрған адам, соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

12-бап. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру және оның қолданысын тоқтату

1. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензиядан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне сәйкес жүзеге асырылады.

2. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.

3. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің талап-арызы бойынша

1) адвокат өз кәсіби міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметі принциптерін өрескел не бірнеше рет бұзған;

2) біліктілігінің жеткіліксіздігі салдарынан адвокаттың өз кәсіби міндеттерін орындауы мүмкін болмаған жағдайларда сот тәртібімен жүзеге асырылады.

4. Адвокаттар алқасы төралқасының өтініші осы баптың 3-тармағында көзделген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Аумақтық әділет органының ұсынымы осы баптың 3-тармағының 1) тармақшасында көзделген жағдайда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы талап-арыз дайындау үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі сот шешімі негізінде адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.

5. Осы баптың 2-тармағында көзделген негіздерден басқа, адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтатуды Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі

1) заңды күшіне енген сот шешімі бойынша адвокат әрекет қабілеті жоқ немесе әрекет қабілеті шектеулі, қайтыс болды не хабар-ошарсыз кетті деп танылған;

2) адвокат Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтатқан;

3) адвокат қасақана қылмыс жасағаны үшін ақтамайтын негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылған;

4) қасақана қылмыс жасағаны үшін адвокатқа қатысты соттың айыптау үкімі заңды күшіне енген;

5) адвокатқа медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану туралы сот шешімі заңды күшпен енген жағдайларда жүзеге асырады.

6 Аумақтық әділет органының ұсынымы осы баптың 5-тармағында көзделген жағдайларда адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрі адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысын тоқтату туралы бұйрық шығарады, оның көшірмесі лицензиясының қолданысы тоқтатылған адамға жіберіледі. Адвокаттық қызметпен айналысуға арналған лицензияның қолданысының тоқтатылғаны туралы соттар, құқық қорғау органдары және адвокаттар алқасы хабардар етіледі.»;

7) 14-бапта.

...

5-тармақтың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Адвокат соттардың, прокуратураның, қылмыстық процесті жүргізуші органдардың әкімшілік ғимараттарына белгіленген тәртіппен өзінің адвокаттық куәлігін көрсетуі бойынша еркін кіру құқығын пайдаланады.»;

8) 15-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Адвокат өзінің кәсіби біліктілігін үнемі арттырып отыруға міндетті.»;

5-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Адвокат сенім білдірушінің құқықтарын, бостандығы мен заңды мүдделерін қамтамасыз етуге қолайлы әсерін тигізетін іс жүзіндегі мән-жайларды анықтау жөніндегі кез келген, заңмен тыйым салынбаған іс-әрекеттерді орындауға міндетті.»;

9) 17-бапта:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Заңнамаға сәйкес жүзеге асырылатын адвокаттық қызметке араласуға не осы қызметке қандай да болмасын тәсілмен кедергі жасауға тыйым салынады.»;

...

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Адвокаттық іс жүргізу, онымен байланысты өзге де материалдар мен құжаттар, сондай-ақ адвокаттың мүлкі, оның ішінде ұялы байланыс құралдары, аудиоаппаратурасы, компьютерлік техникасы Қазақстан Республикасының заңдарында көзделгеннен басқа жағдайларда, тексеруге, қарауға, алуға, алып қоюға және тексеріске жатпайды.»;

11) 19-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«Заңды тұлғаны тіркемей-ақ кәсіптік қызметін дара жүзеге асыратын адвокаттың азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін қабылдауға, адвокаттық іс жүргізуді сақтауды және адвокаттық құпияны сақтауды қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға қажетті қызметтік үй-жайы болуға міндетті.»;

...

13) 24-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 4-1) және 14-1) тармақшалармен толықтырылсын:

«4-1) есептік көрсеткішке еселенетін мөлшердегі мүшелік жарна ставкаларын белгілейді;»;

«14-1) адвокаттар алқасының мүлкіне билік ету тәртібін белгілейді;»;

14) 31-бапта:

1-тармақта:

...

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) адвокат өз міндеттерін орындау кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары мен нормаларын, адвокаттар алқасының жарғысында бекітілген адвокатураны ұйымдастыру және оның қызметінің принциптерін, адвокаттардың кәсіби әдеби ережелерін өрескел не бірнеше рет бұзған.»;

15) 32-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Азаматтарға білкті заң көмсінің қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін адвокаттар алқасының төралқасы заң кон-

сультацияларын, оның ішінде мамандандырылған заң консультацияларын құрады »;

16) 4-тарау алып тасталсын.

2-бап. Осы Заң 2010 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Президенті

Н. Назарбаев

Астана, Ақорда, 2009 жылғы желтоқсанның 11-і. № 230-IV

ҚРЗ

**«Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу
құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесін
бекіту туралы»**

**Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2001 ж. 25 қыркүйектегі № 1235 Қаулысы**

«Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі және «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары**

**Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 1235 Қаулысымен бекітілген**

**Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу
құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1. Осы Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдардың аттестациядан өту ережесі (бұдан әрі - Ереже) «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі және «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңдарына сәйкес әзірленген және адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысуға үміткер адамдардың аттестациядан өту тәртібі мен шарттарын белгілейді.

2. Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамдар Әділет министрлігі құратын және Қазақстан

Республикасы әділет органдарының, Қазақстан Республикасы Адвокаттар одағының, Республикалық нотариаттық палатаның өкілдерінен Қазақстан Республикасы Парламенті екі палатасының депутаттарынан және заңгер-ғалымдардан құрылатын Әділет аттестациялық комиссиясында (бұдан әрі - Комиссия) аттестациядан өтеді.

Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасында емтихан тапсырған адамдар, тұрақты судьялар және теріс қылықтар жасағаны және өз міндеттерін орындау кезінде заңдылықты бұзғаны үшін судья қызметінен босатылған судьялардан басқа тұрақты судьялар болып жұмыс істеген адамдар, сондай-ақ мемлекеттік нотариалдық кеңселерде жұмыс істейтін нотариустар (мемлекеттік нотариустар) аттестациядан өтпейді.

Сондай-ақ теріс себептер бойынша жұмыстан шығарылғандарды қоспағанда, прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кезінде он жыл жұмыс істеген, адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алуға ниет білдірген прокурорлар, тергеушілер және анықтаушылар аттестациялауға жатпайды.

Әділет аттестациялық комиссиясының құрамы мен оның жұмыс регламентін Қазақстан Республикасының Әділет министрі бекітеді.

3. Аттестация екі кезеңнен тұрады:

- 1) заннаманы білуіне компьютерлік тест тапсыру;
- 2) үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексеру.

2. Аттестациядан өту үшін құжаттарды қабылдау

4. Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адам өзін аттестацияға жіберу туралы өтінішті Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитетінің кеңсесі арқылы Комиссияға жолдайды.

Өтінішке мына құжаттар қоса берілуі тиіс:

- 1) фотосуреті бар жеке іс парағы;
- 2) **ҚР Үкіметінің 07.05.04 ж. № 518 Қаулысымен алынған тасталды;**
- 3) жоғары заң білімі туралы дипломның нотариальды куәландырылған көшірмесі;
- 4) **ҚР Үкіметінің 07.05.04 ж. № 518 Қаулысымен алынған тасталды;**

5) ҚР Үкіметінің 2006.02.06. № 495 Қаулысымен алынып тасталды;

6) Қазақстан Республикасының азаматы жеке куәлігінің немесе төлқұжатының көшірмесі.

7) үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген наркологиялық және психиатриялық диспансерлерден медициналық анықтамалар;

8) бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып, үміткердің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығы жоқ екендігі туралы анықтама

1) тармақшада көрсетілген адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткер адамның ұсынған құжаты Комиссия бекіткен құжаттарды тиісінше ресімдеу туралы талаптарға сәйкес болуы тиіс.

Үміткер Комиссия отырысына келген кезде оның жеке басын куәландыратын құжат (паспорт не жеке куәлік) өзінде болуы тиіс.

5. Комиссияға келіп түскен материалдар олар келіп түскен күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірілмей қаралады.

Осы Ереженің 4-тармағында көзделген құжаттар берілмеген не тиісті ресімделмеген жағдайда, үміткердің өтініші қаралмайды және келіп түскен күннен бастап 5 күннен кешіктірілмей өтініш берушіге қайтарылады.

3. Аттестацияны өткізудің тәртібі мен шарттары

6. Аттестацияға «Адвокаттық қызмет туралы» не «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының талаптарына (нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер үшін тағлымдамадан өту туралы талаптардан басқа) сай келетін Қазақстан Республикасының азаматтары жіберіледі.

Үміткердің заңнамалық кесімдермен қойылатын талаптарға сәйкестігін немесе сәйкессіздігін тексеру мақсатында Комиссия төрағасының тапсырмасы бойынша Комиссия мүшелерінің бірі аттестациялық іс материалдарын зерделейді, Қорытынды жасайды және Комиссияға ұсынады.

7. Аттестациялық іс материалдарын қарау қорытындылары бойынша Комиссия аттестацияға жіберу туралы не жіберуден бас тарту туралы уәжді шешім шығарады.

8. Егер үміткер заңнамалық кесімдермен белгіленген талаптарға сәйкес келмесе, аттестациялауға жіберуден бас тартуы мүмкін.

Аттестациялауға жіберуден бас тартылған жағдайда Комиссия азаматқа шешім шығарылған күннен бастап 15 күннен кешіктірмей заңнама нормаларына сілтеме жасай отырып, уәжді шешімді беруге міндетті.

Аттестациялауға жіберуден бас тарту заңнамамен белгіленген тәртіппен сотқа шағымдалуы мүмкін

9. Аттестациялауға жіберілген үміткер аттестациялау өтетін орын, күні және уақыты туралы, оны өткізгенге дейін 10 күнтізбелік күннен кешіктірілмей, аумақтық әділет органдары арқылы хабардар етіледі.

10. Комиссия аттестациялауды қажеттілігіне қарай, бірақ тоқсанына кеміне бір рет жүргізеді.

Комиссия аттестациядан өткізу жөніндегі көшпелі отырыстар ұйымдастыруға құқылы.

11. Аттестацияға жіберілген үміткер колданыстағы заңнаманы білуіне тестілеуден өтеді.

Комиссия тестілеуді өткізудің адалдығын, шарттарының, уақытының, қорытындыларын есептеудің және мазмұнының стандарттылығын қамтамасыз етеді

12. Тестілеу барысында өзінің мазмұны және көлемі бойынша әр түрлі Қазақстан Республикасының колданыстағы заңнамасын білу тестілері адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер үшін бөлек колданылады.

Комиссия тестілеуге кіретін сұрақтардың тізбесін құрастырады және бекітеді. Үміткерлердің білімін бағалауға арналған сұрақтар тиісті кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық салалары мен пәндерінің тақырыптарына сәйкес келуі тиіс. Тест жауаптарының біреуі дұрыс болатын кемінде үш нұсқадан тұруы тиіс

Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлерді тестілеу бөлек жүргізіледі.

13. Үміткер өз қалауы бойынша тестілеуден мемлекеттік тілде немесе орыс тілінде өтуге құқылы.

Бұл ретте үміткер өз қалауын жазбаша растауы тиіс.

14. Үміткерлер аттестацияны өткізу тәртібімен, үміткерлерді іріктеу рәсімінің ұзақтығымен және мазмұнымен алдын ала таныстырылуы тиіс.

15. Тестілеу компьютер техникасы пайдалана отырып өткізіледі.

16. Тестіленудің алдында үміткер тестілеуден өту жөнінде егжей-тегжейлі нұсқау алады.

Тестілеуден өту кезінде үміткердің анықтамалық, арнайы және өзге де әдебиетті, сондай-ақ қандай да бір жазбаларды пайдалануына жол берілмейді.

Үміткер көрсетілген талаптарды бұзған жағдайда ол тестілеуден аластатылады.

17. Тестілеудің дұрыс жауаптарын есептеу пайдаланылатын компьютерлік бағдарламаның көмегімен өздiгiнен жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері принтерде екі данада басылады және үміткерге жеке қол қойдыру жолымен танысу үшін ұсынылады.

Тестілеу нәтижелері бар қағаздың бір данасы үміткерге тапсырылады, екіншісі Комиссияға беріледі.

18. Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 және одан жоғары пайызын құраса, үміткер тестілеуден өтті деп саналады және екінші кезеңге жіберіледі.

Егер дұрыс жауаптардың саны ұсынылған сұрақтардың жалпы санының 70 пайызынан аз болса, үміткер тестілеуден өтпеді деп саналады.

19. ҚР Үкіметінің 21.03.02 ж. № 347 Қаулысымен алып тасталынды.

19-1. Үміткердің білімін емтихан билеттері бойынша тексерген кезде өзінің мазмұны бойынша әр түрлі билеттер, адвокаттық және нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер үшін жеке-жеке пайдаланылады.

Комиссия билеттерді құрастырады және бекітеді. Үміткерлердің білімін бағалауға арналған сұрақтар тиісті кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін білуді қажет ететін құқық салалары мен пәндерінің тақырыбына сәйкес келуге тиіс. Билеттерде үш сұрақтан болуға тиіс.

Адвокаттық не нотариаттық қызметпен айналысу құқығына үміткерлер үшін емтихан билеттері бойынша білімін тексеру бөлек жүргізіледі.

19-2. Аттестациялау билеттері Әділет министрлігінің мөрімен бекітілетін конверттерге салынады.

Аттестациялау билеттері салынған конверттерді Әділет аттестациялау комиссиясының төрағасы аттестацияда аттестацияланушылардың және Әділет аттестациялау комиссиясы мүшелерінің қатысуымен ашуға тиіс.

19-3. Емтихан билеттерінің сұрақтарына жауап беру үшін аттестацияланушының дайындалуына 10 минуттан аспайтын уақыт беріледі.

Аттестацияланушы ауызша айтқан баяндаған және түсініктеме берген сұрақтарға аттестацияланушының берген жауаптарының дұрыстығын Комиссия мүшелері бес баллдық жүйе бойынша бағалайды. Комиссияның әрбір мүшесі аттестацияланушының (басқалардан тәуелсіз) жауаптарын бағалайды.

Екінші кезеңнің қорытындылары бойынша төрағалық етуші Комиссия мүшелері ұсынған нәтижелерді есептейді, содан кейін жинақталады және Комиссияның барлық қатысушы мүшелерінің санына бөлінеді.

Комиссия мүшелерінің бағалары, сондай-ақ аттестацияланушының билет сұрақтары бойынша жинаған орташа баллдары Комиссияның хаттамасында көрсетіледі.

19-4. Егер жалпы орташа баллы кемінде төрт баллды құраған үміткер аттестациядан өтті деп саналады.

Сұрақтар бойынша төрт баллдан аз жинаған үміткер аттестациядан өтпеді деп саналады.

20. Тестілеу және/немесе емтихан сұрақтарына жауабының нәтижелері бойынша Комиссия осы Ережеге 1, 2-қосымшаларда белгіленген нысандар бойынша аттестациялау туралы не аттестацияламау туралы уәжді шешімді аттестация өткен күннен кейінгі күннен кешіктірмей шығарады.

21. Комиссияның шешімі екі данада жасалады, олардың біреуі аттестациялық істе қалады, екіншісі - шешім шығарылған күні үміткердің талабы бойынша беріледі.

Комиссияның отырысында міндетті түрде хаттама жүргізіледі, онда отырыстың күні, уақыты мен өткізілетін жері, аттестацияланушының тегі, аты, әкесінің аты, тестілеу нәтижесі, емтихан билетінің нөмірі мен мазмұны, аттестацияланушының жауаптары, билет сұрақтары бойынша Комиссия мүшелерінің қойған бағалары және орташа баллдары, сондай-ақ Комиссияның шешімі көрсетіледі.

Комиссияның хаттамасына аттестацияға қатысқан барлық мүшелері қол қояды.

Комиссияның шешімі заңнамамен белгіленген тәртіппен шағымдалуы мүмкін

22. Комиссияда аттестациядан өтпеген адам үш айдан ерте емес аттестацияға жіберу туралы өтінішпен Комиссияға қайта жүгінуге құқылы.

23. Дәлелді себептер бойынша аттестацияға келмеген үміткер,

осы Ереженің 9-тармағында көзделген тәртіппен, Комиссияның келесі отырысына шақырылады.

Үміткер қайтадан келмей қалған жағдайда,оның өтініші қараусыз қалдырылады және оның ұсынған құжаттарымен бірге қайтарылады.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2001 жылғы 25 қыркүйектегі
№ 1235 Қаулысына
1-қосымша

Адвокаттық не нотариаттық қызметпен
айналысу құқығына үміткер адамдардың
аттестациядан өту ережесіне
1-қосымша

**Әділет аттестаттау комиссиясының адвокаттық (нотариаттық)
қызметпен айналысу құқығына үміткерді аттестаттау туралы
шешімі**

200 жылғы « ____ » _____ қаласы

Адвокаттық (нотариаттық) қызметпен айналысу құқығына
аттестаттау нәтижелері бойынша әділет аттестаттау комиссиясының

құрамында:

Төраға

Хатшы

Мүшелері

шешім шығарды

1. _____ аттестатталсын

(Т.А.Ә)

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

Адвокаттық не нотариаттық қызметпен
айналысу құқығына үміткер адамдардың
аттестациядан өту ережесіне
2-қосымша

**Әділет аттестаттау комиссиясының адвокаттық (нотариаттық)
қызметпен айналысу құқығына үміткердің аттестациядан өтпегені
туралы шешімі**

200 жылғы « ____ » _____ қаласы

Адвокаттық (нотариаттық) қызметпен айналысу құқығына аттестат-
тау нәтижелері бойынша әділет аттестаттау комиссиясының құрамында:

Төраға

Хатшы

Мүшелері

шешім шығарды

1. _____ аттестациядан өтпеді деп саналсын

(Т. А. Ә.)

2. _____ әділет аттестаттау комиссиясына

(Т. А. Ә.)

адвокаттық (нотариаттық) қызметпен айналысу құқығына аттестат-
таудан өту үшін қайта жүтуге құқылы.

Комиссия төрағасы

Комиссия хатшысы

**«Адвокаттық және нотариаттық қызмет түрлерін
лицензиялау ережесін және оларға қойылатын
біліктілік талаптарын бекіту туралы»
Қазақстан Республикасы Үкіметінің
2007 жылғы 2 маусымдағы № 454 Қаулысы**

Қазақстан Республикасының «Нотариат туралы» 1997
жылғы 14 шілдедегі, «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы
5 желтоқсандағы және «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы
11 қаңтардағы заңдарын іске асыру мақсатында Қазақстан
Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Адвокаттық қызметті лицензиялау ережесі,

2) адвокаттық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын
біліктілік талаптары,

3) Нотариаттық қызметті лицензиялау ережесі,

4) нотариаттық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын
біліктілік талаптары бекітілсін.

2. Мыналардың:

1) «Адвокаттық қызмет пен нотариустардың қызметін лицензиялау ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 27 ақпандағы № 254 Қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2002 ж., № 6, 60-құжат);

2) «Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің мәселелері» туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 28 қазандағы № 1120 Қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 41, 532-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 4-тармағының;

3) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 25 қыркүйектегі № 1235 және 2002 жылғы 27 ақпандағы № 254 қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 мамырдағы № 518 Қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2004 ж., № 21, 269-құжат) 1-тармағының 2) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы ресми жариялануға тиіс және 2007 жылғы 9 тамыздан бастап қолданысқа енгізіледі.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 2 маусымдағы
№ 454 Қаулысымен
бекітілген

Адвокаттық қызметті лицензиялау ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Адвокаттық қызметті лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы, «Лицензиялау туралы» 2007 жылғы

11 қаңтардағы заңдарына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленді және адвокаттық қызметті лицензиялау тәртібін белгілейді.

2. Адвокаттық қызметті лицензиялауды Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті (бұдан әрі - лицензиар) жүзеге асырады.

3. Тиісті лицензиясыз адвокаттық қызметпен айналысу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

2. Лицензияны беру, қайта ресімлеу және оны беруден бас тарту тәртібі

4. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия (бұдан әрі - лицензия) адвокаттық қызметпен айналысуға ниет білдірген (бұдан әрі - өтініш беруші), белгіленген біліктілік талаптарына жауап беретін адамға беріледі.

5. Лицензия алу үшін мынадай құжаттар қажет:

- 1) белгіленген нысандағы өтініш;
- 2) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 3) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алымның төленгенін растайтын құжат;
- 4) өтініш берушінің салық органында есепке тұрғаны туралы куәліктің нотариалды куәландырылған көшірмесі;
- 5) адвокатта тағылымдамадан өткендігі туралы шарттың көшірмесі;

б) адвокат тағылымдамашысының жетекшісін тағайындау туралы адвокаттар алқасы төралкасының Қаулысынан көшірме немесе үзінді көшірме,

7) тағылымдамадан ойдағыдай өткені туралы тағылымдама жетекшісі қол қойған және адвокаттар алқасының төралкасы бекіткен қорытынды;

8) адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін аттестаттаудан өткені туралы әділет аттестаттау комиссиясының (бұдан әрі - ӘАК) шешімі не өтініш берушінің ӘАК-да аттестаттаудан өтуден босатылғанын растайтын құжат;

9) наркологиялық және психиатриялық диспансерлер лицензиарға тапсырғанға дейін кемінде бір ай бұрын өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша берген медициналық анықтамалар;

10) бүкіл республика бойынша мәліметтерді көрсете отырып лицензиарға тапсырғанға дейін кемінде бір ай бұрын, өтініш берушінің тұрғылықты жері бойынша берілген соттылығының жоқтығы туралы анықтама,

11) прокуратура, тергеу немесе анықтау органдарында жұмыс істеген прокурордың, тергеушінің не анықтаушының жұмыс стажын растайтын және атқарған қызметінен босатылу себебін қамтитын еңбек кітапшасының немесе өзге де құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

6 Осы Ереженің 5-тармағының 5), 6), 7), 8), 9) және 10) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды беруден тұрақты жұмыс істейтін судьялар босатылады

7. Осы Ереженің 5-тармағының 5), 6), 7) және 8) тармақшаларында көрсетілген құжаттарды беруден:

1) Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік алқасына біліктілік емтихандарын тапсырған;

2) өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін сот лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істеген адамдар босатылады.

8 Өтініш берушіні ӘАК-да аттестаттаудан өтуден босатуды растайтын құжаттар мыналар болып табылады:

1) Қазақстан Республикасының Әділет біліктілік алқасы берген өтініш берушінің Әділет біліктілік алқасына судья лауазымына біліктілік емтиханын тапсырғанын растайтын анықтама;

2) құзыретті лауазымды адам оны лицензиарға тапсыруға дейін кемінде бір ай бұрын берген өтініш берушінің сот лауазымындағы жұмысын растайтын анықтама;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің тұрақты судья лауазымынан босату туралы Жарлығының немесе Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты Қаулысының көшірмесі;

4) прокуратура, тергеу немесе анықтау органдарында жұмыс істеген прокурордың, тергеушінің не анықтаушының жұмыс стажын растайтын және атқарған қызметінен босатылу себебін қамтитын еңбек кітапшасының немесе өзге де құжаттың нотариалды куәландырылған көшірмесі.

9. Лицензиялар алу үшін қажетті құжаттарды өтініш беруші жеке өзі немесе оның уәкілетті өкілі сенімхат бойынша не тапсырыс хатпен береді

Лицензиарға лицензия беру үшін ұсынылған құжаттар тізімдеме бойынша қабылданады, оның көшірмесі құжаттардың қабылданған күні туралы белгі қойылып өтініш берушіге жіберіледі (тапсырылады).

10. Лицензиар лицензия берген кезде өтініш берушінің біліктілік талаптарға сәйкестігін тексереді.

Ұсынылған құжаттарда қамтылған мәліметтердің толықтығына және анықтығына өтініш иесі Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен жауапты болады.

11. Лицензияны лицензиар осы Ережеде белгіленген тиісті құжаттармен қоса лицензия беру туралы өтініш берілген күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірмей береді.

Лицензиар осы тармақта белгіленген мерзім ішінде лицензия беруге не лицензия беруден бас тарту себептері туралы жазбаша түрде дәлелді жауап беруге міндетті.

12. Лицензиардың лицензиялар беру туралы шешімі Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті төрағасының бұйрығымен ресімделеді.

13. Лицензия қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензиаттың лицензия алуға уәкілетті өкіліне берілуі мүмкін.

14. Лицензия жоғалған, бүлінген кезде лицензиаттың оның телнұсқасын алуға құқығы бар.

Лицензиар бұрын алған лицензия жоғалған не бүлінген жағдайда телнұсқа беру туралы өтініш берілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып және жоғарғы оң жақ бұрышында»"Телнұсқа" деген жазуы бар лицензияның телнұсқасын береді.

Бұл ретте лицензиат лицензияның телнұсқасын берген кезде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін бюджетке лицензиялық алым төлейді.

Лицензиат лицензиарға жазбаша өтініш (лицензияның жоғалған, бүлінген фактісін растайтын құжаттармен қоса) берген күннен бастап лицензияның жоғалған, бүлінген бланкілері жарамсыз деп саналады.

Лицензиялардың телнұсқаларын беру және лицензиат жоғалтқан, бүлдірген лицензиялардың бланкілерін жарамсыз деп тану туралы шешім лицензиардың бұйрығымен ресімделеді.

15. Лицензиаттың тегі, аты, әкесінің аты ауыстырылған жағдайда ол отыз күнтізбелік күн ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын

тиісті құжаттарды қоса, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензиар лицензиат тиісті жазбаша өтініш берген күннен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті бұйрықтың негізінде лицензияны қайта ресімдейді.

16. Өтініш берушіге, егер:

1) Қазақстан Республикасының заңдарында субъектілердің осы санаты үшін қызмет түрімен айналысуға тыйым салынса;

2) осы Ережеге сәйкес талап етілетін барлық құжаттар табыс етілмесе лицензия беруден бас тартылуы мүмкін. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негіздерде қаралады;

3) жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым енгізілмесе;

4) өтініш беруші біліктілік талаптарына сәйкес келмесе;

5) өтініш берушіге қатысты оған жекелеген қызмет түрімен айналысуға тыйым салатын заңды күшіне енген сот үкімі болғанда лицензия беруден бас тартылуы мүмкін.

17 Лицензияны Заңда белгіленген мерзімде беруден бас тартқан немесе, егер лицензия беруден бас тарту өтініш берушіге негізсіз берілген жағдайларда ол бұл әрекеттерге Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағымдануға құқылы.

3. Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, тоқтату, одан айыру

18 Лицензияның қолданылуын тоқтата тұру, одан айыру Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнамасында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады

19. Лицензияның қолданылуы мынадай жағдайларда:

1) лицензия алып қойылғанда;

2) жеке тұлғаның қызметі тоқтатылғанда;

3) лицензия ерікті түрде қайтарылғанда;

4) лицензияланатындардың тізбесінен адвокаттық қызмет алып тасталса тоқтатылады

Лицензияның қолданылуы тоқтатылған кезде лицензиат он жұмыс күні ішінде лицензияны лицензиарға қайтаруға міндетті.

4. Есепке алу және бақылау

20. Лицензиар лицензиаттың Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасын сақтауын қамтамасыз етуге бағытталған лицензиялық бақылауды жүзеге асырады.

Лицензиар өз құзыреті шеңберінде лицензиаттан тиісті құжаттарды ұсынуын талап етуге және бақылау функцияларын орындау үшін қажетті жазбаша немесе ауызша ақпарат алуға құқылы.

21. Лицензиар берілген, қайта ресімделген, тоқтатыла тұрған, қалпына келтірілген және қолданылуын тоқтатқан лицензиялар туралы мәліметтерді қамтитын Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімін жүргізеді.

Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензиялардың мемлекеттік тізілімінде Заңның 8-бабының 5) тармақпасында көзделген мәліметтер көрсетілуге тиіс

22. Осы Ереженің негізінде берілген лицензиялардың бірыңғай есебін жүргізу үшін лицензиар заңнамада белгіленген тәртіппен лицензиялар бланкілеріне тапсырыс жасайды.

Лицензия бланкілері қатаң есептегі құжаттар болып табылады.

Лицензиялардың бүлінген бланкілерін, сондай-ақ қолданылуы тоқтатылған лицензияларды лицензиар комиссиямен жоюы тиіс.

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2007 жылғы 2 маусымдағы
№ 454 Қаулысымен
Бекітілген

Адвокаттық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын біліктілік талаптары

1. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия алу үшін жеке тұлға мынадай біліктілік талаптарына сәйкес болуы тиіс:

- 1) Қазақстан Республикасының азаматтығы;
- 2) жоғары заң білімінің болуы;
- 3) кемінде бес жыл адвокаттық қызмет стажы бар адвокатта үш айдан бір жылға дейінгі мерзімде адвокаттар алқасы анықтаған тәртіппен және шарттарда тағылымдамадан өтуі;

4) әділет аттестаттау комиссиясында аттестаттаудан өтуі.

2. Адвокаттық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын осы біліктілік талаптарының 1-тармағының 3) және 4) тармақшаларында көзделген біліктілік талаптары:

1) Қазақстан Республикасы Әділет біліктілік алқасында біліктілік емтиханын тапсырған адамдарға;

2) тұрақты судьяларға;

3) өз міндеттерін орындау кезінде атына кір келтіретін теріс қылықтары және заңдылықты бұзғаны үшін сот лауазымынан босатылған судьяларды қоспағанда, тұрақты судья болып жұмыс істейтін адамдарға қолданылмайды.

3. Келенсіз себептер бойынша босатылғандарды қоспағанда, адвокаттық қызметті лицензиялау кезінде қойылатын осы біліктілік талаптарының 1-тармағының 4) тармақшасында көзделген біліктілік талабы прокуратура, тергеу және анықтау органдарында кемінде он жыл жұмыс істеген прокурорларға, тергеушілер мен анықтаушыларға қолданылмайды.

4. Адвокаттық қызметпен айналысу құқығына лицензия:

1) қасақана қылмыс жасағаны үшін соттылығы бар;

2) белгіленген тәртіппен әрекетке қабілетсіз немесе әрекетке қабілеттілігі шектеулі деп танылған;

3) тәртіпсіз қылық жасағаны үшін адвокаттар алқасынан шығарылған, құқық қорғау органдарынан босатылған, шығарылған немесе босатылған күнінен бастап бір жыл бойы,

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен лицензиясының қолданылуы тоқтатылған адамдарға берілмейді.

«Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеудің ережелері туралы»

Қазақстан Республикасы Үкіметінің

1999 жылғы 26 тамыздағы N 1247 Қаулысы

“Адвокаттық қызмет туралы” Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Заңының 5-бабының 3-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 71, 72-баптарына

және Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 13 шілдедегі Азаматтық іс жүргізу кодексінің 114-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді

1. Қоса беріліп отырған Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу ережелері бекітілсін.

2. “Республикалық бюджет қаражатының есебінен адвокаттардың еңбегіне ақы төлеу тәртібі туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 21 қыркүйектегі N 1361 Қаулысының (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 1997 ж., N 43, 393-құжат) 1-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға жатады.

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі**

**Қазақстан Республикасы
Үкіметінің 1999 жылғы
26 тамыздағы N 1247
Қаулысымен бекітілген**

**Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар
көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік
етуе байланысты шығыстарды өтеудің ережелері**

1. Адвокаттардың Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 72-бабына, Қазақстан Республикасы Азаматтық іс жүргізу кодексінің 114 және 304-баптарына, “Әкімшілік құқық бұзушылық туралы” Қазақстан Республикасы Кодексінің 590-бабына және “Адвокаттық қызмет туралы” Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі Заң) 5-бабының 2-тармағына (“Адвокаттық қызмет туралы” Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабында көзделген жағдайлардан басқа) сәйкес ақы төлеуден босатылған адамдарға көрсетілетін заң көмегіне ақы төлеу және осы жағдайларда қорғау мен өкілдік етуіне байланысты шығыстарды өтеу республикалық бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі

Заң көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығыстарды республикалық бюджет қаражатының есебіне жатқызу үшін қылмыстық істі жүргізетін органның, судьяның, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) Қаулысы және өндірісінде осы іс бар соттың (бұдан әрі - тиісті орган) азаматтық істер жөніндегі ұйғарымы негіз болып табылады.

Адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу туралы қаулыны немесе ұйғарымды шығару және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу үшін адвокаттың өтініші негіз болып табылады.

2. Анықтау органының немесе тергеушінің республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу туралы және қорғауға байланысты шығындарды өтеу туралы Қаулысы адвокат тапсырманы орындағаннан кейін, ал тапсырманы орындау бір айдан асып кетсе - ай сайын шығарылады.

3. Республикалық бюджет қаражатының есебінен қылмыстық іс бойынша адвокаттар көрсететін заң көмегіне ақы төлеу туралы және қорғауға байланысты шығындарды өтеу туралы сот Қаулысы үкім қабылдаумен не істі қосымша тергеуге жіберу немесе істі тоқтату туралы процессуалдық шешім қабылдаумен бір мезгілде шығарылады.

Сот талқылауы бір айдан асып кетсе, сот Қаулысы ай сайын шығарылады.

Сот Қаулысы адвокаттың өтініші бойынша үкім жарияланғаннан кейін де шығарылуы мүмкін.

4. Азаматтық іс бойынша адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу туралы және өкілдік етуге байланысты шығындарды өтеу туралы соттың ұйғарымы шешім қабылдаумен бір мезгілде шығарылады.

Соттың, әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді қарауға уәкілеттік берілген органның (лауазымды адамның) адвокат көрсететін заң көмегіне ақы төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы Қаулысы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулы шығарумен бір мезгілде шығарылады.

5. Республикалық бюджет қаражаты есебінен алдын ала тергеуде және анықтауда, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуде адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы

төлеу және қорғау мен өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы қаулыда (бұдан әрі - қаулы) мыналар көрсетіледі:

қаулыны шығарған анықтаушының, тергеушінің, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарауға уәкілетті лауазымды адамның (бұдан әрі - тиісті орган) лауазымы, тегі, аты-жөні;

істің нөмірі, атауы, оның қаралған орны, күні және уақыты;

заң көмегіне ақы төлеуден босатылған адамның тегі, аты, әкесінің аты;

тапсырманы орындаған адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, оның өкілеттігін куәландыратын ордердің нөмірі және берілген күні;

күні мен сағатпен бөлінген уақыты және төлеуге жататын сомасы көрсетіле отырып, адвокат көрсеткен заң көмегінің түрлері;

күні, уақыты және төлеуге жататын сомасы көрсетіле отырып, адвокаттың тергеу немесе іс жүргізу әрекетінің басталуын күтуге жұмсаған сағаттарының саны;

өтеуге жататын шығыстардың түрлері мен сомасы көрсетіле отырып адвокаттың заң көмегін көрсету үшін жол жүруімен байланысты іссапарға жұмсаған күндерінің саны;

төлеуге жататын жалпы сома,

адвокат мүшесі болып табылатын тиісті адвокаттар алқасының толық атауы мен банк деректемелері.

Ақы төлеуге жататын уақыт адвокаттың:

алдын ала тергеу және анықтау барысында іс жүргізу және тергеу әрекеттеріне, сондай-ақ әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысуға;

қамауда ұсталатын сезіктімен, айыпталушымен не әкімшілік ұстауға тартылған адаммен кездесу кезінде заң көмегін көрсетуге;

кылмыстық іс не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс материалдарымен танысуға;

тиісті органның іс-әрекетіне шағым жасауға жұмсаған сағаттарымен есептеледі.

Ақы төлеуге жататын уақыт адвокаттың тиісті органның жазбаша немесе өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жасаған хабарламасында көрсетілген уақытта келген сәтінен бастап, егер адвокат осы уақытта басқа істерге қатыспаса, іс жүргізу

немесе тергеу әрекеті аяқталғанға дейін есептеледі және хаттамада тіркеледі.

Сезікті немесе айыпталушы не әкімшілік жауапкершілікке тартылған адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 72-бабының не Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 589-бабының тәртібімен сағайындалған адвокаттан бас тартқан кезде, адвокаттың іс материалдарымен танысуға, кездесу кезінде заң көмегін көрсетуге, осындай бас тартуды іс жүргізу ресімдеуіне жұмсаған уақыты, сондай-ақ басқа жерге жол жүрген жағдайда іссапар және басқа да шығыстары төленуге жатады.

Адвокат басқа жерге жол жүріп заң көмегін көрсеткен жағдайда, егер адвокат бұл күні басқа істер бойынша іс жүргізуге қатыспаса, тергеу немесе іс жүргізу әрекетінің ұзақтығына карамастан, ақы төлеу толық жұмыс күніне жүргізіледі.

Адвокаттың қамауда ұсталатын сезіктімен немесе айыпталушымен не әкімшілік ұстауға тартылған адаммен кездесу кезінде заң көмегін көрсетуге жұмсаған уақыты тергеу изоляторларының, уақытша ұстау изоляторларының немесе ішкі істер органдарының арнайы қабылдау орындарының анықтамалары бойынша айқындалады.

Алдын ала тергеу немесе анықтау барысында қылмыстық істің не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарымен танысқаны үшін ақы төлеуге жататын уақытты істің күрделілігін ескере отырып, тиісті орган белгілейді. Бұл ретте қылмыстық іс материалдардың бір томын зерделеуге кеткен сағатының ең аз мөлшері - үш сағаттан, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша бір сағаттан кем болмауы тиіс.

Тиісті органның іс-әрекеттеріне шағым жасау үшін қажетті уақытты істің күрделілігін ескере отырып, адвокат белгілейді және ол екі сағаттан кем болмайды.

6. Адвокаттың тергеуде және анықтауда қылмыстық іс бойынша немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысқан бір сағат ішіндегі көрсеткен заң көмегіне, соның ішінде іс материалдарымен танысқаны, іс бойынша шағым жасағаны үшін ақы төлеу мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің 1/21 есебінен белгіленеді.

Адвокаттың қамауда ұсталатын сезіктімен не айыпталушы-

мен не әкімшілік ұстауға тартылған адаммен кездесуге жұмсаған уақыты осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген ақының 75 пайызы мөлшерінде төленеді.

Егер адвокат белгіленген уақытта келсе және басқа істер бойынша іс жүргізуге қатыспаса, адвокаттың тергеу немесе іс жүргізу әрекетінің басталуын күтуге жұмсаған уақыты осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген ақының 50 пайызы мөлшерінде төленеді.

Адвокаттың Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 68-бабында белгіленген мерзім аяқталатын, кейінгі қалдыруға болмайтын жағдайда түнгі уақытта сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алуға қатысқан әрбір сағатына осы тармақтың бірінші абзацында белгіленгеннен бір жарым еседен кем емес мөлшерде ақы төленеді.

Адвокаттың Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 68-бабында белгіленген мерзім аяқталатын демалыс және мереке күндері сезіктіден немесе айыпталушыдан жауап алуға қатысқан әрбір сағатына осы тармақтың бірінші абзацында белгіленгеннен екі еседен кем емес мөлшерде ақы төленеді.

7. Республикалық бюджет қаражаты есебінен адвокат көрсеткен заң көмегіне ақы төлеу туралы және сотта қорғауға және өкілдік етуге байланысты шығыстарды өтеу туралы қаулыда немесе ұйғарымда (бұдан әрі - қаулы немесе ұйғарым) мыналар көрсетіледі:

- тиісті соттың атауы, қаулыны немесе ұйғарымды шығарған судьяның лауазымы, тегі, аты-жөні;
- істің нөмірі, атауы, оның қаралған орны, күні және уақыты;
- заң көмегіне ақы төлеуден босатылған адамның тегі, аты, әкесінің аты;
- тапсырманы орындаған адвокаттың тегі, аты, әкесінің аты, оның өкілеттігін куәландыратын ордердің нөмірі және берілген күні;
- күні мен сағатпен бөлінген уақыты және төлеуге жататын сомасы көрсетіле отырып, адвокат көрсеткен заң көмегінің түрлері;
- күні, уақыты және төлеуге жататын сомасы көрсетіле отырып, адвокаттың сот отырысының басталуын күтуге жұмсаған сағаттарының саны,

- күні, уақыты және төлеуге жататын сомасы көрсетіле отырып, адвокаттың басты сот талқылауы кейінге қалдырылған жағдайда оның жалғасын күтуге жұмсаған сағаттарының саны;
- өтеуге жататын шығыстардың түрлері мен сомасы көрсетіле отырып, адвокаттың заң көмегін көрсету үшін жол жүруімен байланысты іссапарға жұмсаған күндерінің саны;
- төлеуге жататын жалпы сома;
- адвокат мүшесі болып табылатын тиісті адвокаттар алқасының толық атауы мен банк деректемелері

Ақы төлеуге жататын уақыт адвокаттың:

қылмыстық немесе азаматтық істің не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарымен, сот отырыстарының хаттамаларымен танысуға;

қамауда ұсталатын сотталушымен немесе сотталған адаммен не әкімшілік ұстауға тартылған адаммен кеңесу кезінде заң көмегін көрсетуге,

қылмыстық және азаматтық істер бойынша бірінші, апелляциялық және қадағалау сатыларындағы соттарға не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге қатысуға;

қылмыстық не азаматтық іс бойынша апелляциялық немесе қадағалау шағымдарын, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағымдар, сот отырыстарының хаттамаларына ескертулер жасауға жұмсаған сағаттарымен есептеледі.

Егер адвокат қылмыстық іс бойынша алдын ала тергеуге немесе анықтауға қатыспаса сотқа дейінгі дайындық барысында осы істің материалдарымен не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің немесе азаматтық істің материалдарымен, сондай-ақ сот отырысының хаттамасымен танысканы үшін ақы төлеуге жататын уақытты істің күрделілігін ескере отырып, судья белгілейді. Бұл ретте қылмыстық іс материалдарының бір томын зерделеуге кеткен уақыттың ең аз мөлшері үш сағаттан, азаматтық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс - бір сағаттан, сот отырысының хаттамасымен танысу және оған ескертулер жасау екі сағаттан кем болмайды.

Адвокаттың қамауда ұсталатын сотталушымен не сотталған адаммен не әкімшілік ұстауға тартылған адаммен кездесу кезінде заң көмегін көрсетуге жұмсаған уақыты тергеу изоляторларының, уақытша ұстау изоляторларының немесе ішкі істер органдарының арнайы қабылдау орындарының анықтамалары бойынша белгіленеді.

Сотқа қатысканы үшін ақы төлеуге жататын уақыт соттың жазбаша немесе өзге де байланыс құралдарын пайдалана отырып жасаған хабарламасында көрсетілген уақытта адвокаттың келген сәтінен бастап, егер адвокат осы уақытта басқа істерге қатыспаса, төрағалық етуші сот отырысының жабылуы туралы хабарлағанға дейін есептеледі және сот отырысы хаттамасында тіркеледі.

Сотталушы немесе әкімшілік жауапкершілікке тартылған адам Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің 72-бабының не Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 589-бабының тәртібімен тағайындалған адвокаттан бас тартқан кезде, адвокаттың іс материалдарымен танысуға, кездесу кезінде заң көмегін көрсетуге, осындай бас тартуды іс жүргізу рәсімдеуіне жұмсаған уақыты, сондай-ақ басқа жерге жол жүрген жағдайда іссапар және басқа да шығыстары төленуге жатады.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексі 321-бабының 1-бөлігінде белгіленген тәртіппен іс бойынша басты сот талқылауын басқа уақытқа не басқа күнге кейінге қалдырған жағдайда, егер адвокат бұл уақытта басқа істер бойынша іс жүргізуге қатыспаса, адвокаттың басты сот талқылауының жалғасын күтуге жұмсаған барлық, бірақ бір күннен аспайтын жұмыс уақыты төленуге жатады.

Адвокат басқа жерге жол жүріп заң көмегін көрсеткен жағдайда, егер бұл күні басқа істер бойынша іс жүргізуге қатыспаса іс бойынша сот талқылауының ұзақтығына қарамастан, ақы төлеу толық жұмыс күніне жүргізіледі.

Қылмыстық немесе азаматтық іс бойынша апелляциялық немесе қадағалау шағымын не әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша қаулыға шағым жасағаны үшін ақы төлеуге жататын уақытты істің күрделілігін ескере отырып адвокат белгілейді және ол уақыт екі сағаттан кем болмайды.

Қылмыстық істің күрделілігін айқындаған кезде қылмыстық істің соттылығы, яғни қылмыстық істердің облыстық және оларға теңестірілген соттардың (республика астанасының қалалық соты, республикалық маңызы бар қалалардың қалалық соттары, мамандандырылған соттар Қазақстан Республикасы әскерлерінің Әскери соты) бірінші сатысы бойынша қаралуы, іс материалдарының көлемі және таңылған қылмыстардың ауырлығы, айыпталушылардың саны есепке алынады.

7-1. Адвокаттың сотта іс бойынша іс жүргізуге қатысқан бір сағат ішіндегі көрсеткен заң көмегіне, соның ішінде, егер ол осы іс бойынша алдын ала тергеуге не анықтауға қатыспаса, сотқа дейінгі дайындық барысында қылмыстық іс немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс не азаматтық іс материалдарымен, сот отырысының хаттамасымен танысқаны, қылмыстық не азаматтық іс бойынша апелляциялық немесе қадағалау шағымын немесе әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шағым, сондай-ақ сот отырысының хаттамасына ескертулер жасағаны үшін ақы төлеу мөлшері Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жалақының ең төменгі мөлшерінің 1/21 есебінен белгіленеді.

Адвокаттың қамауда ұсталатын сотталушымен не сотталған адаммен не әкімшілік ұстауға тартылған адаммен кездесуге жұмсаған уақыты осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген ақының 75 пайызы мөлшерінде төленеді.

Егер адвокат белгіленген уақытта келсе және басқа істер бойынша іс жүргізуге қатыспаса, оның іс бойынша сот талқылауының басталуын күтуге жұмсаған уақытына, сондай-ақ егер адвокат осы уақытта басқа адамдарға заң көмегін көрсетпесе, басты сот талқылауын кейінге қалдыру уақытына осы тармақтың бірінші абзацында белгіленген ақының 50 пайызы мөлшерінде ақы төленеді.

8 Соттың не тиісті органның Қаулысына және ұйғарымына сәйкес адвокаттың басқа жерге жол жүруіне байланысты іссапар шығыстары Қазақстан Республикасы мемлекеттік бюджетінің қаражаты есебінен ұсталатын мемлекеттік мекемелердің қызметкерлері үшін көзделген нормалар бойынша және тәртіппен төленуге жатады.

9. Қаулының немесе ұйғарымның бір данасы қылмыстық немесе азаматтық істің не әкімшілік құқық бұзушылық туралы істің материалдарына тіркеледі, екінші данасы адвокаттар алқасына ұсыну үшін іс бойынша қатысқан адвокатқа беріледі.

Адвокаттардың қаулының немесе ұйғарымның екінші данасын ұсынуы бойынша адвокаттар алқасы республикалық бюджеттің қаражаты есебінен қаржыландыруға жататын сағаттар саны мен қаражат сомасы туралы өтінім (бұдан әрі - өтінім) жасайды және оны тиісті республикалық бюджеттік бағдарлама әкімшісінің аумақтық органына (бұдан әрі - аумақтық орган) - есепті айдан кейінгі айдың 2-күніне дейінгі мерзімде, ал желтоқсан үшін есепті

айдың 15-күнінен кешіктірмей жібереді. Өтінімге міндетті түрде: адвокаттардың алдын ала тергеуге, анықтауға, әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша іс жүргізуге, сотқа қатысқан күні мен уақытын есепке алу тізілімі және қаулылар мен ұйғарымдардың көшірмелері қоса беріледі.

10. Өтінімдер түскеннен кейін аумақтық орган адвокаттарға төленуге жататын қаражаттың сомасы туралы ақпаратты тиісті республикалық бюджеттік бағдарламаның әкімшісіне - есепіден кейінгі айдың 10-күнінен кешіктірмей, ал желтоқсан үшін есепті айдың 20-күнінен кешіктірмей жібереді.

Аумақтық органға ағымдағы жылдың 15 желтоқсаннан кейін келіп түскен қаулылар немесе ұйғарымдар келесі жылдың қаржыландыруы есебінен төлеуге жатады.

11. ҚР Үкіметінің 2005.30.09 № 978 Қаулысымен алып тасталынды.

12. ҚР Үкіметінің 2005.30.09 № 978 Қаулысымен алып тасталынды.

«Сот үкімі туралы»

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2002 ж. 15 тамыздағы № 19 нормативтік Қаулысы

Сот үкімі қылмыстық іс жөніндегі бүкіл өндірістің қорытындысы шығарылатын құқықты қолданудың аса маңызды кесімі болып табылады. Конституциялық қағидаларға сәйкес үкім Қазақстан Республикасының атынан шығарылады әрі заңды және негізді болуға тиіс.

Үкімдерді дайындау практикасын зерделеу олардың көбінің заң талаптарына сәйкес қабылданатынын көрсетті. Сонымен қатар, кейбір соттар үкімдерді дайындаған кезде олардың нысаны мен мазмұны жөнінде қойылатын заң талаптарын әрдайым сақтай бермейді. Мұның өзі үкімдердің өзгертілуіне және бұзылуына әкеп соғуда.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты сот практикасын жинақтаудың нәтижелерін талқылай келе, орын алған кемшіліктерді жою және үкімдердің сапасын жақсарту мақсатында қаулы етеді:

1 Заң бойынша үкім Қазақстан Республикасы Конституциясының (бұдан әрі Конституция) 77-бабының 3-тармағында және Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі ҚЖК) 2-тарауында көрсетілген

әділ сот принциптерін сақтай отырып, сотталушыға қатысты оның кінәлілігі немесе кінәлі еместігі, қылмыстық жазаны оған қолдану немесе қолданбау туралы бірінші сатыдағы соттың сот мәжілісінде Қазақстан Республикасының атынан шығарған қылмыстық іс бойынша шешімі болып табылады.

Үкімді бұлжытпай орындау ешқандай ерекшеліксіз барлық мемлекеттік органдарға, жергілікті өзін өзі басқару органдарына, заңды тұлғаларға, лауазымды адамдар мен азаматтарға міндетті болып табылады.

Үкімнің мемлекет атынан шығарылуы, оның маңыздылығы судьялардан оның заңдылығы мен негізділігі үшін ерекше жауапкершілік сезінуді талап етеді.

2. Үкім, егер ол оның сотқа қарастылығы ережелері сақталып, тараптарға дәлелдемелерді тең негізде зерттеуге мүмкіндік беру қамтамасыз етіле отырып, тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы принциптерінің негізінде сот талқылауын жүргізу туралы қылмыстық іс жүргізу заңының талаптарына сәйкес, құқық нормалары дұрыс қолданыла отырып соттың заңды құрамымен шығарылса заңды болып табылатынын соттардың ескергені жөн.

Заң талаптары сақтала отырып жиналған және тікелей сот отырысында толық, жан-жақты және объективті тексеріліп, талданған, тиісті баға берілген дәлелдемелерге негізделген, тұжырымдары дәлелденген үкім негізді болып табылады.

3. Сот қабылдаған шешімдердің мазмұнын неғұрлым толық ашуға әсер ететін үкімнің процессуалдық нысанын сақтау маңыздылығына соттардың назары аударылсын: Ол нысаны мен мазмұны бойынша ҚІЖК-нің 377-383-баптарына сәйкес келуі тиіс. Үкім сот отырысы жүргізілген тілде, анық, түсінікті сөзбен жазылуға тиіс әрі кіріспеден, сипаттау-дәлелдеу және қорытынды бөліктерден тұруы қажет. Үкім дәйекті баяндалады, оның әрбір жаңа қағидасы бастапқы қағидадан туындап, онымен үйлесімді болуға тиіс. Қаралып жатқан іске қатысы жоқ оқиғаларды сипаттауға, анық емес тұжырымдарды, ресми құжаттарда қолданылмайтын қысқартулар мен сөздерді пайдалануға болмайды. Айыпталушылардың, жәбірленушілердің, куәлардың жауаптары үшінші жақта келтіріледі. Үкім мәтініндегі қателерді өңдеуге болмайды. ҚІЖК-нің 377-бабының 5-бөлігіне сәйкес, үкімге түзетулерді кеңесу бөлмесінде енгізуге болады, судьялар оған келісіп, қол қоюға тиіс. Үкім жарияланғаннан кейін оған қандай

да болмасын түзетулер енгізуге жол берілмейді. Үкімдегі барлық мәселелер оны орындаған кезде қиындық тудырмайтындай болып шешілуге және жазылуға тиіс.

4. Бір сот талқылауында іс бойынша сотталғандардың санына карамастан бір үкім шығарылатыны соттарға түсіндірілсін. Егер айыпталушыға бірнеше қылмыс жасаған деп айып тағылса, сот негіз болған жағдайда оған қатысты бір үкім шығаруға құқылы. Осы үкіммен айыптаудың кейбір эпизодтары бойынша ақтауы, басқа эпизодтары бойынша соттауы мүмкін.

Бірнеше адамға қатысты істі караған кезде сот анықталған мән-жайларға сәйкес бір үкімде біреулерін ақтау, енді біреулерін айыпты деп тану туралы шешім шығара алады.

5. Егер сот қылмыстың орын алғанын, оны сотталушының жасағандығын, оның қылмыс жасаудағы кінәсін, кінәсі заң талаптарын сақтай отырып жиналған дәлелдемелермен расталғандығын даусыз анықтаса, сонымен қатар іс өндірісін қысқарту және істі қосымша тергеуге жолдауға негіздер болмаған жағдайда ғана айыптау үкімін шығарады. Егер сот кінәсіздік презумпциясын басшылыққа ала отырып, дәлелдерді тікелей зерттеп, барлық сейілмеген күдіктерді тиісті құқықтық процедура шеңберінде сотталушының пайдасына түсіндіре отырып, ҚДЖК-нің 371-бабында көрсетілген барлық сұрақтарға жауап берген жағдайда ғана адамның қылмыс жасаудағы кінәсі дәлелденген деп танылады.

6. Сотталушының өтеуге тиіс қылмыстық жағасын тағайындау жөніндегі айыптау үкімі қылмыстың жасалуына кінәлі адамға қатысты, егер ол жасалған қылмыс үшін жазалануға жатса және жазаны тағайындау мен өтеуге кедергі болмаған жағдайда шығарылады.

7. Егер сот отырысында заңда көрсетілген жағдайлар, атап айтқанда:

егер үкімді шығарған кезде жасаған қылмысы үшін сотталушыға тағайындалған жазаны қолдануды жоятын рақымшылық жасау кесімі шығарылса;

- Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің (әрі қарай ҚК) 62-бабында белгіленген алдын ала қамауға алуды есепке алу ережелерін ескере отырып, іс бойынша сотталушының қамауда болған уақыты сот тағайындаған жазаны қамтыса;

- егер онша ауыр емес және орташа ауырлықтағы қылмыс

жасаған адамның жазаны өтеуі төтенше жағдайларға байланысты оның отбасы мүшелері үшін немесе оның өзіне аса ауыр салдарға әкелі соқтыруы мүмкін жағдайлар (ҚК-нің 74-бабының 1-бөлігі) анықталса, ҚДЖК-нің 375-бабының 6-бөлігіне сәйкес айыптау үкімдері қылмыстық жаза тағайындап және оны өтеуден босата отырып шығарылады.

Қылмыс жасағаннан кейін, бірақ ҚК-нің 73-бабының 1-бөлігіне сәйкес айыптау қорытындысымен бірге келіп түскен іс бойынша үкім шығарылғанға дейін, өзінің іс-әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипатын және қоғамдық қауіптілігін ұғыну мүмкіндігінен айыратындай психикасы бұзылған жағдайларда қылмыс жасаған кінәлі адам жазаны өтей алмайтын жағдайларға жатады. Мұндай жағдайларда сот айыптау үкімін жаза тағайындап, оны өтеуден босата отырып шығарады. Сонымен бірге сот ҚК-нің 90-бабында көрсетілген медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын қолдану қажеттілігі туралы мәселені шешеді.

Қылмыстық заңмен тыйым салынған әрекетті есі кіресілі-шығасылы күйде болған адам немесе үкім шығарылғаннан кейін жазаның орындалуына мүмкіндік бермейтіндей психикасы бұзылып ауырған адам жасаған болса, онда сот ҚДЖК-нің 517-бабының негізінде қаулы шығарады.

8. Соттың қылмыстық істі рақымшылық актісінің негізінде қысқартуы туралы мәселе, ҚДЖК-нің 301-бабының бірінші бөлігіне сәйкес, сотталушы мен жәбірленушінің қатысуымен алдын ала тындау өткізіліп қаралуға жатады. Осы ретте рақымшылық актісін қолдануға кедергі келтіретін мән-жайлар болмаған жағдайда, сот істі қысқарту туралы қаулы шығарады, онда істі қысқартудың негіздемесі және сотталушының рақымшылық актісін қолданумен келісуі көрсетіледі. Келісу сотталушының тағылған айыпты толық мойындауы деп есептеледі. Істі қысқарту туралы қаулы ҚДЖК-нің 307-бабының талаптарына сәйкес келуі тиіс және заңтай дәлелдемелер туралы мәселені ҚДЖК-нің 121-бабының үшінші бөлігімен белгіленген тәртіпте шешуі керек.

Сотталушы өзін кінәлі емеспін деп есептеген жағдайда не жәбірленуші рақымшылық актісін қолдануға көпе-көрінеу кедергі келтіретін мән-жайларды (қылмысты дұрыс сараламау, сотталушының жеке басы туралы мәліметтердің шындыққа сәйкес келмеуі және т.б.) көрсетсе және соттың осы уәждерді тексеруіне өтініш білдірсе, сот басты сот талқылауын тағайындайды және

өткізеді. бұл талқылау негіз болған жағдайда кінәліге жаза тағайындаумен және осы жазаны өтеуден босату туралы айыптау үкімін шығарумен аяқталады.

Егер сот тергеуі барысында сотталушыға әлдеқайда ауыр айып тағу үшін істі қосымша тергеуге жіберу туралы жәбірленушінің өтінішін қанағаттандыруға негіздер немесе рақымшылық актісін қолдану үшін кедергі келтіретін өзге де мән-жайлар анықтамаса, онда сот істі рақымшылық актісіне байланысты ҚДЖК-нің 324-бабына сәйкес қысқартады.

Қылмыстық жолмен жиналған ақшалар мен өзге де құндылықтар, заңсыз кәсіпкерлікпен алынған және контрабандалық заттар - заттай дәлелдемелер ретінде танылған қылмыстық істер бойынша рақымшылық актісін қолдану туралы мәселе басты сот талқылауында шешіледі, себебі бұл заттар ҚДЖК-нің 121-бабы үшінші бөлігінің 4-тармағына сәйкес соттың үкімі бойынша мемлекеттің кірісіне алынуға жатады.

9. Сотталушының қайтыс болуы ҚДЖК-нің 37-бабы 1-бөлігінің 11) тармағының және 307, 324-баптарының негізінде қаулы шығару жолымен іс жөніндегі сот өндірісінің кез келген сатыда қысқартылуына әкеп соғатыны соттарға түсіндірілсін. Қайтыс болған адамды ақтау немесе онымен бірге қылмыс жасаған басқа адамдарға қатысты істі қарау туралы тараптардың өтініштері болған жағдайда іс жөніндегі өндіріс жалғасады және оған негіздер болған жағдайда қайтыс болған адамға қатысты айыптау үкімін жаза тағайындамай шығарумен аяқталады. Мұндайда үкімнің қорытынды бөлігінде оны қылмыстық заңның тиісті бабы бойынша айыпты деп тану және қайтыс болуына байланысты іс жөніндегі өндірісті қысқарту туралы тұжырым жасалады.

ҚК-нің 81-бабына сәйкес тәрбиелік мәні бар мәжбүрлеу шараларын қолдану жолымен оның түзелуі мүмкін болатыны анықталған жағдайда кәмілетке толмаған, онша ауыр емес немесе орташа ауырлықтағы қылмысты алғаш рет жасаған адамға қатысты айыптау үкімі қылмыстық жазаны тағайындаусыз шығарылады.

10. ҚК-тің 69-бабында белгіленген қылмыстық жауапкершілікке тартудың ескіру мерзімдері өтіп кеткен жағдайда, іс жөніндегі өндіріс ҚДЖК-нің 37-бабы 1-бөлігінің 4) тармағының, 307 және 324-баптарының негізінде қаулы шығару жолымен алдын ала тыңдау немесе басты сот талқылауы кезінде қысқартылады.

Егер айыпталушы істі аталған негіз бойынша қысқартуға қарсы

болса, онда іс жөніндегі өндіріс жалғасады және негіздер болған жағдайда сот айыптау үкімін жасалған қылмыс үшін қылмыстық жауапкершіліктен босата отырып шығарады.

Ескіру мерзімінің өтіп кеткені басты сот талқылауы кезінде анықталса, сот айыптау үкімін айыпты адамды қылмыстық жауапкершіліктен босата отырып шығарады.

Өлім жазасы тағайындалуы мүмкін қылмыс жасаған адамға ескіру мерзімін қолдану туралы мәселені сот тек басты сот отырысында үкім қабылдау жолымен шешеді. Мұндайда сот ескіру мерзімін қолдануға, айыптау үкімін шығаруға және адамды қылмыстық жауапкершіліктен босатуға құқылы. Егер сот ескіру мерзімінің өтіп кетуіне байланысты адамды қылмыстық жауапкершіліктен босатуға мүмкіндік жоқ деп тапса, онда ол ҚК-нің 69-бабының 5-бөлігіне сәйкес айыптау үкімін жаза тағайындай отырып шығарады.

11. ҚІЖК-нің 38-бабының 1-бөлігіне сәйкес сот шын өкінуіне, жәбірленушімен татуласуына және оған келтірілген зиянды өтеуіне, жағдайлардың өзгеріп, жасалған әрекеттің қоғамға қауіптілігінің жойылуына байланысты, қоғамдық-қауіпті қылмыстан туындаған үрейлену, қорқу немесе сасқалақтау салдарынан қажетті қорғаныс пегінен асқан кезінде, ҚК-нің 65-68-баптарында және 15-бабының 3-бөлігінде көрсетілген, яғни кәмелетке толмағанның психикасының бұзылуына байланысты емес психикасының дамуы артта қалуы салдарынан іс жөніндегі өндірісті Қаулысымен қысқартуға немесе ақтамайтын негіздер бойынша айыптау үкімін айыпты адамды қылмыстық жауапкершіліктен босата отырып шығаруға құқылы.

Сондай-ақ ҚК-нің 125, 165, 231 (1-тармағы), 233, 234, 236, 251, 252, 259, 297, 312 (2-тармағы), 326, 352, 358, 372, 373, 375-379, 381-баптарының ескертулерінде көрсетілген мән-жайлар да айыптау үкімін қылмыстық жауаптылықтан босата отырып шығаруға әкеп соқтыратын, ақтамайтын негіздерге жатады.

Осы барлық жағдайларда, егер тараптардың арасында қылмыстық жауапкершіліктен босатуға әкеп соқтыратын мән-жайлардың болуы туралы дау орын алмаса, іс жөніндегі өндіріс алдын ала тыңдау немесе басты сот талқылауы сатысында ҚІЖК-нің 37-бабы 1-бөлігінің 12) тармағы, 38-бабы 1-бөлігі, 307 және 324-бабының негізінде қаулымен қысқартылады.

Аталған негіздер бойынша ҚІЖК-нің 375-бабының 5-бөлігіне

сәйкес сот айыптау үкімін қылмыстық жауапкершіліктен босата отырып, басты сот талқылауы аяқталғаннан кейін ғана шығарады.

12. ҚК-нің 72-бабы 1-бөлігінің және 74-бабы 2-бөлігінің негізінде ҚІЖК-нің 375-бабының 8-бөлігіне сәйкес жаза тағайындау және жазаны өтеуді кейінге қалдыру жөніндегі айыптау үкімі жүкті әйелдерге және жас балалары бар әйелдерге қатысты, сондай-ақ төтенше жағдайлар салдарынан оның өзіне немесе отбасы мүшелеріне аса ауыр салдар төнген жағдайда ауыр немесе аса ауыр қылмыс жасаған адамдарға қатысты шығарылады. Мұндайда ҚК-нің 72-бабының 1-бөлігінде, 74-бабының 2-бөлігінде көрсетілген негіздердің ең болмаса біреуі болса, бұл соттарды жазаны өтеуді кейінге қалдыру туралы мәселені дәлелдерді келтіре отырып талқылауға және шешуге міндеттейтінін соттардың ескергені жөн.

13. Үкімнің кіріспе бөлігі ҚІЖК-нің 378-бабының талаптарына сәйкес келуі және онда Қазақстан Республикасының атынан шығарылғаны көрсетілуі тиіс. Үкім жарияланған күн, ай және жыл оның шығарылған датасы болып табылады. Үкімнің нақты шығарылған және сот құрамының қолы қойылған қала немесе өзге елді мекен үкім шығарылған жер болып табылады.

Сонымен бірге үкімнің осы бөлігінде үкім шығарған соттың толық және нақты атауы, лауазымдары көрсетілген сот құрамы, мемлекеттік айыптаушы, қорғаушы, сот отырысының хатшысы, аудармашы, процеске қатысушы өзге де адамдар, егер қатысқан болса, олардың өкілдері көрсетілуі қажет. Үкімнің кіріспе бөлігінде аталған әр адамның тек тегі ғана емес, сонымен бірге аты-жөнінің бас әріптері де көрсетілуі тиіс. ҚІЖК-нің 378-бабының 4)-тармағында көрсетілген сотталушы жөніндегі барлық мәліметтер көрсетіледі. Мұндайда тегі, аты, әкесінің аты, туған жері, жылы, айы, күні оның жеке басын куәландыратын құжатқа сәйкес келуі тиіс.

Істің ашық немесе жабық отырыста қаралғаны да осында көрсетіледі.

14. Соттарға сотталушының жеке басы туралы іс үшін маңызы бар өзге мәліметтерге жаза тағайындалған кезде, еңбекпен түзеу мекемесінің түрі белгіленген кезде, қылмыстың қайталану түрі анықталғанда, әрекеттері дәрежеленгенде ескерілетін мәліметтер жататыны түсіндірілсін. Атап айтқанда, бұлар жойылмаған және алынып тасталмаған соттылықтары, рақымшылық жасау

кесімін қолдану, сотталушының мүдедектігі туралы және басқа да мәліметтер.

Жойылмаған соттылығы туралы мәліметтер келтірілген кезде сотталған күні, қылмыстық заң жазалау шарасы, жазаны бас бостандығынан айыру мекемелерінде өтеуі, жазадан босатудың негіздері мен күні көрсетіледі. Егер тағайындалған жаза өтелмесе және жаңа жаза қылмыстардың жиынтығы немесе үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалуы мүмкін болған жағдайда ғана сотталушыны бұрын соттаған соттың атауы көрсетіледі.

Жойылған және алынып тасталған соттылықтар үкімнің кіріспе бөлігінде көрсетілмейді. Сотталушыға бұрын рақымшылық кесімі қолданылған жағдайда және бұл жай жанадан қабылданған рақымшылық кесімін қолдану туралы мәселені шешу үшін маңызды болған жағдайда осы мәліметтер көрсетіледі.

Үкімнің кіріспе бөлігінде айыпталушы айыпталып отырған және сотқа тапсырылған қылмыстық заң (бабы, бөлігі, тармағы) міндетті түрде көрсетіледі. Алдын ала тыңдау немесе басты сот талқылауы барысында айыптау өзгертілген жағдайда, сотталушыға түпкілікті қай қылмыстар жасағаны үшін айыптың тағылғаны көрсетілуі тиіс.

15. Үкімнің сипаттау бөлігінің сот отырысында зерттелген іс материалдарына сәйкес келуі заңды үкім шығарудың бірден бір шарты болып табылады. Оны әзірлеген кезде сот ҚІЖК-нің 379-бабының талаптарын орындауға және ҚІЖК-нің 371-бабында көрсетілген барлық мәселелерді рет-ретімен шешуге міндетті. Үкімнің сипаттау-дәлелдеу бөлігінде соттың дәлелденді деп тапқан қылмыстық әрекеттің сипаттамасын, ол жасалған жерді, уақытты, оны жасау тәсілін, айып нысандарын, қылмыстың себептері мен салдарын қамтуы тиіс. Егер қылмысты адамдар тобы, алдын ала сөз байласқан адамдар тобы немесе ұйымдасқан топ жасаса, онда әр айыпталушының нақты қылмыстық әрекеттері сипатталуға тиіс.

Дәлелдеу бөлігінде дәлелдер, оларға жасалған талдау, айыптың дәлелденгені, әрекеттердің дәрежеленуі, жаза және қылмыстың қайталану түрі, азаматтық талап арыз туралы соттың тұжырымдары келтіріледі. Ол қорытынды бөлікте баяндалатын шешімдердің негіздемесі болып табылады әрі оған қайшы келмеуге тиіс.

16. Айыптау үкімінің сипаттау-дәлелдеу бөлігінде сотталушының тағылған айыпқа көзқарасы және өзін қорғап

келтірген дәлелдерге берген соттың бағасы көрсетіледі. Сотталушы іс жөніндегі сотқа дейінгі өндіріс кезінде берген жауаптарын өзгерткен жағдайда, сот оның барлық жауаптарын жан-жақты тексеріп, оларды өзгерту себебін анықтауы, оларға басқа дәлелдермен бірге шынайы баға беруі қажет.

Мұндайда сотталушының жауап беруден бас тартуы оның кінәлілігінің дәлелі болып табылмайтынын ескерген жөн. Сотталушының кінәні мойындамауын және жауап беруден бас тартуын өзіне тағылған айыптан қорғану тәсілі деп бағалаған жөн және бұл оның жеке басын жағымсыз тұрғыда сипаттайтын мән-жай ретінде қарастырылмауға тиіс.

Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 9)-тармақшасына сәйкес ешкімді өз мойындауы негізінде ғана соттауға болмайды. Осыған байланысты сотталушының өз кінәсін мойындауы кінәлілігі іс бойынша жиналған өзге дәлелдердің жиынтығымен расталған жағдайда ғана айыптау үкімінің негізіне алынады.

17. Кінәсіздік презумпциясына орай және ҚДЖК-нің 19-бабына сәйкес айыптау үкімін болжамдарға негіздеуге болмайды және ол анық дәлелдердің жеткілікті жиынтығымен расталуы тиіс. Іс бойынша туындаған барлық болжамдар зерттелуге тиіс. Дәлелдердің арасындағы қайшылықтар анықталуға әрі бағалануға жатады. Сотталушының кінәлілігі жөнінде сейілмеген күдік, сондай-ақ қылмыстық және қылмыстық іс жүргізу заңдарын қолданған кезде туындайтын күмәндер оның пайдасына шешілуге тиіс.

18. Үкімнің дәлелдеу бөлігінде дәлелдерді келтіре отырып, сот тек оларды атаумен және мазмұнын келтірумен шектелмей, сонымен бірге оларды жан-жақты талдауға, сотталушыны кінәлайтын және ақтайтын, соттың тұжырымдарын растайтын және осы тұжырымдарға қайшы келетін барлық дәлелдерге баға беруге міндетті.

Бірнеше сотталушыға қатысты істі қараған кезде не сотталушы бірнеше қылмысты жасаған деп айыпталса, онда сот әр сотталушыға және әрбір айыптауға қатысты дәлелдерді талдауы қажет. Дәлелдерді келтіре отырып, олардың қандай мән-жайларды растайтынын, қайсысын жоққа шығаратынын, қандай себеппен бір дәлелдер дұрыс деп танылып, екіншілері қабылданбайтынын көрсету қажет.

Дәлелдерді бағалаған кезде Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 9)-тармақшасында, ҚДЖК-нің 116 және 128-

баптарында бекітілген қағидаларды басшылыққа алғаны және олардың заңды бұза отырып алынған дәлелдердің заңды күшінің болмайтынын, сол себептен оларды айыптау үкімінің негізіне алуға, сондай-ақ ҚІЖК-нің 117-бабында көрсетілген кез келген мән-жайларды дәлелдеу кезінде қолдануға болмайтынын ескергендері жөн. Дәлелдер заңды бұзушылықпен алынған деп танылған жағдайда сот қандай заң бұзушылығы орын алғанын көрсетіп, оны іс жөніндегі дәлелдемелер жиынтығынан алып тастау туралы өз шешімін үкімде негіздеуге тиіс.

19. Қылмыстық істерді қараған кезде соттар сот өндірісінің тікелей болу принципін сақтаулары қажет. ҚІЖК-нің 311-бабына сәйкес, үкім тікелей басты сот талқылауында зерттелген дәлелдерге негізделуге тиіс. Егер іс бойынша жиналған дәлелдер тараптардың қатысуымен зерттелмеген болса, сот өз тұжырымдарын растау үшін үкімде оларға сілтеме жасауға құқылы емес. Сотталушының, жәбірленушінің, куәлардың сотқа дейінгі өндіріс барысында іс жөнінде алынған жауаптарын жария етуге, сондай-ақ жауап алу хаттамасына қоса тіркелген олардың жауаптарының дыбыстық жазбасын, бейне жазбасын немесе киноға түсірілімдерді жаңғыртуға және үкімде оларға сілтеме жасауға ҚІЖК-нің 349 және 353-баптарында көрсетілген жағдайларда ғана жол беріледі. Бұл жауаптарданы нақты мәліметтер басты сот талқылауында тексеріліп, жан-жақты зерттеліп және расталғаннан кейін ғана сот тұжырымдарының негізіне алынуы мүмкін.

Сот тергеуі қысқартылған тәртіпте жүргізілсе, үкім анықтау өндірісі барысында алынған және тараптар сотта дауламаған дәлелдемелерге негізделуі мүмкін. Анықтау өндірісі кезінде алынған дәлелдемелер туралы дау туындаған жағдайда, олар тікелей сот отырысында тексерілуі және зерттелуі қажет.

20. Сотталушының жұбайы немесе жақын туысканы болып табылатын жәбірленуші, куә жауап беруден бас тартса, сондай-ақ сотталушының өзі немесе діни қызметші жауап беруден бас тартса, сот, егер іс жөніндегі сотқа дейінгі өндіріс барысында, жауап алар алдында оларға Конституцияның 77-бабы 3-тармағының 7)-тармақшасындағы, ҚІЖК-нің 27 және 82-баптарындағы ешкімнің өзіне, жұбайына (зайыбына) және жақын туыстарына, сондай-ақ діни қызметші өзіне сеніп сырын ашқан адамдарға қарсы жауап беруге міндетті емес екені туралы қағидалар түсіндірілген жағдайда ғана өз үкімінде осы адамдардың бұрын берген жауаптарына сілтеме жасауына болады.

21. Сотта істі талқылау сотталушыларға ғана қатысты жүргізілетінін ескере отырып, сот үкімде сотқа тартылмаған басқа адамдардың қылмыс жасаудағы кінәсін дәлелдейтін тұжырымдардың келтірілуіне жол бермеуге тиіс.

Егер қылмысқа қатысушылардың кейбіреулері заңда көрсетілген негіздер бойынша қылмыстық жауапкершіліктен босатылса, сот сотталушының қылмысқа қатысу дәрежесін, оның әрекеттерін дәрежелендіру және істің өзге де маңызды мән-жайларын белгілеу үшін үкімде іс жөніндегі өндірісті қысқартудың негіздерін міндетті түрде көрсете отырып, сол адамдардың қылмыс жасауға қатысуы туралы мәліметтерді келтіре алады.

Егер айыпталушылардың кейбіреулеріне қатысты іс жеке өндіріске бөлініп шығарылса, сотталушының қылмысты басқа адамдармен бірігіп жасағаны туралы, олардың тегін ескертпей, үкімде көрсетіледі.

22. Егер сотталушы қылмыстық заңның әр түрлі баптарымен (баптардың бөліктерімен) дәрежеленетін бірнеше қылмыс жасаған деп айыпталса және осы қылмыстардың кейбіреулерін жасағаны жөніндегі айып расталмаса, онда сот үкімнің дәлелдеу бөлігінде сотталушыны кейбір қылмыстарды жасағаны үшін айыпты деп танудың және басқалары бойынша айыптан ақтаудың себептерін келтіруге, ал үкімнің қорытынды бөлігінде сотталушыны қылмыстық заңның кейбір баптары бойынша айыпты деп тану және кейбір баптары бойынша ақтау туралы тиісті шешімді тұжырымдауға міндетті.

23. Сотталушы қылмыстық заңның бір бабымен дәрежеленетін бірнеше қылмыс (мысалы, бірнеше ұрлық немесе жалғасқан қылмыстық әрекеттің бірнеше эпизодтары) жасаған деп айыпталған жағдайда және кейбіреулері бойынша оның кінәсі расталмаса, сот үкімнің дәлелдеу бөлігінде дәлелдерді келтіре отырып, айыптаудың осы бөлігін негізсіз деп тану туралы тұжырым келтіргені жөн, ал қорытынды бөлігінде сотталушыны жеке эпизодтар бойынша ақтау туралы көрсетуі тиіс.

24. Тағылған айыптаудың бөлігі дәлелденбеген жағдайда (дәрежеленуші мән-жайлар дәлелденбесе немесе болмаса), егер бұл жасалған әрекеттің дәрежеленуін өзгертуге әкеліп соқтырса, сот үкімнің дәлелдеу бөлігінде айыптаудың осы бөлігін негізсіз деп тану туралы тұжырым жасап, қорытынды бөлікте айыпталушыны дәлелденген қылмысты жасағаны үшін айыпты деп тану туралы түпкілікті шешімді көрсетеді.

Тағылған айып бөлігінің дәлелденбеуі жасалған әрекеттің дәрежеленуін өзгертпесе (бап және баптың бөлігі бұрынғыдай қалса), онда соттың үкімнің дәлелдеу бөлігінде дәлелдерді келтіре отырып, айыптаудың сол бөлігін негізсіз деп тану туралы тұжырым жасауы жеткілікті.

25. Егер сотталушы бір қылмысты жасаса, ол қылмыстық заңның бірнеше баптарымен қате дәрежеленсе, соттың үкімнің дәлелдеу бөлігінде тиісті себептерді келтіре отырып, қате тағайындалған бапты (баптарды) алып тастау туралы көрсетуі жеткілікті.

26. Қылмысты сотталушыға айып тағылмаған заңның бабы бойынша дәрежелеу, тек қажет болған жағдайда, заңның жаңа бабы бойынша дәрежеленген әрекеттер сотталушыға бұрын тағылып, неғұрлым ауыр қылмыстың белгілерін қамтымаған және нақты мән-жайлар бойынша басты сот талқылауында мемлекеттік айыптаушы қолдаған түпкілікті айыптан елеулі айырмашылықтары болмаған, ал айыптың өзгертілуі сотталушының жағдайын нашарлатпаған және оның қорғану құқын бұзбаған жағдайда ғана қылмыстың дәрежеленуін осылай өзгертуге жол берілетінін соттың ескергені жөн.

Бұл орайда соттардың, санкциясы неғұрлым қатан жазаны көздейтін қылмыстық заңның басқа нормасы (бабы, баптың бөлігі) қолданылған, айыпқа сотталушыға тағылмаған қосымша фактілер мен эпизодтар, оның жағдайын ауырлататын, қылмыс дәрежесі басқа неғұрлым ауыр жазаны көздейтін немесе жасалған әрекеттің заңдық бағасын өзгертпесе де айып көлемін ұлғайтатын, заңға дәрежелеу белгілерін өзгертуге әкеп соқтыратын, ауырлататын мән-жайлар енгізілген жағдайлар, айыптауды әлдеқайда ауырлататын жағдайлар екенін ескерулері қажет.

Айыпталушының қорғалу құқының бұзылуына әкеп соқтыратын айыптау тұжырымын нақты мән-жайлар бойынша қандай да болмасын өзге өзгертуді (бұрын тағылған әрекеттердің орнына басқа әрекеттерді тағу, бұрын тағылған айыптан қол сұғушылық объектісі бойынша, айып нысаны және т.б. бойынша ерекшеленетін қылмысты тану) алғашқыдан елеулі түрде ерекшеленетін айыптау деп есептеген жөн.

27. Егер бұрын тағылған айып істері жәбірленушінің шағымы бойынша ғана қозғалатын (ҚДЖК-нің 33-бабының 1-бөлігінде, 34-бабының 1-бөлігінде көрсетілген) қылмыстар үшін жауапкершілікті

көздейтін қылмыстық заңның бабына қайта дәрежеленуге жататын болса, сот істе айыпталушыны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы жәбірленушінің шағымы немесе сот отырысында ауызша өтініші болған жағдайда, айыпталушының әрекеттерін қылмыстық заңның аталған баптары бойынша дәрежелеп, айыптау үкімін шығара алады.

Істе жәбірленушінің сотталушыны қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы шағымы (арызы) болмаған жағдайда немесе ол сот отырысында айыптаудан бас тартса, немесе өзінің сотталушымен татуласқаны туралы мәлімдесе, онда сот сотталушының әрекеттерін қылмыстық заңның жоғарыда аталған баптары бойынша дәрежелеу қажеттілігі туралы тұжырымды негіздеп, ҚІЖК-нің 37-бабы 1-бөлігінің 5) және 6)-тармақтарының және 324-бабының негізінде әзірленген қаулымен іс жөніндегі өндірісті қысқартады.

Істе жәбірленушінің шағымы болмаған жағдайда не ол сотталушыны қылмыстық қудалаудан бас тартса, онда прокурор жеке немесе жеке-жариялы тәртіппен қудаланатын қылмысты жасағаны үшін айыптауды тек ҚІЖК-нің 33-бабының 2-бөлігінде және 34-бабының 2-бөлігінде көрсетілген мән-жайлар болған жағдайда ғана сот отырысында қолдауы мүмкін. Істерді осындай мән-жайлар бойынша қарау, негіздер болған жағдайда айыптау үкімін шығарумен аяқталады.

28. Айыпталушыны бағалауға жататын белгілер бойынша (мысалы, аса қатыгездік, қоғамды көрінеу сыйламау, елеулі түрде құқықтарды бұзу, туындаған ауыр салдар және т.б.) қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп тани отырып, сот үкімнің дәлелдеу бөлігінде жасалған әрекетте сол немесе өзге дәрежелеу белгісінің болуы туралы қорытынды жасау үшін негіз болып табылатын мән-жайларды келтіруге міндетті.

29. Жаза мөлшері қылмыстың қайталану қауіптілігінің дәрежесіне байланысты болғандықтан соттар қылмыстың қайталану түрін дұрыс белгілеуге міндетті. Соттың бұл туралы тұжырымы дәлелдер келтіріле отырып, үкімнің дәлелдеу бөлігінде, ал тиісті шешім үкімнің қорытынды бөлігінде көрсетіледі.

30. Бірнеше эпизодтан тұратын іс бойынша үкім шығарған кезде сот қылмыстың белгіленген мән-жайларын әр эпизод немесе қылмыс бойынша жеке кінәлілік және әрекеттің заңдық бағасы туралы соттың тұжырымдарын растайтын оқиғалар мен дәлелдердің ретін ескере отырып баяндауына болады. Мұндайда соттың дәлелдерді талдағаннан кейін және эпизодтар бойынша

айыптылардың әрекеттерін дәрежелегеннен кейін үкімнің дәлелдеу бөлігінде әр сотталушыға қатысты жалпы дәлелденген айыптын көлемі туралы және оның әрекеттерін түпкілікті дәрежедеу туралы жинақталған тұжырымды негіздегені жөн.

31 ҚДЖК-нің 320-бабында көрсетілген басты сот талқылауының шегі тек айыпкерге қатысты және егер ол алдын ала тыңдау немесе басты сот талқылауы барысында өзгертілмесе, сотқа берілген айыптаудың көлемінде ғана жүргізіледі.

Егер мемлекеттік айыптаушы айыптауды өзгертсе және жәбірленуші бұрынғы айыптауды талап етпесе, онда сот шешім шығарған кезде сот тергеуі немесе сот жарыссөздері барысында түпкілікті тұжырымдалған жаңа айыптауды басшылыққа алады.

Мемлекеттік айыптаушы және жәбірленуші айыптаудан толық бас тартқан жағдайда дәлелді қаулы шығарылып, іс жөніндегі өндіріс қысқартылады.

Егер мемлекеттік айыптаушы айыптаудан бас тартып, жәбірленуші бұрынғы айыптауды талап етсе, онда сот прокурорды бұдан әрі процеске қатысудан босатып, жеке айыптаушының немесе оның өкілінің қағысуымен істі карауды жалғастырады, сотталушы сотқа тапсырылған айыптауды негізге ала отырып, анықталған жағдайларға орай айыптау немесе актау үкімін шығарады. Мемлекеттік айыптаушы және жәбірленуші айыптаудан ішнара бас тартқан жағдайда сот бөлек қаулы шығару арқылы істің сол бөлігінде сот өндірісін қысқартады. Бұл қаулы айыптаудың қалған бөлігі бойынша шығарылатын үкіммен бірге шығарылады.

Айыптау өзгертілген жағдайда мемлекеттік айыптаушы жазбаша түрде ұсынған айыптаудың жаңа дәлелді тұжырымдамасы сотта болуға тиіс. Мемлекеттік айыптаушының айыптаудан толық не ішнара бас тартуы да дәлелдері келтіріліп, сотқа жазбаша түрде ұсынылуы қажет.

32. Егер айыпкерге қылмыстық заңның бірнеше баптары бойынша айып тағылса және сот басты сот талқылауы кезінде олардың кейбіреулері бойынша істі қысқарту немесе қосымша тергеуге жіберу қажеттілігі туралы тұжырымға келсе, онда бұл туралы шешім бөлек қаулыда баяндалады, ал үкімде айыпкерді басқа қылмыстар бойынша айыптаудың қысқартылғаны немесе қосымша тергеуге жіберілгені көрсетіледі. Айыптаудың бір бөлігі бойынша істі қосымша тергеуге жіберу қажет болған жағдайда сот ҚДЖК-нің 49-бабының талаптарын сақтай отырып, егер ол істің шешілуіне кедергі жасамаса және істің жан-жақты, толық

қаралуына әсер етпесе, істі бөліп шығару туралы қаулыны алдын ала қабылдайды.

33. Айыпталушының әрекеттерін дәрежелілеу мәселесін шешкеннен кейін сот үкімнің дәлелдеу бөлігінде ҚК-нің 52-64, 79-81-баптарында көрсетілген қағидаларды сақтай отырып, айыпталушыны жазалау жөніндегі тұжырымын негіздейді. Бірнеше адам айыпталған жағдайда жаза тағайындау туралы тұжырым әрқайсысына қатысты жеке келтіріледі.

34. Айыптау үкімін шығарған кезде сот қылмыстық істе мәлімделген азаматтық талап арызды қарауға, ол бойынша тараптарға сөз беруге, үкімде олардың пікірін келтіруге және материалдық заңға сілтеме жасай отырып, ҚДЖК-нің 169-бабында көрсетілген шешімдердің бірін қабылдауға міндетті. Талап арыз толық не ішінара қанағаттандырылған жағдайда үкімде оны өз еркімен орындау үшін мерзім белгіленеді.

Егер сот өз әрекеттерімен мүлтік зиян келтірген бірнеше айыпталушыға қатысты істі қараса, онда үкімде дәлелдерін келтіре отырып, өндіріп алу азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің ортақ немесе үлестік нысанында жүзеге асырылатынын көрсетеді.

Азаматтық талап арыз бойынша жан-жақты есеп-қисап жасау мүмкін болмаған жағдайда және ол қылмысты дәрежелілеуге әсер етпесе, сот себептерін көрсете отырып, азаматтық талапкердің талап арызды қанағаттандыруға құқын танып, оның мөлшері жөніндегі мәселені азаматтық сот өндірісі тәртібімен шешуге тапсырады.

Талап арыздан бас тартуды қабылдау туралы мәселені шешкен кезде сот бұл әрекеттердің заңға қайшы келмейтінін, басқа адамдардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін бұзбайтынын тексереді. Мұндайда ҚДЖК-нің 168-бабына сәйкес соттың талап арыздан бас тартуды іс жөніндегі өндірісті қысқарту туралы қаулыны шығарып, сот талқылауының кез келген уақытында, бірақ үкім шығару үшін кеңесу бөлмесіне кеткенге дейін қабылдайтынын ескерген жөн.

35. Қылмыстық іс бойынша азаматтық талап арыз берілген кезде мемлекеттік салықтан тек талапкер босатылатынын ескере отырып, сот талап арыз толық не ішінара қанағаттандырылған жағдайда, ҚДЖК-нің 116-бабының 1-бөлігінің негізінде жауапкерден (жауапкерлерден) мемлекет кірісіне толық не талап арыздың қанағаттандырылған бөлігіне қарай мемлекеттік салық өндіру туралы мәселені шешеді.

Осыдан кейін зағтай дәлелдердің мәселесі және іс жүргізу шығындары туралы шешімдердің негіздері келтіріледі, мұндайда сот ҚДЖК-нің 121-бабының 3-бөлігінің 175-176-баптарының талаптарын басшылыққа алады.

36. Үкімнің барлық бөліктері қисынды, байланысты құжатты құрайтын болғандықтан, айыптау үкімінің қорытынды бөлігі ҚДЖК-нің 380-бабының талаптарына сәйкес келіп, кіріспеден және сипаттау-дәлелдеу бөліктерінен туындауы тиіс. Қорытынды бөлікте шешілуге тиіс мәселелер заңда көрсетілгендей тәртіпте баяндалады. Қорытынды бөліктегі қылмыстық заңды (бапты, бөлікті, тармақты) көрсетумен, айыпталушыны кінәлі деп тану туралы шешім сипаттау-дәлелдеу бөлігінде көрсетілген айыптау тұжырымдамасынан туындайды.

Сонымен бірге, айыптау үкімінің қорытынды бөлігінде айыпталушы кінәлі деп танылған әр қылмыс үшін, ал тиісті жағдайларда қылмыстардың жиынтығы және үкімдердің жиынтығы бойынша тағайындалған негізгі және қосымша жазаның түрі мен мөлшері, шартты түрде соттау, шартты түрде-мерзімнен бұрын босатуды бұзу немесе күшінде қалдыру туралы шешім; айыпталушыны мемлекеттік наградаларынан, атақтарынан, сыныптық шенінен, дипломатиялық дәрежесінен, біліктілік сыныбынан айыру туралы, бұлпартпау шарасы туралы; жазаны есептеудің басы туралы; алдын ала қамауда болуын есепке алу туралы; мәжбүрлеп емдеуді тағайындау және айыпталушыға қамқоршылық белгілеу туралы; қылмыстың қайталану түрі туралы көрсетілуі тиіс

Қылмыстық заңның бірнеше баптары бойынша бірнеше адам сотталған жағдайда олардың әрқайсысына әуелі кінәлі болып танылған әр қылмыс үшін, содан кейін әрқайсысына қылмыстардың жиынтығы бойынша, негіз болған жағдайда үкімдердің жиынтығы бойынша жаза тағайындалады.

Жаза ретінде бас бостандығынан айыру тағайындалған кезде сот үкімнің қорытынды бөлігінде оның мерзімі (жылдар санын әріппен жазып), сотталушы жазасын өтеуге тиіс мекеменің түрі мен режимі, оны есептеудің басы, қамауда болған уақытын есепке алу туралы көрсетуі тиіс. Бас бостандығынан айыруды өтеудің тәртібі (белгілі бір режимдегі абақтыда, түзеу колониясында) түпкілікті жаза тағайындалғаннан кейін көрсетіледі.

37. Осы қылмыс үшін заңда көзделген жазадан гөрі жеңіл жаза тағайындаған жағдайда немесе баптың санкциясында міндетті

түрде қолданылатын жаза ретінде көзделген қосымша жазаны қолданбаған жағдайда қорытынды бөлікте жазаның ҚК-нің 55-бабының негізінде тағайындалғаны туралы көрсетіледі. Бірнеше қылмыс жасағаны үшін кінәлі адамға жаза әуелі ҚК-тің 55-бабын қолдану мен бір немесе жасаған әрбір қылмысы үшін, ал одан кейін ҚК-тің 58-бабының ережелері бойынша тағайындалады.

38. Шартты соттауды қолданғанда сот үкімнің қорытынды бөлігінде ҚК-нің 63-бабына сілтеме жасап, тағайындалған жаза түрінің мерзімін, сондай-ақ сынақ мерзімінің ұзақтығын және сотталушыға жүктелген міндеттерді көрсетеді. Егер адам бірнеше қылмыс жасаған жағдайда ҚК-нің 63-бабын қолданып, шартты жаза тағайындау туралы шешім түпкілікті жаза тағайындалғаннан кейін көрсетіледі.

39. Сотталушыны заңда көрсетілген жағдайларда жазадан босату қажеттілігі туралы тұжырымға келе отырып, сот айыптау үкімінің қорытынды бөлігінде оны қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп танып, жаза тағайындап, содан кейін заңға сілтеме жасай отырып, жазаны өтеуден босату туралы көрсетеді.

Айыптау үкімін жаза тағайындаусыз шығарған кезде сот қорытынды бөлікте кінәлі деп тану туралы, заңға сілтеме жасап, жазаның тағайындалмайтыны туралы, ал кәмелетке толмағандарға қатысты тәрбиелік әсері бар мәжбүрлеу шараларын тағайындау туралы шешімдерді көрсетеді.

Адамды қылмыстық жауапкершіліктен босату жөніндегі айыптау үкімінің қорытынды бөлігінде айыпталушыны кінәлі деп тану туралы және заңға сілтеме жасап, оны қылмыстық жауапкершіліктен босату туралы шешім келтіріледі.

Айыптау үкімін жазаны тағайындау және оның орындалуын кейінге қалдыра отырып шығарған кезде сот айыпталушыны қылмыс жасағаны үшін кінәлі деп таниды, жаза тағайындайды және заңға сілтеме жасап, үкімнің орындалуын кейінге қалдыру туралы шешімді тұжырымдайды және кейінге қалдырудың уақытын көрсетеді.

Айыптаудың толық дәлелденбегенін тани отырып, сот айыптау үкімінің қорытынды бөлігінде дәлелденген қылмыстарды жасағаны үшін соттау туралы шешімнен басқа, негіздерін көрсете отырып, қылмыстың кейбір эпизодтары және қылмыстық заңның балтары бойынша ақтау туралы шешімді тұжырымдайды.

40. Айыптау үкімінің қорытынды бөлігінде үкім заңды күшіне

енгенше айыпталушыға қатысты бұлтартпау шарасы туралы соттың шешімі әрдайым қамтылуы тиіс. Сонымен бірге қылмыстық жазадан босатумен, жаза тағайындаумен, жазадан босатумен, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жаза тағайындау жөнінде немесе бас бостандығынан айыру және өзге де шартты жазалар тағайындау жөніндегі айыптау үкімін шығарған кезде үкімнің қорытынды бөлігінде айыпталушыны қамаудан дереу босату туралы шешім көрсетілуі тиіс екенін ескерген жөн.

41. Мүлікті тәркілеу ретіндегі қосымша жазаны тағайындай отырып, сот үкімнің қорытынды бөлігінде тәркілеуге жататын мүліктің көлемін, сотталушыға тиесілі мүліктің барлығын, немесе оның бір бөлігін, немесе тәркіленуге жататын нақты заттардың тізімін көрсетеді.

42. Азаматтық талап арыз бойынша шешім қабылдай отырып, сот үкімнің қорытынды бөлігінде өндірілуге жататын соманы көрсетіп, азаматтық талап арызды толық не ішінара қанағаттандыру не азаматтық талапкердің талап арызды қанағаттандыруға құқықтану және оның мөлшері туралы мәселені азаматтық сот өндірісінің тәртібінде қарауға талсыру туралы не азаматтық талап арызды қанағаттандырудан бас тарту не азаматтық талап арызды қарамай қалдыру туралы, жауапкерден (жауапкерлерден) мемлекет кірісіне өндірілуге жататын мемлекеттік салықтың мөлшері туралы, үкімді азаматтық талап арыз бөлігінде өз еркімен орындау үшін мерзім белгілеу туралы шешімді көрсетеді.

Бірнеше айыпталушыларға қойылған азаматтық талап арызды қанағаттандырған кезде, сот қорытынды бөлікте қандай нақты сомалар және кімнен, ортақ немесе үлестік тәртіпте өндірілуге жататынын көрсетеді.

43. Айыптау үкімінің қорытынды бөлігінде соттың заттай дәлелдердің мәселесі және іс жүргізу шығындарын үлестіру туралы қабылдаған шешімдері көрсетіледі. Заттай дәлелдер туралы шешімді тұжырымдай отырып, сот нақты заттардың қайсысы жойылуға, қайсысы заңды иелеріне немесе өтініштер бойынша мүдделі адамдар мен мекемелерге тапсырылуға, қайсысы мемлекет кірісіне алынуға, қайсысы істе қалуға жататынын көрсетеді. Процессуалдық шығындар туралы мәселе бойынша қорытынды бөлікте олардың қандай мөлшерде және кімге жүктелетіні немесе мемлекет өзіне қабылданатынын көрсетіледі. Апелляциялық шағымданудың немесе үкімге наразылық келтірудің тәртібі мен мерзімдері де осында көрсетіледі.

44. Бас бостандығынан айыруға сотталғанның, сондай-ақ жәбірленушінің қараусыз қалған кәмелетке толмаған балаларына, қарт ата-аналарына, асырауындағы өзге адамдарға жағдай жасау мәселелері, сондай-ақ олардың мүлкі мен үйлерін қорғау мәселелері үкімде емес, үкіммен бірге шығарылатын жеке қаулыда шешіледі.

Заңдық көмек көрсету үшін бөлінген қорғаушыларға төленетін ақының мөлшері туралы мәселені сот мүдделі адамдардың өтініші бойынша бөлек қаулымен шешіп, оны үкіммен бірге немесе үкімді жариялағаннан кейін шығарады.

45. ҚІЖК-нің 376-бабының 2-бөлігінде айыптау үкімін шығару негіздерінің түпкілікті тізімі белгіленгенін соттардың ескергені жөн. Ол бойынша сот сотқа тапсырылған айыптауға немесе айыптау тарапынан алдын ала тыңдау немесе басты сот отырысы барысында өзгертілген айыптауға сәйкес айыпталушыны қылмыс жасағаны үшін айыпты деп таниды немесе кінәсіздігін мәлімдейді.

Егер айыпталушы өзіне тағылған әрекетті жасамаса не егер аталған зардаптар зиян келтірілген адамның әрекеттері нәтижесінде туындаса не ешкімнің еркіне байланысты емес, мысалы, табиғат күштерінің әрекеті салдарынан туындаған жағдайда, қылмыс оқиғасының болмауына байланысты актау үкімі шығарылады.

Егер әрекетті айыпталушы жасаса, бірақ ол қылмыстық заңмен қылмыстық әрекет болып танылмаса, ол жасаған әрекетте қылмыс белгілері тек формальды түрде орын алып, өзінің маңызы болмауына байланысты қоғамға қауіп төндірмейтін болса; қылмыс құрамын тану үшін заңда көзделген шарттар болмаса (әрекет бірнеше рет қайталанса, заңда көрсетілген зардаптардың белгілері орын алмаса және т.б.), әрекет қажетті қорғану немесе аса қажеттілік күйінде жасалса; адам қылмыс жасаудан өз еркімен бас тартса және т.б. жағдайларда қылмыс құрамының болмауына байланысты актау үкімі шығарылады.

Егер қоғамдық қауіпті әрекет және оның зардаптары фактісі белгіленсе, бірақ сот отырысында ұсынылған және зерделенген дәлелдер оларды айыпталушының жасағанын жоққа шығарса немесе растамаса, сот қылмыс жасаудың дәлелденбеуі салдарынан актау үкімін шығарады.

46. ҚІЖК-нің 37-бабы 1-бөлігінің 1) және 2)-тармақтарында көрсетілген мән-жайлар (қылмыс оқиғасының болмауы, әрекетте

кылмыс құрамының болмауы) алдын ала тыңдау барысында анықталған жағдайда, ол туралы дау орын алмаса, сот ҚІЖК-нің 307-бабының негізінде іс жөніндегі өндірісті тоқтату туралы қаулы шығарады. Осы мән-жайлар басты сот талқылауы барысында анықталса, сот талқылауды аяғына дейін өткізіп, актау үкімін шығарады.

47. Актау үкімінің сипаттау-дәлелдеу бөлігі ҚІЖК-нің 381-бабының талаптарына сәйкес келуі қажет және сот жарыссөздері кезінде айыптау тарапынан қолдау тапқан айыптаудың тұжырымдамасын, істің сот белгілеген мән-жайларының сипаттамасын, дәлелдемелер мен олардың талдамасын, айыптау негізіне алынған дәлелдерді соттың қабылдамауының негіздерін және айыптаудың қолдау таппауы туралы соттың тұжырымын қамтуы тиіс.

Айыптау үкімінде ақталған адамның кінәсіздігіне күмән тудыратын тұжырымдамаларды қолдануға жол берілмейді.

Қылмыстық заңның бір немесе бірнеше баптарымен дәрежеленетін бірнеше кылмыс жасағаны үшін айыпталған адамға қатысты актау үкімі шығарылған жағдайда сот сипаттау-дәлелдеу бөлігінде негіздерді келтіре отырып, айыптаудың әр бабы немесе эпизоды бойынша тиісті актау негізін келтіре отырып, айыптауды негізсіз деп тану туралы қорытындыны тұжырымдайды.

Бірнеше адамға қатысты актау үкімі шығарылған жағдайда сот сипаттау-дәлелдеу бөлігінде дәлелдердің талдамасын келтіре отырып, әрқайсысына қатысты негіздерді көрсетіп, актау туралы қорытындыларын негіздеуі тиіс.

48. Актау үкімін шығара отырып, сот актаудың негіздеріне қарай сот азаматтық талап арыз бойынша дәлелдерін келтіріп:

кылмыс оқиғасы болмаса немесе оны айыпталушының жасағаны дәлелденбесе, азаматтық талап арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы.

айыпталушының әрекетінде кылмыс құрамы болмаса, азаматтық талап арызды қарамай қалдыру туралы шешімді қабылдайды.

49. ҚК-нің 9-бабының 2-бөлігінде, 19-бабының 4-бөлігінде, 23-бапта, 24-бабының 2 және 4 бөліктерінде, 26-бабының 1-бөлігінде, 32-баптың 1-бөлігінде, 33-баптың 1-бөлігінде, 34-баптың 1-бөлігінде, 35-баптың 1-бөлігінде, 36-бапта, 37-бапта, ҚК-нің 231 (2-тармақ), 311, 312 (1-тармақ), 318, 319, 320 (2-тармақ), 353, 363,

364-баптарының ескертпелерінде көрсетілген әрекеттер, сондай-ақ ҚЖК-нің 16-бабының 1-бөлігінде көрсетілген адамдар немесе ҚЖК-нің 15-бабына сәйкес қылмыстық жауапкершілік басталатын жасқа толмаған адамдар жасаған әрекеттер қылмыс болып табылмайтыны және қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соқтырмайтыны туралы соттарға түсіндірілсін.

Қылмыстық жауапкершілікті жоятын аталған мән-жайлар айқындалған жағдайда сот ҚІЖК-нің 372-бабының 2-бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, әрекетте қылмыс құрамының болмауына байланысты ақтау үкімін шығарады.

50. Ақтау үкімінің қорытынды бөлігінде шешілетін мәселелер ҚІЖК-нің 382 және 383-баптарында көрсетілген тәртіп бойынша баяндалады. Ақтау үкімінің қорытынды бөлігін баяндай отырып, сот “соттады” сөзінің алдынан айыпталушының тегін, атын, әкесінің атын, қылмыстық жауапкершілікке тартылған қылмыстық заңды (бабын, бөлігін, тармағын), оны кінәсіз деп тану туралы және негіздерін көрсету мен оны ақтау туралы шешімдерін көрсетеді. Қылмыстық заңның бір бабымен дәрежеленген бірнеше қылмыс жасағаны (мысалы, бірнеше ұрлық немесе жалғасып жатқан қылмыстың эпизодтары) үшін кінәлі деп танылған адамға қатысты ақтау үкімі шығарылып, олар бойынша ақтау негіздері әртүрлі болған жағдайда қорытынды бөлікте заңда көрсетілген негіздердің және жасалған қылмыстардың қайсысы бойынша ақталғаны көрсетіледі.

51. Сонымен бірге, ақтау үкімінің қорытынды бөлігінде ақталғанның ҚІЖК-нің 42-бабына сәйкес қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз әрекеттерімен келтірілген зиянды өтеу құқығын тану туралы; азаматтық талап арыз бойынша, бұлтартпау шараларын бұзу туралы; егер ондайлар қолданылған болса, мүлікті тәркілеуді қамтамасыз ету жөніндегі, сондай-ақ зиянды өтеуді қамтамасыз ету жөніндегі шараларды бұзу туралы; ҚІЖК-нің 121-бабының 3-бөлігінің негізінде заттай дәлелдемелердің мәселесі туралы; ҚІЖК-нің 176-бабының талаптарына сәйкес сот шығындарын бөлу туралы шешімдер қамтылуы тиіс. Азаматтық талап арыз қаралмай қалған жағдайда оны қамтамасыз ету шаралары жойылмайды.

Ақтау үкімі қылмыстың жасалғаны дәлелденбегендіктен

шығарылған жағдайда сот қорытынды бөлікте қылмыс жасаған адамды анықтауға шара қолдану үшін істі прокурорға жіберу туралы шешімін көрсетуі тиіс

52. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты Пленумының 1996 жылғы 20 желтоқсандағы № 11 Қаулысымен енгізілген өзгерістермен бірге, Қазақ КСР Жоғарғы Соты Пленумының 1985 жылғы 12 сәуірдегі «Республика соттарының КСРО Жоғарғы Соты Пленумының 1969 жылғы 30 маусымдағы «Сот үкімі туралы» № 4 Қаулысын орындауы туралы» № 2 Қаулысының күші жойылды деп танылсын.

53. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіліп, жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ол ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енгізіледі.

Қазақстан Респуб.икасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қ. Мәми

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы

Ж.Бәйшев

«Сот шешімі туралы»

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2003 жылғы 11 шілдесіндегі № 5 нормативтік Қаулысы

Сот актілерін шығаруды регламенттейтін Азаматтық іс жүргізу кодексінің (бұдан әрі - АҚЖК-нің) нормаларын дұрыс және біртекті қолдану мақсатында Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты қаулы етеді:

1. Сот азаматтық істер бойынша АҚЖК-нің 21-бабының бірінші бөлігіне сәйкес шешімдер, ұйғарымдар, қаулылар және бұйрықтар нысанында сот актілерін қабылдайды.

Заңды күшіне енген сот шешімдері, ұйғарымдары, қаулылары, азаматтық істер бойынша бұйрықтары барлық мемлекеттік органдар, жергілікті өзін-өзі басқару органдары, қоғамдық бірлестіктер, басқа да заңды тұлғалар, лауазымды адамдар мен азаматтар үшін

міндетті және Қазақстан Республикасының бүкіл аумағында мүлтіксіз орындалуға тиіс

Бірінші сатыдағы сот істі мәні бойынша қарағанда сот актісі АІЖК-нің 217-бабына сәйкес шешім нысанында шығарылады

Шешімнің құрылымы мен мазмұны туралы АІЖК-нің 220, 221-баптарының талаптары іс жүргізудің барлық түрлері (талап қою бойынша іс жүргізу, ерекше талап қоюмен және ерекше іс жүргізу) үшін міндетті. Заңмен көзделген жағдайларда (әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органдардың (лауазымды адамдардың) қаулыларын даулау жөніндегі істер бойынша, заңды тұлғалар мен жеке кәсіпкерлердің конкурстық өндірісі шеңберінде қаралатын істер бойынша) сот актілері соттың ұйғарымы нысанында қабылданады

2. Сот бұйрығы даусыз талаптар бойынша шығарылады, олардың түбегейлі тізбесі АІЖК-нің 140-бабында көрсетілген және оның мазмұны АІЖК-нің 146-бабының талаптарына сай келуге, сондай-ақ борышкердің мәлімделген талапқа оның қарсылығын беру тәртібі мен мерзімі туралы түсіндірмені қамтуға тиіс.

3. Бірінші сатыдағы сот шешімді Қазақстан Республикасының атынан сот отырысында заңға және нақты дау бойынша сот анықтаған фактілерге қатаң сәйкестікте шығарады.

Тараптардың талапкердің не жауапкердің жағынан қатысатын үшінші тұлғалардың, іске қатысатын басқа да тұлғалардың түсініктемелері, куәлардың жауаптары, сарапшылардың, мамандардың анықтамалары шешімде үшінші жақтан келтіріліп жазылады. Сот шешімнің мәтініне ресми құжаттарда қолданылмайтын, қабылданбаған қысқартулар мен сөздерді қолдануға, сот түсініктеме бермеген түзетулерді енгізуге болмайды.

Шешімді судья кеңесу бөлмесінде жазбаша түрде дайындайды және оның қолдан жазылуы, машинкада немесе компьютерде басу әдісімен бір дана етіп жасалуы мүмкін. Шешімге судья қол қояды, содан кейін ол істің талқылануы аяқталған нақ сол сот отырысында іске қатысқан тұлғалар алдында жарияланады.

Іс бойынша шешім жарияланған күн шешімнің шығару күні болып табылады.

Заңмен белгіленген жазбаша түрде дайындалмаған және судья қол қоймаған ауызша қорытындыларды жария ету сот шешімі болып табылмайды

4 Сот шешімі АІЖК-нің 14-бабына сәйкес белгіленген сот ісі жүргізілетін тілде жазылуға тиіс

Сот ісі жүргізілген тілді білмейтін немесе жеткілікті білмейтін іске қатысқан адамдарға іс бойынша шығарылған сот актілерін олардың ана тіліне немесе олар білетін басқа тілге аударып беруге сот міндетті.

5 АІЖК-нің 218-бабына сәйкес сот шешімі заңды және негізді болуға тиіс.

Шешім іс жүргізу құқығының нормалары сақтала отырып және осы құқықтық қатынасқа қолдануға жататын материалдық құқық нормаларына толық сәйкестікте шығарылғанда немесе ұқсас қатынасты реттейтін заңның қажетті негіздерін қолданғанда не азаматтық заңнаманың жалпы бастауларынан және мәнінен, адалдық, парасаттылық пен әділдік (Қазақстан Республикасы Азаматтық Кодексінің 5-бабы және АІЖК-нің 6-бабы) талаптарынан туындағанда, заңды болып табылады.

Іс үшін маңызы бар фактілер, заң талаптарына сай сот отырысында өндірілген осы фактіге қатысты жол берілген және шынайы дұрыс дәлелдермен құпталса немесе дәлелдеуді қажет етпейтін жалпыға мәлім мән-жайларға сәйкес келсе немесе іс бойынша жинақталған дәлелдемелер дауды шешу үшін жеткілікті болса, ондай шешім негізді болып саналады.

6. Сот актілері шешім нысанында істі мәні бойынша қараған кезде шығарылады. Шешімнің қарар бөлігіне мәні бойынша қаралмаған талап-арыз талаптары бойынша сот қорытындыларын енгізуге жол берілмейді. Осы талаптар бойынша сот қорытындылары шешімнен бөлек ұйғарым нысанындағы (арызды қараусыз қалдыру, іс жүргізуді қысқарту туралы) сот актісінде баяндалуға тиіс.

7. АІЖК-нің 220-бабына сәйкес мәні бойынша дауды шешу кезінде сот кіріспе, дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұратын қысқаша (қысқартылған) шешім шығарады.

Қысқаша (қысқартылған) шешімнің дәлелдеу бөлігінде бірінші сатыдағы сот анықтаған істің мән-жайлары, оларды қолдайтын дәлелдемелер, сот қорытындылары, сондай-ақ сот басшылыққа алған заңдар келтіріледі. Дәлелдемелер олардың толық мазмұны ашылмай-ақ баяндалуы мүмкін.

Шешім заңды күшіне енгенге дейін тараптардың жазбаша өтініші бойынша не өзінің қалауы бойынша сот кіріспе, сипат-

тау, кеңейтілген дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұратын толық негізделген шешім шығарады. Бұл орайда қабылданған сот шешімі мәні бойынша қысқаша (қысқартылған) шешімге қарама-қайшы келмеуге тиіс.

Толық негізделген шешім тараптың жазбаша өтініші түскен сәттен бастап бес күндік мерзімде шығарылуға тиіс. Дәлелдеме шешімде қысқаша (қысқартылған) шешімде көрсетілген датаға сәйкес дата көрсетіледі. Іске міндетті түрде қысқаша (қысқартылған) шешім мен толық негізделген шешім қосылуға тиіс.

8. Сырттай іс жүргізу тәртібімен іс қаралған кезде қысқаша (қысқартылған) шешім шығаруға жол берілмейді. Сот кіріспе, баяндау, дәлелдеу және қарар бөліктерінен тұратын толық негізделген шешім шығаруға міндетті.

Сырттай шешімнің қарар бөлігінде жауапкердің осы шешімді бұзуы туралы арызды беру мерзімі мен тәртібі, сондай-ақ оған шағымданудың тәртібі көрсетілуге тиіс.

9. Шешімнің кіріспе бөлігінде шешімді шығарудың уақыты мен орны, шешімді шығарған соттың толық және дәл атауы, соттың құрамы, сот отырысының хатшысы, сот приставы, тараптар, іске қатысатын басқа да тұлғалар мен өкілдер, даудың мәні немесе мәлімделген талап көрсетіледі.

Егер тараптар заңды тұлғалар болса, онда осындай тұлғаның атауын заңды тұлғаны тіркеу туралы құжаттарға сәйкес көрсеткен жөн.

Шешімнің шығарылу орны сол шешім шығарылған қаланың немесе өзге де елді мекеннің атауына байланысты болады.

10. Мәлімделген талаптардың мазмұны, сонын ішінде, егер талапкер талаптың негіздемесін немесе нысанын өзгертсе, мөлшерін азайтса, шешімнің сипаттау бөлігінде көрсетілуге тиіс.

Егер АІЖК-нің 157-бабында көзделген негіздемелер бойынша сот қарсы талап-арызды қарауға қабылдаса, онда сипаттау бөлігінде қарсы талаптардың да мазмұны көрсетіледі.

Бұдан басқа шешімнің сипаттау бөлігінде жауапкердің қарсылықтары мен іске қатысатын басқа да тұлғалардың түсініктемелері болуға тиіс.

11. Соттың толық негізделген шешімінің дәлелдеу бөлігінде АІЖК-нің 64-бабының 2-бөлігіне сәйкес дәлелдеу түрлерімен тараптардың және үшінші тұлғалардың түсініктемелерімен, куәлардың айғақтарымен, заттай дәлелдемелерімен,

сарапшылардың қорытындыларымен, іс жүргізушілік хаттамаларымен және басқа құжаттармен белгіленген істің мән-жайлары болуға тиіс

Шешім істің мән-жайлары туралы болжамдарға негізделмейді. Сот отырысында зерттелмеген дәлелдемелермен сот шешімнің негіздеуге жол берілмейді

Егер дәлелдемелерді жинау соттың тапсырмасын орындау тәртібімен жүргізілсе, онда сот өз шешімін ол тапсырмаларды сот отырысында жария етіп, зерттеген жағдайда ғана оларды дәлелдемелер ретінде негіздеуге құқылы. Егер іске қатысушы тұлғалар немесе АДЖК-нің 72-бабының тәртібімен тапсырманы орындаған сотқа түсініктемелер немесе жауап берген іске қатысушы тұлғалар немесе куәлар істі қарайтын сотқа келсе, олар түсініктемелері мен жауаптарын жалпы тәртіппен береді.

АДЖК-нің 74-76-баптарымен көзделген тәртіппен дәлелдемелерді қамтамасыз ету жөнінде іс жүргізу әрекеттері жүргізілуі мүмкін. Бұл орайда жиналған дәлелдемелер (хаттамалар және басқа материалдар) сот отырысында зерделенген жағдайда, сот осы дәлелдемелермен шешімді негіздеуге де құқылы.

12. Сарапшының қорытындысы басқа дәлелдемелерге қарағанда басымдыққа ие болмайды және сот үшін міндетті болып табылмайды. Ол басқа дәлелдемелердің жиынтығында бағалануға тиіс. Сарапшы қорытындысын бағалау шешімнің толық негізделген бөлігінде берілуіне тиіс. Бұл орайда сот сарапшы қорытындыларының немен негізделгенін, сараптамаға ұсынылған материалдардың толық зерделенгенін оларға тиісінше талдау жасалғанын көрсетуге тиіс. Сарапшының қорытындысымен келіспейтіндігін сот өз шешімінде негіздеуге міндетті.

Егер сараптама жүргізу бірнеше сарапшыларға тапсырылса, олардың әрбірі сараптамалық зерттеу нәтижесі бойынша жеке-жеке қорытындылар берген болса, онда сот әрбір сарапшының қорытындысымен келісетінін не келіспейтінін негіздеуге тиіс.

АДЖК-нің 96-бабының 6-бөлігіне сәйкес дәлелдемелер ретінде тек сараптама қорытындысына дейін сарапшының сот отырысында ауызша берген түсініктемелері қабылдануы мүмкін.

13. АДЖК-нің 71-бабына орай қылмыстық іс бойынша заңды күшіне енген талап-арызды қанағаттандыру құқығы танылған сот үкімі осы үкіммен кінәлі болып танылған адамның азаматтық-құқықтық қатынасынан туындаған іс үшін міндетті. Сонымен

қатар бұл үкімнің бұл әрекеттер орын алды ма деген мәселелер бойынша, сондай-ақ үкіммен белгіленген басқа да мән-жайларға және олардың құқықтық бағалануына қатысты преюдициялық маңызы бар Осындай қылмыстық істен туындайтын талап-арызды қарайтын сот жауапкердің кінәлілігін талқылауға құқылы емес, алайда, шешімнің дәлелдеу бөлігінде азаматтық істе бар, берілген соманың көлемін (мысалы, жауапкердің мүлдіктік жағдайын немесе жәбірленушінің кінәсін есепке алу) негіздейтін дәлелдемелерді келтіруге құқылы.

Бұрын қаралған азаматтық іс бойынша заңды күшіне енген сот шешімімен белгіленген мән-жайлар сот үшін міндетті және нақ сол адамдардың қатысуымен басқа азаматтық істерді қарау кезінде қайтадан дәлелденбейді

Әкімшілік істер жөніндегі актілермен және прокурордың, тергеу және анықтау органдарының актілерімен анықталған фактілер мен мән-жайлардың азаматтық істерді қарау кезінде преюдициялық маңызы болмайды. Олар жалпы тәртіппен анықталуға тиіс.

14. АІЖК-нің 49-бабының мәні бойынша талап-арызды мойындау жауапкердің құқығы болып табылады. Егер жауапкердің талап-арызды мойындауы қандай да бір адамдардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін бұзбайтын болса, онда сот шешімнің дәлелдеу бөлігінде талап-арыздың мойындалғанын және оның сотпен қабылданғанын көрсетеді

15. Егер сот дәлелдемелерді әрқайсысын жеке және жиынтығында бағалай отырып, кейбір ұсынылған материалдар, куәлардың айғақтары, басқа да нақты деректер әр тараптың өз талаптары мен қарсылықтары туралы мән-жайларын құптамағандығын анықтаса, онда ол бұл туралы қорытындыларын шешімнің дәлелдеу бөлігінде негіздеуге міндетті

Сот отырысында соттың сұратуы бойынша тараптың дауды дұрыс шешу үшін маңызы бар дәлелдемелерді ұстап қалу және оны ұсынбау фактісі анықталған болса, онда сот шешімнің дәлелдеу бөлігінде дәлелдемелердің жиынтығын негізге алып, бұл дәлелдемелерде қамтылған мәліметтерді АІЖК-нің 66-бабының 10-бөлігімен көзделген талаптарды ескере отырып бағалайды

Шешімнің дәлелдеу бөлігінде соттың осы құқықтық қатынастарға қолданған материалдық заңды және сот басшылыққа алған іс жүргізу нормаларын көрсету қажет

16. АІЖК-нің 219-бабының 2-бөлігіне және 49-бабының

2-бөлігіне сәйкес сот істі талапкер мәлім еткен талаптар шегінде шешеді және талап-арыздың мәнін немесе негіздемесін өз бастамасы бойынша өзгертуге құқығы жоқ. Алайда, сот шешім шығара отырып, егер мұндай шешім талапкердің құқықтарын, бостандықтары мен заңмен қорғалатын мүдделері үшін қажет деп санаса, сондай-ақ заңда көзделген басқа да жағдайларға байланысты болса, талапкердің келісімімен сот талаптардың шегінен шығуы мүмкін. Мәселен, ата-ана құқықтарын шектеу немесе одан айыру туралы шешім шығарумен бірге баланы асырауға алиментті өндіру жайлы сот шешім қабылдауға құқылы («Неке және отбасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 68-бабының 3-тармағы, 71-бабының 5-тармағы).

Талап-арыздың мәні талапкердің (арыз берушінің) нақты талаптарымен келіседі және жүгінушінің құқықтары, бостандықтары немесе заңды мүдделері бұзылуының немесе бұзылуына қауіп төнуінің мәні көрсетіле отырып, материалдық-құқықтық талап ретінде анықталады.

Талап-арыздың негіздемесі деп мүдделі адам көрсеткен, өзінің талап-арызының мәні болып табылатын материалдық-құқықтық қатынастардың пайда болуына, өзгеруіне немесе тоқтатылуына әсер ететін фактілер түсінілуге тиіс.

Талап-арыздың мөлшерін ұлғайтуды немесе азайтуды, мәселе талап-арыздың көлемін нақтылау туралы болғандықтан, талап-арыздың мәнін өзгерту ретінде қарауға болмайды.

17. Шешімнің қарар бөлігі дәлелдеу бөлігінде белгіленген нақты мән-жайлардан туындайтын соттың қорытындысы болуға тиіс.

Шешімді орындау кезінде айқынсыздықтар мен даулардың болмауы үшін шешімнің қарар бөлігін сот анық және түсінікті болатындай етіп жазуға міндетті.

Шешім талапкердің мәлімделген барлық талаптары бойынша қабылданады.

Бір іс бойынша бірнеше талаптар қосылған болса, немесе сот қарсы талап-арызды, не даудың мәніне дербес талаптарын мәлімдеген үшінші тұлғалардың талап-арызын қарауға қабылдаған жағдайда, шешімнің қарар бөлігінде әрбір талап бойынша кімнің, қандай нақты әрекеттерді және кімнің пайдасына, дауланған құқықтың қай тараптың пайдасына шешілгені соттың Қаулысында нақты қорытындыланып көрсетілуге тиіс.

Іске қатысуға тартылмаған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселені шешуге соттың құқығы жоқ

Сондай-ақ заңда көрсетілген басқа да мәселелер, атап айтқанда сот шығындарының өтелуі, сот шешіміне шағымдану тәртібі мен мерзімі, шешімнің орындауға қабылдану мерзімі және оның орындалуын қамтамасыз ету мен орындау жөніндегі шаралар, талап-арыздың орындалуын қамтамасыз ету туралы мәселенің күшін жою не сақталуы шешілуге тиіс.

Мәлімделген талаптардан толық немесе ішінара бас тарту туралы шешім шығару кезінде ол кімге қатысты және неден бас тартылғаны дәл көрсетілуге тиіс.

18. АІЖК-нің 100-бабына сәйкес сот шығындары іс бойынша мемлекеттік баждан және іс жүргізуге байланысты кеткен шығындардан тұрады.

Мемлекеттік баж сомасын анықтау кезінде сот “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” Қазақстан Республикасы

Кодексінің нормаларын басшылыққа алуға тиіс (Салық кодексі).

Іс бойынша пайда болған шығындарды істі қарау және шешу, сондай-ақ ол жөнінде шығарылған шешімді орындау кезінде мүдделі тұлғалардың нақты көтерген шығындары құрайды. Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындардың үлгі тізбесі АІЖК-нің 107-бабында қамтылған.

Қай тараптың пайдасына шешім шығарылса, сот АІЖК-нің 110-бабына орай екінші жақтан, оның алғашқыда сот шығындарын өтеуден босатылғанына қарамастан, барлық шығындарды содан өндіреді.

Талапкер талап-арыздан бас тартқан кезде ол шеккен шығындардың орнын жауапкер толтырмайды. Егер талапкер талап-арыз берілгеннен кейін жауапкердің оларды ерікті түрде қанағаттандыруы нәтижесінде өз талаптарын қолдаудан бас тартса, сот талапкердің өтініші бойынша талапкер шеккен сот шығындары мен өкілдің көмегіне төлеу жөніндегі шығындарды жауапкерден өндіріп беруге құқылы.

Талап-арыз ішінара қанағаттандырылған кезде сот талапкер шеккен шығындарды талап-арыздың сотпен қанағаттандырған талаптарының мөлшеріне барабар, ал жауапкерге талап-арыз талаптарының талапкерге бас тартылған бөлігіне барабар тағайындайды.

Процеске қатысушы өкілдердің көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындар тараптың нақты шеккен шығындары мөлшерінде өндіріліп алынуы мүмкін екенін, бірақ ақшалай талаптар бойынша өндірілетін сома талап-арыздың қанағаттандырылатын бөлігінің он процентінен аспауға тиіс екенін соттардың ескергені жөн (АДЖК-нің 111-бабы).

Бірнеше жауапкері бар істер бойынша шешімдер шығару кезінде олардан сот шығындары ортақ қатынаста емес, үлестік қатынаста өндіріліп алынады.

19. Белгілі бір құқықты тану туралы істер бойынша талап-арызды қанағаттандыру кезінде сот шешімнің қарар бөлігінде тек құқықтың бар екені ғана емес, сонымен бірге бұл танудың әкеп соғатын құқықтық салдарларын (мысалы, неке жарамсыз деп танылған кезде мұндай некені тіркеу туралы акт жазбасы жойылады) көрсетуге міндетті.

20. Азаматтық кодекстің 127-бабының 2-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының барлық аумағында белгіленген құны бойынша қолдануға міндетті заңды төлем құралы тенге болып табылады. Ақша сомаларын өндіріп алу туралы талап-арыздар бойынша талаптарды қанағаттандыру кезінде АДЖК-нің 223-бабын қолдануға қатысты шешімнің қарар бөлігінде өндіріліп атылатын сомалардың мөлшері цифрлармен және сөздермен. Қазақстан Республикасының ақша бірлігі - тенгемен көрсетілуге тиіс. Мерзімді төлемдерді өндіріп алу кезінде сот өндіріп алу жүргізілетін кезеңді көрсетуге міндетті.

Ақша сомасын шетел валютасымен өндіріп алу кезінде сот шетел валютасын Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі шешім шығаратын күнге белгілеген бағамы бойынша теңгеге айналдыру жөніндегі есептерді шешімнің дәлелдеу бөлігінде келтіруге міндетті.

Сот Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің нормативтік құқықтық актілерімен, салық және кеден заңнамаларында көзделген, сондай-ақ тараптардың бірі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігі болған ("Валюталық реттеу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 7-бабы) жағдайларда, валюта операциясын жасау кезінде пайда болған құқықтық қатынастар бойынша ақша сомасын шетел валютасы түрінде өндіріп алу туралы шешім шығаруға құқылы.

21. Сот мемлекеттік органдардың, ұйымдар мен лауазымды

адамдардың заңсыз әрекеттері (әрекетсіздігі) мен шешімдерін заңсыз деп тану туралы істер бойынша арызды қанағаттандырған жағдайда, шешімнің қарар бөлігінде дауланып отырған әрекетті (әрекетсіздікті) немесе шешімді заңсыз деп тануға тиіс. Сот АДЖК-нің 282-бабына сәйкес, азаматтар мен заңды тұлғалардың бұзылған құқықтарын, бостандықтарын мен заңмен қорғалатын мүдделерін толығымен қалпына келтіру жөнінде шаралар қабылдайды, шешімнің қарар бөлігінде бұл жөнінде көрсетілуі тиіс.

22. Нормативтік құқықтық актіні заңға толық немесе ішінара қайшы деп тану туралы істер бойынша азаматтар мен заңды тұлғалардың арыздары қанағаттандырылған жағдайда, сот шешімнің қарар бөлігінде мұндай актіні акт қабылданған сәттен бастап толығымен не оның бір бөлігі қолданылуға жатпайды деп тануға міндетті. Сот сондай-ақ нормативтік құқықтық акт жарияланған бұқаралық ақпарат құралдарын сот шешімі туралы хабарламаны сот белгілеген мерзімде жариялауға міндеттейді.

23. Сот мүлікті заттай алып беру кезінде шешімнің қарар бөлігінде мүліктің жеке анықталған белгілерін және құнын көрсетеді.

Ортак меншіктегі мүлікті пайдалану не осындай мүлікті (жер учаскелері, үй құрылыстары және т.б.) бөлу тәртібін анықтау кезінде сот шешімнің қарар бөлігінде тараптардың әрқайсысына берілетін мүлік бөлігінің мөлшері мен шегін, сонымен қатар ортак пайдалануда қалған мүлік бөлігінің мөлшері мен шегін, өтетін жерлердің мөлшері мен шекарасын, кіріп-шығатын жерлерді әзірлеу, шарбақтар орнатуды, үй-жайларды қайта жоспарлау тәртібі мен назар аударуға лайық басқа да мән-жайларды анық әрі дәл көрсетуге тиіс.

24 Шешімнің қарар бөлігінің мазмұны істің жекелеген санаттары бойынша қаралып отырған қатынастарды реттейтін материалдық және іс жүргізу құқығы нормаларына сәйкес келуге тиіс. Атап айтқанда.

а) некені бұзу туралы істер бойынша шешімнің қарар бөлігі тараптардың барлық сұрақтары бойынша, оның ішінде бірлесіп қарау үшін біріктірілген (некені бұзу, алиментті өндіріп алу, бірлесіп жинаған мүлікті бөлу және т.б) талаптары бойынша сот тұжырымдарымен қамтылуға тиіс. Сондай-ақ некенің бұзылуын тіркеу үшін қажетті мәліметтер, атап айтқанда: некенің тіркелген күні, акт жазбасының нөмірі, некені тіркеген органның ата-

уы. ерлі-зайыптылардың неке туралы күәлік бойынша тектері, ерлі-зайыптылардың неке қиылғанға дейінгі тектері; некенің бұзылғанын тіркеу үшін тараптар арасында “Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы” Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 498-бабымен белгіленген ставкалар бойынша мемлекеттік бажды бөлу туралы көрсетілуге тиіс.

Кәмелетке толмаған балалардың ата-аналарының қайсысымен бірге тұратыны туралы ерлі-зайыптылар арасында келісім болмаған жағдайда, сот шешімнің қарар бөлігінде кәмелетке толмаған балалардың неке бұзылғаннан кейін кіммен бірге тұратынын анықтап көрсетуге тиіс.

Шешімнің осы бөлігінде сот шешімі заңды күшіне енген күннен бастап некенің бұзылатыны көрсетілуге тиіс:

б) ұл (қыз) асырап алу туралы істер бойынша өтініш негізді болған жағдайда сот шешімнің қарар бөлігінде АІЖК-нің 317-5-бабы бойынша өтініштің қанағаттандырылғаны туралы көрсетеді. Асырап алушылардың (асырап алушының) өздерін баланың ата-аналары (ата-анасы) ретінде жату туралы өтініші болған жағдайда, сот баланың тууы туралы акт жазбасына ата-аналарына қатысты, баланың туған күні мен жері туралы өзгерістерді енгізу туралы мәселені шешеді;

в) өндірісте болған жазатайым жағдай фактісін анықтау туралы арызды қанағаттандыра отырып, сот шешімнің қарар бөлігінде болған жазатайым жағдайдың уақыты мен орнын, жазатайым жағдайға ұшыраған адамның тегін, атын және әкесінің атын, сондай-ақ өндіріспен байланысты жазатайым жағдайды тану туралы көрсетуге міндетті

25. Соттар іс жүргізуді қысқарту кезінде АІЖК-нің 247-бабында көзделген негіздемелердің кеңінен түсіндіруге жатпайтынын ескеруге тиіс. АІЖК-нің 247-бабының 1) тармақшасына сәйкес даудың сот қарауына жатпайтындығына байланысты іс жүргізуді қысқарта отырып, сот осы істің кімнің қарауына жататынын және мүдделі тұлғаның қайда жүгуі керектігін ұйғарымда көрсетуге тиіс.

Тараптардың бітімгершілік келісімге келуіне және оны соттың бекітуіне байланысты. АІЖК-нің 247-бабының 4) тармақшасының негіздемесі бойынша іс жүргізу қысқартылған жағдайда, сот ұйғарымның қарар бөлігінде бітімгершілік келісімнің шарты, егер тараптар осындай тәртіпті көзден тыс қалдырса, сот шығындары мен өкілдің

көмегіне ақы төлеу жөніндегі шығындарды тараптардың арасында бөрудің тәртібі көрсетіледі. Тараптар арасында сот шығындарын бөрудің тәртібі туралы келісім болмаған жағдайда, сот бұл мәселені АІЖК-нің 111 және 115-баптарында көзделген тәртіппен шешуге міндетті.

26. Сот АІЖК-нің 249-бабында көрсетілген негіздемелер бойынша талап-арызды қараусыз қалдырады, олардың тізбесі түпкілікті болып табылады. Сот ұйғарымда істің сотта қаралуына кедергі келтіріп отырған мән-жайларды қалай жоюға болатынын көрсетуге тиіс

27. АІЖК-нің 230-бабына орай шешімді шығарған сот өз бастамасы немесе іске қатысып отырған тұлғалардың арызы бойынша шешімде жіберілген қате жазуларды немесе анық арифметикалық қателерді түзетуге құқылы. Түзетулерді енгізу туралы мәселе шығарылған шешімнің орындалған-орындалмағанына қарамастан, бірақ ол мәжбүрлеп орындатуға ұсынылуы мүмкін уақыттың ішінде заңмен белгіленген мерзімнің шегінде шешілуі мүмкін.

28. Шешім дереу орындалатын жағдайларды қоспағанда, ол заңды күшінеенгеннен кейін орындалады. Сот АІЖК-нің 237-бабында көрсетілген істер бойынша шешімдерді шығару кезінде, талаптар қанағаттандырылған жағдайда, оның қарар бөлігінде сот шешімінің міндетті түрде дереу орындалатынын көрсетеді.

Егер айрықша мән-жайлардың салдарынан шешімді орындаудағы кідіріс өндіріп алушы үшін елеулі шығынға әкелуі мүмкін болса немесе шешімді орындау мүмкін болмаса (мысалы, талапкерге берілген мүліктің жойылуы) сот талапкердің өтініші бойынша шешімді дереу орындатуы мүмкін. Сот шешімін дереу орындау туралы мәселе шешімді шығару кезінде шешілуі мүмкін. Шешімді дереу орындау туралы өтініш шешім шығарылғаннан кейін де қаралуы ықтимал. Мұндай жағдайда өтініш іске қатысушы адамдарға отырыстың өткізілетін орны мен уақыты туралы хабарлана отырып, сот отырысында қаралады, алайда олардың қатыспауы осы мәселені шешуге кедергі болмайды. Шешімді дереу орындау туралы ұйғарым кеңесу бөлмесінде шығарылады және іске тігіледі.

АІЖК-нің 238-бабына сәйкес шығарылған сот шешімін дереу орындау туралы сот ұйғарымына жеке шағым беру, жеке наразылық келтіру мұндай ұйғарымның орындалуын тоқтата тұрады. Сонымен қатар, соттың шешімін дереу орындауды қолданудан бас

тарту туралы сот ұйғарымына сот шешімінен бөлек шағымдануға, наразылық келтіруге болмайды.

29. ҚР Жоғарғы Сотының 2009 ж. 12 қаңтардағы № 2 Нормативтік Қаулысымен күші жойылды.

30. Шетелдік соттар мен төрелік соттардың шешімдері, АДЖК-нің 425-бабына сәйкес, егер бұл Қазақстан Республикасының заңымен немесе халықаралық шарттарымен көзделсе, шешім заңды күшіне енген кезден бастап үш жыл ішінде Қазақстан Республикасында мәжбүрлеп орындатуға берілуі мүмкін. Мұндай шешімді орындау мүдделі тараптың өтініші бойынша Азаматтық іс жүргізу кодексінің шешім орындалатын орны бойынша белгілеген соттылық қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасы сотының ұйғарымымен жүргізіледі.

Әдетте өтінішке:

мәжбүрлеп орындату туралы рұқсат сұралып отырған шешімнің тиісінше куәландырылған көшірмесі;

- шешімнің заңды күшіне енгені туралы ресми құжат, егер осы мән-жай шешім мәтінінен байқалмайтын болса;

- өзіне қарсы шешім шығарылған тараптың іс жүргізу әрекетіне қабілетсіздігі жағдайында тараптың немесе оның өкілінің процесс туралы тиісінше хабардар болғанын растайтын дәлелдемелер;

- шешімнің ішінара орындалғаны туралы белгісі бар атқару құжаты, егер осындай шешім болған жағдайда;

келісім-шарт бойынша соттылық туралы істер жөнінде тараптардың осы мәселе бойынша келісімін растайтын құжат қоса тіркеледі.

Мәжбүрлеп орындатылатын шешімді тану және іске асыру туралы шешімді қарайтын сот шешімінің мәжбүрлеп орындатылуы мүмкін мән-жайларды анықтаумен шектеледі.

Сот шешімін мәжбүрлеп орындатуға рұқсат сұратылып отырған басқа тарап:

- дауды құзыретті емес соттың қарағаны;

істің процесс туралы хабардар етілмеген тараптың қатысуынсыз қаралғаны;

шешімді мәжбүрлеп орындатуға ұсынудың үш жылдық мерзімінің өткені;

- осы тараптар арасында сол мәселе және сол негіздер бойынша бұрын заңды күшіне енген шешімнің болуы туралы дәлелдемелерді ұсынған жағдайда, сот шешімін мәжбүрлеп орындатқызудан бас тартуға құқылы.

31. Сот АГЖК-нің 234-бабына сәйкес алып берілген ақша сомасын индекстеу туралы ұйғарым шығаруға құқылы. Индекстеу Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің сот шешімі орындалатын күнгі қайта қаржыландыру ставкасы негізге алына отырып, шешім заңды күшіне енген күннен бастап борышкер ақшалай міндеттемені, орындау мерзімін кейінге қалдыру немесе мерзімін ұзарту кезеңін есептемегенде, нақтылы орындаған күнге дейінгі кезеңге есептеледі.

Іске қатысатын тұлғаларға отырыстың өткізілетін уақыты мен орны туралы хабарланып индекстеу туралы арыз сот отырысында қаралады, алайда олардың келмей қалуы арызды қарауға келергі болмайды. Алып берілетін соманы индекстеу туралы арыз бойынша материалдар азаматтық іс материалдарына тігіледі.

АГЖК-нің 234-бабының тәртібімен сот ұйғарымы бойынша өндірілген ақшалай сомалардың индекстелуін өндіріп алуға жол берілмейді.

32. Сот қосымша шешімді тек АГЖК-нің 231-бабында көзделген жағдайларда және шешімді орындаудың заңмен белгіленген шегінде істі қарау кезінде анықталған нақты мән-жайлардың негізінде ғана шығаруы мүмкін.

Егер сот шешіміне апелляциялық шағым берілсе немесе наразылық келтірілсе, сонымен бірге қосымша шешім шығару туралы мәселе қойылса, онда сот ең алдымен қосымша шешім шығару туралы мәселені шешіп, содан кейін істі апелляциялық сатының қарауына жіберуге міндетті.

Соттың қосымша шешім шығару нысанында шешімнің мазмұнын өзгертуге не сот отырысында зерттелмеген жаңа мәселелерді шешуге құқығы жоқ.

33. Шығарылған шешім түсініксіз болған жағдайда, шешім шығарған сот іске қатысушы адамдардың арызы бойынша шешімді түсіндіруге құқылы. Егер шешім орындалса немесе мәжбүрлеп орындату үшін ұсынудың заңмен көзделген мерзімі өтіп кетсе, шешімге түсіндірме жасауға жол берілмейді.

Сот шешімді түсіндіру кезінде оның мазмұнын өзгертуге, сондай-ақ сот шешімінде көрсетілмеген мәселелерді талқылауға құқығы жоқ.

34. ҚР Жоғарғы Сотының 2009.29.06 № 6 Нормативтік Қаулысымен күші жойылды

35. Жаңаша жазулар мен арифметикалық қателер туралы,

қосымша шешім шығару, шешімді түсіндіру туралы, шешімді орындауды кейінге қалдыру және ұзартуды, орындау әдісі мен тәртібін өзгерту туралы арыздар мен өтініштерді қараған кезде сот іске қатысушы тұлғаларға сот отырысының өткізілетін күні, уақыты мен орыны туралы хабарлайды, алайда олардың келмей қалуы осы мәселелерді қарау үшін кедергі болмайды.

36. Заңды күшіне енген сот шешімі бұзылған жағдайда және осы шешімнің орындалғаны туралы нанымды мәліметтер болған жағдайда істі қайтадан қараған сот АІЖК-нің 240-1-бабына сәйкес, жана шешім қабылдау кезінде шешімнің орындалуын бұрып атқару туралы мәселені қарауға міндетті

Егер сот істі жаңадан қарау кезінде бұзылған шешім бойынша шешімнің орындалуын бұрып атқару туралы мәселені шешпесе, онда жауапкердің мұндай арызы іске қатысушы тұлғаларға, ал қажет болған жағдайда - бұзылған шешімді орындаған органға хабарлана отырып жеке сот отырысында қаралады. Сот істі қараудың нәтижелері бойынша ұйғарым шығарады.

37. Сот отырысына келмеген іске қатысушы тараптар мен басқа да тұлғаларға сот АІЖК-нің 241-бабына сәйкес шешім шығарылған уақыттан кейін бес күннен аспайтын мерзімнен кешіктірмей шешімді жіберуге немесе оның көшірмесін беруге міндетті.

38. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ол ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы**

Қ.Мәми

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жаңы отырыс хатшысы**

Ж.Бәйішев

**«Қорғану құқығын реттейтін қылмыстық іс жүргізу
заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы»
Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
2002 ж. 6 желтоқсандағы N 26 нормативтік Қаулысы**

Әркімнің білікті заң көмегін, сондай-ақ ол көмекті адвокаттың (қорғаушының) қатысуымен алуға құқығы туралы конституциялық ережені сақтау, сот ісін тараптардың бәсекелестігі және тең құқықтылығы негізінде жүзеге асыруға, іс бойынша ақиқатты анықтап, заңды да негізді сот шешімін шығаруға ықпал етеді.

Қылмыстық процестің барлық кезеңінде сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға қылмыстық қудалаудан, айыптау мен соттаудан қорғану құқығы берілген және кепілдендірілген.

Сот практикасын зерделеу - алдын ала тергеу барысында және сот төрелігін атқару кезінде конституциялық ережелердегі және қылмыстық іс жүргізу заңындағы қорғану құқығы туралы талаптардың сақталатындығын көрсетті.

Сонымен қатар, қылмыстық процесті жүргізуші органдары жұмысында қорғану құқығын реттейтін нормалардың бұзылуы, ал адвокаттардың өздеріне заңмен берілген өкілеттіктерді толығымен пайдаланбайтын жағдайлар орын алуға.

Қылмыстық іс жүргізу заңындағы кемшіліктер мен жолсыздықтарды жою, сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның қорғану құқығын қамтамасыз ету жөніндегі сот тәжірибесінде туындаған мәселелерді дұрыс және біркелкі шешу мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қылмыстық іс жүргізудегі сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның және ақталушының қорғану құқығы конституциялық принцип болып табылады, сондықтан қылмыстық процесті жүргізуші органдар Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағында, 16-бабының 3-тармағында және Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (әрі қарай мәтін бойынша- ҚІЖК) тиісті нормаларында бекітілген ережелерді мүлтіксіз орындауға міндетті.

2. Сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның қорғану құқығы - сезіктілікті, тағылған айыпты теріске шығаруды немесе жауаптылық пен жазаны жеңілдетуді, сондай-ақ ақталған адамға қатысты - заңсыз ұстаудан, айыпкер ретінде жауапқа тартылудан, бұлтартпау шарасын қолданудан, сотқа беруден және заңсыз сотталудан келген зиянды өтеуге бағытталған, заңда көрсетілген барлық процессуалдық мүмкіндіктердің жиынтығын білдіреді

3. Қылмыстық процесті жүргізуші органдардың сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның, ақталғанның қорғану құқығын қылмыстық процестің басқа да принциптерімен бірге қамтамасыз етуі - істі әділ талқылаудың және ол бойынша дұрыс шешім қабылдаудың кепілі болып табылады. Сондықтан қорғану құқығын бұзушылық ҚІЖК-нің 9-бабында көрсетілген салдарға әкеп соғуы мүмкін.

4. Қазақстан Республикасы Конституциясының 13-бабының 3-тармағындағы және ҚІЖК-нің 28-бабындағы әркімнің білікті заң көмегін алуға кепілдендірілген құқығы негізінде, қорғаушылар ретінде адвокаттың немесе ҚІЖК-нің 70-бабының екінші бөлігінде көрсетілген адамдардың, егер олардың арнайы заңгерлік дайындығы және білікті заң көмегін көрсетуге қабілеті болса, іске қатысуы қорғану құқығын қамтамасыз етудің маңызды кепілі болып табылады.

Егер сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның таңдап алған қорғаушысының білікті заң көмегін қамтамасыз етуге қабілеті болмаса, қылмыстық процесті жүргізуші органдар іске қорғаушы ретінде адвокатты қатыстыру мәселесін талқылауға міндетті. Мұндай жағдайда қорғаушы ретінде таңдалып алынған адам іске кәсіпқой қорғаушымен бірге қатыса алады.

5. Қорғаушыны іске қатысуга жіберу қылмыстық процесті жүргізуші органдардың Қаулысының негізінде жүзеге асырылып, қаулыда оның ҚІЖК-нің 74-бабында көрсетілген өкілеттіктері түсіндірілуі тиіс.

Қылмыстық процесті жүргізуші органдар іске қорғаушы ретінде адвокаттарды, сезіктінің, айыпталушының, сотталушының жұбайын, жақын туыстарын немесе заңды өкілдерін, кәсіподақтар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің өкілдерін іске қатыстыру мәселесін шешкенде оларда ҚІЖК-нің 72-бабының 8-бөлігінде көрсетілген құжаттардың болуын тексеруге міндетті.

6. Кәсіподақтар мен басқа да қоғамдық бірлестіктердің

өкілдерін қорғаушы ретінде қатыстырудың міндетті шарты. сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның осы бірлестіктерге мүшелігі болып табылады. Бұл тиісті құжаттармен расталуы қажет.

Осыған орай, қылмыстық жауаптылыққа тартылған адамның өзі мүшесі болып табылмайтын қоғамдық бірлестіктерге жүгінуі олардың қорғау функцияларын өздеріне қабылдауына, демек, оларды қылмыстық процеске қатыстыруға негіз бола алмайды.

7. Шетелдік адвокаттар қорғаушылар ретінде тек Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттермен өзара келісілген халықаралық шарттарының негізінде ғана қатыса алады.

Өз қызметін жүзеге асыратын шетелдік адвокаттың өкілеттігі жеке куәлікпен, адвокаттың мәртебесін куәландыратын құжатпен, сондай-ақ адвокат пен сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның арасындағы заң көмегін көрсету туралы келісіммен расталуға тиіс.

8. Қылмыстық процесті жүргізуші органдар ҚІЖК-нің 71-бабында көрсетілген жағдайларда қорғаушының міндетті түрде қатысуы туралы заң талабын қатаң түрде орындаулары қажет. Аталған норманың сақталмауын іс жүргізу заңын елеулі түрде бұзушылық деп қарастырып, ал жиналған материалдар дәлелдемелік күші жоқ деп танылуы мүмкін.

9. Сезіктінің, айыпталушының, сотталушының қорғану құқығының бұзылуын тек қорғаушыны бермеу ғана емес, сондай-ақ олардың процессуалдық құқықтарын, атап айтқанда, ана тілі немесе басқа білетін тілді пайдалану, түсініктеме беру, айғақтар ұсыну, дәлелдеме келтіру, өтініш мәлімдеу, дәлелдемелерді зерттеу және сот жарыссөзіне қатысу, соңғы сөз сөйлеу, қылмыстық процесті жүргізетін органдардың іс-әрекеттері мен шешімдеріне шағымдану және т.б. құқықтарын шектеуі де - қорғану құқығын бұзушылық деп танылуы мүмкін екендігін ескерген жөн.

10. Заңда қорғаушының міндетті түрде іске қатысуына негіз болатын дене және психикалық кемістіктердің тізбесі көрсетілмегендіктен, әрбір нақтылы жағдайда сезіктінің, айыпталушының, сотталушының өзінің кемістіктеріне байланысты қорғану құқығын іс жүзінде толық көлемде жүзеге асыра алатындығы немесе кемістіктер аталған заңды құқықтарды пайдалануға елеулі қиындық туғызатыны негізге алынуы қажет.

Денесіндегі немесе психикасындағы кемістіктеріне байланы-

сты өзінің қорғану құқығын жүзеге асыра алмайтын адамдардың қатарына есі ауыспаса да, психикасының кемістігі бар, сондай-ақ сөйлеу, көру, есту кемістіктеріне немесе басқа да ауыр наукасына байланысты зардап шегетін адамдарды да жатқызу қажет.

Егер адамның денесіндегі немесе психикасындағы кемістіктері өз бетінше заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау қабілетіне күмән тудырса, ҚІЖК-нің 241-бабының 1-бөлігінің 3-тармағына сәйкес міндетті түрде сараптама өткізілуге тиіс.

11. Сезіктіге ол ұсталған сәттен немесе оған айып тағылғанға дейін бұлтартпау шарасы қолданылған уақыттан, ал айыпталушыға айып тағылған кезден бастап, қорғаушы тағайындау туралы заң талабы мүлтіксіз орындалуға жатады.

Қылмыстық процесті жүргізетін органдар осы талаптарды орындау үшін тиісті қаулы шығаруы тиіс. Іске адвокаттың ордері, қорғаушы ретінде жіберілген басқа адамның құжаттары тіркеледі.

12. Қылмыстық процесті жүргізуші орган адамды қорғаушы ретінде іске қатысуға жіберген сәттен бастап сезіктіге, айыпталушыға алғашқы жауаптың алдында қорғаушымен жеке және оңаша кездесуіне шынайы мүмкіндік жасап, олардың саны мен ұзақтығын шектемеуі тиіс.

13. Қорғану құқығын іске асыруды қамтамасыз ету, сондай-ақ қорғаушыға қорғау функциясын орындауы үшін жағдай туғызу мақсатында қылмыстық процесті жүргізуші органдар қорғаушылар мен олардың қорғауға алған адамдарынан қандай процессуалдық іс-әрекеттерге бірге қатысқанды қажет деп санайтынын анықтап алып, оларға сондай жағдай жасауға міндетті. Қорғаушы, әдетте, сезіктіге, айыпталушыға олардың құқықтарын түсіндіру және олардан жауап алу, айғақтарды оқиға болған жерде тексеру және нақтылау, тергеу эксперименті мен тану жүргізу, прокурор жауап алғанда және бұлтартпау шараларын таңдау кезінде, тағайындалатын сараптаманың сұрақтарын құрастыру, тергеудің аяқталуы және сот талқылауында қатысуға тиіс.

Прокурордың сотқа дейінгі өндіріс барысында процессуалдық іс-әрекеттерге қатысуы немесе процессуалдық іс-әрекеттерді өзінің жүргізуі, қорғаушының іске қатысуын заңда тікелей көрсетілген жағдайларда жоққа шығармайды.

Қорғаушы қорғауындағы адамның қатысуымен өткізілетін барлық тергеу және процессуалдық іс-әрекеттерге, сондай-ақ соңғының өтініші бойынша жүргізілетін басқа да процессуалдық іс-әрекеттерге қатысуға құқылы.

Қорғаушының тергеу және процессуалдық іс-әрекеттерге қатысуы туралы өтініші іске тіркеледі.

Сезіктіге, сотталушыға, айыпкерге тиесілі барлық қорғану құқықтар, қылмыстық іс жүргізуге олардың қорғаушыларының қатысуы- қатыспауына қарамастан сақталады және осы құқықтардың шектелуі немесе кемсітілуі қорғану құқығын бұзу болып табылады.

14. Қылмыстық процесті жүргізетін органдар сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға олардың қорғаушы алуға мүмкіндігі бар екенін және бұл оған төленетін ақының бар-жоғына байланысты емес екендігін түсіндіруге тиіс.

Қорғаушыдан бас тарту сот ісін жүргізудің кез келген сатысында тек сезіктінің, айыпталушының, сотталушының бастамасымен және қорғаушының қатысумен ғана орын алуы мүмкін және бұл заң көмегі үшін төленетін қаржының жоқтығына байланысты болмауға тиіс. Адвокатқа еңбек ақы төлеу үшін қаражат шын мәнісінде болмаған жағдайда сот қорғаушыдан бас тартуды амалсыздан болған деп танып, оны қабылдамауға тиіс.

Қорғаушыдан бас тартуды қабылдау қылмыстық процесті жүргізетін органның құзыретіне жатады.

ҚДЖК-нің 102-бабының 6-бөлігіне сәйкес қорғаушыдан бас тарту туралы өтініш дәлелді қаулымен ресімделеді, онымен қорғаушы, сезікті, айыпталушы, сотталушы дереу танысып, өз қолтаңбаларымен куәландырады. Мұндайда қорғаушының қатысқандығы адвокаттың ордері немесе қорғаушы ретінде жіберілген басқа адамның тиісті құжатының көшірмесін қылмыстық іс материалдарына тіркеу арқылы дәлелденеді.

15. Қорғаушыдан бас тарту мынадай жағдайларда: а) сезікті немесе айыпталушы кәмелетке толмаса, б) сезікті немесе айыпталушы өзінің дене немесе психикалық кемістігінен өзінің қорғану құқығын өз бетінше жүзеге асыра алмаса, в) сезікті немесе айыпталушы сот ісі жүргізілетін тілді білмесе; г) айыпталушы стационарлық сот-психиатриялық сараптамаға мәжбүрлеп жіберілген болса қабылданбайды.

Қорғаушыдан бас тарту, сондай-ақ істің белгілі бір мәнжайларына (айыптаудың ауқымдылығы, жауаптылыққа тартылатын адамдар санының көптігі, істегі материалдарды зерттеудің сезікті, айыпталушы, сотталушы үшін күрделілігі және т.с.с.) байланысты қабылданбауы мүмкін.

ҚІЖК-нің 97-бабының 1-бөлігінде көрсетілген негіздер бойынша, қорғаушыны іс бойынша өндіріске қатысудан шеттетуге қылмыстық процесті жүргізуші органдарды сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны басқа қорғаушымен қамтамасыз ету міндетінен босатпайды.

Қылмыстық іс жүргізуші орган қорғаушыны іске қатысудан шеттеткен кезде осы туралы қаулы шығарады, оған сотқа дейінгі іс жүргізу барысында ҚІЖК-нің 109-бабының тәртібімен, ал басты сот талқылауында ҚІЖК-нің 403-бабының ережелері бойынша шағымдануға болады.

16. Сезіктіні, айыпталушыны, сотталушыны жауап беруге, оған тағылған айыпты мойындауға, заттай дәлелдемелер беруге мәжбүрлеу, сондай-ақ оның өзіне қарсы жауап бермеу құқығын бұзатын өзге де іс-әрекеттер жасауға мәжбүрлеу, қорғану құқығын елеулі түрде бұзушылық деп қарастырылуы қажет. Осыған байланысты сезіктінің, айыпталушының өзіне тергеудің заңсыз амалдарының қолданылғаны туралы арыз мұқият тексерілуі қажет және ол расталған жағдайда ондай іс материалдары іс жүргізу заңының талаптарын бұзу арқылы алынғандықтан дәлелдемелік күші жоқ деп танылуға тиіс.

17. ҚІЖК-нің 31-бабына сәйкес сезіктіге, айыпталушыға, сотталушыға, сотталғанға қылмыстық процесті жүргізуші органның іс-әрекеттері мен шешімдеріне қылмыстық-процессуалдық заңда бекітілген шағымдану құқығы мен оның тәртібі түсіндірілуі тиіс.

18. Сезіктінің, айыпталушының қорғану құқығының бұзылуы басты сот талқылауын тағайындау үшін кедергі стпейді және ҚІЖК-нің 303-бабына сәйкес істі қосымша тергеуге жіберуге де негіз бола алмайды. Мұндай құқық бұзушылықтың мәні басты сот талқылауында дәлелдемелердің заңда көрсетілген тәртіппен алынғандығына және олардың сотталушының кінәлілігін немесе кінәсіздігін шешуге жеткіліктілігін бағаланған кезде ескерілуі тиіс.

19. Қылмыстық ізге түсу органдары жол берген қорғану құқығын бұзушылықтар іс бойынша жиналған дәлелдемелерді заңсыз деп тануға негіз болып табылса және айыптау тарабы сотталушының кінәсін дәлелдейтін басқа дәлелдемелер ұсынбаса, сот ақтау үкімін шығаруға міндетті.

20. Соттар қорғаушысының бар-жоғына қарамастан,

сотталушының сот жарыссөзіне қатысатынын ескеруі қажет. Сотталушыны аталған құқықтан айыру, сондай-ақ оған соңғы сөз бермеу, тағылған айып бойынша уәждерін баяндауына шектеу қою - ҚІЖК-нің 415-бабына сәйкес үкімнің бұзылуына әкеп соғатын қорғану құқығын бұзушылық болып табылады.

21. Сотталушыны (ақталғанды) өзі білетін тілде үкімнің (қаулының) көшірмесін алу, сот отырысының хаттамасымен танысу және оған ескертпелер беру, басқа процеске қатысушылардың шағымдарымен (наразылықпен) танысу және оларға қарсылық беру құқықтарынан айыру, олардың шағымдары мен қарсылықтарын қабылдаудан заңсыз бас тарту - қорғану құқығын бұзушылық болып табылатынын соттар назарларында ұстаулары қажет.

Ақталушыға, сондай-ақ қылмыстық қудалауды қысқарту туралы қаулы шығарылған айыпталушыға (сезіктіге) қылмыстық процесті жүргізуші органдардың заңсыз іс-әрекеттерінің салдарынан келтірілген зиянды өтетү құқығын түсіндірмеу де қорғану құқығын бұзушылық болып табылады.

Егер сот үкімі негізінен дұрыс шығарылса, аталған құқық бұзушылықтар оны бұзуға себеп бола алмайды.

22. Қорғаушы өз ынтасы бойынша сотталғанның, ақталғанның мүддесі үшін істі караған кезде шешімді бұзуға әкеп соғатын процессуалдық құқық бұзушылықтарға жол берген сот шешіміне шағымдануға құқылы. Сот сотталушыны (ақталғанды) аталған арызбен таныстыруға және оның шағымды қайтарып алу құқығын түсіндіруге міндетті.

23. Егер айыптау тарабының шағымында немесе наразылығында сотталған адамның жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылса, бірінші сатыдағы сот қамауда отырған сотталушыға оның апелляциялық сатының отырысына қатысуға құқылы екенін түсіндіруге міндетті. Сотталғанның қарсылықтары және алқа отырысына қатысу жөніндегі пікірі іске тіркеледі.

Жағдайын нашарлату туралы мәселе қойылған сотталушының өз өтініші бойынша апелляциялық сатыдағы соттың отырысына қатысуы - істің мән-жайларын жан-жақты, толық зерттеудің және шағымды немесе наразылықты объективті түрде қараудың қосымша кепілі болып табылады.

Бірінші сатыдағы соттардың сотталушының (ақталғанның) аталған құқығын іске асыруды қамтамасыз еткенін апелляциялық сатының соттары мұқият тексерулері қажет.

24. Сотталушы апелляциялық қадағалау сатыларында қорғаушыдан бас тартқан және ол берген шағымды кері қайтарып алған жағдайда, егер істі қарау үшін заңда көрсетілген басқа да негіздер болмаса, қорғаушының шағымы бойынша қозғалған өндіріс қысқартылады. Қорғаушыдан бас тарту қабылданбаған жағдайда шағым іспен бірге негізінен қаралады. Қабылданған шешімдер туралы апелляциялық қаулы қабылданады.

Егер шағымды бірінші сатыдағы сотқа қатысқан қорғаушы берсе, ал үкім шығарылғаннан кейін іске басқа қорғаушы қатысса, ол жаңа уәждер келтіріп не бұрынғы уәждерді өзгертіп, апелляциялық шағымды толықтыруға құқылы.

25. Соттар үкімдерді орындауға байланысты мәселелерді қарау кезінде ҚДЖК-нің 455-бабының 5-бөлігінде көзделген жағдайларда қорғаушының іске қатысуы міндетті екенін назарда ұстағандары жөн. Заңның аталған талабының орындалмауы қорғану құқығын бұзу болып табылады, бұл сот қабылдаған қаулыны бұзуға әкеп соғады.

26. Қылмыстық істерді қараған кезде апелляциялық және қадағалау сатысының соттары қылмыстық процесті жүргізуші органдардың сезіктінің, айыпталушының, сотталушының, сотталғанның қорғану құқығының қамтамасыз еткенін мұқият тексеріп, орын алған заңбұзушылықтарды ескерусіз қалдырмаулары қажет.

Адвокаттардың өз міндеттерін тиісінше атқармағаны (формальды қатысу, таза бланктерге қол қою, қылмыстық іс жүргізу барысында орын алған заң бұзушылықтарды ескермеу және т.б.) анықталған жағдайда, соттар қорғаушыға тиісті шара қолдану туралы жеке қаулы шығаруға құқылы.

27. Адвокаттың қызметін бюджет қаржылары есебінен төлеу туралы қаулы шығарған кезде, ҚДЖК-нің 176-бабына сәйкес, аталған норманың 4-бөлігінде көрсетілген жағдайларды қоспағанда, ақы төлеуге байланысты іс жүргізу шығындарын мемлекет пайдасына сотталушыдан өндіру туралы мәселенің бір мезгілде қаралатыны соттарға түсіндірілсін.

Сондай-ақ қорғаушы іске ҚДЖК-нің 71-бабының 3-бөлігіне сәйкес қатысқан жағдайларда сотталушы мемлекет шығынын өтеуден босатылуы мүмкін. Адвокатқа төленуге тиісті ақыны есептеу оның соңғы екі айдағы орташа еңбекақысының мөлшері туралы ұсынған мәліметтерінің негізінде жүргізіледі.

28. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі, сондай-ақ жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ол ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының Төрағасы

Қ. Мәми

Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыстың хатшысы

Ж. Бәйішев

Есберген Алауханов

**Қазақстан Республикасындағы
Адвокатура және Адвокаттық қызмет**

(Оқулық)

Редакторы *С. Қожан*

Тех. редакторы *Б. Нұрманова*

Компьютерде беттеген *Г. Джексенбиева*

Басуға 30.09.10 ж. кол қойылды. Қалпы 84x108_{1/32}
Қағазы офс. № 1. Әріп түрі «Таймс»
Жазыңқы баспа Шартты баспа табағы 18.27
Есепке алынатын баспа табағы 21.75
Таралымы 3000 дана. Тапсырыс № 188

ЖШС « Жедел басу баспаханасында» басылды.
050053, Алматы қаласы, Красногорск көшесі, 71